

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 1811-1823

№ 1 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВОО постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 17026-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленностьпубликация материалов в области лингвистики
и языкознания**Подписной индекс – 76132****Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А., *к.ф.н.,
ассоц.проф. (доцент)***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*
 Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*
 Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
 Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
 Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*
 Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
 Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*
 Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*
 Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*
 Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

МАЗМҰНЫ

Аканова А. И. Мифтік лексиканың семантикалық топтары	12
Амантай М., Зейнулина А. Ф. Цифрлық БАҚ, әлеуметтік желілер және ондағы журналистің құзыреттілік әлеуеті	21
Алиясова А. В., Каримова К. К. Инстаграм әлеуметтік желісіндегі жастардың нарративті өзін-өзі таныстыруы	31
Әміреев Н. Ә., Уралова З., Кәрімбаева Р. Жазу тілін дамытудың алғышарттары	37
Базылова Б. К., Ибраимова Ж. Ж. Тарихи романның көркемдік деңгейі	45
Бекбосынова А. Х., Мақатова А. А. Сырбай Мәуленов поэзиясындағы түр-түстің символдық мәні	57
Болат Г. Т. Қазіргі қазақ тіліндегі будан аталымдардың тілдік сипаты	66
Ғабдулина М. Ғ., Қадыров Ж. Т., Синбаева Г. К. Көркем шығармадағы антонимдік қатынастар	72
Ғалымжанов Б. Ғ. Ұлттың иммунитеті – ұлттық құндылықта (Мәшһүр Жүсіп мұраларындағы ұлттық құндылықтар негізінде)	82
Даутова С. Б., Оспанова Б. Р. Қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендері адамзаттың мәдени-тарихи трансферттің тәжірибесінің бейнесі	91
Демченко Л. Н. Көркем мәтіндегі дыбыстық бейне (поэтика сұранысы бойынша)	104
Дүкембай Г. Н., Искендрқызы А. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі айтылу салыстыру талдау және оның шетел тілің үйретудегі қолданылуы	112
Ергалиев Қ. С., Агинбаева Қ., Ергалиева С. Ж. Этнографизмдердің аудармадағы көрінісі (Туыстық атаулар негізінде) ...	122
Есматова М. Т., Қадыров Ж. Т., Қазыбаева Г. С. С. Мұқанов шығармаларында кездесетін бейвербалды амалдардың қолданысы	129
Жұмағұлова Б. С., Нурғазина Р. А. Тост жанрын дискурстық талдау	141
Жумабекова Г. Б., Жусупова Р. Ф., Толеген А. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің синтаксистік антонимдік ерекшеліктері	154
Жүсіпов Н. Қ., Шахжанова Г. К. Қазақ фольклортану ғылымы және С. Қасқабасов зерттеулері	163

Жүсіпова Г. Қ., Жүсіпов Е. Қ., Қуандық З. Е. Қазақ әдебиетіндегі дін мәселесі	170
Жүсіпова Г. Қ., Жүсіпов Е. Қ., Қуандық З. Е. Түркі өнеріндегі әйел бейнесі	179
Катбаева Г. К., Абдраев Н. К. Қытай тіліндегі фразеологизм бірліктерінің классификациясы	192
Қапасова Б. Қ., Елікпаев С. Т., Жұманбаева Р. О. Этнографиялық сарындардың берілу ерекшеліктері	203
Кузембекова Ж. Ж., Сағатова С. С., Наубай Б. Н. Шетел студенттерінің кәсіби ортадағы тілдік бейімделуі	215
Кулахметова М. С., Рамазанова М. А. Қазіргі тіл біліміндегі дискурс мәселесі	225
Күребаева Г. А. Аударманың тіларалық мәселелері	231
Құлманов Қ. С., Нұртазина М. Б., Құрмашқызы Ә. Қазақстан Республикасында масс-медиялық технологияларды жүзеге асырудың қырлары	240
Құрманова Ә. Ж., Сарсикеева Г. К. Саяси дискурс: Барак Обаманың ел алдында сөйлеген сөзіне фоностилистикалық талдау	247
Латыпова З. Х., Докторханқызы Н. Ләзиза Серғазина – журналист, көрнекті қоғам қайраткері	254
Мажитаева Ш., Қасқатаева Ж. А. Өртүрлі жүйедегі тілдерде түр-түсті сипаттаудың өрістік ұстанымы	263
Морозова Т. А., Шайкенова А. Ж. Баспа және электрондық БАҚ үлгісіндегі Солтүстік Қазақстан облысының этножурналистикасы	271
Нұртазина М. Б., Құлманов Қ. С., Құрмашқызы Ә. Жаһандану үрдістері дәуірінде БАҚ-тың сөйлеу формаларын жаңарту ...	281
Оразахынова Н. А., Кенжебаева Г. М., Шаһарман Ә. П. «Сатылай кешенді оқыту» – құзіретті мұғалім қалыптастыратын заманауи технология	294
Рахимбекова Г. О., Капанова Д. Е. Тілдік емес жоғары оқу орнында білім алатын студенттерді шетел тілін оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану	304
Сеидомарова С. Н. 18-ші ғасырдың аяғындағы және 19-шы ғасырдың басындағы орыс тілінің синтаксистегі галлицизмдер	312
Смирнова С. М., Актас А. К. Ағылшын тіліндегі «Дене идиом» семантикалық және құрылымдық типологиясы	325
Теңбаева А. М. Поэзиялық мәтіндегі бейсаналықтың зооморфты бейнелерінің жұмыс істеу туралы	335

Үсен А. Ә. Алашшыл әдебиеттегі туған жер концепті	343
Хусаинова А. К., Карыбаева А. Д. Кәсіби бағдарлы тіл сабақтарында ауызша сөйлеуді дамыту	350
Шайкенова А. Ж., Морозова Т. А. Интернет-журналистика қолданысындағы заманауи технологиялар	359
Шахметова Н. А. Антропоцентрикалық парадигма аясындағы тілдік тұлға	369
Шаһарман Ә. П. Діни дискурстың құрылымдық сипаты	380
Сағындықұлы Б., Жұмабаев Д. Қазақ тілі синтаксисін дәуірлеу негіздері	392
Игликов С. Т. Аймақтың имиджін қалыптастырудағы БАҚ (Павлодар облысының мысалында)	402
Авторларға арналған ережелер	409
Жарияланым этикасы	415

СОДЕРЖАНИЕ

Аканова А. И. Семантические группы мифологической лексики	12
Амантай М., Зейнулина А. Ф. Цифровые СМИ, социальные сети и компетентностный подход журналиста	21
Алиясова А. В., Каримова К. К. Нарративная сомопрезентация подростков в социальной сети инстаграмм	31
Амреев Н., Уралова З., Каримбаева Р. Предпосылки развития письменного языка	37
Базылова Б. К., Ибраимова Ж. Ж. Художественный уровень исторического романа	45
Бекбосынова А. Х., Макатова А. А. Символическое значение цвета в поэзии Сырбая Мауленова	57
Болат Г. Т. Языковая характеристика гибридных номинаций в современном казахском языке	66
Габдулина М. Г., Кадыров Ж. Т., Синбаева Г. К. Антонимичные отношения в художественных произведениях	72
Галымжанов Б. Г. Иммунитет нации – в национальных ценностях (На основе национальных ценностей в наследии Машхура Жусупа)	82
Даутова С. Б., Оспанова Б. Р. Теория культурного трансфера и цивилизационного пограничья как выражение гуманитарных принципов ЮНЕСКО на материале казахской литературы	91
Демченко Л. Н. Звукообраз в художественном тексте (к вопросу о поэтике)	104
Дукембай Г. Н., Искендрқызы А. Контрастивный анализ произношения в казахском, русском и английском языках и его применение в обучение иностранному языку	112
Ергалиев К. С., Агинбаева К., Ергалиева С. Ж. Отражение этнографизмов в переводе (на основе родственных отношений)	122
Есматова М. Т., Қадыров Ж. Т., Қазыбаева Г. С. Использование невербальных приемов в произведениях С. Муқанова	129
Жумагулова Б. С., Нургазина Р. А. Дискурсивное пространство речевого жанра тост	141

Жумабекова Г. Б., Жусупова Р. Ф., Толеген А. Синтаксические антонимические особенности пословиц на английском и казахском языках	154
Жусупов Н. К., Шахажанова Г. К. Казахская фольклористика и исследования С. Каскабасова	163
Жусупова Г. К., Жүсіпов Е. К., Куандық З. Е. Проблемы религии в казахской литературе	170
Жусупова Г. К., Жүсіпов Е. К., Куандық З. Е. Образ женщины в тюркском искусстве	179
Катбаева Г. К., Абдраев Н. К. Классификация фразеологических единиц китайского языка	192
Капасова Б. К., Еликпаев С. Т., Жуманбаева Р. О. Особенности передачи этнографических мотивов Кузембекова Ж. Ж., Сағатова С. С., Наубай Б. Н. Языковая адаптация иностранных студентов в профессиональной среде	203
Кулахметова М. С., Рамазанова М. А. К вопросу о дискурсе в современном языкознании	225
Курбаева Г. А. Межъязыковые проблемы в переводе	231
Кульманов К. С., Нуртазина М. Б., Құрмашқызы Ә. Аспекты реализации масс-медийных технологий в Республике Казахстан	240
Құрманова Ә. Ж., Сарсикеева Г. К. Политический дискурс: фоностиластический анализ речи Барака Обамы	247
Латыпова З. Х., Докторханқызы Н. Лазиза Сергазина – журналист, видный общественный деятель	254
Мажитаева Ш., Қасқатаева Ж. А. Полевой принцип описания цветообозначений в разносистемных языках	263
Морозова Т. А., Шайкенова А. Ж. Этножурналистика Северо-Казахстанской области на примере печатных и электронных СМИ	271
Нуртазина М. Б., Кульманов К. С., Құрмашқызы Ә. Модернизация форм речи в СМИ в эпоху глобализационных процессов	281
Оразахынова Н. А., Кенжебаева Г. М., Шаһарман Ә. П. «Поуровневое комплексное обучение» – современная технология, формирующая компетентность учителя	294
Рахимбекова Г. О., Капанова Д. Е. Внедрение информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в процесс преподавания иностранного языка неязыковым специальностям	304

Сеидмарова С. Н. Галлицизмы в синтаксисе русского языка конца 18-го – начала 19-го веков	312
Смирнова С. М., Актас А. К. Семантическая и структурная типология «идиом тела» в английском языке	325
Тенбаева А. М. О функционировании зооморфных образов бессознательного в стихотворном тексте	335
Усен А. А. Концепт «Родной земли» в литературе Алаш	343
Хусаинова А. К., Карыбаева А. Д. Развитие устной речи на занятиях по профессионально-ориентированному языку	350
Шайкенова А. Ж., Морозова Т. А. Современные технологии в использовании Интернет-журналистики	359
Шахметова Н. А. Языковая личность в контексте антропоцентрической парадигмы	369
Шаһарман Ә. П. Структурный анализ религиозного дискурса	380
Сағындықұлы Б., Жумабаев Д. Основы периодизации синтаксиса казахского языка	392
Игликов С. Т. Средства массовой информации в формировании имиджа региона (на примере Павлодарской области)	402
Правила для авторов	409
Публикационная этика	415

CONTENT

Akanova A. I. Semantic groups of mythological vocabulary	12
Amantay M., Zeinulina A. F. Digital media, social networks and competent journalist potencial	21
Aliyassova A. V., Karimova K. K. Narrative self-presentation of teenagers on Instagram social network	31
Amreev N., Uralova Z., Karimbaeva R. Premises for the development of the written language	37
Bazylova B. K., Ibraimova Zh. Zh. Artistic level of a historic novel	45
Bekbossynova A. Kh., Makatova A. A. Symbolic meaning of color in the poetry of Syrbay Maulenov	57
Bolat G. T. Language characteristics of hybrid nominations in the modern Kazakh language	66
Gabdulina M. G., Kadyrov Z. T., Sinbayeva G. K. Antonymous relations in works of art	72
Galymzhanov B. G. Immunity of the nation in its national values (Based on national values in the heritage of Mashkhar Zhusup)	82
Dautova S. B., Ospanova B. R. The theory of cultural transfer and civilizational border as the expression of UNESCO humanitarian principles on the material of kazakh literature	91
Demchenko L. N. Sound image in the art text (to the question of poetics)	104
Dukembay G. N., Iskenderkyzy A. Contrastive analysis of pronunciation in Kazakh, Russian and English and its applying in FLT	112
Yergaliyev K. S., Aginbaeva K., Yergaliyeva S. Zh. Reflection of ethnographisms in translation (based on kinship)	122
Esmatova M. T., Kadyrov Zh. T., Kazybaeva G. S. The use of non-verbal techniques in the works of S. Mukanov	129
Zhumagulova B., Nurgazina R. Discourse analysis of speech genre toast	141
Zhumabekova G. B., Zhussupova R. F., Tolegen A. Syntactic antonymic features of proverbs in the English and Kazakh languages	154
Zhusupov N. K., Shahazhanova G. K. Kazakh folklore studies and research of S. Kaskabasov	163
Zhusupova G. K., Zhusupov E. K., Kuandyk Z. E. The problems of religion in Kazakh literature	170

Zhusupova G. K., Zhusupov E. K., Kuandyk Z. E. The image of a woman in Turkic art	179
Zhussip K. P., Zhussupov N. K., Baratova M. N. Problems of style	185
Katbayeva G. K., Abdrayev N. K. Classification of Chinese phraseological units	192
Kapasova B., Yelikpaev S., Zhumanbaeva R. The features of the transmission of ethnographic motifs	203
Kuzembekova Zh. Zh., Sagatova S. S., Naubay B. N. Language adaptation of foreign students in a professional environment	215
Kulakhmetova M. S., Ramazanova M. A. To the question of discourse in modern linguistics	225
Kurebayeva G. Interlingual problems of translation	231
Kulmanov K. S., Nurtazina M. B., Kurmashkyzy A. Aspects for implementation of mass-media technologies	240
Kurmanova A. Zh., Sarsikeyeva G. K. Political Discourse: Phonostylistic analysis of Barack Obama speech	247
Doktorkhankyz N., Latypova Z. X. Laziza Sergazina – journalist, a prominent public figure	254
Mazhitayeva Sh., Kaskataeva Zh. A. The field principle of color descriptions in different system languages	263
Morozova T. A., Shaikenova A. Zh. Ethno-journalism of the North Kazakhstan region on the example of print and electronic media	271
Nurtazina M. B., Kulmanov K. S., Kurmashkyzy A. Modernization of forms of speech in the mass-media at the epoch of globalization processes	281
Urazakhynova N. A., Kenzhebaeva G. M., Shaharman A. P. «Tiered integrated learning» – modern technology, forming competency of a teacher	294
Rakhimbekova G. O., Kapanova D. E. The application of information and communication technologies (ICT) in teaching foreign languages to the students of non-linguistic universities	304
Seidomarova S. Gallicisms in the syntax of the Russian language of the late XVIII and early XIX centuries	312
Smirnova S. M., Aktas A. K. Sematic and structural typology of «Body idioms» in English	325
Tenbayeva A. M. About the functioning of zoomorphic images of the unconscious in the poetic text	335
Ussen A. A. The concept of «Native land» in the literature of Alash	343

Khussainova A. K., Karybayeva A. D. Development of speaking skill in professionally oriented language classes	350
Shaikenova A. Zh., Morozova T. A. Modern technologies in the use of Internet journalism	359
Shahmetova N. A. Linguistic personality in the context of anthropocentric paradigm	369
Shaharman A. P. Structural analysis of religious discourse	380
Sagyndykuly B., Zhumabayev D. Basics of periodization of the Kazakh language syntax	392
Iglikov S. T. Mass media in the image formation of the region (on the example of Pavlodar region)	402
Rules for authors	409
Publication ethics	415

А. И. Аканова

докторант, 1 курс, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: Comfort_land_kz@mail.ru

МИФТІК ЛЕКСИКАНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Мақалада қазақ фольклорлық прозасындағы мифология, мифтік лексика, оның зерттелу аясы қарастырылады. Шетелдік және отандық ғалымдардың жалпы мифологияға қатысты тұжырымды пікірлері және мифологияны тілдік тұрғыда сараптаудың, мифтік лексиканың классификациялаудың қаншалықты ауқымды зерттелгендігі жөнінде айтылады. Сонымен мифологемалардың шығу төркіні, бастау арнасы түркі тілдес халықтарының мұрасымен сабақтас, сарындас екендігі сараланады, сондай-ақ түркі дүниетанымының негізгі өзегі, әлем халықтарындағы мифтік таныммен ұқсастығы мен айырмашылығы талданады. Жалпы мифологияның негізгі – мифтік лексикаға қатысты ғылымда кездесетін ғалымдардың пікірлері бір арнаға жинастырылып, отырып түсіндіріледі. Түркі мифологиясының әлемдік мифологиясы арасындағы тамырластық аңғарылып, салыстырмалы талдаулар жасалып, тиісті қорытындылар жасалады.

Кілтті сөздер: мифология, мифтік лексика, таным, түркілік, филологиялық, тілдік талдау.

КІРІСПЕ

Қазақ тілтануында үлкен бір мәселе мифология мен лингвистика салаларының тоғысу аясы. Әдебиетшілер ауыз әдебиеті туындыларын талдағанда образ, кейіпкер, сюжеттік желі, композициялық құрылым, тақырып пен идея және т.б. мәселелерді саралап, шығарманың көркемдік қырларын зерделеп, көбінесе фигуралар мен троптарды қарастырумен жұмыс жасайды. Ал тілтанушы ғалымдар фольклордағы тілдік фактілермен, нақты әрі таза лингвистикалық категориялармен жұмыс жүргізеді. Сөз – тілтану мен фольклортануға ортақ құбылыс. Фольклортанушылар мифологияны жан-жақты зерттегенімін, мифологияға тілдік тұрғыда терең талдау, атап айтқанда, мифтік лексикаға аса ден қойылмады. Бұл, әрине, үлкен ізденіс пен тұжырымды, зерттеуді қажет ететін ауқымды мәселе. Мифологиялық дегеннің өзі – соған (мифологияға) қатысты, соған тән дегенді білдіреді, яғни

мифтік лексика немесе мифке қатысты я мифологиялық лексиканы ғылымда мифонимдер (мифологемалар) деп танимыз. Мифологемаға қазақ әдеби тілінің сөздігінде «ойдан шығарылған, кейіпкер қиял-аңыздың нысаны», мифонимдерге – мифтер мен аңыздағы кез келген (қаһарман, Құдай, жер аты) деген түсінік берілген [1, 250]. Ендеше, мифологиялық реңке ие әрбір сөз, әрбір ұғым мифологиялық лексиканың қатарынан орын тебетіні анық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мифологиялық реңкі басым сөздерді жіктеуде түрлі пікірлер кездеседі. Бұл ретте, шетел ғалымдарының еңбектеріне көз салсақ, сан түрлі зерттеулерге жүгінуге тура келді. Орыс ғалымы Ф. И. Буслев тілді (сөзді) адамзат тәжірибесінің көрінісі, оны ұрпақ арқылы жеткізетін құрал деп қарастырса, ғалым А. Ф. Журавлев тілді (сөзді) мифтің пайда болуына себепкер (причина возникновения самого мифа) ретінде [2, 26] қарайды, ғалым өз еңбегінде белгілі ғалым Афанасьевтің еңбегіне талдау жасап, мифтік реңке ие сөздерді өз тұжырымы бойынша топтап, талдайды. Ғалым «свет и тьма, небо и земля, гроза, ветры и радуга, живая вода и вещее слово, огонь и вода, великаны и карлики және т.б.» деген топқа бөліп, осы аталған әрбір топтаманың өзін іштей саралап, ол топқа кіретін, мағыналық жақындығы бар, мәндес сөздерді ғалым Афанасьевтің тұжырымдарымен және оның этимологиялық талдауымен сабақтастыра отырып жан-жақты талқыға салады. А. Ф. Журавлевтің осы топтау ретімен сабақтас келетін ғылымдағы бір тұжырым – М. Мюллердің теориясына қысқа да нұсқа сипаттама берген ғалым Эдуард Тэйлор өзінің «Первобытная культура» еңбегінде «Тіл мифтің пайда болуында маңызды роль атқарғандығы сөзсіз, тіпті қыс және жаз, суық және жылы, соғыс және бейбітшілік, жақсылық пен жауыздық сияқты ұғымдардың өзі мифті туындатушыға жеке образдарды құру арқылы жасауға мүмкіндік бергендігін тілге тиек етеді және тіл қиялмен тығыз байланыста, сарындастықта болып, тіл мен идея бірдей, қатар жүргендігін айтады. Осы екі ғалымның арасындағы тағы бір пікір сабақтастығы миф пен тілді өзара ажырамас құбылыс ретінде қарастырудан байқалады. Осы идея (миф пен тілдің арасындағы ажырамас байланыс) орыс ғалымы Л. Н. Воеводинының «Мифология и культура» еңбегінде жалғасын табады. Ғалым мифті зерттеудің мәдени, этнографиялық, философиялық, филологиялық т.б. көзқарас тұрғысынан, оның ішінде құрылымдық-семиотикалық зерттеу бағыты туралы сөз қозғайды. Соның ішінде мифті филологиялық талдау жөніндегі пікірін білдіреді. Ғалымның мифті филологиялық тұрғыда талдаудың негізі оған (мифке) белгілі бір хабар беруші дәстүр ретінде, сондай-ақ мифке көне әдеби бастау ретінде қарауды жөн көреді. Филологтар нақты мифтік мәтіндерге нақты тілдік ерекшеліктер

мен мифтің көркем құралдарын саралау тұрғысынан қарастырып, түрлі варианттарда кездесетін сюжеттерді, ұқсас символдарды, мәтін инварианттарын айқындау үшін компаративистік зерттеулер жүргізіп, мифтің ертегімен және тағы да басқа фольклор мұраларымен арақатынасын зерттеумен сипатталады деп түсіндіреді. Сондай-ақ, ғалым: «Важной составляющей филологического изучения мифа является рассмотрение мифа и мифологем в современном литературном процессе, изучение мифологизма в творчестве писателей и поэтов» деп пікір қосады [3, 11–12]. Демек, мифологияға жүгінбесек, бүгінгі заман ағымындағы шығармаларды да, оған дейін де болған шығармалардың мәнісін түсіну, байыбына жету мүмкін емес дегенді тілге тиек етеді. Ғалым мифті филологиялық зерттеу дәстүрінің бір тармағы ретінде құрылымдық-семиотикалық талдауды атайды және ол (ғалым) мифті тереңде жатқан мифологиялық семантика мен фольклорлық архетипты зерттейтін ең көне таңбалық форма деп таниды.

Мифті семиотикалық тұрғыда зерттеуші ғалымдар қатарынан О. М. Фрейденберг, В. Я. Пропп, Вяч. Вс. Иванов, Ю. М. Лотман, Е. М. Мелетинский, В. Н. Топоров, Б. А. Успенский, К. Леви-Строс, Р. Барт сияқты зерттеушілерді көреміз. Ғалымның бұл еңбегінде мифтің космогониялық түрлерін, яғни әртүрлі халықтың космогониялық мифологиясын егжей-тегжейлі қарастырғанын байқаймыз. «Космогонические мифы народов океании, африканские космогонические мифы, космогонические мифы Америки, космогонические мифы древнего Египта, космогонические мифы древней Греции және т.б.» деп қарастырған. Байқағанымыздай, жоғарыда ғылыми пікірлерін білдірген ғалымдардың топтауына сәл де болса ұқсастықты байқаймыз. Осы сияқты топтау үдерісі орыс ғалымы М. Н. Шахновичтің «Первобытная мифология и философия» еңбегінде де байқалады: мифологиялық реңкі бар сөздерді вода и огонь, брак неба и земли, холод и тепло, свет и тьма т.б. деп бөліп алып, оларды таныммен тығыз байланысты қарастырады: «В мифах сохранились отголоски того, что день и ночь первоначально воспринимались не как единицы длительности, а как свет и тьма. Во многих мифах ночь мать дня» [4, 141]. Сол сияқты ғалымдар бірлестігімен жарық көрген «Мифы и растения» еңбегінде де мифологиялық атаулардың өсімдік әлемімен байланыстылығы жайында айтылып, әрбір мифологиялық атауы бар өсімдіктерді нақты мифологиялық аңызбен байланыстырыла отырып, топталып қарастырылған: Ирис деген өсімдікті Зевспен байласты аңызбен қарастырып, әр өсімдік атауын «удивительные метаморфозы – нарцисс, сирень, пион т.б.; Подобные Богам – Эвриала украшающая, Орхидея, Пихта Аполлона т.б.» деп топталған [5, 4]. Осы сияқты топтауды басшылыққа алып, ғылымда мифологизмдерді зерттеу орыс ғалымы О. А. Черепанованың еңбегінде егжей-тегжейлі,

кең түрде зерттелгендігін көреміз. Ғалым мифтік лексиканы тақырыптық топтарға бөліп қарастырады, нақтырақ айтқанда мифтік кейіпкерлердің мағыналық топтамаларын атап көрсетеді. Мифологиялық кейіпкерлерді топтауда, ең алдымен, олардың белгілі бір дифференциалды белгілеріне (ДП-дифференциальный признак) [6, 12] мән беру керек дейді. Дифференциалдық белгілердің ең басты сипаттамалары: 1) кейіпкерлердің ирреалдылық деңгейі (ирреалдылық қасиеті бар адам немесе жануар, фантастикалық кейіпкер, аруақтар және т.б.); 2) оның қызметі (жамандық әкелетін, жақсылық әкелетін); 3) тіршілік ету орны (жер, жерден жоғары, жер асты; үй – үйдің сырты және т.б.), кейіпкердің пайда болатын уақыты, мерзімі (кейіпкердің пайда болуындағы уақыт пен оның пайда болу таңбасы немесе кейпі оның қызметін белгілейді, себебі оның кейпі мен пайда болатын уақыты оның жақтаушысы, сүйеуі); 4) кейіпкердің пайда болу формасы (тарсылдатады, гүрсілдейді, орманда дауыс шығарады және т.б.); 5) кейіпкердің түрі: антропоморфты, полиморфты (полиморфты ол статикалық, мысал үшін су перісі; ал, полиморфты динамикалық кейіпкер үнемі өз бейнесін өзгертіп отырады (басыбайлы, отты жылан және т.б.), зооморфты, аморфты; 6) кейіпкердің ерекше белгілері (сынған қазан, бұрым, көсеу және т.б.); 7) кейіпкер туралы адамның пікірі – бұл ретте амбиваленттілік байқалады, яғни төменгі мифологиялық кейіпкерлер жоғары мифологиялық кейіпкерлердің қызметін атқарады (билеуші, құдайлар) [6, 12].

А. Черепанова топтауды лексика-семантикалық және ономазиологиялық деңгейлердің негізінде зерттей отырып, оны тек белгілі бір аймақтың аясындағы (солтүстік өңір) ауыз әдебиеті үлгілеріне қатысты анықтайды.

Ең алғаш рет мифологияны халықтың өнерімен және поэтикалық шығармашылығымен байланыста қарастырған неміс романтизмінің өкілдері (Ф. Шеллинг, Л. Уланд және т.б.) болды.

Отандық зерттеушілердің қатарында да мифологемаларды зерттеген ғалымдар аз емес. Зерттеушілер Абишева У. К., Когай Э. Р.: «Литература центральной Азии. Архетипы. Мифологемы. Концепты» атты монографиясында Қазақстанның прозасы мен поэзиясын зерделей отырып, от, ошақ, бабалар дәстүрі сияқты ұғымдарды саралай отырып, түрлі образдардың құпия сырларын ашуға негізделген. Еңбекте ғалымдар кейбір образдардың атаулары терең мағынаға ие екендігін айтады және оларды мифологемалар деп атайды: «Существует много суждений по поводу понятия «мифологема» как элемента художественного текста. Это известный в мировой науке термин, восходящий к трудам К.-Г. Юнга. Исследованиями он определяется как «элемент художественного текста, первообраз, содержащийся в подсознании, проявляющийся и мифе, и в художественном произведении» [7, 37]. Демек, мифологема бұл белгілі бір бастапқы образ, құрылым, мотив, ол кейін белгілі

бір мифологиялық сюжетке ұласады, ал ол өз кезегінде көркем шығарма болып өрлейді дейді ғалым. Ондай образдарға ғалым түйенің бейнесін мысал етіп көрсетеді. Аруананы ғалым образ-символ деп қарастырады. Отандық ғалым Б. М. Тілеубердиева «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері» еңбегінде қазақ тіліндегі жалқы есімдердің когнитивтік, лингвомәдени, семиотикалық аспектілерін сөз ете отырып, олардың (жалқы есімдердің) мифологиялық реңкін айқындай отырып зерделейді. Ғаламның мифологиялық бейнесі тұрғысынан тілдік бірліктерді ажырата отырып, мифонимдердің мифтік таным аясында қарайды. Ғалым тіл мен миф арасындағы байланысты Б. Ақбердиеваның пікірімен түсіндіреді: «Мифологиялық таным-түсініктерді сұрыптау және оны тілдік жағынан түсіндіру қазіргі кезде өте маңызды. Себебі тарихи-әлеуметтік тұрғыдан алғанда, тіл – мифологиялық дүниетанымның жинақталған бірден-бір көзі» [8, 196]. Бұл ретте, ғалым мифологияны тілмен таным-түсінік негізінде байланыстырып, ғаламның мифтік (мифологиялық) бейнесі мен ғаламның мифологиялық моделінің арасында айырмашылықтар болатындығын және модель – негізінен структуралық құрылым ретінде танылатын болса, бейнені модельден ауқымы кеңірек, «бейнелілігі» толықтау тілдік жүйе деп білуіміз қажет екендігін айта кетеді де, оны (мифологемдерді) былай деп топтап көрсетеді: «Модельге ғаламның тілдік бейнесі беріледі, бірақ модель (құрылым) шеңберінде ғана, ал шынайы түрдегі ғаламның мифологиялық (мифонимиялық) бейнесі өз жүйесінде модель құрылымын қоса тұра толыққанды жан-жақты «кеңістік», «уақыт», «адам», «жануар» т.б. концептілерге қатысты кең көріністі бере алады» [8, 196]. Сондай-ақ, ғалым ғаламның мифтік бейнесі *мифологиялық жалпы есімдер арқылы да, мифологиялық жалқы есімдер*, яғни *мифологиялық онимдер, мифонимдер* арқылы да көрсетілетіндігін анық айтып көрсетеді [8, 196]. Сонымен, ғалым мифологияны ғаламның бейнесі аясында, тілтанымдық негізінде кең ауқымда қарастырады. Сол сияқты, мифтік-танымдық көріністерді сипаттағанда, ғалым *себеп-салдар, адам, жануар* т.б. категориялармен байланыста қарастырады. Мысалы, аспан кеңістігіндегі ай мен күн, жетіқарақшы, Үркер, Сүмбіле, Ақбозат, Көкбозат, Темірқазық, Қамбар жұлдызы, Шолпан, Керуен т.б. сияқты жұлдыздарды мысалға алады, әрқайсысын, жекелепхалқымыздың мифологиялық таным-түсінік тұрғысынан түсіндіреді. Отандық зерттеуші Р. М. Үскебаева «Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде)» диссертациялық еңбегінде мифологемаларды: мифологиялық антропониика (адам есімдер), мифологиялық топониика (жер-су аттары), мифологиялық зоониика (жануарлардың мифологиялық лақап аттары), мифологиялық астрономика аспан денелері т.б. деп топтайды [9, 24]. Ендеше, мифологиялық лексиканы топтау, оны тілдік тұрғыда бір арнаға тоғыстырудың талпынысы отандық ғылымда да бар.

Отандық ғалымдардан мифтік лексика жөнінде сөз қозғап, оны жіктеуге бастама жасаған ғалымдардың бірі – Ж. Жақыпов. Ғалым мифемалардың қолданылу аясына, яғни тақырыптық бөлінісіне қарай көңіл бөледі [10].

Сонымен қатар ғалым А. Қ. Тұрышев мифті екі (тәңірлік (шамашдық), және діни (ислам) мифтері) бөліп алады да, діни (ислам) мифтерін *кереметтер* және *демонологиялық* екіге бөледі. Ал жалпы мифологиялық лексиканы бір-бірімен тығыз байланысты, мазмұны жағынан бір-бірін толықтырып тұратын желі-құрылым деп сипаттама береді [11, 9]. Ғалым мифологиялық лексиканың мынадай түрлерін атап көрсетеді: *тәңірлік* (шамандық) *лексика* (тәңір, ұмай, ана, аба, абыз, абыш, бақсы), *тотемдік лексика* (абжылан, оқ жылан, бөрі, шене, қазығұрт, ұлыма, итала қаз, інгек сиыр, серке, алмажайындар), *ислам діни кереметтер таным лексикасы* (Ғайып ерен қырық шілтен, Бабай Түкті Шашты Әзиз, Қызыр Илияс, Алып, Шайхы, Қожа, Керемет, Құдірет, Құт, Кие, Ие), *демонология лексикасы* (Албасты, Ібіліс, Қара Албасты, Қызылбас, Диуана, Жезтырнақ, Шайтан, Жалмауыз, Сөрел, Кесір) [11, 9]. Сонымен отандық және шетелдік ғалымдардың классификациясын, ғылыми тұжырымдарын ескере отырып, прозалық фольклордағы мифологиялық лексиканы былай деп топтадық:

1 Кеңістіктік мифонимдер: аспан-жер, жоғары-төмен, оңтүстік-солтүстік, оң жақ-сол жақ, жер асты, жер үсті, өзіндік кеңістік-өзгелік кеңістік, т.б.

2 Табиғат құбылыстарына, мезгілге байланысты мифонимдер: жаз-қыс, дауыл, жаңбыр, жел, т.б.

3 Түр-түске байланысты мифонимдер: ақ, қара, сары т.б.

4 Сандық мағынадағы мифонимдер: жеті қат көк, жеті қабат жер, қырық құлаш, қырық кез, төрткүл дүние, он сегіз мың алам т.б.

5 Діни мифонимдер: әулие, жаратушы, тәңір, т.б. деп топтасақ, оны өз ішінен:

1 Пайдалы (Желаяқ, Көлтауысар, Тау соғар т.б.);

2 Зиян (жылан, Еркілік, т.б.);

Мекен ету кеңістігіне қарай:

1 жер асты мифтік кейіпкерлері,

2 жер үсті мифтік кейіпкерлері деп бөліп алып, оларды өзара таратуға болады:

Мифологиялық кейіпкерлер өз алдына бір төбе:

1 Діни кейіпкерлер: Құдай, Тәңір, Ұмай ана, От-Ана, Тәңірдің ұлдары, Ақ және Қара құдайлары т.б. Бұл жоғарыдағы орыс ғалымдарының «бұйрық беруші мифтік кейіпкерлер» деген топтамасына жақын келеді.

2 Ертегілік кейіпкерлер: Ер Төстік, Кенжекей, Перінің қызы Бекторы, т.б.

3 Қамқоршы кейіпкерлер: Тәңірдің ұлдары – Қайсар, Шыңғыс, Ер-Сайын, күзетші ит, т.б.

4 Зұлымдық бастаушы кейіпкерлер: Еркілік, жалмауыз, мыстан кемпір, т.б.

5 Көмекші кейіпкерлер: Шилы-Мине атты көмекші, т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, орыс және отандық зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарының негізінде мифонимдерді *кеңістік мифонимдер, табиғат құбылыстарын байланысты мифонимдер, түр-түске байланысты мифонимдер, сандық мағынадағы мифонимдер, діни мифонимдер деп бөліп алып, діни мифонимдердің өзін іштей пайдалы және зиян әкелетін мифонимдер* деп таратсақ, мифонимдердің мекен ету кеңістігіне, мекеніне қарай: *жер асты және жер үсті мифонимдер* деп бөлдік. Сондай-ақ мифонимдердің басым көпшілігін кейіпкерлер, образдар құрайтыны белгілі болды, бұл ретте мифологиялық кейіпкерлер әлемін былай деп топтауды жөн көрдік: *діни кейіпкерлер, ертегілік кейіпкерлер, қамқоршы кейіпкерлер, зұлымдық бастаушы кейіпкерлер және көмекші кейіпкерлер*. Бұл аты аталған кейіпкерлер жүйесі және атаулардың тізбегінен бөлек әлі талай мифологиялық нысандардың қорды бары анық. Әрине бұл бөлініс я топтау әлі де тереңдеп зерттеуді, әлдеқайда кеңірек қарастыруды қажет етеді, алайда бүгінгі таңда жиналған деректер көзіне жүгіне отырып, осындай топтауға жол беріп отырмыз. Қазақ филологиясында фольклор көбінесе әдебиеттану аясында қаралып келді. Ауыз әдебиетінің мол мұрасын таза тілдік шеңберде зерттеу жекелеген шығармалар көлемінде қаралып, ондағы құрылымдық-семантикалық (троптар, стилдік сипаттар) талданып келді. Сондықтан лингвофольклорлық зерттеудің теориялық негізінің маңыздылығы орасан зор. Мәтінді әдебиеттік тұрғыда зерттеумен қатар, оған лигвистикалық талдау жасау, атап айтқанда тілдік бірліктерге (мифтік лексикаға) классификация жасау фольклортану жолындағы үлкен жетістіктерге жеткізетін амал. Осы орайда тілтану мен әдебиеттанудың тоғысқан шоғырында зерттелген фольклорлық шығарма кең түрде, терең ауқымда қарастырыларылып, ауыз әдебиетін халық танымымен тығыз байланыстырып тұрған мифтік таным мәселесінің теориялық қырлары айқын ашылата түсетіндігі анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2011.
- 2 **Журавлев, А. Ф.** Язык и миф. Лингвистический комментарий к труду А. Н. Афанасьева «Поэтические воззрения славян на природу». – М., 2005. – 1004 с.
- 3 **Воеводина, Л. Н.** Мифология и культура: Учебное пособие. – М. : Институт обще-гуманитарных исследований, 2002. – 384 с.

4 **Шахнович, М. И.** Первобытная мифология и философия. Предыстория философии. – Ленинград : «Наука», 1971.

5 Мифы и растения. – М. : «Росмэн», 2004.

6 **Черепанова, О. А.** Мифологическая лексика русского Севера. – Ленинград, 1983.

7 **Абишева, У. К., Когай, Э. Р.** Литература Центральной Азии. Архетипы. Мифологемы. Концепты: монография. – Алматы : Қазақ университеті, 2016. – 212 с.

8 **Тілеубердиев, Б. М.** Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы : «Арыс», 2006. – 280 б.

9 **Үскенбаева, Р. М.** Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде) : филос. док. дисс. – Алматы, 2016.

10 Қазақ лингвофольклортануы: эпостанулық зерттеу. Ұжымдық монография. – Астана, 2017. – 388 б.

11 **Тұрышев, А. Қ.** «Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы миифологиялық мәдениет лексикасы» : Монография. – 3 том. – Павлодар : Кереку, 2008. – 131 б.

12 **Тюнников, Ю. С.** Педагогическая мифология : учеб. пособие для студентов вузов, обучающихся по пед. специальностям. – М. : Гуманитар. изд. Центр Владос, 2004. – 352 с.

13 **Кондыбай, С.** Казахская мифология. Краткий словарь. – Алматы : «Нурлы Алем», 2005. – 272 с.

14 **Горан, В. П.** Древнегреческая мифологема судьбы. – Новосибирск : «Наука», 1990.

15 **Ғабитханұлы, Қ.** Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. – Алматы : «Арыс», 2006. – 168 б.

16 **Афанасьев, А. Н.** Мифология Древней Руси. – М. : Эусмо, 2007. – 608 с.

17 **Шеллинг, Ф. В.** Философия мифологии. В 2-х т. – Т.1. Введение в философию мифологии. Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2–13. – 480 с.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

А. И. Аканова

Семантические группы мифологической лексики

Филологический факультет,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

A. I. Akanova

Semantic groups of mythological vocabulary

Philological Faculty,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

В статье рассматриваются мифология, мифическая лексика в казахской фольклорной прозе, область ее изучения. Речь идет о концептуальных мнениях зарубежных и отечественных ученых, касающихся общей мифологии и о том, насколько широко изучена языковая экспертиза мифологии, классификация мифической лексики. Кроме того, в статье анализируется происхождение мифологем, наследие и родство тюркоязычных народов, анализируются основные стержни тюркского мировоззрения, мифическое познание, их сходство и различие во всем мире. Основа общей мифологии – мифической лексики объясняются мнения ученых, встречающихся в науке, собираясь в одно русло. В настоящее время в области тюркской мифологии наблюдается коренность между мировой мифологией, сделаны сравнительные анализы, сделаны соответствующие выводы.

The article deals with mythology, mythical vocabulary in Kazakh folklore prose, the field of its study. We are talking about the conceptual views of foreign and domestic scientists on the general mythology and how widely is studied the language examination of mythology, the classification of mythical language. In addition, the article analyzes the origin of mythologies found in Russian sagas and fairy tales, the heritage and kinship of Turkic-speaking peoples, analyzes the main pillars of the Turkic worldview, mythical knowledge and similarities and differences throughout the world. The basis of common mythology – mythical vocabulary explains the opinions of scientists found in science, going in the same direction. Currently, in the field of Turkic mythology, there is a stockiness between the world mythology, comparative analyses are made, appropriate conclusions are drawn.

FTAMP 19.31

М. Амантай¹, А. Ф. Зейнулина²

¹магистрант, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹mereke.amantay@mail.ru; ²akbura66@mail.ru

ЦИФРЛЫҚ БАҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ӘЛЕУЕТІ

Мақалада қазіргі еліміздегі цифрлық бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ, бүгінгі күннің негізгі ақпарат көзі болып саналатын әлеуметтік желілер мен ондағы журналистің құзіреттілік әлеуеті туралы ғылыми деректер топтастырылған. Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының және әлеуметтік желілердің тарихи, әлеуметтік және технологиялық алғышарттары, олардың Қазақстан ақпарат кеңістігіндегі азаматтарға ақпараттық ықпалы және сол желілердегі ақпарат мәтіндерінің журналистика жаирларына әсер етуінің жағымды және жағымсыз қырлары қарастырылған.

Кілтті сөздер: БАҚ, қоғам, индивид, журналистика.

КІРІСПЕ

Мақаланың өзектілігі әлеуметтік желілердің әлеуеті, ондағы журналистің орны рухани және экономикалық саладан ғана көрініп қоймай, мемлекет тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін зор күшке ие екені белгілі. Сондықтан Қазақстан сияқты жас мемлекетке ұлттық ақпарат саясатын ұтымды жүргізу үшін цифрлық коммуникация құралдарын жедел игеру, ұтқыр пайдалану мәселесінде аса өзекті екенін көрсетеді. Заманауи коммуникация құралы ретінде цифрлық бұқаралық ақпарат құралдары және ақпараттық қоғамның жүйелі, тұтас құбылысы ретіндегі әлеуметтік желілер (Вконтакте, Facebook, Twitter). Қазақстан Интернет кеңістігіндегі әлеуметтік желілердің ақпарат айналымы, журналистика саласындағы шығармашылық және технологиялық жаңалықтар, әлеуметтік желілердің ақпараттық саясат пен азаматтардың әлеуметтенуіне ақпараттық әсері туралы көптеген ақпараттар бар. Оның жаңа қырлары мен түрлену жолдары, сонымен қатар,

бұқаралық коммуникациядағы ақпарат мәселесі және ондағы журналистің орны туралы мол ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты заманауи бұқаралық коммуникация орбитасындағы әлеуметтік желілердің, журналистка жанрларындағы жаңа пішіндердің жұртшылық пікірінің қалыптасуына қаншалықты әсер ететінін анықтау. Журналистің әлеуметтік желілердегі құзіреттілік әлеуетін сараптай отыра, ақпарат тарату тәсіліне алып келген мақсатын, қазіргі ақпараттық технологияның индивид санасына ықпалын журналистика және ақпараттану теориясы тұрғысынан талдау.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қоғамның бөлінбес құрамдас бөліктерінің бірі – бұл ақпарат құралдары. Қоғамдық қызметтің барлық түрлері өз субъектілері арасында бірқалыпты, тұрақты байланыс болуын қажетсінеді және сонымен қатар өзара ақпараттар алмасу қажеттігі де бар. Азаматтық қоғам өз деңгейінде өмір сүру үшін ақпараттың атқаратын рөлі зор. Адамдар өздерінің айналасында нелер болып жатқанын білмей тұрып, өздері өмір сүріп отырған қоғам туралы дұрыс пікір қалыптастыра алмайды. БАҚ түрлі көзқарастарды халыққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады және ұйымдасқан түрде диалогтар өткізу мүмкіндігін жасайды. БАҚ-тың әсіресе саяси байланыстар үшін маңызы зор. Саясат өз мазмұны жағынан топтық және күрделі ұйымдасқан мақсатты түрдегі іс-әрекет. Әрбір топтық, мақсатты іс-әрекет нәтижелі болуы үшін бірнеше мыңдаған адамдардың бірлескен іс-қимылдары қажет. Осы іс-қимылдар БАҚ көмегімен ұйымдастырылады. БАҚ мемлекет, ұлт, саяси партия, топ деңгейлерінде саяси іс-қимыл мақсатын адамдар санасына жеткізді.

БАҚ – арнайы техникалық құралдар көмегімен әртүрлі хабарлар мен ақпараттарды ашық түрде көпшілік алдына жеткізумен айналысатын ерекше мекемелер мен ұйымдар. Олардың ерекше бейнесі мынада: көпшілікке ортақтығы, яғни тұтынушылардың шексіз және көптік шеңбері; арнайы аппаратуралар мен техникалық құралдардың болуы; байланысқа түсуші әріптестердің уақыт пен кеңістікте бір-бірінен алшақ болуы; адамдарға бір бағытта әсер ету, яғни БАҚ-тан тұрғындарға, керісінше болмайды, яғни тұрғындар БАҚ-қа әсер ете алмайды; БАҚ тыңдармандарының тұрақсыздығы, яғни олар бір хабар не мақалаға зейін қойса, ал екіншісін мүлде қарамауы мүмкін. БАҚ – жиі тыңдап, пайдаланатын қоғамдық белсенді адамдар әлеуметтану ғылымында реципиенттер деп аталады. Бұдан бөлек, БАҚ байланыс қызметін атқарады. Байланыс деп бір адамнан немесе адамдар тобынан өзге адамдарға ақпарат берілу үрдісін айтамыз. Бұқаралық байланыс дегеніміз жекелеген адамдардың немесе адамдар

тобының ақпаратты үлкен және кең аудиторияларға тарату үрдісі. Жалпы, БАҚ мыналардан тұрады:

1 Жазбаша мәтін мен фотосуреттерді жариялау жолымен ақпарат басып тарататын БАҚ. Оларға газеттер мен журналдар, буклеттер, үн қағаздар, плакаттар мен анықтамалықтар жатады. Ал кітаптар БАҚ қатарына кірмейді.

2 Хабарлайтын БАҚ дыбыстық немесе көрнекті ақпаратты береді. Бұлардың қатарына, ең алдымен радио және теледидар жатады. Қазіргі кезде теледидар байланыстың қуатты құрамы болып табылады. Қай жерде болмасын адамдар үнемі теледидар арқылы ақпараттар алып тұрады.

Соңғы онжылдықтарда БАҚ жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырады. Спутниктік байланыс құралдары, кабельдік теледидар және ақпарат жинау мен басудың жеке құралдары (кассет, дискет, лазерлік диск, принтер, сканер), ғаламдық компьютерлік жүйелер (мыс. Интернет) пайда болды.

Әртүрлі БАҚ әртүрлі әсер ету қабілетіне ие. Ең алдымен бұл БАҚ кәсібилігіне және берілген ақпарат құндылығына байланысты. Әсіресе сенсациялық ақпараттарға көпшілік қызығушылық туғызады.

2 БАҚ дамуы. Мемлекет пен қоғамның байланыс құралдарына деген қажеттілігі келесі сәттерге тәуелді: оның қоғамдағы қызметі мен рөлі, саяси құрылымдар саны мен сапасы саяси шешім қабылдау тәсілдері, мемлекет көлемі және БАҚ дамуына әсер етуші факторлар. Бұрынғы дәуірлердегі мемлекеттерде байланыс құралдарына деген қажеттілік шектеулі болды. Оның ролін жаушылар, курьерлер мен тыңшылар, қаңғыбастар атқарып отырды. Олар ақпаратты көбіне ауызша, тек кейбір мемлекеттік маңызды ақпараттар ғана жазбаша таратып отырды.

Көптеген аумағы шағын мемлекеттер мен қалалар қауіп туралы ескерту, халық жиынын шақыру немесе аса маңызды саяси, діни оқиғалар туралы хабарлау үшін биік мұнараға орнатылған қоңырауларды пайдаланды. Көптеген ғасырлар бойы саяси және азаматтық байланысқа деген қажеттілік пошта арқылы атқарылып келеді. XIX–XX ғ.ғ. телеграф және телефон желісінің пайда болуы мемлекеттің байланыстық тұтынысын қанағаттандырып қана қойған жоқ, сол сияқты қоғамдық өмірге түбегейлі бетбұрыс әкелді. БАҚ техникалық дамуы бұрын қиял болып келген көптеген демократиялық және тоталитарлық идеялардың шын өмірде іске асуына әкелді, билік заңдылығы мен іске асуына жаңа сипат берді.

О. Тоффлердің пікірінше, «қазіргі биліктің эффективті қызмет істеуі, оның адамдардың жеке қызығушылығын оятып, өз мақсатына жетуде билік қорларын көп шығындамау жолын табу». Ол мақсатты шешуде саяси билік БАҚ кеңінен пайдаланады. Саяси теорияға сәйкес, қазіргі заманғы өте дамыған ақпараттық қоғамдарда білім мен ақпарат күші қоғамдық басқару саласында ақша мен мемлекеттік күштеу қорларын ығыстырып шығарды.

3 БАҚ қызметтері. БАҚ ең басты қызметі ақпарат алу мен тарату. Бұл қызмет көңіл көтеру, қызықтыру ақпараттарынан бастап азаматтар мен билік орындары үшін аса маңызды оқиғалардан хабар беру аралықтарын қамтиды. Азаматтар алынған ақпарат негізінде билік органдарына өз талаптарын қоя алады. Алынған ақпарат негізінде азаматтар санасында Үкімет, Парламент, партия және саяси институттар, қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірі туралы пікірлер қалыптасады. Осы негізде қоғамдық пікір қалыптасады. Сол себепті қоғамдық пікір туғызуда БАҚ-тың рөлі өте зор.

БАҚ, сонымен қатар, білім беру және әлеуметтендіру қызметтерін де атқарады. Білім беру қызметі азамат ақпараттар тасқынында дұрыс бағыт, түсінік алуын қамтамасыз етеді. Әрине БАҚ жүйелі, әрі терең білім бере алмайды. Бұл арнайы білім беру институттарының міндеті. Соған қарамастан қазіргі заманда көптеген адамдар өз білім жүгін БАҚ арқылы тереңдетіп, толықтырады. БАҚ әлеуметтендіру қызметі адамның өмірлік тәжірибе жинақтауына көмектеседі. Демократиялық қоғамдағы БАҚ саяси-әлеуметтік міндеттерінің бірі адамдар санасына заң мен адам құқығын құрметтеу құндылықтарын енгізу, азаматтарды қоғамдық егестерді бейбіт әдістермен шешуге үйрету, мемлекеттің құрылыстың негізгі ұстанымдарын түсіндіру.

Қазіргі заманда БАҚ сын және бақылау қызметтерін де атқарады. Қоғамда бұл қызметтерді атқаратын басқа да әлеуметтік институттар бар, мысалы, оппозициялық партиялар. Бірақ БАҚ сыны өз объектісін бүкіл қоғам көлемінде көрсете алады. Себебі арнайы мәжілістерге тек аз ғана адамдар қатысса, БАҚ-ты адамдардың барлығы дерлік көреді және оқиды. Сонымен қатар, БАҚ сынының объектісі Президенттен бастап барлық мемлекеттік билік органдары, барлық лауазымды және жеке тұлғалар, ұйымдар, тіпті БАҚ-тың өздері де болады.

БАҚ-тың бақылау қызметі қоғамдық пікір беделіне сүйенеді. БАҚ өз бақылауында әкімшілік не экономикалық мәжбүрлеу шараларын қолдана алмаса да оның бақылауы өте эффективті. Себебі ол болған істің тек заңды бағасын ғана емес, моралдық бағасын да береді. Демократиялық қоғамда БАҚ өз бақылауында нақты заң актілеріне сүйенеді. Әдетте БАҚ қозғаған іс аяқсыз қалмай, арнайы тергеу комиссиялары құрылып қылмыстық істер қозғалады.

БАҚ қоғамды біріктіру қызметін де атқарады. Әртүрлі саяси-қоғамдық күштер БАҚ арқылы өз жақтастарын табады. БАҚ оларға өз мақсаттары мен мүдделерін нақты, айқын жеткізуге көмектеседі. Қазіргі әлемде БАҚ-тың шығу мүмкіндігінің болуы барлық саяси-қоғамдық күштер үшін ең басты өмірлік мақсат. БАҚ шыға алмаған саяси-қоғамдық күштер ешкімге білінбей тез жойылып кетеді. Қоғамда адамдарды әртүрлі қоғамдық-саяси іс-әрекеттерге тарту қызметін де атқарады. Азаматтар бойында белгілі бір саяси мінез-құлық

түрін қалыптастыра алады. БАҚ белгілі бір өткір қоғамдық мәселені жан-жақты көтеру арқылы саяси-экономикалық өзгерістерге бастама жасай алады. БАҚ өз қызметтерін толыққанды негізде тек демократиялық қоғамдарда ғана іске асыра алады. Қазіргі демократиялық даму адамға сапалы, пайдалы ойлау қабілетіне ие жауапкершілігін толық сезінетін даралық ретінде қарастыруға негізделген. Адамдар бойында білікті саяси көзқарас қалыптастыруда БАҚ-тың рөлі өте зор. Себебі БАҚ қоғамда сөз бостандығын қамтамасыз етеді. Ал сөз бостандығы болмаса адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының толыққанды қорғалуы мүмкін емес. Қоғамдық-саяси оқиғаларға объективті баға беруге қабілетті, демократиялық ұстанымдарға сүйене отырып ұйымдастырылған БАҚ-тың болуы қоғам дамуы мен тұрақтылығының кепілі болып табылады. БАҚ қоғамда өз мақсаттары мен мүддесі бар жеке құрылым. Өз мақсатына жету жолында әртүрлі әдістерді қолданады. Өз үстемдігін адам санасы мен сезіміне әсер ету арқылы іске асырады.

Демократиялық елдерде бұқаралық коммуникацияның рационалдық моделі басым болып келеді. БАҚ логика заңдары шеңберіне сиымды фактілер келтіру арқылы адамдарды сендіруге тырысады, яғни осы оқиғаның, шешімнің, әрекеттің ең алдымен қоғамға, адамдарға тиімді, пайдалы екендігін нақты дәлелдеп шығады. Бұл модел демократиялық елдерде қалыптасқан азаматтар ділі (менталитет) мен мәдениетіне сәйкес келеді. БАҚ жүйесі тыңдармандар назары мен сенімі үшін бақталастық жарысқа негізделген. Демократиялық елдерде адамдарға сезімдік әсер ету әдістері кең таралмаған, тек жекелеген оппозициялық немесе шағын саяси күштерге тәуелді БАҚ ғана сайлау компаниялары кезінде өз идеялары мен құндылықтарын адамдар саласына жеткізу үшін сезімдік әсер ету технологияларын қолданады. Бірақ, әдетте өз пайдасын сезіну рухында тәрбиеленген адамдар арасында қолдауға ие бола алмайды, сонымен қатар, кейбір жағдайларда сот билігі арқылы шектеледі. Керісінше тоталитарлық, авторитарлық, этнократиялық елдерде адамдар санасына сезімдік деңгейде әсер ету технологиялары кеңінен қолданылады. Әдемі сөз бен көркем бейне адамдарға үлкен әсер етеді. Әсіресе, егер бұл адамдар бойында еркін қоғамда өмір сүру тәжірибесі қалыптаспаған болса сезімдік әсер өте күшті рухани толқынысқа түсіреді. БАҚ адам санасын улап, қорқыныш пен соқыр сенімге негізделген бағыныштылық моделін тудырады.

БАҚ-тың ақпараттың үрдіске әсері. БАҚ-тың ең негізгі міндеті қоғамды хабардар етіп отыру үрдісі. Бұл үрдіс келесі кезеңдерден тұрады: ақпарат алу, таңдау, ықшамдау, түсінік беру және оны тарату. Қоғам қандай ақпаратты, қандай түсініктермен алады, осыған байланысты қоғамдағы келесі оқиғалар тізбегі құрылады. Неміс социологі Клаус Боумның пікірінше «Маңызды ақпарат иелену дегеніміз билік иелену, ал маңызды ақпаратты өз мүддесіне

сай тарату, немесе оны жасырып қалу мүмкіндігін иелену екі есе билік иелену». БАҚ осындай билікке ие. Қазіргі әлемде ақпараттар тасқынының көптігі сонша, оны өз бетінше игеруге жалғыз адам түгілі, бір топ маман да қабілетсіз. Сол себепті аса маңызды ақпараттарды тандап алу бүкіл БАҚ жүйесінің басты міндеті. Азаматтар мен саяси қайраткерлердің хабардар болуы БАҚ біліктілігі мен объективтілігіне, шын фактілерді көрсете білуіне байланысты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста қазіргі еліміздегі цифрлық бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ, бүгінгі күннің негізгі ақпарат көзі болып саналатын әлеуметтік желілер мен ондағы журналистің құзіреттілік әлеуеті туралы ғылыми деректер топтастырылған. Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдарының және әлеуметтік желілердің тарихи, әлеуметтік және технологиялық алғышарттары, олардың Қазақстан ақпарат кеңістігіндегі азаматтарға ақпараттық ықпалы және сол желілердегі ақпарат мәтіндерінің журналистика жанрларына әсер етуінің жағымды және жағымсыз қырлары қарастырылған.

Зерттеу барысында тақырыбым әлеуметтік желілердің әлеуеті, ондағы журналистің орны рухани және экономикалық саладан ғана көрініп қоймай, мемлекет тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін зор күшке айналуы – Қазақстан сияқты жас мемлекетке ұлттық ақпарат саясатын ұтымды жүргізу үшін цифрлық коммуникация құралдарын жедел игеру, ұтқыр пайдалану мәселесінде аса өзекті екенін көрсетеді. Олай болса, бұл диссертациялық жұмыс заман талабына сай өзекті тақырыпты қозғады деп айтуға әбден болады.

Зерттеу жұмысыма заманауи бұқаралық коммуникация орбитасындағы әлеуметтік желілердің, журналистика жанрларындағы жаңа пішіндердің жұртшылық пікірінің қалыптасуына қаншалықты әсер ететінін анықтадым. Журналистің әлеуметтік желілердегі құзіреттілік әлеуетін сараптай отыра, ақпарат тарату тәсіліне алып келген мақсатын, қазіргі ақпараттық технологияның индивид санасына ықпалын журналистика және ақпараттану теориясы тұрғысынан талдау жасадым. Зерттеу мақсатыма жету үшін цифрлық бұқаралық ақпарат құралдарын, әлеуметтік желілер термині мен оның шығу тарихына үңіліп, тұлғаның әлеуметтену үдерісін анықтап, коммуникация құралдарының тарихын сатылап пайымдадым. Ақпарат кеңістігіндегі журналистің адамға ықпалын қарастыратын негізгі бағыттарын айқындап, олардың теориялық және әдіснамалық жаңа қырларын анықтадым. Жаһандану кезінде қалыптасқан «желілік қоғам» және «коммуникация және даму» парадигмаларының орнын ауыстырған медиамәтіннің заманауи

парадигмаларының ерекшеліктерін жан-жақты аштым. Журналист шығармашылық өнімінің өміршеңдігіне, олардың заман талыбына сай трансформациялануына баға берілді. Медиамәдениеттің аксиологиялық парадигмасын, адамның құндылық ұстанымындағы өзгерістерді нақтыладым. Сондай-ақ, Қазақстан медиакөністігіндегі коммуникацияны цифрландырудағы мақсатын нақтыладым. Әлеуметтік желілерге сипаттама бере отыра, олардың азаматтың әлеуметтенуі мен саяси көзқарасының қалыптасуындағы рөлін айқындадым. Қазақстанның жаһандық ақпарат кеңістігіне кіру жағдайындағы ақпараттық тәуелділік мәселесін зерделеп, геосаясат сюжетіндегі ақпараттың рөлі мен елдегі тұрақтылықтың қолайлы бағытын анықтадым. Білім, ақпарат және жоғары технология дәуіріндегі адамның мәдениетінің қалыптасу үдерісін, қазақстандық ақпараттық кеңістіктегі журналистің рөлін сараладым. Әлеуметтік желілердің журналистика саласына алып келген шығармашылық және меркетингтік жаңалықтарын қарастырдым. Зерттеудің методологиялық негізі – диссертацияны жазу барысында салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы (компаративті) талдау, жүйелеу (типологиялық) мен цифрлық талдау тәсілдері теориялық-методологиялық негіз етіп алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – жоғарыда атап көрсетілгеніндей, цифрландыру дәуіріне байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының цифрлық форматқа көшуі, әлеуметтік желілердің жаңа ақпарат алмасу құралы ретінде, мемлекеттің ақпараттық саяси ұстанымына жаңа медиа құралдарының ықпалы мен пәрменділігі, тұтынушылардың белсенділігі, қоғам мүшелері мен әлеуметтік желі орталарының арасындағы қарым-қатынас, Интернет журналистикадағы ақпараттық-саяси тәрбиесі, ақпарат алмасу мәдениеті, қазақ журналистикасы теориясында бұрын арнайы диссертациялық деңгейде қарастырылмауынан келіп туындайды. Қазақ журналистика тарихында алғаш рет бұқаралық коммуникация құралдарының, журналистердің жеке тұлғасының даму генезисі, олардың түрлері мен функциялары, олардың әртүрлі қоғамдық формация жағдайындағы ақпараттық қызметі алғаш рет жинақтала тұжырымдалды. Қазақтың әлеуметтану, саясаттану және журналистика сияқты қоғамдық ғылымдар тарихында әлеуметтік желі ұғымын қазақтың рулық жүйесінің қалыптасуымен, даму жолына байланыстыра пікір айтылды. Қазақтың бұқаралық ақпарат құралдары цифрландыруға көшірілді, ақпараттық кеңістігіндегі әлемдік әлеуметтік желілерге алғаш рет салыстырмалы ғылыми сараптама жасалды. Олардың ел қауіпсіздігі мен саяси тұрақтылықта алар орны зерделенді. Ондағы жарияланымдарда көтерілген мәселелерге алғаш рет талдау жасалып, негізі мақсаты көрсетілді. Әлеуметтік желілердегі мәтіндер алғаш рет тақырыптық, жанрлық тұрғыдан жүйелене

жинақталды. Журналистік шеберлік ізденістері қарастырылды, олардың әлеуметтік желілердегі орнына маңыз берілді. Контентті талдау жасалды, жарияланымдарға журналистік жанрлар тұрғысынан баға берілді, оның практикалық журналистикада қолдану жолдары ұсынылды.

Қазақ интернет журналистикасында алғаш рет ақпаратты жекелеген тұтынушыға бағыттау жолдары, ақпаратты дербестендіру жолдары сараланды. Телеарна мен интернетке тәуелді индивидтің әлеуметтенуіне ықпалы мықты қазақстандық және жаһандық медиа кеңістіктің анализі жасалынды. Қазақстандық медиамәдениет стратегиясындағы халықтардың мәдени тәжірибесі, өткені мен болашағын саналы тұлға бірегейлігін дамыту және жетілдіру мәселесіндегі контекст тиянақталды. Медиалық білім берудің мақсаты мен мәнін айқындауда қазақстандық медиа іс-әрекеті тұңғыш рет жан-жақты қарастырылды, медиамәдениет жетістігінің көрінісіне онтологиялық тұрғыда зерттеу жүргізілді.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы ретінде әлеуметтік желілерді журналистік өнім ретінде қарастырып, тележурналистика саласындағы түрлі бағдарламаларда тақырыпты тереңірек ашу мақсатында виртуалды көрермендер назарын үнемі өзіне қаратып отыру, екінші экран технологиясын енгізу сияқты тұжырымдар қазақ журналистикасының өрісін кеңейте түті деп айтуға толық негіз бар. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері әлеуметтік желілерді кеңінен қолдануды реттейтін заңнамалық актілерді жетілдіріе түсуге түрткі болды. Әлеуметтік желілерде отандық, патриоттық сезімдерді оятатын қоғамдастықтар орнату қағидасы танымдық-практикалық өрісті кеңейтті. Еліміздің шекаралас аймақтарындағы, шетелдегі қандастарымыздың ұлттық, Отанға деген сезімдерін ояту арқылы оларды үнемі саяси белсенділікте ұстап отыру үшін әлеуметтік желілерде соларға бағытталмауы форумдар, топтар, қоғамдастықтар ашу және сол арқылы еліміздің геосаяси жағдайындағы балансты ұстау туралы ұсыныстың теориялық та, практикалық та маңызы бар екенін түсіндірді. Қазақстандық және алыс-жақын елдерге қызмет ететін үлкен платформалы отандық әлеуметтік желінің жасалуы заман талабы деген тұжырымның да саяси-әлеуметтік мәні бар. Мемлекет тарапынан қазақстандық медиамәдениеттің барлық аудиовизуалды жүйесінің бөліктерін дамыту, техникалық, коммуникативті, әлеуметтік, өзіндік медиа шығармашылығын арттыратын тренингтер, сондай-ақ, мәдени-әлеуметтік түрлі топтарға, әсіресе бүлдіршіндер мен жасөспірімдерге заман талабына сай қолдау көрсету қажеттілігі жайында айтылған ойлар оперативті коммуникацияны одан әрі жеделдете түсуге ықпал жасайды. Мемлекеттің мәдениет саясатында журналистерді, жазушылар, режиссер мен сценаристерді шетелдік классикалық әдебиеттер сюжетінің көшірмесіне

емес, Қазақ халқының мұрасындағы бай әдебиетінің сюжетіне негізделген және тұлғаның рухани дамуына септігін тигізетін, кино мен теледидарға арналған жоғарғы көркем өнерлік медиамәтіндерді жасауға бағдарлау және оларды әлеуметтік желілер арқылы насихаттау туралы ұсыныстың да қолданбалық мәні бар. Мемлекеттің медиалық білім беру саясаты, жас ұрпақты ақпараттық экспансиядан қорғайтын, оны жаһандану үдерісіндегі ақпараттық қоғам өміріне дайындау қажеттілігі хақындағы пікірлер ақпараттық қауіпсіздік саласына қосылған ғылыми-практикалық үлес болып табылады. Зерттеу жұмысымызды кіріспе жазып, үш негізгі тарау арқылы тақырыпты аша отыра жазып шықтық.

Қорытындылай келе еліміздегі цифрландыру саясатының оң нәтиже бере бастағанына көз жеткізуге болады. Елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Негізі 2017 жылы қаланған осынау жобаны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында ерекше атап өткен болатын. Ақпараттық технологиялардың қарыштап дамып жатқан заманында ІТ саласын дамытпасақ, дамыған 30 елдің қатарынан көріну бізге жай арман боп қалары анық. Өйткені, өркениетті елдердің барлығы осы сандық жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуын және халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді. Президенттің соңғы жолдауының ерекшелігі сол, мұнда Қазақстанда биыл үшінші жаңғырудың басталатыны ресми айтылды. Яғни, елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиіс. Ал, ол үшін ең алдымен тағы сол ІТ саласына басымдық берілді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Омашев, Н.** Журналистиканың теориялары мен доктриналары // Ақпарат әлемі. – Алматы : Қазығұрт, 2006. – 72 б.
- 2 **Аяғанов, М.** Цифрлық БАҚ // Сарыарқа самалы. 7 қазан 2017 года (№ 191).
- 3 **Засурский, Я. Н.** Информационное общество в рамках международного сотрудничества // Информационное общество – 2000.
- 4 Материалы о зарубежных СМИ в 1990–2000. Вестник МГУ серия Журналистика 1991 – 2003. № 4–6.
- 5 <http://ult.kz/post/dauren-abaev> [Электронды ресурсы].

М. Амантай¹, А. Ф. Зейнулина²

Цифровые СМИ, социальные сети и компетентностный подход журналиста

^{1,2}Гуманитарно-педагогический факультет,
Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

M. Amantay¹, A. F. Zeinulina²

Digital media, social networks and competent journalist potential

^{1,2}Faculty of Humanities and Education,
S. Toraighyrov Pavlodar state university,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

В статье сгруппированы научные данные о возможности компетенции цифрового СМИ средств массовой информации страны, а также социальных сетей и журналиста, которые являются основным источником информации. В целом, рассмотрены исторические, социальные и технологические предпосылки средств массовой информации и социальных сетей, информационное влияние на граждан Казахстана информационного пространства, а также положительные и отрицательные черты влияния информационных текстов в этих сетях на жанр журналиста.

The article concentrates on the scientific data of the digital media in our country, as well as on the potential of social networks and its journalistic potential, which is the main source of information for today. The historical, social and technological preconditions of the mass media and social networks, their informational influence on the citizens of Kazakhstan in information space and the positive and negative aspects of the influence of the texts of information in those networks on journalism genres.

A. V. Aliyassova¹, K. K. Karimova²

¹Candidate of Philological Sciences, Department of Scientific and Organizational Work and International Cooperation, Innovative Eurasian University, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan;

²Candidate of Philological Sciences, Department of Scientific and Organizational Work and International Cooperation, Innovative Eurasian University, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan

e-mail: ¹nastja_sh@mail.ru; ²kamar.karimova@mail.ru

NARRATIVE SELF-PRESENTATION OF TEENAGERS ON INSTAGRAM SOCIAL NETWORK

The need for self-presentation of adolescents in social networks is described. It is noted that self-presentation in virtual space enhances positive self-esteem and the ability to express oneself. In the article, we consider the self-presentation of teenagers in the Instagram space. A pilot study was conducted, in which 19 teenagers studying English as an additional language took part either with the help of a tutor and foreign language courses, or independently. We looked at their Instagram profiles and found out that the most important and effective way to demonstrate the desired self image is through your own photos, as well as «I + someone» photos. Accordingly, personal and group identities are mostly pronounced. Analysis of the posts under the photos showed that most often teenagers write a short text. 38 % of these text posts are written in English or using some words or phrases in the English language, which indicates the presentation of linguistic identity on the network of this group of teenagers.

Keywords: self-presentation, social network, Internet, Instagram, identity, teenagers, adolescents.

INTRODUCTION

The modern world dictates the need to use the Internet: in particular, instant messengers and social networks. Their active use leads to the need to present themselves in virtual space. Regardless of in which particular space the individual needs to present himself, the process of presenting himself is always conscious, he demonstrates the desired image of the self (Leary et al., 2001; Belinskaya, Voznesenskaya, 2016; Belinskaya, Gavrichenko, 2018). According to Belinsky E. P. and Gavrichenko O. V., «self-presentation in social networks, as a rule, is more conscious and diverse, and its content depends on the social norms

of a particular social network.» A rather important aspect of self-presentation is the actualization of positive self-esteem (Myers, 2010). According to Sherry Turkle's research, presenting oneself in a virtual space helps to a higher degree of self-esteem than presenting in real life (Turkle, 1997).

MAIN PART

Presented information in different social networks is often different. For example, on the social network VKontakte, you can publish information about the date and place of birth, place of residence, marital status, education, family ties and much more. On the Instagram platform, there are no templates for entering such personal data; there the user has the opportunity to decide what information he wants to provide about himself. This is probably why Instagram is considered the most creative site. It offers only the mandatory introduction of a nickname, as well as additional spelling of the username and industry of his activity. The rest of the information is entered by users according to desire and imagination. Modern researchers point out that often by what kind of social network a person prefers, «one can judge both his interests and the identity group, and, conversely, one can assume the direction of information socialization based on group identity» (Golubeva, Martsinkovskaya, 2011; Grebennikova, Parkhomenko, 2013). It is worth noting that it is teenagers who use the Internet more actively. For them, having access to the World Wide Web on the Internet from anywhere in the world is the norm, and also does not present any difficulties when using electronic media, which cannot be said about the representatives of the older generation. In recent years, the Internet has been the main source of information for modern adolescents (Golubeva, Martsinkovskaya, 2011). It is important to emphasize that the number of manifestations of narrative identity is currently increasing, since the percentage of stories about oneself in interpersonal contacts is increasing, rather than presenting oneself in action, including group one (Andreeva, 2012). The development of the Internet and network communication contributes to this increase. The possibility of active self-affirmation and self-presentation reduces the role of the struggle of identities and, in part, care. At the same time, network communities, on the one hand, provide an opportunity for flexible and positive socialization, on the other hand, offer options for a «game» with their own identities, that is, opportunities to try themselves in different masks, different roles, which increases awareness of both the role repertoire and its performance different roles (Martsinkovskaya, Yurchenko, 2016). Among teenagers, the most popular of the currently existing virtual networks is Instagram. We conducted a small pilot study in which we asked first-year students to answer some questions. It was assumed that from the participants we will choose only those who choose Instagram as the most frequently used social network – they were all respondents.

From this number, we selected 8 students studying English with a tutor, 5 – studying at English courses, and 6 – not studying any foreign language, but, according to them, successfully studying English at the university. So, the sample consisted of 19 adolescents from the age of 17 to 19 years old, studying English at their own request. The goal of an empirical pilot study was to study the content and form of self-presentations of teenagers on Instagram and to determine the impact of foreign language skills on a presentation on the network. During the study, the profiles of respondents were considered, namely the «head» of each profile, as well as its 12 latest posts on Instagram. It was assumed that the most important and effective way of demonstrating the desired image of the self is photographs, accompanied by short text and emoticons. The results of the study confirmed the hypothesis. Of 228 of all posts, I-photos are the most common – 134 pcs. – 59 %. At the same time, 30 % are photographs (69 pcs.) «I + someone». 25 photographs (only 11 %) show objects, landscapes, etc.

We also looked at the texts with which the students accompanied the above images. All posts were classified as follows: 1) without text; 2) only emoji; 3) short text; 4) long text. It was revealed that only one girl, who, according to her, develops her profile and plans to be a blogger, found long texts in all twelve last posts. Among the remaining 18 teenagers, a long post was found twice – one post per user. Only emoticons are attached to 15 % of photos. Under 22 % of posts there is no text at all. And 63 % of the posts are accompanied by a short text: a description of the photo, a commentary on their feelings or other information. Surprisingly, of these 63 percent of posts with short texts, 38% are in English either in full or with some words or phrases. It is also noteworthy that the profile caps of 16 out of 19 respondents were in English.

CONCLUSION

In general, it can be stated that the information provided by this group of respondents on Instagram is personalized. It is aimed mainly at lighting its own personality. This person, as a rule, also means his interaction with other members of society. Accordingly, the most pronounced personal (personal) and group identities. The results obtained from the analysis of post signatures showed that narrative identity prevails in adolescents, and in a very short form. Laconicism of speech is expressed not only through the native language, but also foreign (English), mastered at will. It can be concluded that a fruitful study of the English language affects not only its knowledge as such, but also the desire to present this knowledge in society. This pilot study showed that adolescents actively studying a foreign language use it for self-presentation on the social network Instagram. Its use also allows us to say that they identify with this language, which means that we can talk about the presence of linguistic identity in the virtual space.

REFERENCES

1 **Белинская, Е. П., Гавриченко, О. В.** Самопрезентация в виртуальном пространстве : феноменология и закономерности [Текст] // Психологические исследования. – 2018. – Т. 11. – № 60. – С. 12. [Электронный ресурс]. – URL: <http://psystudy.ru/index.php/num/2018v11n60/1606-belinskaya60.html>

2 **Белинская, Е. П., Вознесенская, В. С.** Проблема регуляции социального поведения в теориях информационного общества и реальность сетевого взаимодействия [Текст] // Психологические исследования. – 2016. – Т.9. – № 48. – С. 5. [Электронный ресурс]. – URL: <http://psystudy.ru/index.php/num/2016v9n48/1307-belinskaya48.html>

3 **Голубева, Н. А., Марцинковская, Т. Д.** Информационная социализация : психологический подход [Электронный ресурс] // Психологические исследования : электрон. науч. журн. – 2011. – №6(20). – С. 2. [Электронный ресурс]. – URL: <http://psystudy.ru/index.php/num/2011n6-20/579-golubeva-marsinkovskaya20.html>

4 **Гребенникова, О. В., Пархоменко, А. Н.** Современная молодежь в информационном обществе : представления об информации и информационные предпочтения [Текст] // Психологические исследования. – 2013. – Т.6. – № 30. – С. 8. [Электронный ресурс]. – URL: <http://psystudy.ru/index.php/num/2013v6n30/855-grebennikova30.html>

5 **Майерс, Д.** Социальная психология. – СПб. : Питер, 2010. Марцинковская Т. Д., Юрченко Н. И. Проблема совладания в транзитивном обществе [Текст] // Психологические исследования. – 2016. – Т.9. – № 49. – С. 9. [Электронный ресурс]. – URL: <http://psystudy.ru/index.php/num/2016v9n49/1332-marsinkovskaya49.html>

6 **Leary, M. R., Cottrell, C. A., Phillips, M.** Deconfounding the effects of dominance and social acceptance on self-esteem. [Текст] // Journal of Personality and Social Psychology, – 2001. – 81(5). – 898–909.

Material received on 20.01.20.

А. В. Алиясова¹, К. К. Каримова²

Инстаграм әлеуметтік желісіндегі жастардың нарративті өзін-өзі таныстыруы

^{1,2}Ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық бөлімі, Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы. Материал 20.01.20 баспаға түсті.

А. В. Алиясова¹, К. К. Каримова²

Нарративная сомопрезентация подростков в социальной сети Инстаграм

^{1,2}Отдел научно-организационной работы и международного сотрудничества, Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан. Материал поступил в редакцию 20.01.20.

Әлеуметтік желілерде жасөспірімдердің өзін-өзі таныстыру қажеттілігі сипатталған. Виртуалды кеңістіктегі өзін-өзі таныстыру жағымды өзін-өзі бағалауды және өз ойын білдіру қабілетін арттыратындығы атап өтілді. Мақалада біз инстаграм кеңістігінде жасөспірімдердің өзін-өзі таныстыруын қарастырамыз. Пилоттық зерттеу жүргізілді, оған ағылшын тілін қосымша тіл ретінде репетитордың көмегімен немесе шет тілі курстарымен немесе өз бетінше оқитын 19 жасөспірім қатысты. Біз олардың Инстаграмдағы профильдерін қарап, өзіңіз қалаған бейнені көрсетудің ең маңызды және тиімді әдісі – бұл өзіңіздің жеке фотосуреттеріңіз, сонымен қатар «Мен + біреу» фотосуреттері арқылы болатындығын білдік. Сәйкесінше, жеке және топтық сәйкестіктер анық байқалады. Фотосуреттер астындағы жазбаларды талдау көрсеткендей, көбінесе жасөспірімдер қысқа мәтін жазады. Бұл мәтіндік жазбалардың 38 % -ы ағылшын тілінде жазылған немесе кейбір сөздер немесе сөз тіркестерінің көмегімен ағылшын тілінде жазылған, бұл осы жасөспірімдер тобының желісінде тілдік сәйкестіліктің көрінісін көрсетеді.

Описывается потребность самопрезентации подростков в социальных сетях. Отмечается, что самопрезентация в виртуальном пространстве повышает позитивную самооценку и способность самовыражаться. В статье мы рассматриваем самопрезентацию подростков в пространстве Instagram. Проведено пилотное исследование, в котором приняли участие 19 подростков, изучающих английский язык как дополнительный или с помощью репетитора и курсов иностранного языка, или самостоятельно. Мы изучили их профили в Instagram и выяснили, что наиболее важный и эффективный способ демонстрации желаемого образа Я – это свои собственные фотографии, а также фотографии «Я + кто-то». Соответственно, наиболее выражены личностная (персональная) и групповая идентичности. Анализ постов под фотографиями показал, что чаще всего подростки пишут краткий текст. 38 % из этих текстовых постов написаны на английском языке или с использованием некоторых слов или фраз английского языка, что свидетельствует о презентации лингвистической идентичности в сети этой группы подростков.

FTAMP 16.01.45

Н. Ә. Әміреев¹, З. Уралова², Р. Кәрімбаева³

¹п.ғ.м., аға оқытушы, Тіл орталығы, Халықаралық бизнес университеті, Алматы қ., 005034, Қазақстан Республикасы;

²аға оқытушы, Тіл орталығы, Халықаралық бизнес университеті, Алматы қ., 005034, Қазақстан Республикасы;

³п.ғ.м., аға оқытушы, Тіл орталығы, Халықаралық бизнес университеті, Алматы қ., 005034, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹nurlan.amreev@mail.ru; ²zamza.yral@mail.ru; ³rahash2003@mail.ru

ЖАЗУ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Мақалада авторлар ауызша сөйлеу тілі мен жазба тілді қолдану барысындағы ерекшеліктерге тоқтала келіп, жазу тілін дамытуға байланысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайды. Жазу тілін қалыптастыру, дамыту жолдарына қатысты кеңінен қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерді мақала өзегіне арқау етеді. Өзге тілді аудиторияда жазу тілін дамыту кезінде пайдаланып жүрген өз тәжірибелерін ортаға салады.

Кілтті сөздер: ауызша сөлеу, жазу тілі, пиктография, идеография аналитикалық кезең, синтетикалық кезең.

КІРІСПЕ

Ауызша сөйлеу мәдениетіне жазу тілі үлкен ықпал етеді. Мәтінді мазмұндап айту, әңгімеге жоспар құра білу, негізгі ойларды саралай білу т.б. – жазба тілді дамытудың ғана емес, ауызекі сөйлеу тілін дамытудың да құралдары болып табылады. Бұлар алдын-ала мәтінді талдау қажеттілігін туғызып, ойды айтпас бұрын оны дайындап алуға дағдыландырады. Жазу тілі ауызекі сөйлеу тілінен кейін пайда болып, ауызша тілдің негізінде дамиды. Бұл оның қоғамдағы дамуына және жеке адам өмірінің қалыптасуына байланысты [1, 361].

Жазу тілінің даму тарихында жазу таңбалары арқылы ойды жетізудің үш түрлі қатынасын атап айтуға болады. Алғашында **пиктографиялық жазу** «лат. ritus – сурет, грек. γραφή – жазу) пайда болды. Мұндай жазуда ой белгілі бір суреттердің көмегі арқылы берілді. Мысалы, қолына таяқ ұстаған салт атты, әрқайсысының ішінде он сызықша бар бес қайық және сопақша шеңбердегі үш тасбақаны бейнелеген пиктограмма «Көсемімен бірге елу жауынгер бес қайықпен үш күнде көлден жүзіп өтті» деген ойды білдірген. Бұл суреттердің аталған тілдегі сөздердің айтылуымен ешқандай байланысы жоқ.

Жазудың екінші бір түрі **идеографиялық жазу** (грек. Idea – ой) болып табылады. Жазудың бұл түрі күні бүгінге дейін Қытайда қолданылып келеді. Әйтсе де идеограммадағы бейнеленген күн мен ай – күн мен айдың суреті ғана болып оқылмайды. Ол шартты түрде осыған ұқсас заттар ұғымын білдіреді. Идеограммада да осы тілдегі берілген суреттердің дыбысталаып айтылуымен ешбір қатысы жоқ. Әр түрлі диалектіде сөйлейтін қытайлықтар идеограммада берілген ай мен күннің суреттерін әрқалай дыбыстаса да, олардың бір ұғымды білдіретінін анық түсінеді. Бұл сандарды цифрмен белгілеуде басқа тілдерде анық аңғарылады. 4 саны барлық тілдерде де 4 санының ұғымын білдірсе де, орыс тілінде «четыре», немісше «фир», ал француз тілінде «катр» болып оқылады [2, 67].

Қазіргі заманғы көпшілік тілдерде сөздегі дыбыстарды әріптермен белгілейтін жазу қолданылады. Бұл – **жазу тілі**. Жазудың бұл түрінде әріп сөздегі айтылған немесе естілген дыбыспен дәлме – дәл сәйкес келе бермейді [4, 48]. Қазақ тілінде бұл құбылыс ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалдарда көбірек көрініс табады. **Сарыарқа, дүйсенбі, бірқазан, қызыл күрең, Есжан, есен келді** болып жазылғанмен де, оқылуда **Сарарқа, дүйсембі, бірқазан, қызыл гүрең**, Ешшан, есең гелді болып айтылады. Сөздің жазылуындағы көрінісі мен оның айтылуы мен естілуіндегі айырмашылықтарды жазу тілін меңгерудің алғашқы кезеңінен бастап-ақ басты назарда ұстау қажет.

Жазу тілін игеру үшін сөздердің бір түрінен басқасына өтуді меңгерту қамтамасыз етілуі қажет. Оқу үдерісінде көзбен көрілетін сөздің жазба түрінен сөздің айтылатын, естілетін оқу түріне өту қалыптасады. Ал жазуда бұл үдеріс керісінше – айтылған сөзден (дауыстап айту немесе іштей айту) көрнекі сөзге өту (өз ойын жазу барысында) немесе естілген сөзден көрнекі сөзге өту (басқа адамның сөзін жазу кезінде) түрінде жүзеге асады [6, 118]. Осындай бір әрекеттен екінші әрекетке өту арнайы игерілуі қажет, себебі дыбыстарды саралау жазылған және естілген сөздердің тұтастай жиынынан өзгеше. Ауызекі сөйлеуде сөйлеуші мен тыңдаушы сөздегі әрбір дыбыстың ерекшелігін ажырата алса да, бәрібір сөздің дыбыстық құрамы туралы өзіне толықтай есеп бермейді. Кез келген өзгетілді студент «Адамның адамнан артықшылығы – білімділігінде» деген Абай сөзінде қанша сөз бар екенін айтуға қиналса, оларға сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі, әр сөздегі дыбыстық құрамның жүйесін есте сақтай білуі одан да күрделірек болады. Сөйлемдегі сөздерді, сөздегі дыбыстар ретін орын тәртібімен жазуда танымдық саралау аса қажет, яғни әр сөздегі дыбыстық құрамды және бір сөзбен екінші сөздің аражігін толық пайымдай алуы тиіс. Жазу сөйлеу тілін саралай білудің аса жоғарғы деңгейін талап етеді.

Сөздегі әріптер әр түрлі жазылатын болғандықтан, оқу кезінде жазылған элементтерді жинақтай қорыту да қиындық келтіреді. Бұл әсіресе өзгетілді

студенттердің құрамында қазақ тілінің төл дыбыстары бар сөздерді оқу мен жазуы барысында жиі кездеседі. Өзінің оқушылардың жазу тілін дамытуға арналған эксперименттік зерттеулерінің нәтижесі бойынша Е. Н. Соколова оқудың үш кезеңін атап көрсетеді [8, 64].

Бірінші – *аналитикалық* – кезеңде оқушы сөздегі дыбыстарды жеке-жеке ежіктеп оқып, бірте-бірте буынға бөліп оқиды. Сөздерді осылай оқу нәтижесінде сөздің толық мағынасы айқындалмай, бірегей сөз күйінде емес, буындарға бөлшектеніп естіледі, сөздің мағынасы оқушының өзіне де түсініксіз болады. Оқушы өзі оқыған мәтіннің мазмұнын өзі де түсіне алмайды, ал осы мәтінді жүргізіп оқи алатын оқушы оқығанда, ол жақсы түсініледі.

Екінші – *синтетикалық* – кезеңде оқушының сөздегі дыбыс элементтерін тез құрастыруға асығатындығы байқалады. Сөздегі дыбыстарды біріктіре айту барысында сөздегі дыбыстық бөлшектерді дұрыс біріктіре алмай, сыртқы формасына қарап сөзді қалай оқылатынын болжалдап айтуға тырысады. «Бір күні орманда екі дос келе жатыпты» деп жазылған сөйлемді «Бір күні орман даскі дос келжатыпты» деп оқиды. Бұндай қателіктер мәтінді оқушының өзіне де байқалады. Нәтижесінде бүкіл ойды жинақтау, түсіну жүйесі бұзылады да, оқытушы мәтінді оқушының қателіктерін түзету үшін оны жиі тоқтатуға мәжбүр болады. Осылай оқылған мәтіндегі берілетін ойды тыңдаушы да, мәтінді оқыған оқушының өзі қайталап мазмұндап айтып бере алмайды.

Ал үшінші кезең – *аналитико-синтетикалық кезең* – алғашқы екі кезеңнің тиімді жақтары қарастырылып, жазылған (көзге көрінген) сөздерді тез әрі нақты айту мен есту үдерісіне өту кезеңі болып табылады. Бұны жылдам жүргізе оқу кезеңі деп те атайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқуға үйретудің басты міндеті – оқушының әдеби шығармаларды өздігінен оқуға қызықтыру, оқуға деген құмарлығын арттыруға ынталандыру. Оқуға үйрету барысында басқа да жаңа міндеттер туындайды. Оқушының мәтінді түсініп қана қоюы жеткіліксіз, оны тыңдаушыға мазмұндап жеткізе білуі де басты орынға шығады. Мәтінді мазмұндап айта білу талабы өзіндік оқуды реттеудің бақылау құралы болып табылады. Бұндай талаптар әр түрлі болуы мүмкін. Оқулықтағы мәтінді жай ғана мазмұндап айту «бөгде адамның» сөзін жаттап алуға жиі әкеліп соқтырады, әрі ауызекі сөйлеу тілі мәдениетінің бұзылуына ықпал етеді. Керісінше, белгілі бір қорытынды жасау үшін кітапта берілген дәйектерді мәтінде берілген материалдармен салыстыра қарастыру оқушыны өз ойын жүйелі, түсінікті жеткізуге ынталандырады. Әсіресе оқылған мәтін бойынша тезис құрастырудың

маңызы зор. Мұнда мәтіндегі негізгі ойлар белгілі бір тәртіппен ғана ерекшеленіп қоймай, оқушының өз сөзімен берілуі шарт. Мәтінмен жұмыс әр түрлі құрылымда: мәтін мазмұны қысқаша тезис түрінде немесе оқиға дамуына қарай кеңейтілген түрде де берілуі мүмкін. Мұндай жұмыс түрлері ауызекі сөйлеу тілін де, жазу тілін де дамытуға игі әсер етеді.

Жазуды игеру сатысының бірінші кезеңі графикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Сауатты ересек адам жазу үдерісі кезінде назарын жазатын ойының мазмұнына аударады. Ол сөзді сөздегі әріп элементтері жайлы ойланбай-ақ және әріптерді бір-бірінен ажыратпай-ақ жаза береді. Қалыптасқан жазу дағдысы жазудың графикалық, техникалық ережелерін автоматты түрде, ол туралы ойланбай-ақ іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл әрекет балалар мен басқа тілді жаңа үйреніп жүрген студенттерде басқаша жүзеге асады. Алғашында олардың назары жазылатын ойдың мазмұнына емес, жазылатын сөздегі дыбыстардың құрамына, олардың жазылу формасына, ол сөздерді қалай жазу керектігіне бағытталады. Бұл әрекет, әсіресе, жаджазу барысында айтылған ойды студенттердің жазып үлгере алмауына әкеледі.

В. Е. Гурьянов пен В. А. Саглиннің зерттеу нәтижелері бойынша жазу дағдыларын дамыту үш кезеңде өтеді [3, 84]. Бірінші – *элементтік* – кезеңде оқушы назары, негізінен, жазу кезіндегі әріптердің элементтеріне, партаға ыңғайлы отыру, қозғалысты дұрыс үйлестіру, қалам мен дәптерді дұрыс қолдана білу ережелеріне жұмылдырылады. Екінші – *әріптік* – кезеңде әріп таңбаларын дұрыс бейнелеуге көңіл бөлінеді де, жазудың техникалық ережелерін сақтау, әріп элементтерін жазу бірте-бірте автоматтанған дәрежеге жетеді. Ал үшінші – *байланыстыра жазу* – кезеңінде сөздегі әріп таңбаларын байланыстыра жазуға, әріптердің көлемі мен көлбеулігін, дәптер жолына бірыңғай, біркелкі мөлшерде жазылу барысына баса назар аударылады. Графикалық машықтардың жоғарғы сатысы *байланыстыра жылдам жазу* болып табылады.

Бұдан кейінгі алдағы уақыттарда жазу үдерісіне жаңа міндет – *орфографиялық міндет* – енеді. Бұл міндетті орындау жазу үдерісін қайта құруға, жазу барысында каллиграфиялық көркемдіктің төмендеуіне әкеліп соқтыратын графикалық машықтарды автоматтандыруға аса көңіл бөлуді қажет етеді.

Жазу үдерісінде жазылатын сөздерді алдын ала дауыстап айту маңызды рөл атқарады. Зерттеулер нәтижесіне қарағанда, еріннің ұшымен немесе тістене айтылған сөздер көмескі естіледі де, мұнда сөздерді жазуда жіберілген орфографиялық қателердің саны күрт өсетіндігі байқалады [5, 208]. Жазылатын сөздерді іштей қайталап айту сөз құрамындағы дыбыстарға анализ жасауды, олардың бір-бірінен ерекше жазылуын ажырата

білуді жеңілдетеді. Жазуға дайындалған сөздерді орфографиялық тұрғыда айта білуді жүйелі түрде жүргізіп отыру жазба тілді игерудің алғашқы кезеңіндегі бірден-бір ұтымды көмекші құрал болып табылады. Ол айтылған, естілген сөз бен жазылған (көрінетін) сөздің арасындағы байланысты орнықтыруға көмектеседі.

Жазба тілдің ең жоғарғы деңгейі ойды рет-ретімен байланыстыра жүйелі жеткізе білу болып есептеледі. Тіл құралдарының байлығы, жазба тілінің әр алуан жанрлары, ойды жеткізудің әр түрлі құралдарын пайдалана білу сияқты қарым-қатынастың бұл ең жоғарғы сатысын игеру оқырмандарымен ғана аяқталып қалмайды, адамның бүкіл өмір жолындағы практикалық жағдайларында жалғасын тауып отырады.

Мәтінді ой байланысын сақтап, жүйелі тәртіппен құрастыру үшін, белгілі бір оқырмандар ортасының түсінігіне сай келетін, соған лайықты сөздердің тобын нақты іріктей білу қажет. Кез келген тілде мағыналары бір-біріне ұқсас сияқты, ал шын мәнінде, бірінің мағынасын екіншісі бере алмайтын сөздер кездеседі. «Тыныштық» сөзі мен «бейбітшілік» сөзінің мағыналары бір-біріне жақын. Алайда «Қатты бораннан кейін тау аңғарында тыныштық орнады» деген сөйлемдегі «тыныштық» сөзінің орнына «бейбітшілік» сөзін қолдана алмаймыз. Сол сияқты «әдемі» сөзі де әр түрлі сөйлемде әр басқа реңк беретін: «көркем», «көрікті», «ажарлы», «әрлі», «сұлу», «келбетті» сөздерімен мағыналас, мәндес. Өйтсе де әр түрлі сөлемде оларды сөйлемдегі айтылған ойға сәйкес қажеттісін, бірде біреуін, бірде басқасын қолдану тиімді [6, 125].

Мәтін құрастыруда қажетті сөздерді таңдау бірден жүзеге аса бермейді, тіпті бұл тәжірибелі жазушыны да көп ойландырады. Біраз уақыт өткен соң автор өз шығармасына қайта оралып, өз туындысына жаңа өзгерістер, толықтырулар жасап отырады. М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов т.б. жазушылардың қолжазбалары мен баспадан шыққан туындыларының әр жылдардағы басылымдарын салыстыра қарастырсақ, көптеген өзгерістерге ұшырағанын байқаймыз. Бұл олардың өз ойын тиянақты жеткізу үшін лайықты сөз таңдауға, оқырман талғамын қанағаттандыру үшін ойды жеткізудің оңтайлы түрін іздеуге аса мән бергендігін аңғартады.

Ойды жеткізуде сөйлем құрылысын дұрыс таңдай білдің маңызы зор: сөйлемдегі ойдың әр қилы логикалық екпінін қамтамасыз ететін сөз тіркестері, мәтінді оқуға қиындық туғызатын бағыныңқы сөйлемдердің көптігі, сөйлемдегі сөздердің бірыңғай грамматикалық формада (бінеше зат есімнің бір ғана септік жалғауында қайталануы, етістіктердің бірыңғай көсемше формасында) қолданылуы ойды тыңдаушыға, оқушыға тиянақты жеткізуге кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар бір ойдың келесі оймен логикалық сабақтастығын сақтаудың да маңызы ерекше.

Оқырманға ойды жүйелі жеткізуде сөздерді тиімді таңдап, сөйлемді дұрыс құра білу тілдің сөз байлығындағы жиі қолданылатын актив сөздермен ғана қамтамасыз етілмейді, сонымен бірге тілдің грамматикалық ерекшеліктерін меңгеруді және түсіндірілетін ұғымды тиянақты бере білуді талап етеді. Ойды жазба тілде оқырманға ұсынуда Ф. Мүсіреповтің: «Сөйлемдегі сөздер бір-біріне көленкесін емес сәулесін түсіріп, ойды жарқырата көрсетуі тиіс», – деген қанатты сөзін басты назарда ұстаған жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқырманның мәтінді түсінуінде сөздер мен сөйлемдерді дұрыс сұрыптай білу маңызды рөл атқарады. Берілген мәтін арқылы оқырман жазушы айтуды мақсат еткен ойды айқын түсінуі қажет. Мәтінді жазушы суреттеліп отырған әрекетті, құбылысты мәтіндегі таңдалып алынған сөздерсіз-ақ елестете алса, оқушы оны тек мәтінді оқу барысында ғана түсіне алады. Студент өз шығармасында: «Қазақ елі үлкен табыстарға қол жеткізді», деп жазып, қашан, қалай, қандай салада жетістіктерге қол жеткізгені туралы ашып көрсетпесе, шығарманы оқушы автордың өзі түсінгеніндей оның нені айтқысы келгенін түсіне алмайды. Шығарманы, мәтінді жазу кезінде жазушы өзін оқырманның орнына қоя білуі керек. Әйтпесе бұл жағдай, жазушы адам әркез толығымен орындай бермейтін, оның өзін-өзі бақыламауына, өзін сыни көзбен бағалауына әкеліп соқтырады да, жазылған туындыға деген басқа адамдардың сынауына ұшыратады. Аяқталған шығарманы саралау, оны бағалау мен талқылау оқушының жазба тілінің дамуына оң ықпалын тигізеді [5, 196].

Адамдармен қарым-қатынас үдерісінде жазба тілдің көптеген түрлері мен стильдері – ғылыми, оқу, публицистикалық, көркем әдеби (әр алуан жанрларда), іскери жазбалар және т.б.с.с қалыптасады. Жазба тілдің әр түрлі стильдері мен түрлерін оқушыларға меңгерту айырықша шеберлікті қажет етеді және оның бір түрін игеру қалғандарын да толық меңгерді деген ұғымды білдірмейді. Оқушыға жазу тілін жан-жақты меңгерту үшін, жазба тілдің жеке түрлері мен стильдеріне арналған кешенді жатығулар жүйесін жасауды заман талабы алға қойып отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асыру осы салада еңбек етіп жүрген психолог және педагог мамандардың еншісінде.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Байтұрсынов, А.** Шығармалар жинағы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 361–363 б.

2 **Гурьянов, Е. В.** Развития навыка письма у школьников. – М. : Учпедгиз, 1940. – 88 с.

3 **Лурия, В.Ф.** Очерки психофизиологии письма. – М. : Изд. АПН РСФСР. 1950. – 84 с.

4 Қазақ тілінің практикалық курсы бағдарламасы. – Алматы. 2005. – 84 б.

5 **Оралбаева, Н., Жақсылықова, К.** Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы : Ана тілі. 1996. – 208 б.

6 **Рахметова, С.** Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы : Мектеп. 1975. – 118–125 б.

7 **Рубенштейн, С. А.** Основы общей психологии : Учеб. пособ. для высш. пед. учеб. завед. и ун-в. – 2изд. – М. : Учпедгиз. 1946. – 704 с.

8 **Соколова, Е. Н.** Методическое указание к «Рабочим прописям». П-е изд. – М. : Просвещение. 1981. – 64 с.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Н. Амреев¹, З. Уралова², Р. Каримбаева³

Предпосылки развития письменного языка

^{1,2,3}Языковой центр,

Университет международного бизнеса,
г. Алматы, 005034, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 20.01.20.

N. Amreev¹, Z. Uralova², R. Karimbaeva³

Premises for the development of the written language

^{1,2,3}Language Center,

University of International Business,
Almaty, 005034, Republic of Kazakhstan.

Material received on 20.01.20.

В статье указаны функциональные различия разговорного и письменного языков, сделан обзор отечественных и зарубежных исследований о развитии письменности. Рассмотрены наиболее распространенные методы и приемы формирования и развития письма как вида речевой деятельности в иноязычной аудитории. Авторы, исходя из собственного педагогического опыта, отмечают значимый воспитательный потенциал в изучении казахского языка мини-текстов художественного стиля (фольклора и авторской литературы).

The article indicates the functional differences between spoken and written languages, a review of domestic and foreign studies on the development of writing. The most common methods and techniques of the formation and development of writing as a type of speech activity in a foreign language audience are considered as well. The authors note the significant educational potential in the study of the Kazakh language of mini-texts of the artistic style (folklore and author's literature) based on their own pedagogical experience.

ГРНТИ 82:801.6;82-1/-9

Б. К. Базылова¹, Ж. Ж. Ибраимова²

¹к.ф.н., и.о. профессора, Факультет Казахской филологии и мировых языков, Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан;

²к.ф.н., доцент, Филологический факультет, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Караганда, 100026, Республика Казахстан

e-mail: ¹baglan_5_3@mail.ru; ²zhalgasbaewna@mail.ru

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ УРОВЕНЬ
ИСТОРИЧЕСКОГО РОМАНА**

Художественный уровень романа зависит от композиционного мастерства писателя. Одной из особенностей композиционного мастерства Мухтара Магауина заключается в органическом слиянии событий, достигающих исторического масштаба, и подробной детализаций в изображении быта и психологии человека. В процессе работы над документальным материалом авторы стремятся выделить те черты, которые определяют образную и сюжетно-композиционную структуру произведения.

Ключевые слова: композиция, сюжет, ретроспекция.

ВВЕДЕНИЕ

Важным критерием исторического романа является соотношение исторической правды и художественного вымысла, что способствует глубокому пониманию художественного мастерства писателя в раскрытии жизненной правды, изображении человеческих характеров и осмыслении социальных конфликтов. И с этой ролью исторического повествования связано умение автора построить произведение. Художественный уровень романа в определенной степени зависит от композиционного мастерства писателя. Одна из особенностей композиционного мастерства М. Магауина заключается в органическом слиянии огромных, достигающих всемирно-исторического масштаба событий действительности и подробной детализации в изображении быта и психологии человека. Художник сумел воссоздать суть исторических событий, их влияние на судьбы людей, и ему также удалось показать внутренний мир человека и окружающей его среды. В романе обе эти стороны единого предмета искусства – человеческой жизни воссозданы с исчерпывающей полнотой.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

М. Магауин в романе-дилогии «Аласапыран» (в русском переводе «Вешние снега» и «Смутное время») дает большой поток событий, рисуя калейдоскоп человеческих характеров и судеб, стремится выявить прежде всего основные, важные тенденции эпохи. Роман ярко воспроизводит идейную атмосферу времени смуты в Казахской Орде и на Руси. Правдивое изображение жизни невозможно без глубокого раскрытия взаимосвязей между людьми, отдельными явлениями, событиями. В жизни эти связи могут быть необходимыми или случайными. И задача писателя заключается в выявлении типического, существенного из них.

Роман М. Магауина состоит из двух книг, где каждая разделена на части, а каждая часть распадается на главы, которые имеют свои названия, тесно связанные с содержанием этой части.

М. Магауин так располагает, распределяет действия, события произведения и персонажей, что каждый из них четко играет в композиции романа свою роль. Первая книга «Вешние снега» охватывает события, происшедшие в сравнительно не короткое время (двенадцать лет). Исторический роман охватывает события в масштабе Казахской Орды и Русского государства. В этом заключается композиционная стройность произведения и мастерство писателя в построении романного повествования. Исторический роман-дилогия – роман широкого плана и образует несколько сюжетных линий, которые подчиняются центральной основной идее произведения: судьба казахского султана Ораз-Мухамеда. Политическая обстановка в Казахской Орде, социальная и общественная жизнь русского народа – все это является предметом авторского внимания. В романе также очень много частных линий: любовь, верность, предательство, подлость, корысть, честь и другое.

Основное своеобразие романа в том, что связь личности и истории изображена в эпическом плане, со всей глубиной и сложностью. Эта сложность, объемность требовала динамического сюжета, стройной композиции. Автор раскрывает соотношенность человека с историческими обстоятельствами и с окружающим его миром.

Каждое высокохудожественное произведение – открытие в области формы. М. Магауин нашел ту форму, которая более соответствовала бы эпическому содержанию – форму повествования, сочетающую обыкновенное с необычным, чрезвычайным. Художественной особенностью является и своеобразие сюжета – его многослойность, сочетание различных равноправных компонентов, ступеньчато-кольцевое развитие событий, строгая их обусловленность. Для прояснения замысла и стимулирования читательского интереса писатель обращается к разным художественным

средствам. Преобладающий способ изображения – динамическое повествование, сменяющееся подробным, но отнюдь не тяжеловесным описанием, выразительным диалогом, глубоким внутренним монологом.

Диалоги и полилоги, введенные в повествование, способствуют точной передаче мыслей автора и героев, выражают их социальную позицию и мировоззрение. Благодаря голосам действующих лиц, мы не теряем их в людской массе. Диалог является у Магауина одним из художественных средств, служащий для полного уяснения ситуации, раскрытия характера персонажей.

Монолог же используется писателем для пристального наблюдения и анализа индивидуальных качеств героя, его внутреннего мира и характера. Монолог оказывается неоценимым средством характеристики общества, времени, истории, ситуации, сознания, обычаев и традиций, а также самих героев. Характер монологов соответствует характеру персонажа. Внутренний монолог в романе является барометром эмоций, точно определяющим процессы в психологическом состоянии человека: *«Чьим только копьем не пробивалась кольчуга батыра. Но кто из его предков, будучи предводителем отряда, отдал бы добровольно своих людей на смерть! Может ли быть большее унижение. Что за стыд: не суметь умереть, увлекиши за собой в эту пропасть одного-единственного, схватившегося с тобой человека! И вот теперь, не сумев умереть достойно, лежит в этой глубокой, может, тесной, а может, просторной – все одинаково – темнице»* [1, с. 294].

В основе композиции исторического романа лежит хроникальное течение событий. Они здесь развиваются в строгой хронологической последовательности, в одном временном плане, где нужно отделить время автора от времени исторического повествования. Читатель как бы является непосредственным свидетелем всего происходящего на страницах романа. В разрешении конфликта раскрывается сам процесс формирования характера главного героя в эпохе, в его соотношенности с историческими событиями, которые в определенной степени сыграли роль в становлении личности главного героя. Это обусловлено самой спецификой исторического романа, обращаясь к воссозданию сильных человеческих страстей и столкновений.

Таким образом, для композиции романа-дилогии «Вешние снега» и «Смутное время» характерен хронологический тип построения и это позволяет читателю внимательно проследить различные ступени формирования характера главного героя, рост его самосознания. М. Магауин повествует нам о жизни казахского султана на протяжении длительного отрезка времени. Первая книга дилогии возвращает нас к тяжелому периоду в истории казахского народа, на который выпали юношеские годы героя. Вторая книга дает нам широкую панораму жизни казахского султана на Руси,

картины голода и политических столкновений претендентов на российскую корону. Писатель, соблюдая принцип хронологии, показывает эволюцию национального характера, нравственные, духовные обретения казахского султана в процессе приобщения к русской культуре и общественной жизни русского государства.

В литературоведении есть понятие ассоциативного характера романного построения: отдельные главы и эпизоды, казалось бы, не имеющие друг к другу отношения, тем не менее связаны между собой единой авторской мыслью. Например, первая книга состоит из трех частей. Во вторую часть – «Сибирское царство» входят следующие одиннадцать глав: «Земная жизнь от Адама до Ораз-Мухамеда», «Над обрывом», «Жизнь воеводы», «Взгляд с высоты», «На базаре», «На соколиной охоте», «Переговоры», «В крепости», «Трапеза», «В застенке», «Дорога». Главы, на первый взгляд, не связаны между собой единой сюжетной линией. Но влияние каждого события или встречи на героя очевидно, так как они оставили свой след в его памяти и сознании, сыграли определенную роль в его судьбе. Главный герой романа по истечении нескольких лет вспомнит о давно прошедших событиях: *«Ораз-Мухамед, стоявший в первом ряду знатнейших людей Хан-Кермена, неожиданно почувствовал себя находящимся в Созаке у отрогов Каратау, в главной его, ханской, мечети. А старец на минарете – не шейх, который бывало стоит ему только начать проповедь, об одном лишь и талдычил – о мире и дружбе со священной Бухарой – и страшно боялся покойного Тауеккель-бахадур-хана, душа коего ныне покоится в раю, не этот трусливый шейх на минарете, а Жамалиддин-хазрет из того сибирского города... да, Жамалиддин-хазрет из оставшегося в такой дали Искера. Почудилось: будто вот тот стоящий поодаль отряд стрельцов – это те самые сибирские стрельцы Данилы Чулкова, и сейчас они ринутся с боевым кличем вперед, отталкивая друг друга, каждый, стремясь опередить другого...»* [2, с. 42–43]. В первой части «Хан-Кермен» (2 книга) в главе XI «Старый знакомый Борис Доможиров» воевода в своей памяти воскресил события старой давности, которые произошли в сибирском городке, ставшие переломными в судьбе казахского султана.

Наличие множества сюжетных линий и повествовательных планов в романе выдвигает принцип чередования разнородных картин и эпизодов в качестве основного композиционного принципа. Писатель говорит то об одном явлении, факте, событии, то о другом, искусно строя переходы, и повествование развивается вширь и вглубь. Исторический характер сюжета подсказывает многоплановость в построении произведения, придавая ему широкий эпический размах, и этим способствует превращению его в роман-дилогию. Сюжетная канва романа М. Магауина также подчинена авторской

мысли и концентрирует в себе формирование характера героя в тесной связи с судьбой народа. В процессе чтения фабула, система характеров и сюжет воспринимаются в их нераздельном единстве, хотя и не сразу, а по частям, страница за страницей, и притом в известной последовательности, соответствующей течению мысли художника. Это последовательность сочетания различных описаний, характеристик, диалогов, авторских ремарок, сцен, картин, разделов и более крупных частей – словом, относительно самостоятельный элемент повествования, отличающихся зачастую различными ракурсами изображения, образует композицию романа.

В центре исторического повествования – судьба казахского султана Ораз-Мухамеда, волею судьбы оказавшегося на Руси. Действие романа происходит в казахской степи, на просторах сибирского ханства, в Москве, в Касимовском ханстве, в Калуге и других географических объектах. Шаг за шагом разворачиваются картины жизни главного героя: назначение его преемником казахского хана, кочевка с улусом, приезд к Сейтеку, охота в сибирском ханстве, пленение русскими, прибывание в Москве, участие в походе против шведов, приезд казахского посольства, воцарение правителем Хан-Кермена, голод и смута на Руси.

Широкий географический и исторический масштаб изображенных в романе событий определяет большое количество действующих сил (около 90), различных по мировоззрению, национальности, языку, социальному положению. Не говоря уже о таких реальных исторических лицах, как русские князья и бояре – Борис Годунов, царь Федор Иванович, Василий Шуйский, Петр Урусов, Михаил Туренин, Михаил Салтыков, Кул-Мухамед, Тауеккель-хан, Кошек-султан, в романе действуют польские паны и воеводы – Ян-Петр Сапега, Жигимонт; сибирский хан Кучум. Некоторые герои даны статично, иллюстративно, без всякого намека на характер и фигурируют лишь в пространственных исторических событиях, изображаемых автором (М. Салтыков, М. Туренин, Зборовский и другие).

Нужно обратить внимание еще на одну особенность специфики формы писателя: на множественность внутренних линий эмоционально-образного развития, заключенных в определенных границах повествования. Композиционное повествование, созданное М. Магауиным, представляет собой такую систему отношений ее элементов, которая опирается на способность читательской памяти удерживать прежде пережитые впечатления, соотносить их между собой в процессе восприятия. Повествование может оказаться прерванным, но внутренняя связь сохраняется, находя продолжение в новых сюжетных линиях. В первой книге в VII главе «На русских просторах» автор рассказывает о загадочных обстоятельствах смерти младшего сына Ивана Грозного – Дмитрия

Ивановича. Но уже в следующей книге в XIII главе «Горе белого царя» этот образ появляется вновь, приходя в соприкосновение с еще одним драматическим чувством – скорбь Бориса Годунова. Вслед за фразой, где впервые возникает тема неблагоприятного царствования царя, к этому напряженному строю эмоционально-образного содержания вводится чрезвычайно важная для будущего развития художественной структуры XIV и XVI глав яркая экспрессивная тональность, выраженная в речи Б. Годунова: *«Божье проклятие висит над моей головой, это несомненно. Но не моего бога... Того бога не боюсь! – крупно дыша, хриплым голосом воскликнул. И добавил через паузу: – Боюсь... – Призрака боюсь, – договорил Борис. – Воскресшего мертвеца!»*. Сценой беседы между Ораз-Мухамедом и Борисом Годуновым заканчивает Магауин XIII главу (часть I). Он дает общий настрой и общий тон эмоционального состояния, необходимый для будущего развития темы «воскресшего мертвеца». Тема эта все более разрастается, варьируется, выражая сложное эмоционально-образное развитие все нарастающего драматизма. И вдруг, в особенно накаленный момент, мгновенно исчезают эти напряженные нотки и появляется кажущаяся простота и спокойствие.

Изображение процесса жизни в развитии проявляется у писателя прежде всего в том, что он берет не отдельный кусок из биографии героя или большой эпизод из истории, а весь поток жизни, текущий непрерывно, то спокойно, то непрерывно. Движущей силой является история, ведь сам исторический процесс не имеет ни начала, ни конца. В романе воссозданы многие важные и интересные исторические события, но для Магауина главным предметом внимания является судьба людей. При этом значительность события раскрывается не только масштабом изображения его самого, но также и существенными изменениями в личной жизни героев романа под влиянием того или иного факта. Главное значение имеют вечные вопросы жизни, никогда не теряющего своего значения. В романе показано все, что происходит в жизни каждого человека, начиная с рождения и кончая смертью: юность и старость, дружба и зависть, честь и подлость, любовь и ревность, отцы и дети, правители и подвластные, жизнь и смерть – все проявления человеческого существования, его психологии, картины быта, охота, приемы в царских палатах, все, что волнует и занимает людей в повседневной жизни. Но общечеловеческое выступает в своей конкретной социально-исторической форме, в связи с ходом истории.

Писатель, показывая сочетание прозаических деталей с самыми большими историческими проблемами, добивался большей конкретизации в изображении прошлого. В романе деталь всегда является средством типизации, художественного обобщения, служит целям конкретно-

исторического изображения. Нужно заметить, что деталь занимает одно из ведущих положений в структуре романа. Все, что изображено писателем на страницах романа, все это живет, движется и развивается.

Придавая наибольшее значение внутренней жизни человека по сравнению с внешней его деятельностью, М. Магауин показывает человека в его противоречиях, в непрерывном развитии, в изменениях, в самом процессе его жизни, как внешней, так и внутренней. Каждый новый эпизод дает новый содержательный момент в развитии персонажей романа, отражающий изменения в его жизни за истекший определенный период. На глазах читателей возмужал Мурат-Мухамед, глупость которого сосуществовала с подлостью. Мы видим, как из восторженного, импульсивного юноши Ораз-Мухамед вырастает до выдающейся незаурядной личности, в руки которого были вверены судьбы многих людей.

Но Магауина интересует не только бытовая, «частная» сторона жизни исторической личности, но и нравственно-психологические переживания, связанные с его исторической ролью. В этом психологическом ракурсе он и рисует образы Бориса Годунова, Ораз-Мухамеда. Внутренняя жизнь человека воссоздается историческим романистом именно как диалектический процесс. Автор не только передает мельчайшие детали душевной жизни человека, он прослеживает самый процесс накопления тех или иных душевных настроений и на этой основе показывает поворот, рождение нового качества в душе человека под влиянием какого-либо события его жизни. Потеряв самых близких, ставших ему опорой и отрадой на чужбине, познав в полной мере горести жизни, казахский султан утратил интерес к своей судьбе, своей участи. *«Мир для него перестал существовать. Это была не озабоченность добыванием большей славы и более высоких титулов, не желание увеличить свое богатство... – все это не представляло для него интереса и достижение полной свободы, независимости от кого-либо... Скорее прийти в объятия смерти, предстать перед глазами аллаха – вот что сделалось единственным его, сильнейшим желанием»* [2, с. 582]. Но вот наступает взрыв, душевное обновление, например, выход из нравственного кризиса в минуты разочарования мирской жизнью. М. Магауин внимательно прослеживает, какую реакцию порождает в его герое сообщенное Петром Урусовым известие о победе казахов над бухарским ханом Абдуллоем: *«Петр смотрел на Ораз-Мухамеда, за какие-то считанные мгновения совершенно преобразившегося, сделавшегося совершенно другим человеком, с удивлением и вместе с тем умилением. Только что он хотел сказать ему: встряхнись, возьми себя в руки, вся жизнь у тебя впереди, не поздно еще начать ее всю с начала, – и вот уже все эти слова были лишни». Даже внутреннее состояние героя в момент преобразования не уходит от внимания писателя:*

«И хотя Ораз-Мухамед поднимался в седло тяжело, медленно, севши, он почувствовал, что сидит в нем прочно и уверенно. Такое ощущение было, словно откуда-то влились в него свежие жизненные силы, и так и играют в нем» [2, с. 591].

Художник проявляет особое внимание на ответную реакцию героя, вызванное тем или иным событием. Содержание этих реакций соответствует интеллектуальному облику и характеру персонажа. При этом кажется, что автора как будто вовсе не занимает событие, а центр его внимания – только то, как действует при этом персонажи. В историческом романе мастерство писателя проявилось в том, что он смог выразить в частном и индивидуальном конкретно-историческое, а в конкретно-историческом – национальное.

Историческая и психологическая детализация не приводила Магауина к какому-либо произволу в отношении фактов, касающихся исторических личностей и событий. Теперь точно выяснено, какими именно историческими источниками и материалами пользовался писатель при создании романа-дилогии. В описании быта, обстановки романист также историчен, но он значительно расширяет вводимые в роман бытовые детали, тесно связывая их с тем или иным персонажем. Так, например, художник подробно описывает коня Ораз-Мухамеда – Серого мерина. Более детально он подходит к описанию ловчих птиц. Представляя своих героев в их мирной жизни, писатель дает описание бытовой обстановки, в которой живут герои. Не увлекаясь описанием предметов старины и не избегая употребления в художественном тексте названия реалий эпохи, автор знакомит читателя с бытом героев романа: шестистворчатая белая юрта, служившая султану ставкой, шатер-навес из белой кошмы, убогая кибитка Тобет-батыра, белый дворец В. Шуйского; различные виды стрел: тиз-ок, кез-ок, томар-ок, догал-ок; орудия труда: топоры, вилы, рогатина; вооружение: сабли, палица, пищали; одежда: золоченная островерхая шапка с раздвоенными полями, чапан с расшитыми золотой крученой тесьмой, с вышитыми на спине полумесяцем и шестиконечными звездами, ферязь; еда: нежное кобылье мясо – казы и карта, кумыс – все это служит необходимым средством оживления героев, воссоздания обстановки, свойственной времени исторического повествования. Большой интерес представляют образы, рисующие обстановку, среду, условия, в которых действуют герои. Эти образы – одна из важнейших эпических форм изображения жизни, одна из форм воссоздания характера. Магауин, показывая казахского султана в различных обстоятельствах: в домашнем быту и на государственной службе, во взаимоотношениях с другими людьми, делает его характер жизненно убедительным и исторически правдивым. Образ белокаменной Москвы изображается в восприятии главного героя. Глазами степняка, впервые

увидевшего большой город, предстает русская столица перед читателем. Зоркий глаз Ораз-Мухамеда подмечает краски, формы, всякие мелочи и подробности строения башен Кремля. С такой же ясностью и отчетливостью автор знает все движения, все чувства и мысли своего героя. Каждый раз он действует согласно со своим характером и моральным обликом.

Сами исторические события освещаются писателем прежде всего с точки зрения их прямых участников и очевидцев. Так, например, страшные картины голода освещены глазами главного героя, эпизоды приема казахского посольства в Москве воспринимаются глазами дьяка Евлампия Вылузгина, Кул-Мухамеда и Ораз-Мухамеда.

Объективность художественного изображения совершенно необходима в историческом произведении. Роман-дилогия дает нам глубоко объективное, подлинно реалистическое изображение целой исторической эпохи. Что касается философских рассуждений автора, то они не только не нарушают объективности изображения, но и художественно вполне оправданы: *«Когда бушует великий океан, на поверхность всплывают щепки, тина и другой мусор. После бури море становится еще прозрачнее, чище, синее. Но где же тот корабль под белым парусом, что, сверкая красотой, плыл еще вчера в неоглядную даль? Откуда появились на поверхности щепки, тина и мусор? Не произошло ли то, что сплошь и рядом случается в этой жизни: самое драгоценное тонет в пучине, а самое худое плавает на поверхности, достигая берега?...*

А случается и так, что плохой берет верх над хорошим, и тот погибает, захлебывается кровью, недостойный же празднует победу. Разве в жестокой войне отыщешь правых и виноватых? Сколько великих народов, чья слава достигла небес, исчезло с лица земли, сколько племен, еще вчера пребывавших в тени, возвысилось и покорило полмира... Что это – воля аллаха, или же результат человеческих деяний, или какое другое чудо?» [2, с. 353].

Писатель в своих отступлениях касается самых разнообразных вопросов, неразрывно, однако, связанных с идейной проблематикой романа. Вместе с тем они не врываются в ход повествования как нечто инородное и ненужное, а, напротив, многое поясняют в нем. Это соответствует исторической композиции романа. Рассуждения автора связаны с большими по историческому содержанию эпизодами романа или с кульминациями в развитии его событий. Они или предваряют новый поворот в их течении, открывая новый цикл жизни персонажей романа, или завершают собой громадное по значению событие.

Другой важный элемент композиции исторического романа М. Магауина – ретроспекция. В романе «Вешние снега» и «Смутное время» ретроспекция выражается в форме объективного авторского повествования (история, повествующая о предках сибирских властителей; рассказ о жизни

Хан-Кермена со времен Улу-Мухамеда) и в форме воспоминания персонажей романа (рассказ батыра Бесобы о поединке на Эмбе, раздумья Ораз-Мухамеда о прожитой жизни).

В романе историческая личность (Кучум-хан, Б. Годунов, Жигимонт, Жаханша-мурза, Есеней-бек, Болотников) всякий раз появляется тогда, когда это требуется интересами и ходом жизни главного героя, в связи с его судьбой. И писатель всегда верен при этом развитию самой истории, и поэтому в композиции его романа ведущая роль принадлежит историческому сюжету. В произведении ход истории и индивидуальные судьбы героев в известные моменты, пересекаясь, развиваются так, что истории всегда принадлежит направляющая роль. Писатель, изображая историческую личность, не ощущает большой потребности ставить рядом с ней вымышленного героя. В повествовании чрезвычайно большую роль в ходе истории играло «трагическое происшествие», романтическая любовь. У М. Магауина любовь играет сюжетно-композиционную роль только в области частной, личной жизни. Вместе с тем автор в полной мере сохраняет и даже усиливает драматическую концентрированность повествования. Судьбы султана Ораз-Мухамеда, Ай-Шешек-бегим, Дильшат-султаным – это глубокие драмы, достигающие громадного напряжения в ряде эпизодов романа.

Магауин раскрывает всеобщую связь явлений, влияние судеб одних людей на судьбы других, естественную зависимость одних жизненных ситуаций и коллизий от других, диалектику причин и следствий в судьбе персонажей. Следует добавить, что категория времени, сроки, протекающие между двумя выходами на сцену одного и того же персонажа, всегда тщательно учитываются писателем, и ни один из его героев не исчезает на столько времени, чтобы утратилась связь между событиями его жизни. Вместе с тем художник рассчитывает пространство, которое он отводит каждому персонажу в зависимости от его роли и значения в романе. Сами же исторические события композиционно то удаляются, путем простого сообщения о них, то появляются на авансцене романа. Автор дает их наглядное воплощение, а затем, удаляя их от повседневной жизни, дает перспективу для их восприятия, а тем самым и возможность оценки их значения и для истории, и для частных судеб людей.

Для воплощения идейно-художественного замысла писатель обращается к приему «стереоскопического» изображения, позволяющему увидеть происходящее не только глазами автора, но и оценить с точки зрения героя романа – участника событий, чей взгляд на мир, к тому же, идентичен авторскому. Это в какой-то степени и определяет композицию исторического повествования. Характерной особенностью движения сюжета является здесь обусловленность реальным последовательным течением времени. Писатель

вводит в роман описания исторического интерьера, одежды героев, обрядов, обычаев. Все это уже не просто декорации, на фоне которых действуют герои. Интерьер создает атмосферу достоверности, эффект присутствия рассказчика и читателя при совершающихся событиях. Роман завершается философско-историческим эпилогом.

ВЫВОДЫ

Таким образом, в процессе работы над документальным материалом М. Магауин стремится выделить наиболее существенное, что определяет образную и сюжетно-композиционную структуру произведения. Историческое событие, лежащее в основе романа, представляет целую систему развивающихся действий и взаимоотношения людей.

В основе композиции лежит историческая нить. События в романе развиваются в строгой хронологической последовательности, в одном временном плане, сталкивая героя с различными обстоятельствами. Исторический характер сюжета подсказывает многоплановость в построении романа, придавая ему широкий эпический размах, и этим способствует превращению его в роман-дилогию. Наличие множества сюжетных линий и повествовательных планов выдвигает принцип чередования картин и эпизодов в качестве основного композиционного принципа. Композиционное мастерство исторического романиста в том, что писатель всемирно-исторического масштаба события действительности сочетает с подробной детализацией в изображении быта и психологии людей прошлого. Ему удалось показать суть исторических событий, их влияние на судьбы людей, и он также сумел изобразить внутренний мир человека и окружающей его среды.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Магауин, М.** Вешние снега. Роман. Пер. с каз. Кн. 1. – Алматы : Жазушы, 1985. – 592 с.
- 2 **Магауин, М.** Смутное время. Роман. Пер. с каз. Кн. 2. – Алматы : Жазушы, 1989. – 448 с.
- 3 **Александрова, Л.** Советский исторический роман: Типология и поэтика. – Киев, 1987. – 158 с.
- 4 **Белокурова, С. П.** Словарь литературоведческих терминов. – СПб. : Паритет, 2006. – 314 с.
- 5 **Кожин, В.** Сюжет, фабула, композиция // Теория литературы: Основные проблемы в историческом освещении. – М., 1964. – С. 408–485.
- 6 **Хализев, В. Е.** Состав литературного произведения. Его форма и содержание // Хализев В. Е. Теория литературы. – М., 2004. – 405 с.

Б. К. Базылова¹, Ж. Ж. Ибраимова²

Тарихи романның көркемдік деңгейі

¹Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²Филология факультеті,

Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., 100026, Қазақстан Республикасы.
Материал 20.01.20 баспаға түсті.

B. K. Bazylova¹, Zh. Zh. Ibraimova²

Artistic level of a historic novel

¹Faculty of Kazakh Philology and World Languages,
Kazakh National Women's Teacher Training University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan;

²Faculty of Philology,

E. A. Buketov Karaganda State University,
Karaganda, 100026, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

Романның көркемдік деңгейі жазушының композициялық шеберлігіне байланысты. Мұхтар Мағауиннің композициялық шеберлігінің ерекшеліктерінің бірі – тарихи ауқымға жеткен оқиғалардың органикалық бірігуі және адамның тұрмыс пен психологиясының бейнесіндегі егжей-тегжейлі нақтылануы. Құжаттық материалмен жұмыс істеу барысында авторлар шығарманың бейнелі және сюжеттік-композициялық құрылымын анықтайтын қасиеттерді бөлуге ұмтылады.

Artistic level of the novel depends on compositional mastery of the author. One of Mukhtar Magauin's compositional mastery's features is considered to be an organic merge of events that are reaching historical scale and specific detailing in imaging life and psychology of the human being. In the documentary working process authors is aiming to highlight those characteristics that are defining figurative and plot structure of the work.

А. Х. Бекбосынова¹, А. А. Мақатова²

¹ф.ғ.к., қауымд. профессор, Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;
²студент, Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹assia-bek@mail.ru; ²makatovaayagoz.99@mail.ru

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТҮР-ТҮСТІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Әр ұлттың өзіне тән тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі бар және осы бай қазынаны түр мен түссіз елестету мүмкін емес. Сондай-ақ, ұлт мәдениетіндегі түр-түс әлемі өзіне ғана тән ерекшеліктерімен айқындалады. Түр-түс атаулары тура, ауыспалы, шартты және символдық мағыналарды білдіреді. Түр-түс арқылы халықтың эстетикалық көзқарасы, өзіндік адамгершілік түсініктері анықталады. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде түстер ерекше ұғымға ие болып, символдық қызмет атқарған. Түр-түстер әлемі ұлттың дүниетанымындағы негізгі танымдық кодтардың бірі болып саналады. Сондай-ақ, ақын-жазушылар шығармаларындағы түр мен түс атаулары автор дүниетанымының көрсеткіші қызметін атқарған.

Мақалада Сырбай Мәуленов поэзиясы тілінде кездесетін түр-түстің символдық қызметіне талдау жасалынды. Түр-түстердің концептілік және символдық қызметі сараланды. Ақын шығармасында кездесетін түстердің мағынасы мен көркемдік сипатындағы ерекшеліктері талданды.

Кілтті сөздер: түр-түс, тура, ауыспалы, ассоциация, символ.

КІРІСПЕ

С. Мәуленов – қазақ әдебиеті өкілдерінің ішіндегі аса талантты, сөзі орамды, тілі жеңіл ақындардың бірі. Ақын шығармаларын оқи отырып түр-түстердің жиі кездесетіндігін аңғардық. Түстер жайлы мәліметтерге сүйене отырып, оның шығармада қолданылу сипатын қарастырып көрейік.

Түр-түстердің символдық мәні туралы Ө. Марғұлан: «**Көк** – түс көкке табынудың, аспанның символы, **қызыл** – оттың, күннің, **ақ** – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, **сары** – ақыл-ойдың, **қара** – жердің, **жасыл** – көктемнің, жастықтың символы» [1, 256] – десе, И. Айбарша: «Түр-түсті білдіретін символдар жүйесі қандай да болмасын ұлттың дәстүрлі

дүниетанымының негізгі танымдық кодтарының бірі болып табылады» [2, 21], – деген пікір айтады.

Осыларға сүйене отырып, біз түр-түстердің символдық қызметі мен мағыналық мәселелеріне талдау жүргіздік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Талдауымызды **ақ** түстен бастасақ, себебі С. Мәуленов өлеңдерінде **ақ** түсі әр алуан қолданыста кездеседі. **Ақ** – қараға қарама-қарсы түс. Бұл – **ақ** түстің негізгі түстік, реңктік (номинативтік) мағынасы. Бірақ бұдан барлық жағдайда бірдей **ақ** атауы тек **ақ** түсті ғана білдіруге тиісті деген ұғым тумаса керек. Керісінше, **ақ** атауының **ақ** түске қатысы бола тұрса да, одан алшақтап кеткен, тіпті логика-семантикалық байланысын, қатыстығын мүлдем үзген (метафоралық, метонимиялық) ауыс мағыналары мен символикалық мәнде қолданыстары тілімізде жиі кездесетін құбылыс. Оларды біз көбіне **ақ** атауы қатысқан жай және фразеологиялық тіркестерден, мақал-мәтел құрамынан, қос сөз, біріккен сөз, әсіресе топонимдер мен антропонимдер, этнонимдер саласынан жиі кездестіреміз [3, 60].

Мысалы, поэзияға әсемділік пен боямалық тудыру мақсатында эпитет түрінде қолданылған.

Сүйемін селдір бұлтты *апнақ*,
Сүйемін мөлдір сүтті *апнақ*,
Сүйемін *апнақ* көңілді
Ақ жаныммен құттықтап.
(Ақ түс, 58 б.).

Осы мысалда, **ақ жаныммен** эпитеті автордың өзін танытса, **апнақ** сөзінің қайталануы арқылы салыстыру сипаты байқалады, себебі кіршіксіз, таза заттарды айта отырып, өзінің де сол тазалықтың көрінісі екенін аңғартады.

Көбінесе «**ақ**» деген сын есім зат есімдермен тіркескен *мақта*, *қаздар*, *хат*, *бұлт*, *қар*, *бауырсақ* және т.б. Көбінесе «**ақ**» түсімен тіркескен эпитеттер тура мағынада жұмсалынған (*ақ құрт*, *ақ бұлт*, *ақ падиша*, *ақ қарыша*, *ақ қар*).

Енді, осы **ақ** түсі ауыспалы мағынада *ақ үміт*, *ақ тамақ*, *ақ иық*, *ақ түс*, *ақ жапырақ*, *ақ жан* т.б. тіркестерде қолданыс табады. «**Ақ**» түс тазалық, шыншылдық мағынасында болып, «*пәктік*» символы ретінде теңеу қызметін атқарады.

Ақ мақтадай басын жапқан ақша қар,
Орта Азия ортасында ақсақал.
Түркістанның алашұбар жотасы
Тұрды қарап тілегендей сәт-сапар.
(Түркістан жотасы, 41 б.).

Аңсады бейбіт өмірді
Тұратын тұнып оқты атпай.
Ақ қаздар бірде көрінді
Жарына жазған **ақ хаттай**.
(Қаздар, 59 б.).

Ақ дастархан тіркесі ақтың молдығын, дастарханның байлығын білдіреді. Ал Сырбай Мәуленов қолданысында осы тіркес адамға қатысты қолданылған, оның жан дүниесін танытатын, ниетін көрсететін «*пейілдің кеңдігі*» символдық қызметте көрініс тапқан.

Айналайын, жан ана,
Менің алтын дариям!
Айналайын далаға
Өзің барда тар ұям.
Жасадың сен мейірім,
Үлкенге де кішіге.
Ақ дастархан пейілің,
Жетті барлық кісіге.

(Анам Алмагүлдің рухына, 137 б.).

«**Сары**» түс. Түсті білдіретін *сары* сөзі бұл күнде әбден түсінікті, жиі жұмсалатын сөздердің бірі. Бірақ осы сөз келген жердің бәрінде де түс атауы бола бермейтіні бар. Мысалы, бәрімізге белгілі *сары алтын* тіркесі бар. Бұл өзі – тұрақты тіркес. Ертедегі өлең-жырларда да, қазірде де қолданылатын сөздер. *Сары алтын* дегендегі *сары* – парсыша *сара* сөзі, ол – «таза, қоспасыз, пробасы жоғары (алтын, күміс жөнінде)» деген мағынаны білдіреді. (Перс.-русс. сл., II, 435). Бұл ұғымда *саф алтын* деп те айтылатыны мәлім (*саф* деген арабша «таза» деген сөз). Абай тіпті *самородный сары алтын* деп сол мағынадағы орыс сөзін қосып айтқаны белгілі [4, 136].

С. Мәуленов поэзиясында осы «сары алтын» тіркесі көптеп кездеседі. Ол күздің бейнесін жасауда қолданылған. Яғни, төмендегі мысалдарда *сары* түсі «*таза*» символдық қызметін атқарып тұр.

Сары алтындай жарқырап,
Сапырылған жапырақ.
Жердің жүзі қалтырап,
Жарылардай шатынап.

(Сары ала күй, 383 б.).

Сары түсімен тіркескен эпитеттер *сары құм*, *сары жез*, *сары мұк*, *сары тыс*, *сары қыз*, *сары жапырақ* т.б. түрде кездеседі. Сары түсті заттарды көрген сәтте бізде сағыныш сезімі пайда болады. Ендеше, *сары* түс «*сағыныш*» символы қызметін атқарған.

Сары жапырақ – сағыныштың белгісі,

Сары жапырақ үміт күтіп, сарылу.

Сары жапырақ жар көтерген орамал,

Ол жоғалса екі жүрек жоғалар

(Сары жапырақ – күздің күні сары алтын, 96 б.).

Жасыл – шөптер мен жапырақтардың түсі. Көптеген ұлттар үшін бұл жастықты, үміт пен көңілді бейнелейді, бірақ кейде бұл жетілмегендік пен кемелденудің болмауын да сипаттайды. «**Жасыл**» түсі арқылы жасалған эпитеттерге жасыл дала, *жасыл кітап*, *жасыл жапырақтар*, *жасыл көбелек*, *жасыл бұлт т.б.* жатады.

Жасыл шашы желбіреп,

Жас қайыңдар оққа ұшқан.

Жарылардай зеңбірек,

Темір қылғып, от құсқан.

(Алғы шепте, 140 б.).

Жасыл шашы – эпитеті сөзі адамның шашының түсін меңзеп тұрған жоқ, бұл жерде алмастыру арқылы қолданылған, яғни жапырақтар деудің орнына, шашы сөзін қолданған.

Балаларым – менің бұтақтарым,

Жасыл бүрін жаратұғын.

Балаларым – менің кітаптарым,

Болашаққа баратұғын

(Балаларым – менің көлеңкелерім, 142 б.).

Жасыл бұр – эпитеті ауыспалы мағынада қолданылған, яғни, жасыл бұр – өскелең ұрпақты меңзеп тұр, оның өсіп келе жатқандығын көрсетеді, нәтижесінде «*даму*» символы ретінде қолданылған.

С. Мәуленов «*жасыл*» түсті көк түстің орнына жұмсап қолданғандығын көреміз, *жасыл теңіз*, *жасыл көл*, *жасыл аспан*, *жасыл бұлт*, *жасыл толқын*, *жасыл тау* және т.б. эпитеттер мысал бола алады.

Жүрмейді жылдар ескі көне іздермен,

Тартады жаңа **жасыл** теңіздермен.

Тартады жаңа темір тауларымен

Сарсылып талай ғасыр ел іздеген.

(Жыл жыры, 70 б.).

Төбемізде қызыл-**жасыл** аспан тұр,

Театрдың сахнасындай,

Ферғананың жібегіндей,

Марғұланның атласындай

(Төбемізде қызыл-жасыл аспан тұр, 74 б.).

«*Бірлік*» символы қызметінде, **жасыл кілем** тіркесі қолданыс тапқан.

Бұл жерде бүкіл қазақ түгенделіп,

Біреуін бірі қайрап жігер беріп,

Жойылып жүзге бөлу, алауыздық,

Жанындай жайған **жасыл** кілем керіп.

(Ұлытау, 193 б.).

«*Үміт*» символы қызметінде, **жасыл жапырақ** тіркесі қолданылған.

Жаздың жарқын бояуы

Жасыл жапырақ – **жасыл** бұлт.

Күнге қолын жаяды

Жасыл жапырақ – жас үміт.

(Жасыл жарқын бояуы, 209 б.).

С. Мәуленов **қызыл** түсті қолдану арқылы өзі жүріп өткен майдан көрінісінен хабар береді. С. Мәуленов поэзиясында «*майдан*» символы *қызыл кеш*, *қызыл түбірлер*, *қызыл үй*, *қызыл іңірлер*, *қызыл жұлдыз* секілді эпитеттер арқылы жасалған.

Қызыл кеш – **қызыл** іңірлер,

Қызыл тас – **қызыл** қорғандар,

Қызыл үй – **қызыл** түбірлер,

Бресте жанған ормандар.

(Қызыл кеш – қызыл іңірлер, 24 б.).

Біздің **қызыл** қазарма

Болатын жақын базарға.

Көтеріп **қызыл** себетті,

Өтетін бір қыз азанда.

(Біздің қызыл қазарма, 296 б.).

«*Әдемілік*» символы ретінде **қызыл бет**, **қызыл гүл** тіркесі қолданылған.

Қара көзің тұңғиық көл секілді,

Айдынында ұйып қалған таңғы ауа,

Атқан таңдай сенің **қызыл** бетінді,

Теңесе де аз жаңа піскен алмаға.

(Өмір өзегі, 58 б.).

«*Сағыныш*» символы ретінде, **қызыл бұлт** эпитеті баяндалады:

Кездестің талай жыл бұрын,

Тулайсың жанда бір тынбай.

Кеудеңде қалсын бұл жырым,

Кештегі **қызыл** бұлтындай.

(Қызыл кеш, қызыл таңдарда, 112 б.).

«*Батырлық*» символы ретінде, **қызыл жалындар** тіркесі соғыста өжеттілік көрсеткен батырларды бейнелеу мақсатында қолданыс тапқан.

Соқты толассыз қара дауылдар,
Жанды толассыз **қызыл** жалындар.
Қалды орманды мәңгі құшақтап,
Өрттей жайнаған өжет бауырлар.

(Соқты толассыз қара дауылдар, 132 б.).

«Жеңіс» символы ретінде, **қызыл** ту эпитеті қолданылған:

Жеткенінше жеңіс боп
Қызыл тулы әділет,
Сайдың бетін тегістеп,
Ақты адамның қаны көп.

(Көздің жасы бұршақтап, 314 б.).

Сонымен қатар, **қызыл** түсі арқылы жасалған эпитеттерге *қызыл гүл, қызыл трамвай, қызыл етік, қызыл арша, қызыл там, қызыл түлкі, қызыл жыңғыл, қызыл дән* т.б. жатады.

Қара. Бұл түстің анықтамасы түсіндірме сөздіктерде «ақтың қарама-қарсы түсі» деп берілген. Бұл анықтамаға жалпы дау айтуға болмайды. Бірақ сол ақ түстің қарама-қарсы түсі ресми бекітілген бүкілодақтық эталонда көрсетілгендей «қара барқыт», «қара мақпал» түсіне сай ма, емес пе – оны айту қиын. Дегенмен халық ұғымындағы *қара* түсті біз оның негізгі, номинативтік мағынасы деп тануымыз шарт. Мәселен: *қара көмір, қара күйе, қара түтін, қара шаш, сүліктей қара айғыр* дегендегі «қаралар» оның негізгі мағыналары болып саналады [4, 64].

Сырбай Мәуленов шығармаларында **қара** түс ерекше орын алады, қара түспен қолданылған эпитеттер де сан алуан *қара бұлт, қара болат, қара көз, қара дақ, қара гүл* және т.б. Біріншіден, ақынның өмір сүрген заманына байланысты, басынан өткерген қиындықтарына қарай **қара түс** «соғыс», «өлім» және «суық хабар», «қайғы» символдарын білдіру мағынасында көптеп кездеседі.

Қара түндей тұр өнім,
Тұтылған айдай жүрегім.
Қарқылдап маған күлгендей
Анамды жұтқан сұм өлім.

(Анам қайтыс болғанда, 104 б.).

Жоғарыда аталған мысалдарға тағы *қара шәлі, қара гүл, қара қазандай* т.б. жатқызуға болады.

Кең сермеп көк дауылдай ой қанатын,
Жиһанға өлеңімен жайған атын
Бестау боп көз алдымда тұрып алды
От шашқан **қара** бұлттай қайран ақын.

(Биік бестау, жасыл машук және Лермантов, 8 б.).

«Зұлымдық» символы ретінде *қара жыландай, қара қағаз, қара дақ, қара бұлт, қара аспан* ұғымдарын қолданған.

Алайда, бұл «қара» түстің тек жаман қасиетті айтуда қолданылуы керек деген сөз емес. Қарапайымдылық пен сүйіспеншілік сезімдері арқылы «махаббат» символы ретінде көрініс тапқан тұстар да бар.

Жарық аспан, жасыл далам,
Сен жұмбақсың ашылмаған.
Қымбат **қара тасың** маған,
Құмарым бір басылмаған,
Жарық аспан, жасыл далам!

(Жарық аспан, жасыл далам, 119 б.).

Қара шаш, қара көз «сұлулық пен әдемілік» символы ретінде қолданылған, себебі, біріншіден, әдемі, сұлу көзді – *қара көз* десе, қалың, әдемі шашты – *қара шаш* деп айтады.

Қара шаш қап-қараңғы түн секілді,
Қара көз нұрын шашқан күн секілді.
Сәуірдің сәулесімен қоректеніп,
Қауыздан жаңа ашылған гүл секілді.
(Суретші қыз, 95 б.).

«Қара» түсі «қарапайымдылық» символы мағынасында мынандай эпитеттер арқылы көрінеді *қара шай, қара нан, қара сөз, қара домбыра.*

Қатықсыз **қара** шай ішіп,
Тамағын қайта жібітіп.
(Жырау, 92 б.).

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, Сырбай Мәуленов поэзиясында кездесетін түр-түстер ерекше символдық мағынаға ие болған. Нәтижесінде, **ақ** түс – «мейірімділік», «қонақжайлық» символдық қызметінде жұмсалған, яғни автордың осы түсті қолдану кезінде тек жақсы қасиеттерді көрсетуді мақсат еткенін көреміз, тіпті *ақ үміт, ақ жапырақ* тіркестері соның айғағы. **Жасыл** түс – арқылы жігерлікті, жайдарлықты танытса, **сары** – «сағыныш» символы ретінде, **қызыл** түс – «әдемілік», «майдан», «сағыныш», «батырлық» символдары, **қара** түс – «соғыс», «өлім», «зұлымдық», «махаббат», «беріктік», «қарапайымдылық», «сұлулық» сияқты әр алуан түрлі қолданыста кездескен.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Маргулан, А. Казахское народное прикладное искусство. – Т.1. – Алматы, 1986. – 256 с.

2 **Айбарша, И.** Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы : Абылай хан атындағы ХҚЖӘТУ 2004. – 51 б.

3 **Қайдаров, Ә., Ахтамбердиева, З., Өмірбеков, Б.** Түр-түстердің тілдегі көрінісі – Алматы : «Ана тілі», 1992. – 160 б. – ISBN 5-630-00135-3.

4 **Сыздықова, Р.** «Сөздер сөйлейді» (Сөздердің қолданылу тарихынан), 2-басылуы. – Алматы, «Санат», 1994. – 272 б. – ISBN 5-7090-0045-0.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

A. X. Bekbossynova¹, A. A. Makatova²

Символическое значение цвета в поэзии Сырбая Мауленова

^{1,2}Костанайский государственный педагогический университет имени У. Султангазина,

г. Костанай, 110000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 20.01.20.

A. Kh. Bekbossynova¹, A. A. Makatova²

Symbolic meaning of color in the poetry of Syrbay Maulenov

^{1,2}O. Sultangazin Kostanay State Pedagogical University,
Kostanay, 110000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 20.01.20.

У каждой нации есть своя история, культура, обычаи, традиции, и это богатое сокровище невозможно представить без цветовых оттенков. Кроме того, цветовой мир в национальной культуре определяется характерными особенностями. Цветовые названия представляют собой прямые, переменные, условные и символические значения. Через цветовые оттенки выявляются эстетические взгляды народа, самобытные нравственные понятия. В жизни казахского народа – понятие цвета имеет особое значение, символическую функцию. Мир оттенков и цветов является одним из основных познавательных кодов в народном мировоззрении. Кроме того, в произведениях поэтов-писателей оттенки и цветовые названия стали показателем мировоззрения автора.

В статье рассматриваются символические особенности цветов, встречающихся в сборнике стихов Сырбая Мауленова. Исследуются концептуальные и символические функции цвета в поэзии.

Each nation has its own history, culture, customs, traditions, and this rich treasure can not be imagined without color shades. In addition, the color world in the national culture is determined by the characteristics. Color names are direct, variable, conditional, and symbolic values. Through color shades revealed aesthetic views of the people, original moral concepts. In the life of the Kazakh people – the concept of color has a special meaning, a symbolic function. The world of shades and colors is one of the main cognitive codes in the national worldview. In addition, in the works of poets-writers shades and color names have become an indicator of the author's worldview.

The article considers the symbolic features colors found in the collection of Syrbay Maulenov poems. Conceptual and symbolic functions of color in poetry are investigated.

Г. Т. Болат

магистрант, Гуманитарлық факультет, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы
e-mail: gulden_1988@bk.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН АТАЛЫМДАРДЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Мақалада қазақ тіліндегі будан аталымдардың тілдік сипаты қарастырылады. Оларға жалпы түсінік беріледі. Будан аталымдардың тілде пайда болу себептері, жолдары дәйектеледі. Шет тілдік сөздердің тілімізге еніп, жиі қолданыста болып, басқа да тілдік бірліктердің жасалуына негіз болуы, яғни, гибридтелуі тілдегі будан аталымдардың пайда болуының негізгі көзі екендігі сөз болады.

Кілтті сөздер: будан аталым, шеттілдік сөздер, кірме сөздер, ену, меңгеру, құрылым, интеграция, англицизм.

КІРІСПЕ

Бүгінгі уақытта бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз немесе шетелдік терминбөлшек болып келетін атаулар саны күрт өсті. Бұқаралық ақпарат құралдарында, жарнамада және жалпы тілдік қатынаста осы типтегі бірліктерді пайдалану өте жиілеп барады. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Ондай сөздер тіл білімінде гибрид сөздер деп аталады. Қазақ тіл білімінде гибрид сөздерді «будан» деген баламамен атап жүр. Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жаңа сөздің мәні оған кіретін барлық құрылымдық компоненттердің мәндерін толық немесе ішінара біріктіреді. Сөзжасамның бұл тәсілі жалпы тілдік құбылыс болып табылады. Аталмыш құбылыстар ағылшын, неміс, француз, испан, араб, жапон, орыс тілдерінде бар екендігі ғылыми зерттеулерде дәйектелген.

В. М. Лейчик осы тәсілмен француз тілінде пайда болған лексикалық элементтерді талдай отырып, гибридизмді халық этимологиясының көрінісі немесе ұқсастығы ретінде қарастырады [1]. Осы көзқарасқа

Л. А. Тарасованың гибридизмді сөзжасамның дербес тәсілі деп қарастыратын еңбектерін қарама-қайшы қоюға болады [2].

Мұндай лексикалық құрылымдардың мәні Е. А. Ардаматскаяның еңбектерінде берілген, ол гибрид сөздерді кез келген фрагменттер мен контрактуралардан құрылған лексикалық бірліктер деп санайды [3].

Г. Н. Алиева будан аталымдарды сөзаралық бірігу нәтижесі деп санайды. Оның айтуынша, «бір сөздің аяғына басқа сөздің басы қойылады. Осылайша, өз мағынасына екі біріктіруші сөздің семантикасын біріктіретін, өз негізіне біріккен сөздер негізін қосатын ерекше түрдегі күрделі сөз пайда болады» [4]. Әдетте, құрамдастардың бірінің басым мәні қалған элементтердің семантикасы есебінен, сондай-ақ жұрнақтар үстейтін (егер ол бар болса) мағыналық реңктің есебінен күшейеді.

Қазақ тіл білімінде профессор Б. Момынова: «Гибридтену – қазіргі интеграция, яғни жақындасу, араласу барысындағы тіл атаулының бәрінде де көрініс тауып отырған құбылыс. Құбылыс ретінде үнемі күшейіп келе жатқаны да күмән келтірмейді. Интеграциялану процесінен ешқандай тысқары қалмай келе жатқан елдің тілі ретінде қазақ тілі де осы құбылыстың әсеріне шалдыққан. Оның бірнеше себептері бар: а) ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы; ә) тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің үлгі-моделіне салынуы, үлгіге алынуы; б) сол елдердің экономикалық басымдығының болуы; в) жазудың және жазудың негізгі қаруы саналатын әдеби тіл рөлінің артуы; г) жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның күшіне енуі», – дейді [5].

Будан аталымдар тілге ағылшын тілі арқылы кіргенін байқауымызға болады. Себебі ағылшын тілі көптеген тілдер үшін донор-тіл болғандықтан, ағылшын сөздік қорының элементтерінен жасалған кірме атауларға ерекше мән беріледі.

Әрине, шет тілді сөздердің тілге енуі үшін ең ашық сала – лексика. Кез келген туынды сөзді семантикалық тұрғыдан танылуының кілті оның сыртқы морфологиялық құрылымы болып табылады. Дайын туынды сөздер – шынайы құбылыстар мен заттар арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі түрлерін бекітетін сөйлеушінің, формальды операцияның нәтижесі. Бұл қызметтің нәтижесі тіл бірлігінде тіркеледі. Кез келген туынды сөзде тілдің динамизмі және оның статикалылығы көрінеді. Біз әр ретте сөйлеу процесінде балама және бізге белгілі сөз жасау үлгісі бойынша туынды сөз жасай аламыз немесе дайын лексикалық бірлікті қолданамыз деп айту қиын. Әрине, тілдік қатынас барысында біз аталымдардың дайын бірліктерінің көмегіне жүгінеміз, сондай-ақ біздің жадымыздағы сөз жасау моделін пайдаланамыз.

«Словообразование – это процесс, целиком ориентированный на коммуникацию, на передачу знаний о мире, на структурирование тех элементов окружающего мира, которые в процессе деятельности субъект выделил и которыми овладел» [6, 88 б.]. Тілде бар лексикалық құралдар мен сөзжасам механизмдері адамға олардың ой-пікірін қанағаттандыратын жаңа лексикалық бірліктерді құру үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Көптеген тілдерде, соның ішінде ағылшын тілінде туынды сөздер сөздік құрамының көп бөлігін құрайтыны кездейсоқ емес. Қазақ тілі үшін жасырын қауіп қазақ синтаксисінің негізін бұзатын грамматикалық құрылымдарды калькалау болып табылады. Мысалы, *интернет-класс, интернет-төлем, интернет-баспасөз; арт-сахна, арт-тусовка; веб-шолушы, веб-өкілдік, веб-құрылғы*. Аталмыш сөзжасамдық модельдер ағылшын құрылымдарының калькасы болып саналады.

Сондай-ақ, тілші ғалымдардың еңбектерінен қазіргі таңда шетел лексикасының тілдерге енуінің бірден бір жолы БАҚ екендігі тілге тиек етіледі. БАҚ – түрлі клишеленген айналымдарға толы, олар да калькалаудың нәтижесі екендігі сөзсіз.

Ағылшын тілінің әлемдік үстемдігіне себепші болған негізгі факторлар арасында:

1) ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде (бірінші кезекте АҚШ) саяси күш пен дамыған экономиканы;

2) интернет-желіде ағылшын тілінің басымдығын;

3) дүниежүзілік ақпараттық қоғамға кіруге ұмтылысын; технологиялық бәсекеге қабілетті болу үшін кез келген қазіргі заманғы мемлекет ағылшын тілінде келіп түсетін ақпаратты қабылдауы және пайдалануы тиіс;

4) ағылшын тілі халықаралық ұйымдардың жұмысындағы негізгі тілдердің бірі болып табылатындығын атап өтуге болады.

Әрине, қазіргі адамзат мақсатты түрде бара жатқан нанотехнологиялар, ақпаратпен және тәжірибемен еркін түрде алмасу мүмкіндігі, жоғары компьютерлік технологиялар мүмкіндігі жаһандық қауымдастықты құру үшін қажет екендігімен келіспеуге болмайды. Алайда тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ұмытпаған жөн. Тарихи тұрғыдан, халықтар арасындағы мәдени, саяси, әскери байланыстар тілдік тұрғыдан байланыстарға баруға уәждейді.

Тіліміздегі будан аталымдардың пайда болуының тағы бір жолы – жарнама. Т. Н. Лившицтің айтуы бойынша, жарнамалық мәтіндегі шеттілдік лексика «бірегейлік иллюзиясының» пайда болуына ықпал етеді, яғни белгілі бір тауардың немесе қызметтің қайталанбас, маңыздылығы туралы әсер жасауға көмектеседі [7, 35 б.].

Жарнама мәтіндерінің басым көпшілігінде англицизм болашақ тұтынушының жарнамаланатын тауарға немесе қызметке назарын аударатын

элементтер ретінде қызмет атқарады. Жарнамашылар көбінесе сөздің ағылшындық нұсқасын калькалайды. Мысалы: *донатс, имидж, тур, вип, сейл, блокбастер, грумминг, инсталляция*.

Сондай-ақ ғаламторға қатысты лексика да осы будан аталымдар қатарынан орын алады: *email, сидиром, интерактивті, блог, месенджер, провайдер, флешка*.

Американдық фильмдер танымалдығы да тілімізге біршама будан аталымдарды әкелді: *аватар, блокбастер, камбэк, прайм-тайм, кастинг, терминатор*.

Музыка саласы бойынша будан сөздерді атап өтер болсақ: хит, ремейк, диджей, саунд-трэк, постер және т.б.

Бұл фактор жастар арасында кеңінен таралған. Мысалы: *драйв (ішкі көтерілу), мейкап (макияж), консалтинг (кеңес беру)*.

Будан лексемалар жалпы қолданылатын лексикада да кездеседі:

Хай-тек нарық және hi-tech нарығы;

Спат-тарату және спам-тарату;

Ноу-хау жаңалық және know-how жаңалықтар;

веб-бет және web-бет;

Спа-индустрия және spa-индустрия;

Арт-директор және art-менеджер;

Интернет-жарнама және Internet-провайдер.

Кірме сөздердің қазақ тіліне берік кіргеннің дәлелі олардың қазақ грамматикасының ережелеріне бағынып, ыңғайлануы. Тілдік өзара қатынасқа түсе отырып, адамдар белгілі бір уақытта белгілі бір ұжымға тән тілдік ортаны қалыптастырады. Екінші жағынан, тілдік қызмет тәжірибелік сипатқа ие, бұл белгілі бір тілдік дәстүрлерді қолдауды мәжбүрлейді. Басқаша айтқанда, адам, әдетте, бұрыннан өзіне таныс, оқыған, естіген сөздерін қолданады. Жаңа тілдік бірліктің мағынасын өзіне бұрыннан мәлім сөздердің көмегімен түсіндіріп жатады. Жаңа атылымдардың жасалуы да нақты бір тілдік тәжірибенің негізі арқылы жүзеге асады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Демек, будан аталымдар тілдік қорымызды көбейтетін шетелдік кірме сөздер қатарынан орын алады. Кірме сөздер жаппай қолданыста бола отырып, тілде олардың қатысы арқылы жаңадан сөз жасалуының кепілі бола алады. Олардың таралуы қазіргі коммуникация саласындағы қажеттіліктерге байланысты. Бұл сөздер – халықаралық қатынастарда жиі қолданылатын, ғылым мен техникадағы креативті және трендтік, басым бағыттарды нақты әрі тура бегілейтін, сонымен қатар тілдегі бірліктерді ықшамдаудың талаптарына жауап беретін, сол ықшамдауды жүзеге асыруға қолайлы сөздер.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Лейчик, В. М.** Наука о языке: парадигмы лингвистического знания: Учеб. пособие. Рязань, 2006.

2 **Тарасова, Л. А.** Словообразовательные способы нерегулярного сокращения морфов в современном английском языке (на примере телескопии) / Л. А. Тарасова. – Ашхабад: МНО ТССР, 1989. – 82 с.

3 **Ардаматская, Е. А.** Акронимия как форма адаптивности языковой системы (на материале английской морской терминологии): автореф. дис. ... канд. филол. наук. 10.02.04 / Е. А. Ардаматская. – Л., 1987. 3.

4 **Алиева, Г. Н.** Окказионализмы в императивном дискурсе [Текст] / Г.Н. Алиева // Пушкинские чтения-2002: Материалы межвузовской научной конференции. – СПб., 2002. – С. 36–37.

5 **Момынова, Б. Қ.** <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindeg-dgazy> [Электронды ресурс].

6 **Кубрякова, Е. С.** Обеспечение речевой деятельности и проблема внутреннего лексикона // Человеческий фактор в языке: Язык и порождение речи. М., 1991. – С. 103.

7 **Лившиц, Т. Н.** Специфика рекламы в прагматическом и лингвистическом аспектах : диссертация ... кандидата филологических наук : 10.02.01. – Таганрог, 1999. – 354 с.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Г. Т. Болат

Языковая характеристика гибридных номинаций в современном казахском языке

Гуманитарный факультет,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

G. T. Bolat

Language characteristics of hybrid nominations in the modern Kazakh language

Humanitarian Faculty,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

В статье рассматривается языковой характер гибридных номинативов в казахском языке. Дается общее понятие. Анализируются причины, пути возникновения слов-гибридов на языке. Отмечается, что постоянное и повсеместное употребление иноязычных слов становится нормой. Постепенно происходит так называемый процесс языковой гибридизации.

The article deals with the linguistic nature of hybrid nominatives in the Kazakh language. The general concept is given. The author analyzes the causes and ways of the emergence of hybrid words in the language. It is noted that the constant and widespread use of foreign words is becoming the norm. Gradually there is a so-called process of language hybridization.

М. Ф. Фабулина¹, Ж. Т. Қадыров², Г. К. Синбаева³

¹п.ғ.к., доцент, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

³ғ.ғ. магистры, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ²zhkadyrov_777@mail.ru

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ
АНТОНИМДІК ҚАТЫНАСТАР**

Мақала қазақ тіліндегі антонимдердің көркем шығармадағы ерекшеліктері мен қатынасқа түсу сипатына арналған. Ф. Мүсіреповтің шығармаларынан алынған антонимдік қатынастардың әр сөз табына қатысына қарай қолданыс аясы, антонимдік жұптардың жасалу жолдары айқындалды. Антонимдер жайлы ғылыми тұжырымдар, зерттеу нәтижелері көрініс тапты. Көркем шығарма тілінде кейіпкер іс-әрекетін, олардың мінез-құлқын суреттеуде антонимдердің стильдік жүгі ерекше.

Кілтті сөздер: антонимдік қатынас, көркем шығарма тілі, сөз таптары, қолданыс аясы, антонимдік жұптар.

КІРІСПЕ

Қазақ тілінің семантикалық – лексикалық мағыналары жағынан топ құрайтын сөздердің түрі – антонимдер. Антонимдер ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастап қазіргі жазушылардың, публицистердің шығармаларында көптеп ұшырасады. Сөйтіп, антоним сөздер тілдің байлығының, автордың сөз қолдану шеберлігінің көрсеткіші ретінде қызмет атқарады [1, 170 б.].

Антонимдер мен қарама-қарсылық арасындағы байланыс туралы зерттеу жұмыстары қазақ тіл білімінде Ж. Мусиннің «Қазақ тіліндегі антонимдер» (Көкшетау, 1984), С. Төлекованың «Қазақ тіліндегі алғыс пен қарғыс мәнді фразеологиздер» (Алматы, 1974), Сырлыбаева Г. Қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары (Алматы, 2006), Ғ. Резуанованың «Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөзден жасалған синонимдік,

омонимдік қатарлар» (Алматы, 1999), тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазіргі уақытқа дейін қазақ тілінде көп зерттелмеген құбылыстың бірі – антонимия. Қазақ тіл білімінде антонимия мәселесін тереңнен зерттеген ғалымдардың бірі – Жағыпар Мұсаұлы Мусин. Ол былай дейді: Антонимия – лексиканың кешірек зерттеле бастаған, әлі де болса ақтара қарап, тереңдей үңіліп зерттейтін саласы. Себебі: лексиканың осы саласына байланысты шешімін таппаған мәселелер көп [2, 3 б.].

Сөздердің антонимдік қатынасын анықтаудағы айырым-белгілердің қатарында:

1) антонимдік ұғымдар қарама-қарсы болуы қажет (туу – өлу, ер-қорқак);

2) антонимдер тек бір сөз табынан болуы тиіс (өмір – өлім, кету – келу) деген тұжырымдарды атап көрсетеді. Автор оппозицияның аралық мүшесін бөліп көрсеткенімен («ескі – көнетоз – жаңа», «ерте – дәл – кеш», «шикі – дүмбілез – пісі») ұғым мен сөз мағынасының ара – жігін бөлмей, араластырып қолданады.

Қазақ тілінде бүгінгі күні қолданыста екі антонимдер сөздігі бар: 1) 1984 жылы жарық көрген ғалым Ж. М. Мусиннің «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» мен А. Қ. Жұмабекованың 2000 жылы шыққан «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» еңбектері [3]. Бұл сөздіктердің мақсат-міндеттері мен құрылысына келер болсақ, бірінші сөздікте – негізгі, туынды зат есім, сын есім, үстеу антонимдер түбір күйінде, етістік антонимдер тұйық етістік (кейде көсемше) түрінде беріледі. Істің объектіге және субъектіге қатысына қарай бір түбірден өрбіген етістіктердің бір-біріне қарсы мағыналас болып келетін түрлері мүмкіндігінше орын алады. Сөздікті құрастырғанда лексикалық антонимдерге назар ерекше аударылады да, стильдік антонимдердің кейбір түрлері ғана қамтылады. Сөздік қазақтың байырғы сөздерін ғана қамтиды. Ал ғалым А. Жұмабекованың антонимдер сөздігі антонимдік оппозициялар түрлеріне құрылып, негізгі бөлім мен сөздікке енген антонимиялық жұптардан тұрады. Сөздікте семантикалық тұрғыдан біркелкі және стильдік сипаты бойынша бейтарап антонимдік жұптар жүйеленген [3].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Антонимдердің қазақ тіл білімінде зерттеліп, қалыптасу тарихына келер болсақ, антонимия мәселе тілдік құбылыс ретінде көп уақытқа дейін зерттеу нысанына болған емес. Антонимдер туралы талдау, тұжырымдар тек тіл білімі оқулықтарының арнайы бөлімдерінде ғана айтылып жүрді Қазақ тіл білімдегі антонимдер туралы зерттеулер ХХ ғасырдың 50-ші жылдарынан басталады. Бұл кезеңде антонимдерге сипаттама беріліп, антонимдік топтар мынадай тақырыптық түрге бөліп қарастырылады:

1) Заттың сапасын, санын білдіретін антонимдер (*ақ-қара, жақсы-жаман*);

2) Адамның мінез-құлқын, көңіл-күйін, қасиеттерін және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды білдіретін антонимдер (*сүйену-күйену, қуаныш-рениш*);

3) Уақыт және кеңістік мағынасын беретін сөздер (*қыс-жаз, кең-тар, күн-түн*).

Алайда, антонимдерді лексикалық құбылыс ретінде қарау ХХ ғ. 50 жылдарынан басталады десек те, соның ішінде қазақ тіл білімі бүгінгі күні үлкен ізденістерге толы. Осы ретте, антонимияның дербес сала ретінде дамып, қалыптасуына диссертациялық зерттеу еңбектері арқылы қазақ тіл білімінде айтарлықтай үлес қосқан Ж. Мусин, Т. Әбдіғалиева, Ғ. Резуанова, А. Жүсіпов сынды зерттеушілерді атап өткен орынды.

Қарама-қарсылықтың түріне байланысты антонимдердің негізгі топтары мынадай: 1) сапалық қарама-қарсылықты білдіретін антонимдер; 2) қосымшалары (комплементарлы) антонимдер; 3) іс-әрекеттің, белгісіз, қасиеттің қарама-қарсы бағытын білдіретін антонимдер.

Тіл білімінде антонимдерді өз құрылысына қарай екі түрге бөліп қарастырады: әр түбірлі және бір түбірлі. Әр түбірлі антонимдерді лексикалық, ал бір түбірлі антонимдерді – сөзжасамдық деп атайды.

Антонимдердің екі түрі де барлық сөз таптарында кең көлемде қолданылып отырады. Ә. Болғанбаевтың жүйелеу принципі сөзжасам белгілеріне негізделіп жасалған: зат есім, сын есім, етістік, үстеу, есімдік секілді сөз таптарында антонимдер туынды және негізгі түбір қағидасы бойынша жіктеледі. Зерттеуші контекстуалды антонимдерді анықтау мүмкіндігі бар екенін көрсетеді: Есіктен келіп, төр менікі деме, Түздегі май ішеді, үйдегі зәр ішеді [4, 15 б.].

Бір түбірлі антонимдерді жақтайтын ғалымдардың ішінде Ә. Болғанбаевты жатқызсақ, бір түбірлі антонимдер жоқ деген тұжырымды жақтаушыларға келер болсақ, Ж. Мусин, І. Кеңесбаев және Ғ. Мұсабаевтарды атауға болады.

Антонимдердің үнемі бір-біріне қарама-қарсы қолданыла келе мүлде жақындасып, кірігіп кететін жайы да бар. Мұнда олар мүлде жымдасып, қосарлану әдісі арқылы жасалған бір ғана сөзге айналады да, өздерінің алғашқы антонимдік мағынасынан айрылады. Сөйтіп кірігіп барып, бір ғана жалпылау, топшылау, мөлшерлеу, жинақтау, болжау тәрізді ұғымдарды білдіреді. Мысалы, *үлкен-кіші, ертелі-кеш, жақсы-жаман, ұзынды-қысқалы, ілгері-кейін, алды-арты, іші-тысы, іші-сырты, оңды-солды, қысы-жазы, күні-түні, әрі-бері, әне-міне* т.б. Жеке алғанда бұлар – бір-біріне мүлде қарсы мағыналас антоним сөздер. Мысалы, *Ерте* шықсан, алдыңнан *күн*

шығады, *Кеш* шықсан, алдыңнан *түн* шығады (мақал). Мұнда *ерте-кеш* сөздері – антонимдер.

Кейбір ғалымдар антонимдік қарама-қарсылықтың екі жақты сипатын басқаша түсіндіреді. Зерттеушілердің айтуынша, антонимдік қарама-қарсылық екі түрлі болады: 1) антоним сөздер табиғатында бір-біріне қарама-қарсы заттардың, құбылыстардың атауы болып келеді: *туу-өлу, өлім-өмір, күн-түн, сөйлеу-үндемеу*; 2) антоним сөздер заттар мен құбылыстардың белгілерінің, сапасының атауы болып келеді: *жақсы-жаман, үлкен-кіші* т.б.

Антонимдердің тағы бір қасиеті – олардың кез келген сөзбен тіркесе бермей, талғап, таңдап қолдалатындығында. Мәселен, *жақсы-жаман* деген антонимдер сын есімдердің заттың, құбылыстың сынын, сапасын білдіретін негізгі семантикалық қызметіне орай кез келген зат есім сөздермен тіркесе береді. Ал *тар-кең* деген сын есім антонимдер тек орынға, мөлшерге, көлемге байланысты зат есімдермен ғана тіркесе алады.

Антоним – тіл білімінде жинақталған соны зерттеу мен пікірлерді негізге ала отыра, әрдайым лексикографиялық салыстыру, жүйеге келтіру ісін қажет ететін, үнемі толығып, мағына сапа-сыны мен қасиетін айқындайтын – тілдік қарама-қарсылық. Кез келген антонимдік құбылыстар әрқашан адам ойындағы қарама-қайшылықты көрсетіп, шығарма тілінде ойлау, анализдеу және синтездеуі ыңғайлы ету үшін қолданылады.

Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев өз еңбектерінде антонимдер көбінесе сын есімдерден болатынына, онан соң етістіктер, зат есімдер, үстеулер азды – көпті кездесетініне, ал қалған сөз таптарынан жасалған антонимдер тым тапшы, жоқтың қасында екендігіне назар аударады [4, 38 б.]. Сонымен бірге сын есімдерге тән антонимдерді түбір күйінде кездесетіндер және туынды түбір күйінде кездесетіндер деп бөліп қарастырады. Түбір күйінде кездесетіндер: *ауыр – жеңіл, кең – тар, ыстық – суық, үлкен – кіші, биік – аласа, ұзын – қысқа, артық – кем, аш – тоқ, жақсы – жаман, қалың – жұқа, түзу – қисық* т.б. Мысалы: Уәлиханның үлкен әйелінен тараған әулеті мен кіші әйелінен тараған әулеті алты дуан ел сыйған қазақ даласына сыйыса алмады [5, 155 б.].

Ал туынды түбір күйінде кездесетіндерге: *ашық – жасырын, тілазар – елгезек, қатты – ақырын, олақ – іскер, бүтін – жыртық, жүрдек – шабан* т.б. жатқызуға болады. Керек болса кооперативтің тері – терсегі де, екі қолын оңды – солды жылай отырып, қатындар бұлғаған май да, көк тайдың күземі де осы үйдің бір жеріне кірді. (Ғ. Мүсірепов, «Көк үйдегі көршілер» повесі, 19 б.).

Сын есімнің -ғы, -гі, -қы, кі жұрнақтары арқылы да туынды антонимдер жасала береді: *бастапқы-соңғы, үйдегі-түздегі, күндізгі-түнгі, алдыңғы-кейінгі, биылғы – былтырғы* т.б. Кәнекей, қысқы үйге кіресіндер ме, жазғы үйге кіресіндер ме? [5, 114 б.].

Сын есімдерден болған антонимдерге мысалдар келтіретін болсақ:

Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар деген бар ғой (Ғ. Мүсірепов, «Ұлпан» романы, 8 б.). – Кенесарыны хан сайлауға риза болса ақ сақал, қара сақал билері тез жетсін! – деп шапқыншы жібереді де, үш күн ішінде хабар болмаса шауып әкетеді (Ғ. Мүсірепов, «Ұлпан» романы, 11 б.). Қазақ соғыстарында жаралану көп те, өлім аз болады [5, 12 б.]. Ал етістіктерден болған антонимдер: Бұл жолғысы не қосыл, не бөлін, бойынды көрсет дегені еді [5, 17 б.]. Зат есімдерден болған антонимдер: Қысы – жазы киіз үй [5, 75 б.].

Антонимдік қатынастар көркем проза мен поэзия тілінде де молынан кездесіп, стильдік қызмет атқарады. Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиев антонимдерді қолданудың негізгі төрт жолын атап көрсетеді [3, 120 б.]: 1) Антонимдердің бір сөйлемнің өз ішінде салыстырылып айтылуы. Ғ. Мүсіреповтің шығармаларынан мысалдар келтірер болсақ: Үйге жеткенше біресе алдымды, біресе артымды орап, далақтаумен болады (Ғ. Мүсірепов, «Қазақ солдатты» романы, 4 б.). Астапыралла, ойыма не түсіп кетті... Астапыралла дегенімен Есенейдің байлығы мен қараша ауылдың кедейлігі Ұлпан көңіліне қосақтала түйіліп қалды [5, 89 б.].

Жазды күні ауылдың шетінде, қысты күні желдің өтінде.. жырдай болдык та қалдык... (Ғ. Мүсірепов, «Ұлпан» романы, 104 б.).

– Мен бүгін де кетіп қалар едім...

– Жок, мен ертең келеміз деп кісі жіберіп қойдым [5, 11 б.].

Тек істемесең ғана еш нәрсе қызықтырмайды, не қинамайды, не қуандырмайды, не қайғыртпайды, іс табылмайды (Ғ. Мүсірепов, «Адамның анасы» әңгімесі, 51 б.).

2) Антонимдердің іргелес сөйлемде қарама-қарсы қойылып шендестірілуі: Міне, бұл «Қос шалқарды» бірінші көргенім..... «Қос шалқарды» екінші көргенімде әуе айналған ыстық шілде еді (Ғ. Мүсірепов, «Қос шалқар» әңгімесі, 26 б.). Жылысып өткен алты ай жаз алдап кеткен сияқты... Құйрық тістесе қыс келерін, алай – түлей боран боларын, қабағын түйсе қаһар төккен ақпан менен қаңтар барын айтпай кеткен. (Ғ. Мүсірепов, «Жеңілген Есрафил», әңгімесі, 31 б.).

3) Антонимдердің бір сөйлем ішінде ыңғайласып, кезектесіп қатар жұмсалуды: – Келінің аяғынан, Қойшының таяғынан. Жақсылық, жамандық Келінің қабағынан, – деп тағы бірдемесін ескертіп қалды [5, 86 б.].

4) Фразеологиздердің нақты мәтіндерде бір-біріне қарама – қарсы мағынада жұмсалып, антонимдік қатынасқа түсуі: *қол жүйрік – тіл қысқа; көзі тірі – көзі жоқ; бақ қонды – бақ тайды* т.б. фразеологиялық тіркестері.

Ғ. Мүсірепов шығармаларында антонимдік жұптардың жасалу жолдары да ерекше. Мәселен, кейбір антонимдік қатынастар *ілік, барыс,*

табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері жалғауының, номинациялық атауға ие сөздердің қатысуымен жасалса: Етектей болса да өз жерінді айтсайшы: жеті атадан бергі өлінің сүйегі, тірінің тері сіңген жер емес пе.... (Ғ. Мүсірепов, «Адамның анасы» әңгімесі, 51 б.). Қуаныш – шаттыққа да бейжай, шақырылмаған қонақтай ығысып қарап, орныңды таба алмай, кездескен бұтаққа іліге кетесің (Ғ. Мүсірепов, «Адамның анасы» әңгімесі, 51 б.). Қазақ жерінің батысынан бастап шығысына дейін жетіп, енді оңтүстігіне иек артып қалған орыс қалалары бар [5, 11 б.]. Байдың малы қымбат, кедейдің жаны қымбат [5, 99 б.]. Солай бола тұрса да бұл байлықтың қорқаулығы емес, кедейліктің жұтынуы еді [5, 113 б.].

Антонимдердің енді бір тобы *мен, бен, пен* жалғаулықтары мен жіктік, тәуелдік жалғауларының қатысуымен жасалған: Күрес пен күлкі, қайғы мен шаттық, алыс пен жеңіс, жеңіс пен жетіліс болмаса, бұл шіркіннің өзі де тоңған мұз, ұйыған айран емес пе (Ғ. Мүсірепов, «Адамның анасы» әңгімесі).

Қатарлап жинаған қазынасы жоқ болғанымен бар-жоғы жинақы көрінді. Үйдің оң жағында кереге басына көлденең асып қойған ұзынды-қысқалы екі-үш найза, бір-екі садақ, қынабында тұрған қылыш, кісе... [5, 31 б.]. Темірдің темір өкшесі талай қаланы молаға, талай елді далаға айналдырды [5, 57 б.]. Сіз бердіңіз, мен алдым [5, 51 б.]. Қысы – жазы киіз үй [5, 75 б.]. Күні-түні соның қасында [5, 79 б.].

Бай адам күні-түні, қысы-жазы малын ойлайды да, өзі де малға ұқсап кетеді (Ғ. Мүсірепов, «Ұлпан» романы, 81 б.). Астапыралла, ойыма не түсіп кетті... Астапыралла дегенімен Есенейдің байлығы мен қараша ауылдың кедейлігі Ұлпан көңіліне қосақтала түйіліп қалды [5, 89 б.]. Он ауыл Сибанның еркек-әйелі түгел жиналыпты [5, 89 б.]. Қысы-жазы солай [5, 127 б.]. Өңім бе, құдайым, түсім бе? [5, 137 б.].

Тіл білімінде жүйеленген талдаулар бойынша, жазушы шығармаларындағы антонимдік қолданыстардың сын есім мағынасында жасалу сипатын мынадай талдау үлгілері негізінде көрсетуге болады:

– заттың түр-түсін білдіретін антонимдік қолданыстар: Ақ, қара, қызыл, сары деп жорып, дүниеде бояу дегеннің көптігін көрмек түгіл, естімеген де екенмін. (Ғ. Мүсірепов, «Қазақ солдатты» романы, 32 б.). Ой көзінің алдына біресе ақ ботаның көзі келеді, біресе, қардан ақ қара көз бедеудің өзі келеді... [5, 31 б.].

– заттың сапалық сипатын білдіретін антоним сөздер (*жақсы-жаман, кәрі-жас, үлкен-кіші*): – Біреуі томпақ бет, сары орамал тартқан жас әйел, басқалары еркек [6, 51 б.]. Арзан – қымбаттылық дегеннің мәні басқада екенін түсіндіргісі келіп бір отырды да Мүсіреп онысын іркіп қалды [5, 66 б.]. Соның бірінен бірінің артық-кемін кім айта алады? (Ғ. Мүсірепов, «Ұлпан» романы, 80 б.). Бүгін үйімізге қайтып, ертең біржола келейік, Ұлпанжан,

лұқсат болса, – деді Мүсіреп [5, 94 б.]. Өз қолы бас білетін байқұс шеше арзанды қымбаттай ажарлай біліпті [5, 104 б.]. (Ғ. Мүсірепов, «Ұлпан» романы, 104 б.). Ертең іздеп шығайын деп Құлантұяқты бүгін таң асырып қойып едім [5, 108 б.].

– заттың көлемдік, аумақтық сынын білдіретін антонимдер сөздер (алыс – жақын): Төңкерілген іші толқып, бір жоғары, бір төмен түседі. (Ғ. Мүсірепов, «Адамның анасы» әңгімесі, 52 б.). Үлкендік те, кішілік те бөгет емес, басқа бөгесін де жоқ [5, 57 б.]. Қасқыр мен иттің арасы едәуір жақындаса да әлі алшақ [5, 59 б.]. Өрелі ат деп бір алдыңғы аяғынан, бір артқы аяғынан шалыс шідерленген атты айтады [5, 70 б.]. Туа үйреніскен кең даласындай кең жайылған шай дастарханы айналасында әзіл-қалжың, сыр алысу-сынасу, алыстау, жақындау сияқты тіршілік ауыс-түйістің бәрі де өзінің әдепті жүйесін тауып сыпай сөйленіп отырады [5, 93 б.]. Айтпақшы, қаңғыбастың шошаласында да, сандық, кебежелерінде де, астын – үстіне келтіріп ақтарып шығындаршы.... Құдай біледі, талай дүниесі шіріп жатыр [5, 106 б.].

– заттың дәмі мен иісін және басқа да сипаттарын білдіретін қарама-қарсы сөздер (*аңғы-тәтті, жағымды-жағымсыз т.б.*): Мүсірепке «өзі тауып әперген» келінінің жасық болмай, ашық болғанына, қабақ шытпай күлімдеп жүретініне қуанады [5, 95 б.]. Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе жеңеді емес пе, Есенеі жеңілді де қалды [5, 130 б.].

Егер тіл материалдарын салыстырып қарайтын болсақ, антонимдік қатынаста қолданылатын сөздердің ең көбі – сын есімдерден жасалады екен. Антонимдес сын есімдер мен антонимдес етістіктердің өзара байланыстары бірдей емес. Сондай-ақ бір сөз табынан жасалған антонимдік қатынастардың байланыстары да бір өлшемге сыймайды. Мәселен, *батыр-қорқақ* десек, бұлардың мағыналары арасында орта жеке жоқ. Ал *жақсы – орта – жаман, алыс – орта – жақын* деп араларына орта жеке қойып та айтуға болады. Кейбір сөздер бір ғана сөзбен антонимдік қатар жасап ғана қоймай, екі не үш сөздермен де антонимдік қатынаста бола алады. Мысалмен салыстырар болсақ: *оң-сол, оң – теріс; ұзын-қысқа, ұзын-шолақ; ұзақ-жақын, ұзақ-қысқа, ұзақ-тез* т.б. сөздер.

Антонимдердің лексика-семантикалық сипатының мейлінше өрісті болу себебі – ол семантика тек субъектінің іс-әрекеті ғана емес, табиғат ауқымында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстрактілі ойы мен санасы арқасында туатын неше алуан амал-әрекет, іс-қимыл, жай-күй сияқты құбылыстарға қатысты ұғымдарды түгел қамтиды. Кез келген шындықты қамтитын көркем шығармада тілдің эстетикалық функциясы жазушы ойымен, идеясымен тығыз қарым-қатынаста болып келеді.

Антонимия сияқты тілдік көрсеткішті зерделеу барысында логикаға соқпау мүмкін емес. Логикалық қарама-қарсылықтар түрлі түсініктер арасындағы нақты қатынастарды көрсету үшін жұмсалады. Ал тілдік қарама-қарсылық сол логикалықтан шыққан туынды іспеттес, ол адам түсінігі, көзқарасы бойынша нақты нәрселер және объективті дүниедегі құбылыстар арасындағы қарама-қайшылықтарды көрсетеді. Тілдік құрылымдағы антонимия осы тұрғыдан қарастырылады, сол кезде логикалық және тілдік қарама-қайшылықтар арасы алшақтай түседі.

Жазушы шеберлігінің түпкі түйіні – өзінің жан жүрегіндегі сезім мен сырды өзгенің ой-санасына мейлінше әсерлі, дәл жеткізу болса, антонимдік қатынастар да оқиға іс-әрекетін баяндауда, суреттеуде, хабарлауда функциональды-стильдік мағынаға ие болып, прагматикалық қызмет атқарады.

Кейіпкер іс-әрекетін, олардың мінез-құлқын, айналадағы заттар мен құбылыстардың сапа-сынын, мөлшер-көлемін қатар қойып салыстыруда қарама-қарсылыққа негізделген антонимдік жұптар ерекше рөл атқарады. Әйтсе де осы антонимия құбылысы өз ерекшеліктеріне қарай жеке зерттеуді қажет етеді.

Шеберліктің негізгі сыры – жазушы талғампаздығы, оның сөз қолдану ерекшелігі мен сөз саптау шеберлігінде. Қолына қалам алып, қалың жұртшылық қауымға рухани мәнді эстетикалық тәрбие беруді мұрат еткен адам өз заманының айтулы мәдениет иесі болумен қатар, өзіндік талап-талғамымен де сол мәдениет биігінен көріне білуге тиісті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөздерді антонимдік қатарға енгізгенде еске алатын нәрсе – сөздердің лексика-семантикалық сипаты. Антонимдер бір сөз табына енетін сөздер аралығында болады да, бір лексика-семантикалық топтың құрамында ғана өмір сүреді. Демек, кез келген сөздердің арасында антонимдік сыңар бола бермейді дегіміз келеді.

Дүниенің тілдік бейнесінің образдар әлемі адамның объективті шындық болмысты қабылдауындағы сезімдік және рационалды танымдық іс-әрекетінен туындай келіп, тіл иесінің өмір тіршілігінің барлық саласымен ұштасып жатады.

Талдауға алынған көркем шығармада қалыптағы антонимдік жұп үлгілерінің бірнеше түрлері көп, ұтымды қолданылған. Олар кейіпкер іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, қоғамдағы атқаратын қызметін айқындау, сипаттау мақсатында жұмсалған. Бұл ретте, жазушылық шеберлікті ерекше атап өтеміз.

Зерттеу барысында логикалық, тілдік қарама-қарсылықтың байланысы зерттелді; антонимдерді топтастыру мәселесі, әр сөз табына қатысы қарастырылды, жазушы қолданысындағы антоним түрлері көрсетілді.

Біз бұл мақаламызда тілші ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып өз топшылауымызды тілге тиек еттік.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Серғалиев, М. С.** Стилистика негіздері. – Астана : 2006. – 273 б.
- 2 **Мусин, Ж.** Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы : Мектеп, 1984. – 175 б.
- 3 **Жұмабекова, А. Қ.** Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы : Сөздік-словарь, 2000. – 184 б.
- 4 **Болғанбаев, Ә., Қалиев, Ғ.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы : 2008. – 234 б.
- 5 **Мүсірепов, Ғ.** Ұлпан. Роман. – Алматы : Атамұра, 2003. – 264 б.
- 6 **Мүсірепов, Ғ.** Көп томдық шығармалар жинағы. 1 – том. Әңгімелер. Құраст.: Ә. Нарымбетов. – Алматы : Жазушы, 2002. – 288 б.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

М. Г. Габдулина¹, Ж. Т. Кадыров², Г. К. Синбаева³

Антонимичные отношения в художественных произведениях

^{1,2,3}Институт языка и литературы,
Северо-Казакстанский государственный университет
имени М. Козыбаева,
г. Петропавловск, 150000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

M. G. Gabdulina¹, Z. T. Kadyrov², G. K. Sinbayeva³

Antonymous relations in works of art

^{1,2,3}Institute of Language and Literature,
M. Kozybayev North-Kazakhstan State University,
Petropavlovsk, 150000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

В статье рассматриваются особенности антонимов и антонимичные отношения в художественном произведении. На примере антонимов из произведений Г. Мусрепова проведен анализ антонимичных отношений, особенности употребления антонимов,

относящихся к различным частям речи, и определены способы образования антонимичных пар. Даны результаты исследования об антонимах и сделаны научные выводы. Антонимы занимают значительное место в языке художественных произведений при описании характера персонажей.

The article deals with the features of antonyms and antonymic relations in a work of art. On the example of antonyms from G. Musrepov's works, the analysis of antonymic relations, peculiarities of the use of antonyms belonging to different parts of speech is carried out, and the ways of formation of antonymous pairs are determined. The results of the research on antonyms and scientific conclusions are given. Antonyms occupy a significant place in the language of works of art in describing the characters.

Б. Ғ. Ғалымжанов

докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: baiterek10@mail.ru

ҰЛТТЫҢ ИММУНИТЕТІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА (МӘШҮР ЖҮСІП МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ)

Бұл мақалада шежіреші, тарихшы, ақын, этнограф Мәшһүр-Жүсіптің мұраларындағы ұлттық құндылықтар қарастырылады. Ақын еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау кейінгі ұрпақ үшін маңызды. Мақалада ұлттық құндылықтардың адамзат өміріндегі маңызы мен мәні айтыла отырып, Мәшһүр-Жүсіптің мұраларындағы ұлттық құндылықтар қазіргі заман көзімен талданады. Ақынның шығармалары таза ойлауға, ой салуға, өзіңді тәрбиелеуге еріксіз итермелейтінін мысалдармен дәлелдейді.

Кілтті сөздер: ұлттық құндылықтар, рухани байлық, Ұлы даланың ұлы есімдері, ұлттық код, ғылым, мұра.

КІРІСПЕ

Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, шежіреші, ақын, әулие Мәшһүр-Жүсіп (Адамжүсіп) артына 30 томдай мол мұра қалдырды. Мәшһүр-Жүсіптің еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды тану, оны зерделеу, заман талабына сай насихаттау кейінгі ұрпақ үшін маңызды.

Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары, тиісінше, материалдық және рухани болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті [1].

Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары бар. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, діні, мәдениеті, өнері, менталитеті, әдет – ғұрпы, салт-санасы, ұлттық колөнері, ұлттық ойындары, ертегілері, мақал-

мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, тағамдары, тұрмыстық бұйымдары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтар болып табылады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық – «ұлт» деп саналмайды. Соның ішінде қазақ қоғамындағы адамгершілік, тұлғалық немесе кісілік құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері болды. Қазақ адамгершілік мәселесін әуел бастан жоғары қойған халық. Қазақ даласында сот болмаған. Олар ар-ожданын адамгершілік таразысына салып отырып, кісінің ала жібін аттамауды мұрат еткен. Қазақта батыстағыдай кәсіби философия болмаса да, қазақты тумысынан философ-халық деп бағалауға болады. Себебі қазақтың ән, жыр, дастандарында ізгілікке тәрбиелер дүниелер өте көп болды. «Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тынысы бар», «Сұлулық, әдептілік, білімділік, сезімділік, ерлік, даналық – бәрі де жеке адамның меншігінде емес, ең алдымен, елдің, халықтың еншісі», «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез», «Кісі болар кісінің – кісіменен ісі бар, кісі болмас кісінің – кісіменен несі бар» деп кесекті ойларды бір сөйлемге сыйғызып ұрпағын саналы етіп тәрбиелеп отырған. Қазақ өзінің таным түсінігімен, тілімен, ділімен, дінімен, дәстүрімен, мәдениетімен, колөнерімен, сөз өнерімен, айтысымен, жыр-дастандарымен, күмбірлеген күйімен, домбыра қобызымен ерекшеленеді. Бұның бәрі – халықтың ішкі этникалық өзегі. Ағаштың сыртқы қабығы сияқты кез келген ұлттың, халықтың сыртында дәстүрі, салты, әдет-ғұрпы, тілі, діні жатыр. Ішкі жадында осылардан туындайтын ар-ұят, намыс, ұлттық сана, ұлттық болмыс сынды көзге байқалмайтын факторлар бар. Осы ішкі факторлардың мәні өзгермес үшін өзегі дұрыс болуы керек. Ұлттық код осы ұғымдарға саяды. Заман ағымына қарай, ғылыми-техника жаңалықтарына байланысты ұлттық дәстүрлеріміз, салтымыз бейімделіп өзгеруі де мүмкін. Ең бастысы, олар мәнін, мазмұнын жоғалтпауы қажет. Қорыта айтқанда, не құнды? Рухы бар нәрсе құнды. Риясыз, өз болмысына сай болған шынайы дүние құнды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласындағы «Ұлы даланың ұлы есімдері» деген бөлімде ұлы тұлғаларымызды тану мен таныту, насихаттау мен бағалау, ойтолғамдарын ел игілігіне тиімді жарату мәселесі де рухты дүние екені ақиқат. Сол тұлғалардың ішінде өмір бойы ұлттық құндылыққа қызмет еткендердің бірі Мәшһүр Жүсіп екенінде дау жоқ.

Негізінде, Мәшһүр Жүсіп жазбалары ұлттық құндылықтарға тұнып тұрғаны ақиқат, ендеше, ақын еңбектеріндегі құндылықтарды қарастырып көрейік.

«Бес қымбат» өлеңінде:

«Ең әуел керек нәрсе иман» – деген,

«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!

«Құдай кешірет!» – дегенмен, іс бітпейді,

«Иман шартын білмесе, есен (ибаны)» – деген.

«Екінші керек нәрсе ғақыл» – деген.

«Ғақылсыз тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.

«Аз іске ашуланып, дінін бұзар,

Иманын кәпірлікке сатар!» – деген.

«Үшінші қымбат нәрсе сабыр!» – деген,

«Сабырлысы мұратын табар!» – деген.

«Әр істе сабырсыздың тәубе – зорлық,

Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.

«Төртінші, қымбат нәрсе шүкір» – деген,

«Нығметке шүкірсіздік – күпір!» – деген.

Жатқан жерден: Құдай кешір!» – деген – қорлық,

«Себеп іздеп тура жолмен жүгір!» – деген.

«Бесінші, қымбат нәрсе – әдеп» – деген,

Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.

«Кәрілік – әдептіде тұрмағандай,

Әдеп деген махаббатқа себеп!» – деген... [2, 92]

Ақын өлеңіндегі иман, ғақыл, сабыр, шүкір, әдеп – деп отырғандарының бәрі – адамзат баласын көрікті ететін асыл қасиеттер екені мәлім. Осы ұлттық қасиеттер арқылы ғана біз ұлттық кодымызды сақтап қалатынымызды ақын өлеңінде тәптіштеп айтып отыр. Бір-иман, екі-ғақыл, үш-сабыр, төрт-шүкір, бес-әдеп деп бес қымбат деп әрқайсының маңызын тереңнен беруі тұнып тұрған ұлттық құндылық. Осы өлеңдегі ұлттық құндылықтарды айшықтай отырып, ұрпақты жақсылыққа, игілікке, әдептілікке, мәдениеттілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу бізге міндет.

Ақынның тағы бір «Қажылық» туралы өлеңінде:

...Не нәрсе парыз болса, ғылым-парыз

Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз.

Әуелі істер істің ғылымын біл.

Қанша айт, онша айт онан соң Құдайға арыз.

Қажы барып кеп, көргем жоқ оңған кісі.

Қажы барды-ақ бұзылады өңі-түсі.

Ғылымсыз қылған ғамал-құр қиналу,

Наданның бір жындылық қылған ісі. [3, 172]

Бұл өлең арқылы да ақын қажылықтың жай нәрсе емес, үлкен маңызды дүние екенін ескерте отырып, қазіргідей жай мақтан етпей, ол міндет және сол қажылыққа сай болуды меңзейді. Ол қажылыққа барғанда шығын мен мансапты емес, қанша ілім іліп келгеніне мән беруге үндейді. Бұл тұста да ақын адамның игі іс жасауына, шынайы білім, ғылым үйренуіне бағдар береді. «Әуелі істер істің ғылымын біл», – дей отырып, әр істі ойланып, негізін біліп жасауға шақырады. Бұл тұста да ұлттық құндылықтың көрінісі жатқанын байқау қиынға соқпайды.

Ақын Бұхар туралы жазған өлеңінде:

Нәсіп боп Бұхардың дәмін татсам,

Бүк түсіп, бір хұжырада жалғыз жатсам.

Бұхара – қатқан нанын корек қылып

Армансыз болар едім аштан қатсам!... [4, 9–13 б.]

Ақын бұл өлеңінде Бұхар елінде алған біліміне ризашылық білдіреді. Бүгінгі жастарға шетелге барып оқып келгенін құр мақтаныш етпей, алған біліміне, үйренген тәжірибесіне, сіңірген жақсы іліміне назар аудару керек екенін айтады. Мәшһүр Жүсіп өзінің Бұхар шахарынан білімін толықтырғанына ризалығын айтады. Бұл тұста да мәселе қайда оқығанында емес, қандай білім алғанында және оны өзіне, өз еліне қалай жарата алғаны маңызды екенін көрсетеді.

«Жарлымын!» – деп, жабықпа.

«Жалғызбын!» – деп, қамықпа.

«Мұңлымын!» – деп, қамықпа.

«Жаяумын!» – деп, тарықпа

Мұңайма, жігіт, мұңайма,

...Ащы мен тұщыны татқан біледі

Тіршіліктің қадірін өлген көрде жатқан біледі

Денсаулықтың қадірін

Ауырып төсек тартқан біледі

Ақмарал жайылмайды қабанменен

Бірге ұшпайды бұлбұл қара қарғаменен... [5, 25]

деп жырлай отырып, Мәшһүр Жүсіп жақсылықты жамандықтан, көріктіні көріксізден, ақты қарадан, жарлыдан байды, ащыдан тұщыны, бұлбұлдан қарғаны қалай айыратынымызды үйретеді. Сырты жылтыр дүние көп заманда кімнің кім екенін тануға да өре керек. Ақын осыны меңзейді.

Ақын «Жұбату» деген өлеңінде:

Қара суды жағалай қаз барады,

Анасынан айырылып қыз барады.

Қара суға қан құйсаң, ағар – кетер,

Жат кісіге қыз берсең, алар-кетер!

– Жылама, бикем, жылама,
 Көзіңнің жасын бұлама!
 Ұл боп тусаң әуелден
 Сені мұндай қыла ма?!
 ...Сен жылайсың: «Үйім!» – деп,
 «Жиғаным – қызыл бұйым!» – деп.
 Әкең сенің ойлайды:
 «Отырғаны балам қиын!» – деп.
 Сен ойлайсың: «Барсам!» – деп,
 «Бір үйге тұлға болсам!» – деп.
 «Өз алдыма мал салып,
 Адамшылық құрсам!» – деп...
 Бұл өлеңнен табиғат заңына шара жоғын, қыз бала жат-жұрттық екенін, оны өмірдегі міндеті ана болуын меңзей отырып, жақсы отанасы болуға шақырады.
 ...Жыламай құлақ салыңыз,
 Бұл сөзіме наныңыз!
 Мен айтамын өсиет
 Тыңдап, ұғып алыңыз!
 ...Тең құрбың келіп сөйлесер,
 Қалжыңдасып ойнасар,
 Жақсы-жаман екеніңді
 Ойнаған болып барласар!
 Құрбың келсе, күлгейсің,
 Әдеппенен жүргейсің!
 Салмақпенен сөз сөйлеп,
 Жақсы жауап бергейсің!...
 Осы тұста да ақын қыз балаға қыз кезінде қырық үйден тию болса, тұрмысқа шыққаннан кейін де «Үй сыртында кісі бар», – деген ұғымды еске салады. Оны сезбеген қыздың өмірде қиындықтарға, кедергілерге тап болатынын ескертеді, осы шумақтар арқылы да ақын қыз бала бойындағы ұлттық құндылықтардың маңызын айқын көрсетеді.
 ...Бұл барғаннан барарсың.
 Ата-енеңе барарсың!
 Дүниесін құрметтеп,
 Қабағына қарарсың!
 Құлдай малын баққайсың,
 Күндей жұмыс қылғайсың!
 Ата-енеңе жаққайсың!
 Ата-енен айтар: «Келінім!» – деп,
 «Келінім жақсы елім!» – деп,

«Бөтен жақ жат жұртына
 Жақсылығың білінер!» – деп...
 ...Күйеуіңді күтпейсің,
 Өз басын құрмет етпейсің!
 Қанша көңілің қалса да,
 Біріне-бірің түтпейсің (тұтпайсың)!
 Жыртық қылма киімін,
 Шашпа жиған бұйымын!
 Күйеуің келсе бір жақтан,
 Оңай қылып тұр қиынын!...
 ... Құл жұмсасаң, ұрмаңыз,
 Оған қорлық қылмаңыз,
 Жетім хақын ойлаңыз!
 Бұл сөзіме наныңыз!
 Өзің сараң болмаңыз,
 Сараңдық атақ алмаңыз,
 Қонақ қонса үйіңе,
 Табағына шек-қарын салмаңыз!...
 Өлеңнің тұла бойы – ата дәстүр, салт сана. Осы тұста ақын шаңырақтың діңгегі – әйел, отбасының ұйытқысы тағы да – әйел, отбасының берекесі де – әйел, мерекесі де – әйел екенін меңзей отырып, қазақ отбасындағы әйелдің танымы, түсінігі, ибалығы, мәдениеті, парасаты ел болудың негізі екенін астарлы түрде жеткізеді.
 ...Жаман қатын белгісі:
 Әр неден жоқ үлгісі,
 Қатты болар ұйқысы,
 Шірік болар терісі.
 Жаман қатынның белгісі:
 Әр неден жоқ үлгісі,
 Сасық болар үй-іші,
 Одан жаман өз иісі,
 Еш келмейді келісі!
 ...Шашы жүрер жалбаңдап,
 Балағы жүрер салбаңдап.
 Маңдайдан шашы бұрқырар,
 Екі емшегі салақтап!
 Ол – адамнан ұялмас,
 Өзінің дүниелігін жия алмас!
 Өзінің малын танымас,
 Қатын болып дәнемеге жарамас!... [5, 9–13 б.]

Әйел жаман болса, берекет болмайды, ол үйде қадір-қасиеттің болмайтынын ақын барынша қатты сынап отырып, адами құндылыққа тәрбиелеуге, жаманнан жиренуге, жақсыдан үйренуге шақырады. Ұлттық құндылық отбасынан алған тәрбиемен көрген өнегеден бастау алатынын көрсетеді. Мысалы мына бір шумақта:

Төсек – орнын жинамас, ұстар шашып,
Алды-алдына әр нәрсе жатар қашып.
Есік – төрі үйінің бірдей болып,
Жалғыз-жарым көрпесі болар сасық
Кір болып өне бойын сегіз батпан
Ұйқысы хайуанға ұқсап арам қатқан
Шуылдап қозы, бұзауы қорада тұр
Ертеден кешке дейін өліп жатқан... [5, 16 б.]

Жамандықтың бастауы жалқаулық пен еріншектік екенін, оған қоса салақ, әрі олақ болса одан адамның кедейлігі басталатынын, кедей адамды құдай жаратпайды, адам өзі жасайтынын айта отырып, кейінгі ұрпақтан азбас ақыл, тозбас білім, өнерге деген құштар көңіл, кемел кісілік күтеді данамыз. Осы тұсқа қазіргі уақытта қазақ қоғамы әйелді иманды етіп тәрбиелеуге бұрынғыдай көп көңіл аудара алмай келе жатқаны ақиқат. «Қазақ халқы кезінде бар күш-қуатын әйелді иманды етіп тәрбиелеуге жұмсаған. Өкінішке орай, қазіргі кезде осы әйелге білім беру мәселесі дұрыс жолға қойылмай келе жатқаны рас. Біз әйелдерді өз табиғатына жат, ер адамдар секілді тәрбиелеудеміз. Ақша табуға бағыттап, еркектермен бәсекеге қабілетті болуды үйретіп жатырмыз. Бұл – үлкен қателік. Әйел адам білім алуы керек. Бірақ «Ол қандай білім?» «деген сұраққа біз әлі жауап берген жоқпыз.» Бұл сұраққа ақын, әулие Мәшһүр Жүсіп еңбектерінің бірінде «Қазақ әйелі зәру білім алуы керек», – деп жазған болатын.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Адамзат баласы заңның емес, салт-дәстүрдің «құлы» болған кезде бақытты өмір басталады», – дейді әдебиет зерттеуші, ғалым Ақселеу Сейдімбек. Расында да солай! Біз үлкенін ардақтаған, салт-дәстүрін салмақтаған, дәстүрім -дәулетім, ғұрпым – ғұмырым, салтым санам деп өскен текті ұлттың ұрпағымыз. Заңнан ғана қорқып, салт-дәстүрмен санаспау бұл үлкен қателік. Ата-бабамыз қалыптастырған ұлтымыздың ең тамаша қасиеттерінің бірі болып табылатын адамдар арасындағы өзара кісілік, үлкен мен кішінің, туыс пен жекжаттың, жат пен жақынның, еркек пен әйелдің қатынас қалыптарын бұзып алмай дәстүрлі өмір салтымызды жаһандану заманында жоғалтып алмай ғасырларға жеткізу бізге парыз. Қазақтың кез келген ұлттық әдет-ғұрпында кісілік, адамгершілік, мейірім

бар. «Тыйым көрмеген баладан тексіз шығады. Тектеу адамды әдептілікке үйретеді». Міне, қазақтың төл тәрбиесінің озық үлгісі. «Ұят болады» мен «обал боладыны» баласының санасына тәй-тәй басқаннан, алғаш былдырлай бастағаннан сіңіріп келген қазақ қашан да тыйым мен тектеуді ұмытпауы үшін біз қарастырып отырған шығармалардың маңызы зор. Қанша уақыттар өтсе де ұлттық мінез-болмысымызды жоғалтып алғанымыздың бірден-бір жолы ұлылар салған жолдан таймау.

Қазақ – қасқыр. Бөрі секілді қайсар, мінезді. Арыстан, барыс дегендер мысық тұқымдас болғандықтан қолға үйренеді, циркте билеп, елдің көңілін көтереді, қол жалайды. Ал, қасқыр жарықтықтың хайуанаттар бағында, торда торығып тұрғанын ғана көресің. Сонда да рухы тәуелсіз екенін байқатып, көзінен от шашып тұрады. Оны циркте маймылша билетуге ешкімнің тәуекелі бармайды, билете де алмайды. Түркі халықтарының арасында Асыл түрік саналатын қазақтың осындай ерекшеліктері барын ешкім қаперден шығармау керек. Қазақ қонақты құрметтейді, сыйлайды, асты-үстіне түсіп барынша құрмет көрсетеді, бірақ, бағынбайды. Қазақ неге талантты халық, себебі олар кішкентайынан бесікте жатып, жыр тыңдап рухани қоректенеді. Жаугерлік рух ананың әлдиімен, әкенің ұранымен ұрпақ бойына сіңді, атаның намысты сөзі қайралған қылыштай лыпыған перзент тәрбиеледі. Қазақтың намысы үнемі бірінші орында. Ұлттық ойындарының өзі сабырлыққа, төзімділікке, логиканы дамытуға, пайымдауға, ептілікке, күшті болуға тәрбиелейді. «Екі сөйлегенім өлгенім» деп хақ сөйлеген халықтың ұрпағының мәңгілік елге ұмтылуы заңдылық.

Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі әрбір философиялық ой ұлттық негізге, ұлттық кодқа бағытталатынын әр оқыған сайын іштей сезініп, бойыңа ұлттық рухтың қуатын жиып, намысың оянып, ұлт мүддесі үшін кіршіксіз еңбек еткің келетінін шынында мойындайсың. Ақын шығармалары таза ойлауға, ой салуға, өзінді тәрбиелеуге еріксіз итермелейді. Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды қарау, талдау оны уақыт көзқарасымен қайта саралау бізге міндет. Себебі, «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтау өте маңызды. Ұлттық құндылық – ұлттың қашан да тірегі!

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сілтеме: <http://kazorta.org/lty-ndyly-tar/>
- 2 **Мәшһүр Жүсіп.** Шығармалар жинағы // 2-том, – Павлодар : 2013. – 92 б.
- 3 **Мәшһүр Жүсіп.** Шығармалар жинағы // 1-том, – Павлодар : 2013. – 172 б.

- 4 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы // 4-том, – Павлодар : 2013. – 9, 13, 259 б.
- 5 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы // 5-томы, – Павлодар : 2013. – 25 б.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Б. Г. Галымжанов

Иммунитет нации – в национальных ценностях (На основе национальных ценностей в наследии Машхура Жусупа)

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

B. G. Galymzhanov

Immunity of the nation in its national values (Based on national values in the heritage of Mashkhur Zhusup)

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

В данной статье рассматриваются национальные ценности наследия летописца, историка, поэта и этнографа Машхур Жусупа. Очень важно для последующего поколения познать и осмысливать национальные ценности трудов поэта и пропагандировать их. В статье говорится о смысле и значении национальных ценностей в жизни человечества, анализируются глазами современников национальные ценности наследия Машхур Жусупа. Поэт своими произведениями заставляет нас задуматься, побуждает к самовоспитанию.

This article deals with national values of the annalist heritage, historian, poet and ethnographer Mashhur Zhusup. Study and learn the national values of the poet's works are very crucial ones for the next generation. The article considers the meaning and significance of national values in the life of mankind, as well as the analysis of national values of the heritage of Mashkhur Zhusup from the point of contemporaries. By examples in his work the author proves the purity of thoughts which leads to self-education involuntarily.

FTMAP 1077751

С. Б. Даутова¹, Б. Р. Оспанова²

¹ф.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹a730chn@mail.ru; ²baian_80@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ФЕНОМЕНДЕРІ АДАМЗАТТЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ ТРАНСФЕРТТІҢ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ БЕЙНЕСІ

Мақалада қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендерін ұлттық және әлем мәдениеті аясында зерделеуге негізделген. Қазақ әдебиеті тарихпен, мәдениетпен, тілмен ұтымды ұштасып, ұлттық болмыстың көркем үлгісі болып табылады. Бірегей ұлттық құбылыс бола тұра, ол адамзат бірлігінің нышаны ретінде мәдени матрицаның бөлігі тәрізді «кетігі табылып қаланған». Ол ЮНЕСКО бағдарламалы құжаттарында белгіленген гуманистік ұстанымдармен үндес әдебиеттің көркем феномендері отандық әдебиеттану-да алғаш рет ЮНЕСКО ұстанымдарымен сабақтастырыла қарастырылуында, сонымен қатар қазақ әдебиетінің көркем-эстетикалық феномендері бүгінгі ғылыми көзқарастар сабақтастығында зерделенген.

Кілтті сөздері көркем-эстетикалық феномендері, әдебиет, мәдениет, ЮНЕСКО ұстанымдар, ұлт, адам, сана.

КІРІСПЕ

Адамзат баласының жер бетінде адам болып, ғұмыр кешуі үшін екі нәрсе керек. Ол – тән мен жан азығы. Тән азығы адамның тірі жан ретінде өмір сүруін қамтамасыз етеді. Тән азығына материалдық қажеттіліктерді қамтамасыз ететін азық-түлік, киім-кешек, баспана, көлік сияқты адамның күнделікті тіршілігін қамтамасыз ететіндер жатады. Бұлар адам көзбен көріп, құлақпен естіп, дәмін татып дегендей, сезім мүшелерімізбен сезіне алатын материалдық дүниелер. Ал сезім мүшелерімен емес, ішкі жанымызбен, түйсігімізбен сезінетін рухани дүние – жан азығы. Басқаша айтсақ, жан азығы – рухани құндылықтар. Рухани құндылықтың мағынасы кең. Сондай құндылықтың бірі әдебиеттің көркем-эстетикалық феномен ретінде жеке

даралығы яғни құндылықты қалыптастыратын негізгі құрал екендігі. Сондықтанда кейінгі жылдары осы мәселе кеңінен зерттелуде.

Көркем-эстетикалық феномендер мен ЮНЕСКО-ның қағидалары синергиясы мен ұстанымдарын зерттеу мәселесі ХХІ ғасырдың гуманитарлық білімінің жаңа үрдістерімен үндестікте осы мәселені зерттеу барысында біз халық мәдениетінің өзіне қатысты ерекше белгілері қарастырудан бастаймыз. Олар халықтың жүздеген ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру тәжерибесінен көрініс табады. Оның негізгі тетігі табиғат пен адамның біртұтастығын бізге көркем сөз арқылы берілуінде. Осының негізінде әдебиет бұл өзінше феномен оның даралығы көркемсөз арқылы ел бірлігі, жасампаздық, теңдік және қайырымдылықтың зұлымдықтан жоғары болуы, әділетті орнату т.б. әлемдік жалпы адамзаттық құбылыстың негізгі тетігі мәңгілік ел идеясын ұрпақтан-ұрпаққа беруімен ерекшеленеді. Әр көркем шығарма авторы өз туындысында өз ойының көрінісі мен, халықтың тарихи қалыптасуындағы синергиялық құбылыстарды ашады олар суреттеу тәсілдеріне мінездеу, *портрет*, бейнелеу, *пейзаж* сюжет т.б. арқылы берілсе осының жиынтығы әдебиеттің тектері арқылы беріледі. Соның нәтижесінде автордың еркінен тыс әр заманда өз құндылығын жоймайтын шығарма дүниеге келеді осының өзі қазақ әдебиетінің феномен екендігін көрсетеді. Көркем шығарма ұжымдық түсінік бола отырып, бұл гуманистік идеялар дәстүрлік мәртебесіне ие болады. Қазақ әдебиетінің рухани әлемін ақындар мен жазушылардың парадигмалар мен тұрақты тарихи мән түзуші идеялары мен қазақ халқының рухының көрінісін айқындайды. Осы мәселелерде әдеби бейнелер мен әдеби көркемдегіш құралдыр арқылы әлемді түсіну және ондағы адамның орны мен мақсаты жөніндегі көзқарастың аясында қалыптасқан. Осы әдебиеттің қатпарларын ашып көрсету үшін синергетика әдісі қолданылады. Осы әдіске тоқталып өтсек синергетика – әр түрлі салалардағы көпнұсқалы (сызықтық емес) күрделі жүйелердегі өзіндік ұйымдасу заңдылықтарын қарастыратын жаңа пәнаралық ғылыми бағыт. Ол жүйенің жеке ерекшеліктерін ескерместен, жалпы үлгілер негізінде оның дамуының ортақ механизмдерін ашып көрсетеді. Қазіргі кезде синергетика әу баста пайда болған жаратылыстану саласында ғана емес, әлеуметтану, философия, психология сияқты гуманитарлық салаларда да жиі қолданылады. Қазіргі ғылыми зерттеулердің жаңа бағыты синергетика – оны құраушылардың табиғи қасиеттеріне қарамастан, кез келген күрделі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы мен эволюциялық дамуын қарастырады. *Синергетиканың негізгі функцияларының бірі* – оның синтетикалық (жинақтаушылық) мәні. Оның бастысы – ғылымның гуманитарлық және жаратылыстанушылық бағыттарын қосуға бастайтындығы. Бірақ ол табиғат және адами мәдениет арасын байланыстырумен шектелмейді, оның

жаңа жинақтаушылық (синтездеуші) қырлары мынадай: дүниетанымның батыстық және шығыстық түрлерін біріктіру. Ғылымның қатаң негіздері мен оның қолданбалы бағыттарын кіріктіру. Ғылымның нормативтік және дискриптивтік қырларын, яғни ақпараттың бүтіндігі мен оның адам белсенділігі үшін құндылығын біріктіру. Күрделілік пен хаос туралы ғылым мен мәдениет пен өнер туралы көзқарастарды қосу.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Синергетиканың негізгі функцияларының тағы бірі – оның әдіснамалық және эвристикалық қызметі, яғни зерттеу стратегиясы ретінде қарастырылуы. Синергетика жаңа ғылыми проблемаларды шешуге бағытталғандықтан, зерттеу-ізденіс қызметінің негізгі әдісіне айналады. Бұл жөнінде А. П. Назаретяннің зерттеулері гуманитарлық ғылым саласына синергетикалық парадигманы еңгізудің жалпы мәселелеріне арналған. Ол синергетикалық парадигманың кең етек жаюы жаратылыстану мен қоғамтану арасындағы шекараларды жойып және әлемнің әмбебап эволюциясының көрінісін құрастыруда маңызды факторлардың бірі бола алатындығын тұжырымдады [1, 3 б.]. Зерттеуші С. Гомаюнов та «қазіргі заманғы ғылыми қауымдастық ойлаудың бағыттық емес (синергетикалық) стиліне барынша қызығушылық танытып отыр» деген қорытындыға келді [2, 123 б.]. Ал енді осы құндылықтарды жинақтау яғни адамзаттың мәдени-тарихи құндылықтарын дәріптеу, оның тасмалдануын жеке қарау өзекті мәселе. Дегенмен соңғы уақыттың гуманитарлық өнімі болып табылатын *мәдениет трансферасы* тұжырымдамалық қорғанысқа айналуға, оның мағыналық сипаты көмескі болып қала беруде. Біз зерттеуімізде батысеуропаның әдеби сындағы және оны қолданудағы мәдениет трансферасының пайда болуының мәселелеріне тоқталуды жөн көрдік. Себебі мәдениеттік айырмашылық мәселелерін осы әдіс арқылы шешуге болады. Мәдениет трансферасы теориясы 1980 жылдардың ортасында Францияда сақтаулы тұрған Генри Гейне қолжазбаларын басып шығарушы француздардың филолог-германистері арасында өмірге келді. Атап айтқанда, Францияға тұрақтаған және француз ой-сана тарихының бөлінбес бөлшегі болған, неміс еврейі, Гейненің феномені жаңа әдіске жан бітірген түрлі мәселелер бойынша ойлануға мәжбүр етті. Алғашқы қадам сол уақытта сен-симонизм идеясына берілген, алайда Гейнені оқитын француз оқырмандарына неміс философиясын қалай түсіндіру мәселесі болды.

Өйткені сол заманда Францияда қалыптаса бастаған неміс мәдениеті, неміс философиясы өкілдері мен сен-симонизм идеясын жақтаушылар арасында түсінбеушілік пайда болған еді. Мишель Эспань мен Михаэль Вернер 1985 жылы Францияның Ғылыми зерттеулер Ұлттық Орталығының

ішінен және Эколь Нормаль Сюперьер қамқорлығымен «Француз-неміс мәдениеті трансферасы» («Transferts culturels franco-allemand») зертханасын ашады. Оның ғылыми мақсаты Геттингенге француздық тарихи миссияның бастамасы бойынша 1986 жылы ұйымдастырылған пікіралмасуда нақтыланды [3].

Зертхана ашуға бастама болған зерттеудің жаңа түрінің мақсаты мен б міндеттерін түсіндіруге М. Эспань мен М. Вернердің бірлесіп жазған «Францияда 1750–1914 жылдары неміс сілтемелерінің қалыптасуы. Генезис және мәдениет тарихы» деп аталатын еңбектері арналды. Қалай дегенмен сол уақытта Заманауи қолжазбалар мен мәтіндер институтында (ИТЕМ) жұмыс істейтін, Гейне шығармаларын басушылар (М. Эспань мен М. Вернер) басқаратын зертхана, расында да, түрлі университеттер зерттеушілері мен мамандардың басын біріктірді, әу бастан-ақ зертхана ісінде түрлі бағыттар болды. Бір жағынан, топты құрушылар, жоғарыда айтқанымыздай, қолжазбалар мен қолжазбалық мәліметтердің құпияларын ашатын және оларды түсіндіретін германистер болды, олар жаңа құрылған зертхананың ұлттық түрлі саладағы қолжазбаның алатын орнын зерттеуге арналған бірқатар ғылыми жобаларды, сондай-ақ қолжазбалық жинақтың және кітаптар сақтайтын жердің мәртебесін пайымдатты. Басқа қырынан алсақ, зертхана ісінің басым бағыты неміс пен француз филологиясындағы, кеңірек айтсақ, гуманитарлық ғылымдардағы «тарихтың тоғысуын» (histoire croisée) зерттеу болды. «Мәдениет трансферасы» зертханасы жұмысының осы алғашқы кезеңінде неміс философиясының Францияға ықпалын зерттеген философ-германистердің үлесі маңызды болып табылады, сондай-ақ сол ықпал, атап айтқанда неміс (сонымен қатар француз) философтары тарихи-мәдени зерттеулердің жаңа әдісіне ықпал етті және әлі де ықпал етуде (Гердердің аударма теориясы және философ-германистер тобының мүшесі Пьер Пениссонның пікірі, оны ол Франциядан тапқан еді, оған өз жұмысын арнады; жас гегельянизм тарихы және франко-немістік философ Норбер Важектің жұмысында баяндалған Франциядағы оның рецепциясы; осы тұрғыда мәселені теоретикалаған және география мен философиядағы шегара мәселесіне өзінің алғашқы монографиясын арнаған Марка Крепонның жұмысын⁵ да еске сала кетуге болады). Зертханада бірге жұмыс істеген тарихшылар өз тарапынан көші-қон мәселесін зерттеумен айналысты, соны зерттей отыра, олар адамдардың мекен ауыстыруын ғана емес, идея мен кітаптардың да орын ауысуын (Аллен Рюидің ертедегі кантиандық кездегі неміс якобиндерінің тарихын зерттеуі, Фред Шрадердің Бордо мен Гамбург арасында болған сауда-саттықтық және ой-саналық (интеллектуальдік) алмасуды зерттеуі, Фредерик Барбье баяндаған XIX ғасырда Еуропада неміс кітап өнімдерінің айналымы тарихы, еуропалақ тұрғындардың көші-қон

Therefore, all Kazakh words are divided into hard and soft: көл (lake), ән (song) are soft, қол (hand), жан (the soul) are hard. In this case, of soft are added affixes with vowels only from the front row, for example, in сен – дер – ден (from you), and added to the hard affixes with vowels only from back row: ба – ла – лар – ды (children – accusative case.). Whereas the English language, there is complete independence of vowels and affixes the end of the vowel root, alternation vowels of front row with vowels of back row in the same word (army, answer, public, language). Thus, the system of English vowels is marked the large number of contrasts than in Kazakh [4].

II. CONSONANTS

25 of the 42 letters of the alphabet are consonants.

They are divided into 3 groups:

voiceless: к, қ, п, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ;

voiced: г, ғ, б, з, д, в;

sonorants: л, м, н, р, й, у;

Some consonants came into Kazakh from the Russian language.

They are: в, ф, ц, ч, щ.

The consonant x usually occurs in words borrowed from the Arabic, Russian, and other languages. Very often x is replaced by the Kazakh қ, e.g.: хош-қош, хал-қал, рахмет-рақмет. The law of vowel harmony (syngarmonism) is a characteristic feature of all Turkic languages. According to the Law the first vowel of a word determines the character of the remaining vowels. If the first vowel is back, the remaining vowels are back too, as in бала (child), ағылшын (English), қайталау (repeat), жұмыс (work). All the syllables in these words are hard. If the first vowel is front, the remaining vowels are front, as in әке (father), түсіну (understand). It follows that Kazakh words will either contain back or front vowels. If a word has both back and front vowels, like мұғалім (teacher), кітап (book), рахмет (thanks), it is of foreign origin [1].

Consonant assimilation consists of one sound being either totally or partially made similar to another. The main types of change are the following. When suffixes with the initial consonants л-, б-, м-, н-, д- are added to stems with a final consonant, the initial consonant of the suffix is assimilated to the stem final consonant.

For example:

1 After voiceless consonants (-п, -т, -с, -к, -қ) the plural suffix +лар / +лер changes to +тар / +тер:

ат+лар «horses» >аттар

кітап+лар «books» >кітаптар

2 After voiced consonants (-з, -ж, -л, -м, -н, -ң) the plural suffix is changed to +дар / +дер:

жыл+лар «years» >жылдар

қыз+лар «girls» >қыздар

3 Similar rules of consonant assimilation exist for all other suffixes with the above mentioned initial consonants. There is a general voicing of к/қ to г/ғ:

тарақ – comb – тарағым

шық – go out – шығу

4 The consonant п voices to б between vowels:

кітап – кітабым «my book»

көп – many, all – көбіміз «most of us»

Differences in the articulation bases of English, Kazakh and Russian, reflected in the system of consonants, are as follows: the English have a tendency to hold the tip of the tongue in neutral position at the level of the alveoli (or teeth-ridge), whereas the Russians and the Kazakh keep it much lower, at tooth level. The tip of the tongue in the articulation of Russian and Kazakh fore lingual consonants occupies dental position.

In the production of the English and Kazakh [h] the root of the tongue moves in the direction of the pharyngeal cavity. In the articulation of the Russian [x] the back part of the tongue is raised in the direction of the soft palate. Since the Russian articulation basis does not provide any conditions which might result in the articulation of the pharyngeal or glottal [h], Russian learners often use [x] instead of the English [h]. In the articulation of the Kazakh [н, к, ғ] the back part of the tongue is raised in the direction of the soft palate. In the production of English and Kazakh [ŋ] the soft palate makes up a complete obstruction with the back part of the tongue. Russian students are apt to substitute the fore lingual [n] for the back lingual [ŋ].

The English have a specific way of articulating final consonants. Voiced consonants in final position are always weak in English (even partially devoiced). They are called lenis. Voiceless consonants in final position, on the contrary, are strong. They are called fortis. In Russian voiced consonants are impossible in final positions (except sonorants), and voiceless consonants in final position are always weak. In Kazakh sonorants and [з] are possible in final position, e.g. көз, сабаз, азықсыз. There is a specific way of articulating voiceless plosive consonants in English. When they are followed by a stressed vowel they are aspirated, as in «teacher», «paper», «comrade». In Kazakh and Russian they are non-aspirated. There is a tendency to lengthen the English word-ending sonorants before a pause, especially when they are preceded by a short vowel as in «doll», «long», «sin». The similar Russian and Kazakh sonorants are short in the same position [2].

III Teaching targeted language pronunciation in comparison with the native language articulation basis.

This contrastive analysis reveals areas of differences between English and these three different languages and shows the most likely trouble areas the students

will encounter related to pronunciation. Finally, a preliminary assessment will be made as what are the best approaches for teaching pronunciation in Kazakhstan. If we delve deeper we can understand that first we need to consolidate the phonetics of targeted language, particularly articulatory bases.

If a child is having difficulty producing a sound, is it a true error or is it due to influence from his first language? It is self-evident that the transfer would be in two forms: positive and negative.

Positive Transfer

If two or three languages share the same sound, we would expect that the shared sounds would not be difficult for a second-language learner to produce in their second language. For example, in the derivational field of Kazakh and English languages is that in both languages have the same types of syllables: the pronunciation of the English sound [h], it is very easy to teach for Kazakhs students, as the same sound is also in the Kazakh language (қаһарман – hero, or ах-аһ!, Interjection)

In the case of syllabus, Kazakh and English languages both have the same types of syllables:

a) open syllable (syllable, which consists of one vowel or starts from consonant and finishes on the vowel), in Kaz. ә-ке (father), in Eng. a-long,

b) semi-closed syllable (syllable, that starts from a vowel and finishes a consonant): in Kazakh ай (moon); Eng. po-et,

c) closed syllable (syllable, starts from a consonant and ends in a consonant): In Kaz. күн (sun); Eng., night

Negative Transfer

If a sound is not shared by two or three languages, you would expect the second-language speaker to delete, distort or replace the sound.

1 **Deletion:** the students are under the influence of phonetic law of the native language is inserted vowels either before the first consonant, or between two consonants: stand – (i)stand, ask – ask(ə)s, plan – p(i)lan, blame – b(i)lam.

REASON: In the majority of Kazakh words, they do not use more than two consonants at the end of a syllable, and *combination of two consonants* is limited only exceptional cases or in borrowed words.

2 **Distortion:** [t] (т) in the word тiме (do not touch) the middle part of tongue is lifted to hard palate, as for (н), which gives softness to this consonant. – [t] in the word team, tip of the tongue is for the alveolus, the middle part of the tongue to the hard palate is not lifted. Students confuse this spelling position.

REASON: In the Kazakh language only a soft consonant can put before a vowel (н), and in English consonants before [i:, i] is hard.

3 **Replacement:** «west» being pronounced «vest».

REASON: Such sounds do not exist in Russian, so words also such as thin, then and clothes are predictably difficult.

At the same time, teaching stuffs' consideration should be given to the functional load of these certain sounds. It should be noted that diphthongs and consonant clusters are considered difficulty to Russian and Kazakh learners.

For the native language teachers, it would be especially beneficial to have a basic working knowledge of places and manners of articulation and voiced vs. voiceless sounds.

To transfer the speech in the second language and use it in «real-life» situations, it requires the capability to more accurately to teach speech sounds.

Important topics to consider in teaching must include:

1 Individual word stress, sentence stress and construction stress issues are problematic for both Russian and Kazakh learners of English. Russians tend to leave out secondary stress in longer English words and Kazakhs usually put all stresses on the last syllable. Key would be English stress rules should be taught.

2 English rhythm patterns are also difficult for these learners. «Articulation is considered a primary factor in musical expression» says Edmund, David. It means that memorization of poems, songs and dialogues are familiar methods of learning in Kazakhstan, so memory work and the use of jazz chants would work well in this situation.

3 Intonation should be addressed with special attention to yes/no questions, tag questions, alternative questions, wh-questions and fall-rise patterns in warning and sentences of incompleteness.

4 Studying English natural speech phenomena would also help the students better understand native speakers. Lessons on linking, assimilation, deleting and reduction of English words and phrases should be included in the curriculum. Listening, modeling and creative exercises would be important in teaching the natives speech phenomena.

5 When taught accurately and thoroughly, all of the above elements can help the learners better predict pronunciation. This ability to predict will aid them long after completing the class work and will assist them in progressing toward their professional goals [6].

CONCLUSION

When working with a bilingual student, it is important to be aware of typical articulation rules and patterns of speech found in that student's language and dialect. The articulation basis of a language may be defined as the sum total of general tendencies in the movements and positions of the speech organs, both during the speech and in neutral position, characteristic of all the native speakers of that language.

In this article, we tried to compare the differences and similarities of speech sounds in English, Russian and Kazakh language. Theoretically, we classified

these peculiarities in a form of table and distinguish certain features. We hope this material may help students to identify the reasons of difficulties in pronunciation and forward error correction.

We say «knowledge is power», but knowledge without action is useless. And all of these mentioned differences constitute a major source of difficulties for the speaker of Kazakh/Russian. So by using contrastive method foreign language teacher can predict and describe the patterns that will cause difficulty in learning, and those that will not cause difficulty, by comparing systematically the language to be learn with the native of the student.

REFERENCES

1 **Tursunov, D.** A comparative grammar of the Russian and Kazakh languages: A – A., 1987.

2 Теориялық фонетика: шет тілі: екі шет тілі мамандықтарының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы / құраст.: Н. А. Оспанова – Павлодар : Кереку, 2011. – 53 б.

3 **Sultangubiyeva, A., Avakova, R., Kabdrakhmanova, G.** Learning English Pronunciation in Comparison with Kazakh Language / American Journal of Linguistics/ p-ISSN: 2326-0750/e-ISSN: 2326-0769/ 2013; 2(3):/ 33–36/.

4 Differences in the articulation basis of English, Russian and Kazakh/ ID: 73397/ [Electronic resource]. – <http://5fan.ru/wievjob.php?id=73397>.

5 **Mullina, R. M.** Kazakh language, Part 1, Phonetics, Alma-Ata, 1958.

6 **Смит, Р.** Методика обучения языку / Teaching English phonology in the country of Kazakhstan: a preliminary evaluation. – Вестник КАСУ. – № 2. – 2005. – С. 3.

Material received on 20.01.20.

Г. Н. Дукембай¹, А. Искендрқызы²

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі айтылу салыстыру талдау және оның шетел тілінің үйретудегі қолданылуы

^{1,2}Филология факультеті,

Л. Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Г. Н. Дукембай¹, А. Искендрқызы²

Контрастивный анализ произношения в казахском, русском и английском языках и его применение в обучение иностранному языку

^{1,2}Филологический факультет,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 20.01.20.

Фонетика – адамзат арқылы берілетін дыбыстарды, олардың басқа да нақты немесе естілетін формаларын зерттейтін ғылым. Тіл дыбыстарын шығаруға бағытталған, сөйлеу мүшелерінің қызметі артикуляция деп аталады. Өздеріңіз білетіндей, тіл дыбысы және оның дыбыстық жүйесімен байланысы кез-келген түрде қарым-қатынастың алғышарты болып табылады. Егер сөйлеуші тілдің фонетикалық нормаларын бұзатын болса, сөйлем бұрмаланған немесе мүлде түсініксіз түрде тыңдаушыға қиындықпен жеткізілетін болады. Осы мақаланың мақсаты ағылшын, орыс және қазақ тілдерінің артикуляциялық негіздерін салыстыра отырып, айтылу мәнері мәселелерінің шеімін және шетел тілін үйретудегі қолдануы қорсетілген.

Фонетика – это наука изучающая звуки, издаваемые людьми, и их фактические или слышимые формы. Работа органов речи, направленная на производство звуков речи, называется артикуляцией. Как известно, язык как звук и владение его звуковой системой является предпосылкой для общения в любой форме. Речь будет восприниматься слушателем с трудом, искажаться или вообще не пониматься, если говорящий нарушает фонетические нормы языка. Целью данной статьи является сравнение артикуляционной основы английского, русского и казахского языков, что позволит найти решение проблемы произношения при изучении иностранного языка.

Қ. С. Ереалиев¹, Қ. Агинбаева², С. Ж. Ереалиева³

¹ф.ғ.к., профессор, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140002, Қазақстан Республикасы;

²магистрант, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., 140002, Қазақстан Республикасы;

³аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹ergaliev1976@mail.ru; ²a_kuralai_m@mail.ru; ³samal17.12@mail.ru

**ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ
(ТУЫСТЫҚ АТАУЛАР НЕГІЗІНДЕ)**

Мақалада Ф. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы туыстық атаулардың аударылу жайы талдауға түскен. Олар, негізінен, аударудың бес жолының – транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимиялық аударма, үйлесім, перифразалық аударма, калькалау – қайсысымен тәжімаланғаны тілдік деректермен дәйектеле отыра сипатталған.

Кілтті сөздер: аударма, этнографизм, транскрипция, транслитерация, гипо-гиперонимия, үйлесім, перифраза, калька.

КІРІСПЕ

Аударма қандай да бір елдің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, тарихы мен тұрмыс-тіршілігінен, экономикалық, саяси, мәдени т.б. өмірінен мағлұмат беріп қана қоймай, оларды бір-бірімен байланыстырады, тілралық және мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсіреді. Алайда аудару барысында көптеген қиындықтар туындайтыны белгілі. Олар әр елдің өзіндік тілдік және рухани ерекшеліктеріне байланысты болса керек. Бұл осы бағытта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, дербес ғылым саласы ретінде қалыптасуына негіз болды.

Аударма мәселесінің орыс және қазақ тіл білімінде зерделеніп, теориялық негізінің қаланып-дамуына өзіндік үлес қосқандарға А. С. Бархударов, В. Н. Комиссаров, Р. К. Миньяр-Белоручев, Л. Л. Нелюбин, М. П. Алексеев, А. В. Федоров, Г. Гачециладзе, И. А. Кашкин, О. Кундзич, А. В. Кунин, Ю. Д. Левин, П. М. Топер, Я. И. Рецкер, В. М. Россельс, В. Е. Шор, Г. Т. Хухуни, В. Н. Крупнов, А. Л. Пумпянский, А. Д. Швейцер т.б. сынды ресейлік тілтанушыларды, С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, Ә. Ипмағамбетов, Қ. Қанафиева, А. Жовтис, Е. Ғабдиров, Ш. Сарыбаев,

С. Нұрышев т.б. қазақстандық зерттеушілерді жатқызамыз. Ғалымдар аудармаға анықтама беріп, аудару барысында ұшырасатын қиындықтарды саралаған, қалыптасып даму тарихын сипаттаған, аудару жолдарын қарастырған. Ж. Абдуллаева [1], Л. К. Латышев [2], С. И. Влахов пен С. П. Флорин [3], Г. Д. Томахин [4], В. С. Виноградов [5], Н. М. Боргуль мен Т. В. Михайловалардың [6] еңбектерінде аударудың бірнеше жолы көрсетіледі.

В. С. Виноградовтың «Аударматануға кіріспе (жалпы және лексикалық мәселелері)» зерттемесінде аударудың бес жолы талданады: транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимиялық аударма, үйлесім, перифразалық (сипаттау, дескриптивтік, экспликативтік) аударма, калькалау [5].

а) *Транскрипция (транслитерация)*. Мәтінде транскрипцияланған немесе транслитерацияланған сөздер кездескенде, негізінен, оларға сілтеме жасалады немесе аударылған мәтінге түсіндірме енгізіледі.

б) *Гипо-гиперонимиялық аударма*. Бұл тәсілге тектік түсінікке сай келетін аударма тіліндегі сөз бен түрлік реалий сөздерді беретін түпнұсқа сөздің арасындағы эквиваленттік қатынастарды анықтау және, керісінше, тән болып табылады. Мысалы, *нопаль* (кактус түрі), *кебрачо* (ағаш түрі) не *грапа* (арақ түрі) сынды испан сөздеріне аудармада олардың тектік тілралық *кактус*, *ағаш*, *арақ* гиперонимдері сай келеді.

в) *Үйлесім*. Бұл жоғарыдағы аудару жолына жуықтау. Айырмашылығы – үйлесілген сөздер бағынған және бағынатын түсінік емес, тектік түсінік қатынасы бойынша бағындырылған түсінікті білдіретіндігінде. Мысалы, *бомбачтар* – шалбарлар, *мачете* – шапашот, *болоче* – кегли, *ранчо* – лашық. Тектік-түрлік сәйкестікке қарағанда мұндай тілралық сәйкестіктің (толық емес эквиваленттер) түсінік ұқсастығы жоғары болып келеді.

г) *Перифразалық (сипаттау, дескриптивтік, экспликативтік) аударма*. Бұл жағдайда сәйкестік түпнұсқа сөз (немесе фразеологизм) бен мағынасы түсіндірілетін сөз тіркесінің аударылымы арасында көрінеді. Мысалы, *альпаргат* – материялық аяқ-киім, *пучеро* – сиырдың етінен жасалған тағам, *сельве* – тропикалық ағаш. Перифраза негізінен транскрипциямен не транслитерациямен қатар қолданылады.

д) *Калькалау*. Көркем шығармада бұл тәсіл реалий сөздердің мағынасын, яғни жалпы қолданыстағы сөздердің белгілі бір ұлттық бірлігін беру үшін емес, аудармашы автормен бәсекелесе отыра түпнұсқадағы секілді окказионал сөздерді, яғни жеке авторлық жаңа сөздерді қайта жасауда қолданылады. Сондай-ақ калькалау мақал-мәтелдердің тек мағынасын ғана емес, сонымен қатар бейнелік-мазмұндық негізін сақтап аудару үшін де қолданады [5, 118–120 б.]. Ендеше, көркем шығармалардағы этнографизмдердің қандай жолмен аударылғандығын осы негізге салып қарастыруға болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халқының тек тану дәстүрі бойынша әр азаматтың үш жұрты болады: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Туыстық атаулар осы үш жұрттан басталып, жақындық, іліктік қатынас «ағайын», «туыс», «жекежат», «жұрағат», «нағашы-жиен» деп тарқатыла береді. Аталған туыстық қатынастарды білдіретін этнографизмдер Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романын аударуда түрлі жолмен жүзеге асқан.

Нағашы жұртқа қатысты туыстық атаулар қатарына *нағашы*, *жиен*, *жиеншар*, *дегеншар*, *бөле* т.б. жатқызуға болады. Нағашы – шеше жағынан туысқан адамдар. Балаға ананың төркін жұрты нағашы деп аталады. Ол – «сыншыл» келетін үш жұрттың ішіндегі ең сыйлысы. Нағашылар жиендерін әрқашан еркелетіп, сұрағанын беріп отырған. Сондықтан болса керек, дәстүрлі қазақ қоғамында «нағашы жұрт жиеніне қырық серкеш немесе қырық шұбар тай» атау жоралғысы туған. Халық ішінде «Балалығың ұстаса – нағашыңа бар, жігіттің ұстаса – қайныңа бар» деген қағида қалыптасқан.

Жиен – қыздан туған бала. Қазақ халқы: «Қыздан туғанның қиығы жоқ, яғни бөтендігі жоқ», – дейді. Нағашы мен жиен бірін-бірі ешқашан күндемейді, керісінше, олар бірін-бірі жақсы болса, мақтаныш тұтады. Шығармада осы этноатаулар, негізінен, транскрипция (транслитерация) және перифразалық аударылу жолымен берілген. Мысалы, – *Шіркін, құдай осы кең дүниені жаратқанда Алтай-Қарықтан бір кісіні шақырмады ма екен сол съезге?.. Екі нағашыма екі Ұлытау, екі Балқаш, екі Нұра, екі Майқұдық жасап берсе гоі, жылдағы жанжалдың бірін көрмейміз... – деп, ерке жиен Сейіт Байжанға қарады* [7, 20 б.].

– *Проглядел аллах, когда творил этот просторный мир, – повернулся к Байжану юный Сеит. – Не позвал на свет ни одного представителя из рода Алтай-Карпык. Создай он для каждого из обоих моих нагашы две Улытау, два Балхаша, две Нуры и два Майкудука, не было бы этих скандалов каждый год* [8, 28 с.].

Келесі мысалда «нағашы» сөзінің тұлғасы өзгертіліп «нағашы» деп аударылған: – *Әлде қожаның балдызына қызығып, есің шығып жүр ме? – деді Айғанша. Сейіт бұған да үндей алмады.*

– *Нағашыңмен бажалас та болғың келетін шығар?.. – деді Айғанша. Ерке де еркін сөйлеп үйренген әйел байының сыры ашылып жатқанына қараған жоқ. Сейітке қожаның балдызын алып беріп, қожамен бұрынғыдан гөрі де жақындасып кеткелі жүрген байының ыңғайын жақтырмай, Айғанша аузына ие бола алмай қалды* [7, 367 б.].

Поблел Сеит, сделался точно мертвец. А сказать – ничего не сказал.

– *А может, тебе балдыз ходжи больше по душе? – посмотрел на Сеита с подозрением. – Ну да, наверно, как твой нагашы, тоже метишь в тот дом.*

Айғанша нечаянно выдала свою тайну. Игилик и правда хотел женить Сеита на свояченице – балдыз ходжи и стать совсем уже своим человеком в его доме. А ей и то было горько, что зимовки их с ходжой будут теперь рядом [8, 352–353 с.].

Аңғарғанымыздай, бірінші мысалда аудармашы «нағашы» этноатауын орыс тілінде транскрипция (транслитерация) және перифразалық аудару – реципиентке түсінікті болуы үшін осы беттің астында аталған сөздердің түсіндірмесін орналастыру – жолымен берген: «*нағашы – родственник по линии матери*» [8, 28 с.]. Сипаттау жолының қолданылуы сөздің мағынасын реципиентке түсінікті етіп беруді көздеуден туындаған. Екінші мысалда аталған реалийдің мағынасы бір рет түсіндірілгендіктен аудармашы оны келесіде тек транскрипция (транслитерация) жолымен беруді ұйғарған. Себебі оның мағынасы оқырманға түсінікті болады.

Келесі бір мысалда *нағашы* сөзі үйлесім жолымен тәржімаланған. Мысалы: *Кейбір үйдің балаларында әркімге тартып туатын бір әдет болады... Нағашысына да тартады, нағашысының ауылының кейбір жігіттеріне де тартады* [7, 271 б.].

Такова уж беда иных семей! Отцу хочется, чтоб сын получился похож на него, а он удаётся в мать или в ее родню. [8, 274 с.] Мұнда аудармашы «нағашы» сөзін орыс тілінде «анасы және оның туыстары» деп берген.

Қазақ халқының туыстық атауларын білдіретіндердің келесі қатарына *абысын*, *жеңге*, *келін* т.б. жатқызамыз. А. Қ. Тұрышевтың пікірінше, «*жеңге* сөзі *жең* және *-ге* қосымшасы арқылы жасалған [9, 42 б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Жеңге – ағаның, жасы үлкен туыстардың әйелі (жасы кішілерге қатысты)*», – деген анықтама берілген [10, 83 б.]. Жасы үлкендер үшін «келін», кішілер үшін «жеңге» деп аталатын бұл адамның ауыл, үй, тәлім-тәрбие үшін орны айрықша. Ол, әсіресе, өзінен кіші қайнылары мен қайынсіңлілері үшін әзіл-қалжыңы араласа жүретін сүйкімді де сыйлы адам [11, 15 б.]. Дей тұрғанмен, қазақ халқының танымында *жеңге* жайлы екіұшты көзқарас ұшырасады. Кей аналар келіндеріне сенбегендіктен бойжеткен қыздарын олармен оңаша қалдырмаған не бірге ілестірмеген. Сондықтан да болса керек, «*қызды жеңге, жеңгені теңге бұзады*», «*аға алғанша, жеңге жегенше*» сынды түсінік қалыптасқан. Сондай-ақ «*Ағасы ақылдының ауылы азбайды, Жеңгесі шебердің жеңі тозбайды*» деп жеңгелердің еңбекқорлығы да баяндалады.

Шығармадағы «*жеңге*» этноатауының аудармасы транскрипция (транслитерация) жолымен жүзеге асқан: *Алласының осындай сыпаттарынан хабары болып көрмеген Жұбай жеңгей құдық басында сол ұлығдұрдың өзін сілейте қарғап жүр... Именер де, ығысар да емес. Даусы ащы да қатал, зілді де кекті шығады.*

– *Қу құдай, шұнақ құдай, саңырау құдай, құрғығыр құдай!..* [7, 262 б.]

Женгей Жубай не слыхала ни об одном из этих достоинств аллаха. Она стояла у колодца и на свой лад изо всех сил честила всемогущего, и не было заметно робости в ее голосе. Ругала, укоряла сердито и горько, громко кляла:

– О бесплодный бог! Глухой и слепой кудай! Проклятый, несправедливый аллах!.. [8, 266 с.].

Сонымен, шын қадірлейтін есті жеңгесіне жолығуға Игіліктің өзі келе жатыр [7, 32 б.].

И вот Игилик идет к своей умной жеңге, потому что действительно уважает ее [8, 39 с.].

Қазақ халқының іліктік, туыстық қатынасын білдіретін қатарға *ата, әже, әке, шеше, аға, іні, қарындас, сіңлі, бәйбіше, тоқал* т.б. жатады. Оларды бір сөзбен ағайын, туыс деп атайды. Ағайын – қиын-қыстауда, қайғы-қасіретте бір-біріне қолдау жасайтын, ауыртпалықты бірге көтеретін, жиын-тойды, қызық-қуанышты бірге ұйымдастыратын, атқаратын қан жағынан жақын туыстар, бір атадан өрбіген ұрпақ. Халық арасындағы «Ағайын тату болса, ат көп, Абысын тату болса, ас көп», «Ағайынға қарап бала өсер, Қарағайға қарап тал өсер», «Ағайынның қадірін жалалы болсаң білерсің, Ата-анаңның қадірін балалы болсаң білерсің», «Бауыр шырын, бас тәтті, Ағайынмен ішкен ас тәтті» сынды мақал-мәтелдер ағайын бірлігін, тұтастығын, ынтымағын уағыздаудан туған. Ағайын-туыстар жеті атаға дейін қыз алысып, беріспеген. Бұл заңдылық бүгінгі таңға дейін қатаң сақталған.

Жазушы шығармасында кездесетін туыстық этноатауды білдіретіндердің бірі – бәйбіше. Бәйбіше сөзі екі түрлі ұғымда қолданылады: «1) көп әйелді адамның ең алғашқы үлкен жамағаты, зайыбы. 2) Жасы үлкен егде тартқан әйелдерге айтылатын құрмет, ізет сөз» [12, 184 б.]. Ол екі сөздің бірігуінен жасалған күрделі атау: бай – күйеу, бише – оның жұбайы. Туындыда «бәйбіше» сөзі транскрипция (транслитерация) және сипаттау жолымен аударылған. Мысалы, *Қаңтарулы аты қасында, қамшы мен шылбыр белінде, Көпей бәйбішенің қай жерден қапы кетерін аңдып, ақырып қалуға әзір отыр* [7, 6 б.].

Приказал тотчас же ставить белую юрту, теперь сидит наблюдает, готовый сорваться, накричать. Старшая жена, байбише Копей, двигается неторопливо, но повода для придирок не дает – с пятнадцати лет замужем, успела изучить характер Жумана [8, 14 с.].

Бәйбішенің қапысын таба алмай, ыза болып отырған Жұманның құлағына қатар қонып жатқан қас ауылдың қатты күлкілері естіледі [7, 7 б.].

Жуман сидит – злой на всех и на себя. Никак ему не удастся подловить байбише, сорвать гнев [8, 15 с.]. Орыс тілінде «бәйбіше» сөзінің аудармасы болмағандықтан, ол тәржімалаудың осы екі жолы арқылы берілген. Бұл оқырманға сөз семантикасын дұрыс әрі түсінікті жеткізуге септігін тигізгені анық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Екі елдің өзара байланысы қатысымдық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар көркем шығармаларды аударып, сол халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысу арқылы да жүзеге асады. Түпнұсқадағы ұлттық ерекшелікті жоғалтпай басқа тілге аудару және оқырманның түсініп, қабылдауынан шығу аудармашының тілдік шеберлігі мен елтанымдық білімі жоғары болуын талап етеді. Б. Т. Кульбаева: «Шетелдік» мәдениетпен (жат мәдени мәтінмен) байланысқа түскен реципиент оны интуитивті түрде өзінің мәдениет призмасы арқылы қабылдайды, нәтижесінде әртүрлі түсінбеушілік пайда болады ...», – деп, оқырман өзге елдің мәдениетін өз танымы тұрғысынан қабылдайтынын айтады [13, 3 б.]. Осыған орай реципиентке түсінікті болуы үшін туыстық этноатауларды аударғанда аудармашы көбіне-көп транскрипция (транслитерация) және перифразалық жолға жүгінген. Үйлестіре тәржімалау өте сирек ұшырасады, ал гипо-гиперонимиялық аударма мен калькалау мүлдем пайдаланылмаған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Абдуллаева, Ж.** Көркем мәтіндегі ұлттық колоритті жеткізу мәселесі // «Ақиқат» журналы, 2012. – №12. – Б. 123–127.

2 **Латышев, Л. К.** Перевод: проблемы теории, практики и методики преподавания. – М. : Просвещение, 1988. – 198 с.

3 **Влахов, С., Флорин, С.** Непереводимое в переводе. – М. : Международные отношения, 1980. – 342 с.

4 **Томахин, Г. Д.** Реалии – американизмы. Пособие по страноведению: Учеб. пособие для ин-тов и фак. иностр. яз. – М. : Высш. шк., 1988. – 239 с.

5 **Виноградов, В. С.** Введение в переводоведение (общие и лексические вопросы). – М. : Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.

6 **Боргуль, Н. М., Михайлова, Т. В.** Особенности передачи национальных реалий казахского языка на английский язык // Вестник Кокшетауский государственного университета имени Ш. Уалиханова. Серия филологическая. – № 4. – Кокшетау, 2013. – С. 49–54.

7 **Мүсірепов, Ф.** Бес томдық шығармалар жинағы. Том 3. – Алматы, 1974. – 483 б.

8 **Мусрепов, Г.** Пробужденный край. Книга первая. –Алма-Ата : «Жазушы», 1985. – 445 с.

9 **Тұрышев, А. Қ.** Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет лексикасы: монография. I том. – Павлодар : Кереку, 2008. – 273 б.

10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том. Ж-К (жаттанды – кесу). – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1979. – 672 б.

11 **Кенжеахметұлы, С.** Туыстық атаулар сыры. – Алматы : Ана тілі баспасы, ЖШС, 2003. – 48 б.

12 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б-Г. – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1976. – 695 б.

13 **Кульбаева, Б. Т.** Лакуна как фрагмент национальной картины мира: автореф. ... канд. филол. наук. – Кокшетау, 2010. – 24 с.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

К. С. Ергалиев¹, К. Агинбаева², С. Ж. Ергалиева³

Отражение этнографизмов в переводе (на основе родственных отношении)

^{1,2}Павлодарский государственный педагогический университет, г. Павлодар, 140002, Республика Казахстан;

³Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 20.01.20.

K. S. Yergaliyev¹, K. Aginbaeva², S. Zh. Yergaliyeva³

Reflection of ethnographisms in translation (based on kinship)

^{1,2}Pavlodar State Pedagogical University, Pavlodar, 140002, Republic of Kazakhstan;

³S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 20.01.20.

В статье произведена попытка анализа способов перевода родственных отношений в романе Г. Мусрепова «Пробужденный край». Они описаны, в основном, при использовании пяти способов перевода – транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимический перевод, сингармонизм, перифразический перевод, калька – с обоснованием языковых данных переводимых слов.

The article attempts to analyze the ways of translating kindred relations in G. Musrepov's novel «Awakened Land». They are described mainly when using five translation methods – transcription (transliteration), hypo-hyperonymic translation, syngarmonism, peripheral translation, tracing – with language data justification of the translated words.

FTAMP 17.82.30

М. Т. Есмамова¹, Ж. Т. Қадыров², Г. С. Казыбаева³

¹ф.ғ.к., доцент, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы;

³магистрант, 2 курс, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тіл және әдебиет институты, Петропавл қ., 150000, Қазақстан Республикасы

С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Мақалада бейвербалды амалдардың көркем шығармаларда қолданылуы қарастырылады. (С. Мұқановтың «Адасқандар» романынан, «Балуан Шолақ» повесінен мысалдар келтірілген). Мақаланың мақсаты – тілсіз қарым-қатынас құралы – кинесикалық, просодикалық, такесикалық, проксемикалық бейвербалды амал-тәсілдер арқылы іс жүзіне асатын қарым-қатынас түрін талдау. Зерттеудің нәтижелері С. Мұқановтың шығармашылық мұрасына қатысты бейвербалды амалдарды зерттеу барысында пайдаланылуы мүмкін.

Кілтті сөздер: бейвербалды амалдар, кинесика, просодика, такесика, қарым-қатынас, ұлттық ерекшелік, семиотика.

КІРІСПЕ

Қарым-қатынас кезінде ауызша және жазбаша қолданыстармен бірге паратілдік құралдарды пайдаланудың маңызы өте зор. Сөйленістің вербалды тәсілдерімен бірге жүретін кинесикалық, проксемикалық, просодикалық амалдар, қимылдар лингвистикада бейвербалды қатынастың құрамында болатынын түсіндіреді. Паратілдік құралдар да дыбыстық сөздер сияқты өте тиімді және ыңғайлы болып есептеледі. Шынында да, адамдар бірін-бірі тіл арқылы ғана емес, қимылдар арқылы да түсінсе алады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста хабар мен көңіл-күй, сезімнің және де айтылатын ойдың көбі бейвербалды амалдармен берілуі мүмкін. Бейвербалды амалдардың қажеттігіне қарамастан, қазіргі кезге дейін тіл білімі саласында осы мәселе төңірегінде қалыптасқан түрлі көзқарастар,

пікірлер көп емес, дегенмен де оны ары қарай зерттеуді талап ететін мәселелер баршылық.

Осы мәселе тұрғысында қарастырылған ғылыми хабарлардың басым көпшілігі теориялық анықтама, жүйелеулер түрінде болғанымен, тәжірибе жүзінде пайдалану дұрыс жолға қойылмады. Ғалымдардың біразын осы теориялық және тәжірибелік жағынан түрлі аспектіде қолданылатын кинемалардың мәселелері қызықтырды. Шет елге сапарға барған кезде, шет тілін үйрету тәжірибесінде, қарым-қатынаста бейвербалды амалдар үлкен маңызға ие болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

XX ғасырдың орта шенінде жаңа ғылым салалары өмірге келіп, қанат жая бастады. Солардың бірі соңғы кезде дами бастаған қарым-қатынастағы бейвербалды амалдарды үйрететін және оны зерттейтін – паралингвистика ғылымы.

Тіл білімінде бейвербалды тілдің тоғыз түрі жиі аталады: Олар: 1. Кинесика (дене қозғалысы); 2. Вокалика (паралингвистика, дауыстың акустикалық ерекшеліктері); 3. Физикалық сипаттама (дененің формасы, оның өлшемі, шаштың түсі); 4. Хаптика (такесика, жанасу); Проксемика (қашықтыққа қарай орналасу немесе қашықтыққа коммуникативтік актіде мән берілуі); 6. Хрономика (уақыт); 7. Артефактілер (киімдер, әшекейлер, косметика) 8. Ольфактика (иістер); 9. Эстетика (музыка, түс); 10. Ритуалдық, мультипликациялық түр [1, 10 б.].

Сонымен бірге, бейвербалды амалдардың семиотикаға байланысты төмендегідей түрде жіктелуі орын алған. Ондай жіктеуге ғалым Б. Момынованың «Қазақ ым ишараттарының түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде мынандай анықтамалар берілген:

Кинесика. Адамдардың эмоциялық рефлексдерін бейнелейтін дене мүшелерінің қимыл-әрекеті. Кинесикаға қимыл, ым-ишара, қозғалыс, кейіп, жүріс-тұрыс жатады. Коммуникологияның бұл бөлімі бейвербалды коммуникацияда әрқайсысы адамның дене мүшелері арқылы жасалатын белгілі бір мағынаға ие қимылдарды қарастырады және бейвербалды коммуникацияның бір түріне жатады, сондай-ақ, бейвербалды коммуникацияның технологиялары көп байқалатын бөлім болып табылады.

Осы бөлініс бойынша кинесиканың өзі іштей: ым («мимика»), ишарат («жест»), дене қалыбы («поза») деген түрлерге ажыратылады. Әр бөліністің ішінде дінге, ділге, табиғат пен қоршаған ортаға, күнделікті тұрмысқа, әртүрлі тіршілік жағдайына қарай қалыптасқан бейвербалды амалдар орналасады.

Қаламгердің «Адасқандар», «Балуан Шолақ» шығармаларын негізге ала отырып, бейвербалды амалдардың семиотикаға байланысты жіктелген

түрлеріне қарай бөліп қарастырдық. Талдау жұмысымыздың басты мақсаты, сөйлесу барысында ойдың тілмен қатар ым-ишарамен, қимыл қозғалыспен берілуін аталған шығармадан алынған мысалдар арқылы көрсету. С. Мұқановтың «Адасқандар» романындағы, «Балуан Шолақ» повесіндегі бейвербалды амалдарды қарастыру барысында олардың мәтіндегі қолданысына тоқталамыз.

Мысалы: 1. – *Мынау не қағаз? – деді Салқамбай оқып болғаннан кейін Мейізге бір, маған бір адырая қарап, үйде үшеуімізден басқа кісі жоқ* [2, 254 б.]. Көркем шығармадан келтірілген бұл мысалда бейвербалды амал түсінісбестік жағдай орнаған кездегі қатты ашуланған адамның көзқарасы ретінде жұмсалып тұр.

Ал, Б. Момынованың «Қазақ ым ишараттарының түсіндірме сөздігінде»: «*Адырая қарау*» бейвербалды амал – көзі шарасынан шыға, адамға ызамен тік қарау, жалт қарағаннан гөрі жанарын қарсыласының бетінде ұзағырақ ұстап тұру, тіктеу. Ежірейе қараған адамның қабағы ерсілеу түйіледі, қастары жоғары көтеріледі, маңдайы жиырылған кезде бірнеше сызық, қатпарлар пайда болады. Көздің қарашығы кішірейіп көрінеді, ал көз шарасы үлкейеді» деген сипаттама береді. Түсіндірме сөздікте жақтыртпау мағынасында жұмсалады.

2 *Өрік дауысты естігеннен кейін, түсінен кейін шошыған адамдай селт ете түсті де, көзін қатты қысып тұрып, қайтадан ашып, мұғалімге қарады: көз пернесі өткірленген екен «Енді қайтып жарық сәулені көрмеймін, көзім талғанша қарайын» дегендей, көзі оттай жанып, кірпігін қақпастан мұғалімге тесірейіп қарады* [2, 259 б.]. Бұл келтірілген мысалда екі бейвербалды амал кездеседі: селт етті, тесірейіп қарау.

«*Селт етті*» бейвербалды амалы Б. Момынованың түсіндірме сөздігінде «*селкілдеу*» мағынасында берілген. Яғни, адам тұла бойымен селкілдеуі, дірілдеуі, қалшылдауы мүмкін. Қорыққан кезде, күлген кезде адамның өне бойы селкілдейді деп анықтама берілген. «*Тесірейіп қарау*» бейвербалды амалы бір адамға көз алмай тұрып қарап қалу және кейде айтып тұрған сөзін тоқтатып қарау. Мұндайда адам өзі таңдап алған нысанына көз жанары өткірленіп қарайды деген анықтама жоғары аталған ғалымның түсіндірме сөздігінде берілген. Талданған бейвербалды амалдар көркем шығармада да сол мағынасында қолданған.

3 *Паң Нұрмағамбет балуан Нұрмағамбетті қарсы алдына шақырып алды да : – Жай қолыңды! – деді. Нұрмағамбет екі қолын көтеріп, алақанын жайды* [3, 43 б.].

Б. Момынованың «Қазақ ым ишараттарының түсіндірме сөздігінде»: «*алақанын жаю*» бейвербалды амалын «*қол жаю*» бейвербалды амалымен алмастыруға болады. «*Қол жаю*» – жайылған алақандарын алдында, кеуде

тұсында ұстау деген сипаттама берілген. Тілек тілеу, Алладан жақсылық сұрау және мал сойылар алдында бата тілеу мағынасында жұмсалады. Ал, шығармадан келтірілген мысал бата алу мағынасында қолданған.

4 *Жұмарлақтап алған үш саусағымның басымен терезені тықылдатып-тықылдатып қалғанымда, бір көзі саудыр етіп жерге түсе қалды.*

– *Бұл кім еді, ойбай-ай!* – *деді бір абыржып, қысылып, зорға шыққан әйел дауысы* [2, 274 б.].

Бұл келтірілген мысалдан *бір көзі саудыр етіп жерге түсе қалды* бейвербалды амалын Б. Момынованың қазақша түсіндірме сөздігіндегі *көзін төмен салу* бейвербалды амалымен алмастыруға болады. «*Көзін төмен салу*» бейвербалды амалы көздің қарашығын төмен түсірген кезде басты алға қарай сәл иіп, я болмаса басты бір жағына қисайта ұстап тұру. Ешкімге де тіктеп қарамау, аяқ астына, төмен қарау. Сөзіндірін қарсы жаққа ашық көрсетпеу, жасырын ұстаудың амалы деген түсіндірме беріледі. Қаламгер бұл мысалда қорыққан төмен қарау мағынасында қолданған.

5 – *Бала бармайды. Барса, мен тоқтатпаймын, – деді, әкем, бұл кезде «бармаймын де» дегендей маған көзін едірейтіп, қабағын түйіп, басын шайқады* [2, 244 б.].

«*Көзін едірейту*» – «*көзі ажыраю*» бейвербалды амалымен алмастыруға болады. Адамның жан-сезімін шынайы жеткізетін дене мүшелерінің ішіндегі ең маңыздысы – көз. Көз арқылы адам ризашылығын, сүйінішін, бақытты-бақытсыз сәттерін, қайғы мен қуанышын, шаттығын жеткізеді. Көзі ажыраю – адамның біреуге қарағанда көз аңғарының кең ашылып, қарашығының кішірейіп, ағының үлкейіп кетуі деген түсініктеме беріледі. Ашу белгісі мағынасын білдіреді. Бұл мысалда да ашулану үстінде әкесінің орындаған ым-ишарат екенін байқадық. «*Қабағын тую*» – маңдай терісінің жиырылып, екі қастың маңдайдың ортасында түйісе жақындауы. Қабақ екі қастың ортасына қарай жиырылып, бір-біріне жақындайды, қас түйілген кезде екі қастың ортасында (қос) сызық пайда болады, ал қастың қанаты көтеріліңкіреп тұрады деп Б. Момынова қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігінде осындай түсініктеме берген. Бұл ым-ишарат бірнеше мағына береді. Соларға тоқталып кетсек, яғни ойлану, ашулану, жаратпау, жек көру, жаратпау, ұнатпау, келіспеу, қарсылық таныту, жоққа шығару, амалы жоқтық, шарасыздық күйінің көрінісін сипаттауда жұмсалатын ым-ишарат. Бұл берілген мысалдан әкесінің баласына *қарсылық таныту кезіндегі* орындалған ым-ишарат екенін байқаймыз.

«*Басын шайқау*» бейвербалды амалының түсініктемесі. Әлденеше рет басты оңға, солға жылдамдата бұру. Адамның қабағы түйіліп, көз жанары өткірленіп, еріндері қымқырыла түседі. Жақтыртпау, келіспеушілікті білдіру, қарсылық таныту жоққа шығару, тандану таң қалу, таң қалу әрі аяушылықты

білдіру, сенімсіздік білдіру, жаны ашу, аяу, мүсіркеу, келіспеу, мойындамау әрі жақтыртпау, өтіну, сұрау, жалыну, өкіну деген мағынаны білдіреді. Келтірілген бұл мысалда қаламгер кейіпкердің *келіспеу* мағынасындағы ым-ишаратты сипаттауда қолданған.

Просодика: интонация; діріл (тембр); дауыс екпіні мен қарқындылығы, дем алыс; жылау; күлу; қыстығу; сыбырлау т.б. амалдарды жатқызамыз. Коммуниканттардың дауыс екпінін, тонын, жиілігін, ырғағын байқау олардың ойы мен сезімдерінен хабардар болу үшін маңызды. Интонацияның, басқа да просодикалық амалдардың түрлі сезімді білдіруі, күнделікті тұрмыста та кездесе беретін түрлері болады.

Мысалы: 1 – *Мен не қылыптың? Жазғаным асырап адам қылғаным ба? – деді Шапылдақ шалпылдап* [2, 245 б.].

Бұл келтірілген мысалда бейвербалды амалдың просодика түрі қолданылған, яғни дауыс екпіні мен қарқындылығы жоғары темпте айтылған. Ал, Б. Момынованың «Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігінде»: «*шалпылдап*» бейвербалды амалын «*шаңқ ету*» бейвербалды амалымен алмастыруға болады.

Түсіндірме сөздікте жақтыртпау, тыйым салу мағынасын береді. Шаңқ ету, шәңк ету немесе шәңкілдеу, барқ ету пейоративті дауыс түрлеріне жатады. Дауыстың оқыстан әрі тым қатты шығуы. Ал, келтірілген мысалдағы бейвербалды амал кейіпкердің ашу үстіндегі дауыс тембрін сипаттау мақсатында қолданған.

2 – *Сол Өрікпен мұғалім көңілде болды, – деді Мүсәпір күлімсіреп* [2, 247 б.]. «*Күлімсіреп*» езу тарту үшін де, жымуы үшін де, күлімсіреу үшін де адам езуін қозғалтуы, қимылға келтірілуі тиіс. Адамға біреуге ұнау мақсатында, ұнатқанда, өзгемен сезімін бөліскенде, қуанышты сездіру кезінде осы ым-ишаратты қолданады. Бұл шығармадан алынған «*күлімсіреу*» бейвербалды амалы қаламгер біреуге сезімін бөліскендегі адамның қимылын көрсеткен.

3 *Иман айтты? Ішінен зарлап жылады ма, – онысын өзі біледі, Өріктің көзі жұмылғаннан кейін мұғалім аузы бірдеме деп күбірледі. Бірақ күннің көзінің жоғары жиегі айнадай ашық көктің етегінен жасырынып, жер астына жоқ болуға пышақ сыртындай ғана қалыңдығы қалған кезде, иегі дірілдеп, ерні қыбырлап, жан тәсілім қылуға ықшына бастаған Өрікке шыдай алмай, орамалымен бетін басып, өкіріп жата кетті* [2, 250 б.].

Көркем шығармадан келтірілген мысалдан просодиканың төрт түрін талдау жасалды: «*күбірлеу*», «*иегі дірілдеу*», «*ернін қыбырлату*», «*өкіру*». Енді осы просодиканың түрлеріне жеке тоқтала кетсек: «*Күбірлеу*» – дыбыс түрі. Адамның даусын өте ақырын шығаруы. Маңайындағылардың бірі естігенмен, бірі естімеуі мүмкін. Қорқынышты бастан кешіру мағынасында жұмсалады.

«*Иегі дірілдеу*» – Ішкі сезім әсерінен иекке ұсақ дірілдің жүгіруі. Көңілі босау, мою мағынасында қолданады. Қаламгер шығармасында өлім үстінде жатқан Өріктің мою кезіндегі іс-әрекетін сипаттайды.

Б. Момынованың «Қазақ ым ишараттарының түсіндірме сөздігінде»: «*ерні қыбырлап*» бейвербалды амалын «*ернін жыбырлату*» бейвербалды амалымен алмастыруға болады.

«*Ернін жыбырлату*» – көңілсіз күйде еріндерін болар болмас қозғап, амандасу ишаратын жасау деген сипаттама берілген. Көңілі қалған немесе амалсыздықтың күйін кешу мағынасында жұмсалады. Қаламгер бұл бейвербалды амал арқылы кейіпкердің амалсыздықтың күйін кешіп отырғанын сомдайды.

«*Өкіру*» қатты дауыс шығарып, ішін тарта айқайлап жылау. Амалсыздық, дәрменсіздік, амалы таусылу, күйікті көтере алмау деген мағынада жұмсалады. Бұл бейвербалды амал көркем шығармада да кейіпкердің амалсыздығын, дәрменсіздігін, амалы таусылғанын, күйікті көтере алмағандығын суреттеу мағынасында жұмсалған.

4 – *Мұғалімнің жазған хаттары Өріктің сандығында қалды-ау, артынан оларды кім алды екен? – дедім Мүсәпірді бөліп, орысша айтқанда, оқиганы переживать етіп. – Ол қағаздар былай болды, – деді Мүсәпір күрсініп. – Үшін берген күні кешке Меруерт Өріктің сыртын оюлаған қол сандығын ақтарып ашып: «Қайда кеттің құлыным?» деп жылап отыр екен [3, 250 б.].*

«*Жылау*» – семантикасы стереотиптен бейвербалды амал. Көзден жас тамшыларының шығуы мен жас шыққан кезде үннің араласуы арқылы орындалады. Үн әртүрлі болып шығады. Қатты дауыс шығарып жылаған кездегі үндер бөлек-бөлек. Оның үстінде реніш пен көңілсіз жайттар кезінде бұл бейвербалды амалдар көп орындалады. Сондықтан жылау дегенде адам жадына бірден қайғылы, ренішті жағдай оралады. Бірақ коммуникация кезінде жылау тек қайғылы жайтты емес, қуанышты да білдіреді. Білдіретін мағынасы: тәубаға келу, шүкіршілік ету, қатты қуану, қуанышқа кенелу, әйелдер шер тарқатқысы келсе, қатты ренжісе, қатты қуанса, қатты қорықса, қатты жәбірленсе, көз жастарына ерік береді, жылап алады. Қаламгер кейіпкердің болған қайғылы оқиғаны кейіпкердің өкінуін сипаттау қолданған.

«*Күрсіну*» – проксодикалық амал. Демді мұрын арқылы терең алып, мұрын арқылы қайтадан шығару, асықпай шығару. Шарасыздықтың жеткізілуі, сүйсіну, таңдану, амалы таусылғандықтан, шарасыздықтың белгісі, күйіну, ренжу, шарасыз, амалсыз күй, көңілдің қалуы және күдікті, күйінуді күрсінумен жеткізу, қапалану, уайымға салыну, қайғыға берілу, мұңға бату, қынжылыс, қамығу, күйзелісті күрсіну арқылы шығару, ойдың

астарлы екенін білдіріп алу, тығырыққа тірелу, қандай да бір ауыр сезімнен, еңсесін басқан зілбатпан ойдан, арқалаған сезім жүгінен жеңілдегенін де адам күрсіну (терең тыныстау) арқылы жеткізеді, өкінішпен пен күйеніштің араласуы, өкініш мағынасында жұмсалатын ым-ишарат. Бұл берілген мысалда кейіпкердің күйінуді күрсінумен жеткізуді сипаттап тұр.

Проксемика: Таңбалар жасалуына қарай әртүрлі болып келеді. Бейварбалды құралдардың бір тобы оптикалық таңбаларға жатады. Олардың ішіне «проксемика» (латынның «жақындап келемін», «жақындадым» деген мағынаны білдіретін «proximo» сөзінен шыққан) іскерлік әңгіме кезінде арақашықтықтың қалай сақталатынын, оның қандай мән беретіндігін зерделейді.

Мысалы: 1 – *Жаза баспасам, Бүркіт бауыр сен шығарсың? – деді дудар шаиш маған бетпе-бет қарсы кеп [2, 239 б.].*

2 *Паң Нұрмағамбет балуан Нұрмағамбетті қарсы алдына шақырып алды да:*

– *Жай қолыңды! – деді [3, 43 б.].*

Б. Момынованың «Қазақ ым ишараттарын түсіндірме сөздігінде», Бетпе-бет қарсы кеп бейвербалды амалын «қарсы жүріп қасына бару», «қарама-қарсы алдына шақырып алу» нұсқасында алуға болады. Проксемикадағы өте жақын қашықтық, 1 метрге жетер-жетпес кеңістікті білдіреді. Коммуниканттардың жақын араласатынын білдіреді, жақындықты сездіртеді. Бұл бейвербалды амал шығармада да жақындап қасына барғанын суреттеуде қолданған.

3 – *Әйтсек, әйтейік, деп Мүсәпір, мына Қыземшектің Қызбелдің салтанатты дөңін көзімен шолып біраз қарап тұрып, «сұлу жер екен» деді де, менің қасыма отыра кетті [2, 239 б.].*

«*Отыра кету*» – адамның тұрған жерінде бір жамбасына қисайып, (әйелдердің), я тізерлеп ерлердің тез отыра кетуі деген сипаттама беріледі. Бір нәрсеге көзі жетіп, көңілі тыныш тапқандағы дене қалыбы сипатында қолданылады. Бұл жерде қаламгер кейіпкердің қасына жақындай отыра кетті деген мағынада жұмсалған.

4 *Қара маска күрескен адамның мойнын аңдып, алқымын қысқан қалтымен аралап шаоқасынан жығатынын Балұақ Шолақ мана байқаған. Сол тәсілін істегісі кеп, Қара маска ыңғайлана бергенде, жалт беріп бұрылған Балұан Шолақтың қусырған құшағы мойнына тұзақтай түсіп кеп кетті [3, 46 б.].*

«*Бұрылу*» – Б. Момынованың «Қазақ ым ишараттарын түсіндірме сөздігінде», бүкіл денесімен бұрылу (қасындағы кісіге) деген анықтама берілген. Құрмет көрсету белгісі, бұрылған кісінің ден қоятынын сездіреді. Ал, келтірілген мысалда кейіпкерлер арасындағы қимыл әрекетті сипаттап тұр.

5 *Біз биені байлап, үйге қарай аяңдай бергенде, шашы дударланып, иығына плащын жамылып, талдырмаш тау бір жігіт біздікінен шығып, бізге қарсы аяңдады* [2, 238 б.]. Бұл келтірілген мысалда бейвербалды амалдардың үйге қарай аяңдай бергенде, бізге қарсы аяңдады проксемика түрін кездестіреміз. Яғни, бұл мысалда коммуниканттардың бір-біріне деген жақындықты көреміз.

Такесика немесе жанасу арқадан қағу, қолынан сипау, итеріп жіберу, т.б. амалдардан көрінеді. Жанасудың мағыналық қырлары шексіз деуге болады. Өзге топтар құрамында жүруі, бірнеше параамалдар құрамында жүруі, қайталануы бұл топқа жататын бейвербалды амалдарға да тән.

Мысалы: *Мынау не қағаздары екен қалқамның? – деп маған беріп, өзі бір шүберекке тарағаннан түскен Өріктің шашын тауып алып, шашты бір бауырына басып, бір мұрнына иіскеп, бүйірін таянып ап айқайға басты* [2, 250 б.].

«*Бүйірін таяну*» екі қолды да шынтағынан бүгіп, алақандарын сыртқа қаратып, мықынға таянып, екі жаққа кезек теңселе түсіп отырған жоқтаушы әйелдер мұндайда дауыс сала жоқтау айтып отырады. Бейвербалды амалдың беретін мағынасы: қайғырудың белгісі, жоқтауды білдіреді. Бұл келтірілген мысалды қаламгер жоқтауды сипаттау мағынасында жұмсалған.

2 – *Өле алмай жүріп, саған қыз не керек, әкеңнің-ау... – деп Салқамбай томпақтай жұдырығын түйіп ап, жақтан салып кеп жіберді* [2, 254 б.]. «*Жұдырығын тую*» түйілген жұдырығын қолын жоғары көтере түсіп, өзінен біраз жерде тұрған балаға көрсету көбінесе балалар тарапынан орындалатын ишарат. Берілетін мағынасы: күш көрсету, қыжылы барын білдіру, күш көрсету, қорқыту, ашуды білдіру. Қаламгер шығармасындағы ишарат кейіпкердің ашуын сипаттау мақсатында қолданған.

Antonymic characteristic is one of the most important types of linguistic analysis of proverbs of the both languages. The antonymic characterization is completely based on the formal-logical category of contradictor. Antonymic characteristic is one of the most important types of linguistic analysis of proverbs of the languages.

Additionally we define many similarities including a simple contact repetition, elliptical sentences, subordinate clauses, using dash and determine the use of asyndeton, the frequent occurrence of verbs in the imperative mood. They mostly relate to syntactic structures, ways of connecting sentences in the proverb, the connection of words and forms in phrases. Our study has undergone usage of conjunctions such an aspect as the connection of simple sentences in a complex.

Thus, we determine that syntactic antonymic features of English and Kazakh proverbs make both languages colorful and vivid.

REFERENCES

1 **Ренковская, Е. А.** Некоторые особенности синтаксической структуры русских пословиц // Материалы Международной конференции по компьютерной лингвистике и интеллектуальным технологиям «Диалог 2011», 2011. – С. 15–24.

2 **Zhanpeyisov, E. I.** Ethno-cultural vocabulary of the Kazakh language. Almaty, 1989. – 98 p.

3 **Вольская, Н. П.** Языковые маркеры традиционализма в русской и англоязычной культурах // Вестник ЦМО МГУ, Методика//Освоение семантического пространства, – № 3. – 2009. – С. 3–7.

4 **Джунусов, М. С.** О мере своеобразия национальных культур. – Астана, 2002. – № 5. – С. 125–128.

5 **Ivanova, E. V.** Theory and methodology of teaching foreign language : Basic course of lectures. Part II. – Ufa : Published in the BSPU, 2008. – 132 p.

Material received on 20.01.20.

Г. Б. Жумабекова¹, Р. Ф. Жусупова², А. Толеген³

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің синтаксистік антонимдік ерекшеліктері

¹Шет тілдер педагогикалық колледжі

Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті,

Алматы қ., 050022, Қазақстан Республикасы;

^{2,3}Филология факультеті,

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Г. Б. Жумабекова¹, Р. Ф. Жусупова², А. Толеген³

Синтаксические антонимические особенности пословиц на английском и казахском языках

¹Педагогический колледж иностранных языков,

Казахский университет Международных отношений

и мировых языков имени Абылай хана,

г. Алматы, 050022, Республика Казахстан;

Бұл мақала қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерді лингвистикалық антонимдік талдауға арналған. Осы халықтардың лингвомәдени өмір салтын білдіру құралы ретінде қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің қарама-қарсы ерекшеліктеріне 50 мысал келтірілген. Осы мақаланың нәтижелері мен мысалдары ағылшынша және қазақша мақал-мәтелдердің мағынасынан сәл ерекшеленетін реңктерді анықтауға және олардың семантикалық ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі. Бұл жұмыстың өзектілігі шығыс тілдеріне деген қызығушылықтың артуымен және мәдениетаралық коммуникациямен байланысты, өйткені мақал-мәтелдерде сол тілде сөйлейтін адамдар туралы, олардың мәдениеті, тарихы туралы нақты білім бар.

Данная статья посвящена лингвистическому антонимическому анализу пословиц на казахском и английском языках. Приведены 50 примеров контрадикторных особенностей казахских и английских пословиц как средств выражения лингвокультурного образа жизни данных народов. Результаты и примеры данной статьи помогают выявить малейшие различительные оттенки в значении английских и казахских пословиц и определить их семантические черты. Актуальность этой работы связана с растущим интересом к восточным языкам и межкультурному общению, потому что пословицы содержат конкретные знания о людях, говорящих на языке, их культуре, истории.

Н. Қ. Жүсіпов¹, Г. К. Шахажанова²

¹ф.ғ.д., профессор, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.м., докторант, «Қазақ филологиясы» кафедрасы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹nartai1970@mail.ru; ²sulnar79@mail.ru

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ С. ҚАСҚАБАСОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Мақалада қазақ фольклорлану ғылымының зерттелуі, фольклор үлгілерінің жиналуы талданады. Бұл саладағы академик С. Қасқабасовтың зерттеулеріне айрықша назар аударылады. Ғалымның қазақ фольклорланудағы орны өзгеше «Қазақтың халық прозасы» еңбегінің маңызына айрықша тоқталады. Халық прозасын жанр ретінде анықтау мен жүйелеу, басты белгілерін көрсетудегі ғалым ойларының мәні талданады. Ғылыми айналымға түскен тұжырымдардың кейінгі зерттеу үшін, фольклорлық туындыларды жинау үшін әдіс-тәсілдерді, мақсат-міндеттерді анықтауда орны өзгеше болғандығы айшылады. Ғалымның архаикалық мифологиядағы кешенді зерттеуі негізінде тұңғыш рет бүкіл фольклорлық прозаның жанрлық құрамы анықталды, жіктелуі айқындалғандығы, әр жанрдың диахрондық және синхрондық жақтарына типологиялық сипаттама бергендігіне көңіл аударылған. Бұл ұлттық фольклорлық прозаның үлкен эволюциялық даму жолынан өткендігінің және прозалық фольклордың жанрлық түрлерінің бір-бірімен тығыз байланысты екендігін анықтаған ғылыми тұжырымдарының мәні анықталады.

Кілтті сөздер: фольклор, проза, жанр, этнография.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінің ең бір сүбелі тұсы – фольклорлық шығармалары. Қазақ шаруашылығы мен тұрмысына, географиялық ортасына қарай рухани әлемін ауызша дамытты. Бұл салада әдеби туындылар ішінде алғашқы зерттеуге алынғаны да – қазақ фольклорлану ғылымы болғаны заңдылық. Ұлттың фольклорында халықтың танымы мен түсінігі, өнері мен әдет-ғұрпы,

мәдениеті мен дәстүрі, шаруашылығы мен танымы – бүгіндей рухани әлемі сақталған. Сондықтан да ұлттық фольклор саласын зерттеу мен жинақтау 18–19-ғасырлардан басталды.

19-ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы туралы С. А. Қасқабасов мынадай түйін жасайды: «Бұл кезеңде қазақ фольклористикасы ғылымның жеке саласы ретінде толық қалыптасып болды. Ол процесс сол кездегі қоғамның саяси – әлеуметтік, тарихи-мәдениеттік жағдайының ауқымында өтіп, ғылыми, әдеби дамумен бірге жүрді. Алғашқы он жылда (1850–1860), негізінен, қазақ фольклоры туралы тек дерек қана жиналды... Тек 1860 жылдардан бастап қазақ ауыз әдебиеті кең түрде жинала бастаған... Қазақ фольклорын жинаумен қатар, зерттеу мақсаты 1880–1900 жылдар арасында мықтап қолға алынды» [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

19-ғасырдағы Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин сияқты да фольклор үлгілерін жинаушылар алғашқылары ретінде халықтық әдебиеті шығармаларын жазып алу дәстүрін, әдістері мен тәсілдерін қалыптастырды.

Бұл жинау, оларды жариялау әдіс-тәсілдерін М. Ж. Көпейұлы, Ә. Дибасов, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы сияқты ұлт тұлғалары жетілдіріп қана қоймай, бай мұраны кейінге жеткізудің үздік үлгісін көрсетті. Фольклор туындысы туралы өз тұжырымдары, ой-пікірлерімен бекітіп отыруы ғылымға зор үлес болып қосылды.

20-ғасырдың алғашқы жартысындағы Кеңес үкіметі кезінде фольклорлық туындылар мол жиналды. Бірақ жаңа жүйе жинау мен жариялаудың, зерттеудің шарттары мен талаптарын өзгертіп, саяси-идеологиялық сипат алды. Бұл саяси-идеологиялық сипат фольклор жанрлардың толық қамтылмауы, жарияланатын мәтіндердің редакциялануы, ғылыми зерттеулердің маркстік-лениндік методологияны, яғни тек қана таптық-партиялық әдісті қатаң сақтауын талап етуімен көрінді.

«XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ фольклортану ғылымын қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының бір саласы «Қазақ әдебиетінің тарихы» ішінде қарастырған алғашқы монографиялық еңбек «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген атпен 1948 жылы басылым көрді [1]. Еңбекті жазуға белгілі ғалымдар М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Смаилов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Шалабаев, Ә. Мәметовалар ат салысты. Кітап іштей 9 бөлімге ажыратылып, негізінен, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халық ауыз әдебиетінің жағдайы қамтылды. Кітапта қазақ фольклоры туралы ғылымның хал-жағдайы, тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, батырлар жыры, ғашықтық жырлар, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, тарихи өлеңдер т.б.

тәрізді сол кездегі өз алдына жеке ажыратылған фольклорлық жанрлардың өзіндік ерекшеліктері т.с.с. әдебиеттану тұрғысынан талданған» [2, 3].

Қазақ фольклортану ғылымындағы академик С. Қасқабасовтың зерттеулерінің маңызы ерекше. Ғалым қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін типологиялық жүйелеуде жанрлық, тақырыптық-мазмұндық, тарихи сипаттарын негізге алады. Соның ішінде қазақ фольклорының ауызша прозасын әлемдік фольклормен салыстырмалы-типологиялық зерттеуінің орны ереше болғаны анық.

«Қазақтың халық прозасы» деп аталатын бұл еңбек қара сөз түріндегі халық әдебиетін зерттеуге арналған. Қазақ филологиясында «халық прозасы» деген терминдік ұғым жоқ. Бұл заңды да. Өйткені «халық прозасы» деген ұғым әлемдік фольклортану ғылымының өзінде бертін (1950–1960 жылдардан бастап), яғни «Халық прозасын» зерттеушілердің халықаралық қоғамы құрылғаннан кейін қолданыла бастады. Дүние жүзі фольклортануында қалыптасқан түсінік бойынша, халық прозасына фольклордың қара сөзбен айтылатын барлық түрі кіреді. Олар екі үлкен топқа бөлінеді. Бірі – ертегілердің барлық жанры, ал екіншісі – ертегіге жатпайтын прозалық шығармалар. Орыс фольклорын зерттейтін ғылымда бұл екі топ «сказочная проза» және «несказочная проза» деп аталады» [3, 11].

Өзге халықтар әдебиетінде қалыптасқан прозалық үлгілердің қазақ әдебиетінде де бай мұрасы сақталғандығын айта келіп, ғалым қазақ әдебиеттану ғылымына «халық прозасы» терминін енгізді.

Қазақ фольклорының бай прозалық жанрларын жүйе деп ала отырып, оны тақырыптық жағынан жіктеп дәлелдейді. «Мысалы: аспандағы көптеген жұлдыздар, күн, ай туралы мифтер, жеке-жеке тау, тас, көл, мекен аттарының шығуын бір тарихи оқиғаға байланысты баяндайтын аңыздар, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, әр түрлі үббе, күлдіргіш, албастылар жайындағы хикаялар, Лұхман, Сүлеймен, Ескендір хақындағы әпсана хикаяттар ертегіге жатпайды. Ал ертегілердің өзі бірнеше салаға бөлінеді. Міне, солардың бәрі «халық прозасы» болып саналады» [3, 12].

Ғалым қазақ фольклорының ішкі заңдылықтарына сәйкес халық прозасын екіге бөледі. Бұл бөліністің М. Әуезов пен Е. Исмаилов еңбектері негізінде жасалғандығын айтады.

1 Аңыздық проза (аңыздар).

2 Ертегілік проза (ертегілер).

«Аңыздық прозаны» С. Қасқабасов негізінен, шығу тегі және тарихи дамуы жағынан зерттейді, оның ішкі жанрларын анықтайды, оларға тұңғыш рет сипаттама береді. Сонымен қатар, әр жанрдың ерекшелігі мен бәріне ортақ қасиеттерін талдайды.

«Ертегілік прозаға» жаңа саралау жасайды, әсіресе, типологиясы мен поэтикасына ерекше көңіл бөледі.

Халық прозасы ретіндегі жіктелу мен талдауды жүйелеуде ғалым оның терминдік мәніне назар аудартады. Оны әдеби термин қалпында зерттеу фольклорлық шығарманың мақсаты мен міндеттерін ашу мен ойды жүйелеу, мазмұн мен түрді нақты берудегі мәнінде екенін айтады. Пропстің жанр туралы ойларынан бастап, әдебиеттегі жанрға қатысты ойлар мен тұжырымдар, негізінде, кәсіби көркем өнерге, дәлірек айтқанда, жазба әдебиетке қатысты айтылғандығын дәлелдейді. Ал фольклор жазба әдебиетпен бірдей емес. Жазба және ауызша әдебиеттің екеуі де сөз өнері болғанымен, өзіндік сипаттары да аз емес. Осы тұста жазба әдебиеттегі жанрлар мен фольклордағы жанрлар табиғатындағы айырмашылықтарды белгілеп береді. Осы айырмашылықты анықтау арқылы фольклорлық жанрларды сипаттау, оларды ғылыми түрде жіктеу, саралау және жүйелеп зерттеуге жол ашылатындығын көрсетеді. Ғалым зерттеуі жүйелілігімен, нақтылы бір заңдылыққа бағынған тәртіптілігімен өзгеше.

С. Қасқабасов фольклортанудағы жанр аса маңызды категория деп тани отырып, оның жекелік сипаттарын анықтайды. Бұл ретте:

1 Фольклор табиғатының коллективтік екеніне;

2 Тарихи (көрнекті, басты) ролін негіздеп алады. Жанрдың табиғатын, мөлшерін және туыстас жанрлармен қатынасын зерттеу арқылы ғана дұрыс қорытындыға келуді нақты дәлелдеп көрсетеді.

«Демек, фольклор жанрларын зерттегенде екі нәрсе қатар ескерілуі қажет. Ол: а) фольклордың сөз өнері ретінде әдебиетпен туыстығы, жақындығы; ә) фольклорды әдебиеттен алшақтататын ерекшеліктер.

Демек, фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес.

Этнографиялық материалды пайдалану жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана қажет емес. Этнография фольклорлық жанрлардың ерте замандағы сипатын, алғашқы даму жолдарын зерттеуге өте пайдалы. Себебі жанрлардың да, сюжеттер мен мотивтердің де пайда болуы ғана емес, сондай-ақ олардың өмір сүруі мен өзгеру, даму жолдары да тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты. Бұл жерде біз екі нәрсені анықтап алуымыз қажет.

Бірінші – фольклор мен әдебиеттің бірдей еместігі. Осыдан барып шығатын олардың пайда болуы мен өмір сүру кейпінің өзгешелігі. Бұл өзгешелік оларды зерттеу әдістерінің де екі түрлі болуын тілейді.

Екінші – ұғымдар мен терминдеріміздің мағынасын дәлме-дәл анықтау. Мысалы, жанрға байланысты «баяндау тәсілі» («способ изложения»), «бейнелеу әдісі» («способ изобр. ажения»), «хабарлау амалы» («способ передачи») сияқты тіркесті ұғымдар қолданылады. Енді осылардың

қолданылу формасына көңіл бөлейік: «баяндау тәсілі», «хабарлау амалы», «бейнелеу әдісі». Біреу (субъект) баяндайды, хабарлайды, бейнелейді» [3, 20].

Сонымен бірге фольклорлық шығарманың «авторына» – шығарушысына назар салады. Осы арқылы сюжеттің, оқиғаның берлуі мен өрілуі де шығарушыға қатысты екен айтады.

«Фольклорда ол – жыршы, ертегіші, не өлеңші. Әдебиетте ол – жазушы, ақын, драматург. Сонда жанрды анықтау үшін біз осы күнге дейін шығарманың өз ішінен, табиғатынан шықпай, оған сырттан келіп жүріппіз. Дұрысы – шығармадағы оқиғаның «баяндалу тәсілі», «бейнелену әдісі» болу керек қой. Демек, сюжеттің берілуі, өрілуі тәсілі деп айтуымыз керек. Олай болса, жанр дегеніміз – шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелену, өрілу тәсілдері» [3, 23].

Ғалым прозалық фольклордың басты ғылыми сипаттарын дәйектей отырып, оның ішкі табиғатын да ашады.

қиял-ғажайып ертегілерді қазақ ауыз әдебиетінен ең көне жанрларының бірі ретінде қарастырып, шығу мезгілін алғашқы қауымдық дәуірге жатқызады. Қазақ ертегісінің бұл ерекше жанрында адамзаттың ерте замандағы өмір сүру дағдысында көптеген белгілері сақталғанын тұжырымдады. Оның айқын көрінісі ретінде матриархат заманына тән аналық ру мен дуальдық ұйым, аналық мекен, куада, авункулат, аналық неке сияқты көптеген әдет-ғұрып, салт-дәстүр көріністері мен ертедегі анимизм, тотемизм, магия тәрізді діни наным-сенімдерді мысалға келтіреді.

С. Қасқабасов қиял-ғажайып ертегілерін жүйелі түрде зерттеу барысында фольклорлық экспедиция материалдарын, сирек кездесетін қолжазбалар мен кітаптарды молынан пайдаланып, ғылыми сараптама жасады. Ол осы ертегілердің жанрлық әр түрлілігі, бағырлық жырлардың, қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеті мен көркемдік ерекшеліктеріне құрылымына тигізген әсерін жан-жақты зерттеп, бұл ертегі жанрының басты эстетикалық мұраты халық идеалы екендігін дәлелдеп берді.

С. Қасқабасов қазақтың прозалық фольклорындағы ертегілік проза мен ертегіге жатпайтын прозаның өзіне тән жанрлық ерекшеліктерін алғаш рет ғылыми дәйектілікпен саралап берді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ фольклортану ғылымында С. Қасқабасовтың орны ерекше. Қазақ фольклорлық туындыларын жанр терінде бөлек алып, оның белгілерін анықтап, терминдерін айқындап, әр түрін ғылыми айналымға түсірді. Фольклортану ғылымында қалыптасқан әдіс-тәсілдердің қазақ халық прозасы үшін қажетті және ұтымды тұстарын белгіледі. Фольклортанудың қазақ фольклорлық прозасы үшін теориялық негіздерін бір жүйеге келтірді.

Қазақтың прозалық фольклорының генезісі мен даму жолдарын, типологиясы мен поэтикасын анықтады. Бұған дейін нақтылауды, жанр ретінде ерекшеліктері мен белгілері анықтауды қажет ететін миф, ертеке, аңыз, эпсана, хикая, жағдаят сияқты жанрлардың бөлек сипаттары мен ортақ белгілеріне ғылыми сипаттама жасады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қасқабасов, С.** XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы // Қазақ фольклористикасының тарихы – Алматы : Ғылым, 1988. 146–147 б.

2 **Жүсіпов, Н. К.** Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар. 2007. – 381 б.

3 **Қасқабасов, С.** Тандамалы. – Астана : Фолиант, 2014 Т.1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – 320 б.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Н. К. Жусупов¹, Г. К. Шахажанова²

Казакская фольклористика и исследования С. Каскабасова

^{1,2}Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

N. K. Zhusupov, G. K. Shahazhanova

Kazakh folklore studies and research of S. Kaskabasov

^{1,2}S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

В статье анализируется изучение истории казахского фольклора, сбор образцов фольклора. Особое внимание уделяется исследованиям академика С. Каскабасова в этой области. Особое место в казахском фольклоре занимает труд «Казакская народная проза». Анализируется значение научной мысли в определении и систематизации народной прозы как жанра, отражении главных признаков. Выявлено, что научные концепции занимают особую роль в определении методов, цели и задач для последующего изучения, сбора фольклорных произведений. На основе всестороннего исследования

ученого в архаической мифологии впервые было подчеркнуто, что был определен жанровый состав всей фольклорной прозы, определена классификация, типологическое описание диахронических и синхронных аспектов каждого жанра. Суть научных выводов, которые показали, что национальная фольклорная проза претерпела большое эволюционное развитие и что жанры прозаического фольклора тесно переплетены.

The article analyzes the study of the history of Kazakh folklore, the collection of folklore samples. Particular attention is paid to the research of academician S. Kaskabasov in this area. A special place in Kazakh folklore is occupied by the work «Kazakh folk prose». The value of scientific thought in the definition and systematization of popular prose as a genre, the reflection of the main features. It was revealed that scientific concepts have a special role in determining methods, goals and objectives for subsequent study, collection of folklore.

Based on a comprehensive study of the scientist in archaic mythology, it was first emphasized that the genre composition of the whole folklore prose was determined, the classification, the typological description of diachronic and synchronous aspects of each genre were determined. The essence of scientific conclusions, which showed that national folklore prose has undergone great evolutionary development and that the genres of prose folklore are closely intertwined.

Г. Қ. Жүсіпова¹, Е. Қ. Жүсіпов², З. Е. Қуандық³

¹ф.ғ.к., қауымд. профессор (доцент), «Тұран» университеті, Нұр-Сұлтан қ., 120000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., қауымд. профессор (доцент), Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы;

³PD докторанты, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹zhusip69@mail.ru; ²zuspova@mail.ru; ³zere_095@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДІН МӘСЕЛЕСІ

Зерттеуде авторлар Мәшһүр Жүсіповтің қолжазбаларының қорын сипаттайды. Жазбаша шығыстық шығармалар мен XX ғасыр басындағы ойшылдардың еңбектерінің жарық көруі - Қазақстанның деректану тарихындағы басты мәселе. Осы уақытқа дейін қазақ халқының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы мен мәдени мұрасын зерттеу байырғы халықтың тарихи мұраларын пайдаланбай біржақты жүргізілді. Осыған байланысты Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің мұрасына - ғылыми энциклопедистке жүгінгіміз келеді.

Кілтті сөздер: ақын-жазушылар, мифтік аңыздар, діни-мистикалық ағым, сопылық, дастандар.

КІРІСПЕ

Өміршілдік жүйе дін атаулыға, оның ішінде ислам дініне өршелене қарсы болып, ол саладағы ізденістердің бәріне тыйым, кедергі жасап келгені мәлім. Әйтсе де не сөз арасында, не жартылай сынаған қалыпта шаң беріп, әйтеуір бір кезде діни дастандар болғанына жарық түсірерлік пікір білдірулер болмады емес. Мәселен, 1959 жылы әдеби мұраға арналған конференцияда М. Әуезов зерттеуші Б. Шалабаев баяндамасын сынай келіп былай дейді: «Және көршілес, туысқан шығыс елдерінің «халықтық дастан» аталатын «Сейфіл-Мәлік», «Таһир-Зуһра», «Шәкір-Шәкірат», «Жүсіп-Зылиха» тәрізді жырларының қатарына «Сал-салды» қосу да орынсыз болды. Бұл жыр – Мұхаммед пайғамбар мен оның шариярларының, ісләм дінін тарату жолындағы барынша агрессивтік қантөгіс, діншіл озбырлық аңыздарды дәріптейтін шығарма» [1].

Бұл пікірден М. Әуезов тәрізді әдебиет білгірінің де өміршілдік жүйе қыспағынан босана алмағанын, әрі жекелеген шығарманы сынап, басқа асыл туындыларды сақтап қалу талабын байқаймыз. Мәселен, «Жүсіп-Зылиха» шығармасында орталық қаһарман ретінде Жүсіп пайғамбар алынуы бұл туындының кенжелеп жарық көруіне әсер етпеді дей алмайтынымыз белгілі. Сонымен бірге сыналған түрде болса да «Сал-салдың» аталуы да әдебиет тарихында ондай шығарманың бар екенін еске салуымен де сол кез үшін мәнді құбылыс дегіміз келеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мәшһүр-Жүсіптің дастандарын, оның ішінде діни тақырыптағы туындыларының бастау көзін, оның ішінде қазақ діни қиссалар өрісін танытуда XIX ғасырда жарық көрген В. В. Радлов кітабына: «Киік», «Шарияр», «Кубас», «Бозторғай», «Заман ақыр», «Құсайын қиссасы» енуінің үлкен мәні болғанын атап айтуымыз керек.

Қазақ қисса-дастандарын, оның ішінде діни қиссаларды таныту үшін алдымен оған үлкен ықпал еткен шығыс ақындары Фердаусидің /934–1026/, Г. Низамидің /1141–1209/, Сағдидің /1184–1291/, Ә. Науаидің /1141–1501/ т.б. дастандарының мәнін ашуға зерттеуші Ә. Қоңыратбаев көп еңбек етті. Мәселен, ғалым: «Қисса, шайырлық әдебиетіне арналған зерттеулер ойдағыдай емес» – деп, сол олқылықтың орнын толтырарлық сараптауларын ортаға салды [2].

Сондай-ақ фольклорлық дастандардағы миф, аңыз мәнін сараптаған М. Қараев [3] көне түркі дастандары мәніне назар аударған Р. Бердібаев [4], көне халық эпосының /демек кейін жазба әдебиетке әсер еткен шығармаларды-Г.Ж. / қалыптасу, даму тарихын сөз еткен Ш. Ыбыраев [5], ерте дәуірдегі қазақ әдебиетіндегі дастан жанрын сараптап, сол арқылы кейінгіқиссалардың бастау көзін аша түскен Н. Келімбетов [6], «Оғызнама», «Мұхаббатнама» дастандары мәнін талдаған М. Жармұхамедов [7] т.б. еңбектері де осы саладағы ізденістер өрісін кеңейтуге мұрындық болғаны анық.

Сонымен бірге араб-қазақ, парсы-қазақ, жалпы шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысын зерттеп, ондағы сюжеттердің қазақ әдебиетіне тигізген ықпалын сараптаған: Ә. Дербісәлиев [8], Ә. Күмісбаев [9] т.б. еңбектерін атап өткіміз келеді. Сондай-ақ діни қиссаларға арналмағанмен, жалпы дастан, поэма жанры ерекшелігіне, оның жанр түрі ретінде қазақ әдебиетіндегі даму тарихына арналған: Ә. Нарымбетов [10], Б. У. Азибаева [11] кітаптары да – елеулі ізденістер айнасы.

Әйтсе де, қазақ ақын-жазушылары ішінде ең көлемді мұра қалдырған

Мәшһүр-Жүсіп екенін, оның жазбаларының жалпы көлемі 25 томдай болатынын сараптасақ, бұл салада тындырылған іс өте аз екенін де тез анықтай аламыз. Тіпті, бұған дейінгі Мәшһүр-Жүсіпке арналған жалғыз диссертацияда да акынның баспа бетін көрген таңдамалы екі томдығы материалдарымен шектелу орын алғанын көреміз [12].

Ал, акынның бұрын баспа бетін көрмеген шығармалары, оның ішінде діни қиссалары жоғарыдағы еңбектердің бәрінде де талданбақ түгіл мүлде аталмауының өзі осы саладағы арнайы ізденістің қажет екендігін дәлелдейді.

Қазақ әдебиетіндегі діни тақырып дегенде, оны оқшау қарастырмай, оған алдымен ықпал еткен орта ғасырлық араб, парсы әдебиеті ролін анықтау қажеттігі туады. Зерттеуші Ш. Қ. Сәтбаева қазақ оқымыстысы Ш. Уәлихановтың XIX ғасырдың өзінде қазақ, араб поэзиясын салыстыра талдаған пікірін келтіреді: «Дала өмірін жырлаған поэзия болғандықтан, бұл екі елдің поэзиясы бір-біріне өте ұқсас, екеуінің де сюжеті дала өмірі тәрізді үнемі біркелкі болып келеді [13]

Түркі тілді халықтар әдебиетіне /демек көне қазақ әдебиетіне де – Г.Ж. / араб, парсы тіліндегі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті үлгілерінің қаншалық ықпал еткенін зерттеуші Б. У. Өзібаева да жете дәлелдеген [14].

Мифтік аңыздардың әлем әдебиеті дамуындағы роліне зерттеуші Е. Исмаиловтың жоғары баға бергені белгілі: «Дүние жүзі әдебиетіндегі Фауст, Прометей сияқты образдардың төркінінде мифтік негіз жатқандығы бізге белгілі» [15]. Жалпы VIII–XX ғасыр аралығындағы араб, парсы, түркі халықтары әдебиетіндегі діни бағытта жазылған шығармаларды жинақтап, оларға «сопылық әдебиет» атауы қолданылып келгені де мәлім. Сопылық әдебиеттің қандай жағдайда пайда болып, қалай өрістегені туралы құнды пайымдауды арабтанушы ғалым Ә. Дербісәлиевтен табамыз: «Аббастық халифалар дәуірінде исламда мистикалы-аскеттік ағым-суфизм қалыптасады. Аскет-суфилер немесе факир дәруіш деп аталатын софылар ислам әлемінде христиан монахтары секілді роль атқарады. Софылар байлықтан безініп, жер бетінің ләззат қызығынан бас тартуға, жоқшылық өмірді және жаратушымен о дүниеде табысуға шақырған [16]. Ә. Қоңыратбаев сопылық поэзияны «дидактикалық поэзия» ретінде қарастырып: «Оның басында құдай, пайғамбарға сыйыну тұрған» [17], – деп көрсетеді.

Зерттеуші Ы. Дүйсенбаев шығыстан қазақ әдебиетіне сюжет желісі ауысқан шығармалар туралы айта келіп, оның ішінде діни тақырыптағылардың біраз орын алатынын ашады: «Өйткені сол шығыстан ауысқан үлгілердің өзі бір текті емес, мысалы, халықтық туындылар, классиктердің шығармаларынан басқа «Жұм-Жұма», «Сал-сал», «Зарқұм», «Мұхаммет пайғамбардың Миғражға шыққаны», «Кербаланың шөлінде»,

«Мұхамметханафия», «Мәлікаждар» және тағы басқалар секілді негізінде ислам дінін уағыздауды мақсат еткен қисса-дастандар да аз емес» [18].

Сопылық әдебиеттің XI ғасырда жаңа мәнге ие болып толыққандығын Ә. Дербісәлиев белгілі ғалым Е. Э. Бертельс еңбегіне сүйеніп дәлелдейді: «Суфизм діни-мистикалық ағым ретінде УШ ғасырда-ақ пайда болғанымен, XI ғасырдың соңында өз идеологиясын антикалық және христиан ой-пікірімен толықтыра отырып жетіліп, жаңа мазмұндағы ағымға айналып үлгерген болатын» [19]. Сонымен қатар Ә. Дербісәлиев бұл идеяны өрістетіп, X ғасырдағы араб мәдениетінің өкілі Әбу Ибраһим Исхақтың «Диуан әл-адиб» / «Әдеби жинақ» / атты еңбегіне көңіл бөлгізеді: «Әбу Ибраһим Исхақ «Жинағы», «Кіріспемен» басталған. Онда ол сол кездегі өзге де авторлар секілді әуелі жаратушы мен оның елшісі Мұхаммадқа мадақ арнайды» [20]

Ортағасырлық араб әдебиетінде алдымен Алланы, пайғамбарды мадақтау кең орын алды [21], десек, мұның әсері XIII ғасырдағы ғұлама акын Сағдидің «Гүлстан» дастанынан да толық көрінетіні белгілі. Ә. Қоңыратбаев шығармада: «д, тағдырға қанағат ету... ж. құдайға салауат... н. дұға», қысқасы, Аллаға мойынсыну бөлімдері бар екенін айтады [22].

Жоғарыда айтылғандай, араб мәдениетімен тығыз байланыста дамыған түркі әдебиетінде де басты тақырып, өзекті сарын алдымен Алланы, одан соң пайғамбарды дәріптеу болғаны аян. Мәселен, Жүсіп Баласағұнның 1069–1070 жылы жазылған «Құтты білік» кітабының қара сөзбен берілген кіріспесінің ең басында мына сөздер тұр: «Бісілләхи-р-рахмани-р-рахим! Өзиз, уә, күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне ризық берген құдіреті күшті тәңірге ырзамыз» [23]. Ал, одан кейін берілген өлеңмен жазылған кіріспе бөлім де Аллаға сүйіспеншілік білдірумен басталады: «Құдіретті бір хақ барша алапқа, // Соған лайық мәртебе де, мадақ та.» [24] Сондай-ақ өлеңге құрылған негізгі бөлім беташары да Алла құдіретін жар етуге арналған:

Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді [25].

Сонымен бірге «Құтты білікте» Алладан кейін Мұхаммед пайғамбар еңбегін аспандатуға біраз орын берілген:

Рахымды ием, пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.
Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты жарықтың! [26]

Кейінгі зерттеудің бірінде ХІІ ғасырдағы «Орта ғасырлық сопылық поэзия өкілдерінің бірі-Түркістан қаласында туып өскен Сүлеймен Бақырғани» [27] екендігі көрсетілген. Түркі әлеміндегі сопылық поэзияда

ХІІ–ХІІІ ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Иассауи ерекше орын алатыны белгілі. Ә. Қоңыратбаев былай дейді: «Қожа Ахмет Яссауи поэзиясының мазмұнында екі түрлі жүйе бар. Оның бірі-суфизм, екіншісі – бұл дүниеге сыймай торығу, оны сынау сарыны» [28].

Кейінгі кезде Қожа Ахмет Иассауи мұрасына әдебиетшілермен қатар философ ғалымдардың үніле бастауы байқалады. Мәселен, профессор Ә. Нысанбаев: «...Сопылықтың негізін қалаған атақты ойшыл Иассаудің дүниетанымы мен философиясы туралы мағлұматтарды жүйелеуге» [29] тырысқанын жазады. Рабғұзидің ХІУ ғасырдағы «Қисас сул-әнбия» / 1310 ж. жазылған/ кітабында бұл дәстүрдің одан әрі жалғастырылып, дамытылғанын көреміз. Зерттеуші А. Қыраубаева бұл туралы толығырақ мағлұмат береді: «Құрандағы мифтердің біразы «Тәурат», «Інжілден», исламға дейінгі арабтың аңыз-әңгімелерінен алынған. Оның бір бөлігі пайғамбарлар жайлы аңыздар. Пайғамбарлар өмірі туралы, Құраннан басқа, араб-парсы тілінде де діни кітаптар шыққан болатын. Рабғұзидегі пайғамбарлар туралы әңгімелердің негіздері осылардан алынған [30].

Қазақ ауыз әдебиетіндегі ислам діні әсері өзалдына бір төбе әңгіме. Жалпы шығарманың идеялық-тақырыптық негізіне қарап, мұсылман діні шыққанға дейінгі туындылар, немесе одан кейінгілері деп атау да көп ретте өзін ақтап жүр. Мәселен: «Көне эпостарға үлкен әлеуметтік мәселелер, таптық қайшылық, дін жолында күреске шығу сияқты мотивтер жат. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, күресі отбасы үшін, болмаса өз руының мүддесі үшін, соның шеңберінде ғана суреттеледі», – деген пікір орынды [31].

Зерттеуші Н. С. Смирнова қазақ фольклорына ХІХ ғасырда Ислам әсері күшейе түскенін атап өтсе, [32] зерттеуші С. Талжанов «Мұхаммедия» / 1855 ж. жазылған / кітабында «басынан аяғына дейін мұсылман діні, Мұхаммед пайғамбардың әулеті» мақталатынын ескерткен [33]. Сондай-ақ ол Мұхаммед ұрпағы өмірі, қиындықтары бейнеленген «Кербаланың шөлі» дастанына да көңіл бөлген [34].

Мұның бәрі Алла, Мұхаммед пайғамбар туралы әр кезде көп қаламгердің жабыла үн қосқанын дәлелдесе, арнайы дастан арнамаса да, сөз арасында болсын, Алла мен Мұхаммедті жырламаған шығыс ақынын кездестіру қиындығы да аталған тақырыптың шығыс әдебиеті үшін қаншалық мәнді, өзекті болғанын дәлелдей түседі. Басқаны былай қойғанда, ұлы ақын Абайдың мына бір өлең жолдарын келтірсек те, аталған тақырыптың қаншалық жетекші болғаны көзге ұрады:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөз айырмас [35].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы аталған тақырыпқа арнап көптеген қара сөз үлгілерін, өлең т.б. жазумен қатар арнайы дастандар жазған. Солардың ішінен арабтың көне және төте әріп үлгілерімен жазылған түрлі нұсқалары ақынның өз қолымен жазған түпнұсқаны, немесе, оның жиені Жолмұрат, баласы Мұхаммед-Фазыл көшірмелерін салыстыра отырып, баспа бетінде өзіміз жариялаған төрт қисса: «Жер мен көк» / 1894 ж. жазылған /, «Мифраж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі» / бұл екі дастанның тап қай жылы жазылғаны әзірше белгісіз /, «Хаятбақшы» /1925 ж./ Біз осы орайда Мәшһүр-Жүсіп дастандарын жазылу мерзіміне емес, тақырып ретіне қарай талдауды жөн көрдік. Екі дастанның жазылған жылы белгісіз болуы да шығармаларды уақыт ретімен талдауды қиындатумен бірге пайғамбардың дүниеге келуіне арналған «Хаятбақшы» дастанының ең соңында /1925 ж./ тууы да осы біз таңдаған талдау жүйесі дұрыстығын дәлелдейді. Себебі пайғамбар тууын сөз етпей тұрып, мәселені оның өлімінен бастау ақынның пайғамбар бейнесін жасау табыстарын кең қамтуды, жүйелі жеткізуді қиындатары сөзсіз. Сөйтіп біз пайғамбар тууына арналған екі поэманы: «Жер мен көк», «Хаятбақшыны» алдымен салыстыра талдап, оның 40 жасқа толғаннан кейінгі өмірін көрсететін «Мифраж» дастанына үшінші кезекте, ал «Пайғамбардың дүниеден өтуі» туындысына ең соңында үңілуді жөн көрдік, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Жер мен көк» дастанына негіз болған аңыздар халықтың өткен наным-сенімін танытумен қатар ғылым үшін кейін ашылмақ көп тың жаңалықтардың да бастау көзі болуы ықтимал. Ақынның ертедегі грек, араб, түркі ойшылдарын оқумен бірге Ч. Дарвин, В. Белинский тәрізді Европа, Россиядағы кейінгі ХІХ ғасырдағы ғалымдардың пікірлерімен таныс болғанын [36] ескерсек, белгілі бір аңызды пайдаланып, белгілі бір пікір айту үшін ақынның көп ізденгенін межелей аламыз. Ақынның бұл дастанды қай жылы жазғаны туралы деректі оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасынан кездестірдік. Онда Мәшһүр-Жүсіптің бұл қиссаны 35 жасында, яғни 1894 жылы жазғаны көрсетілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Демек бұл Мәшһүр-Жүсіптің ертедегі аңыздарды ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі ғылыми жаңалықтармен үндес алуы мүмкіндігіне жарық түсірмей қоймайды. Ендеше ақынның бұл дастанын әрі халықтың көне дәуірдегі наным-сенімі айнасы, әрі Мәшһүр-Жүсіптің өзіндік көрінісі деп бағаласақ, шығарманың тарихи мәні ашыла түседі. Шығарманың алдымен әдеби туынды екенін бағымдасақ, оның композициясына бірінші кезекте көңіл бөлуіміз заңды. Ақын ең әуелі жер мен көк жаратылысы туралы өз ойларын, ежелгі аңыздарға негізделген ойларын өзіндік дәлелдермен баяндап беріп, дастанның соңғы бөлімін Мұхаммед пайғамбардың Хадишаға үйленгенге дейінгі ауыр тұрмысын тәптіштеп бейнелеуге арналған.

Демек, жер мен көк жаратылысы туралы айтылған тұжырымдар мен Мұхаммед өмірін жалғастырушы өзекті идея неде десек, бәрі Алла тағаланың құдіретіне сендіруге бағытталған. Аллаға сенудің Абайда да жетекші роль атқаратынын зерделесек те, оның ар жағында бүкіладамзаттық ізгілік идеясы жатқанын ескеру қажеттігі туады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әуезов, М.** Шығармалары – 20-том – Алматы : Жазушы, 1985 – Б. 394.
- 2 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақ эпосы және тюркология – Алматы : Ғылым, 1987.
- 3 **Қараев, М.** Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары – Алматы : Мектеп, 1986.
- 4 **Бердібаев, Р.** Ғасырлар толғауы – Алматы : Жазушы, 1977 – Б. 42–48.
- 5 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі – Алматы : Ғылым, 1993.
- 6 **Келімбетов, Н.** Ежелгі дәуір әдебиеті – Алматы : Ана тілі, 1991.
- 7 **Жармұхамедов, М.** Көненің көзі – Алматы : Санат, 1996.
- 8 **Дербісәлиев, Ә.** Араб әдебиеті – Алматы : Мектеп, 1982.
- 9 **Күмісбаев, Ө.** Терең тамырлар – Алматы : Ғылым, 1994.
- 10 **Нарымбетов, Ә.** Қазақ совет поэмасы – Алматы : Ғылым, 1977.
- 11 **Азибаева, Б.** Казахские народные романтические дастаны – Алма-ата, Ғылым, 1990.
- 12 **Сүтжанов, С.** Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы – Автореферат, 1994.
- 13 **Сәтбаева, Ш. Қ.** Шокан Уәлиханов – филолог. – Алматы : Ғылым, 1987 – Б. 61.
- 14 **Азибаева, Б.** Казахские народные романтические дастаны – Алма-ата, Ғылым, 1990 – С. 105.
- 15 **Исмаилов, Е.** Ақындар – Алматы : ҚМҚӘБ, 1956 – Б. 173.
- 16 **Дербісәлиев, Ә.** Араб әдебиеті – Алматы : Мектеп, 1982 – Б. 84.
- 17 **Қоңыратбаев, Ә., Қоңыратбаев, Т.** Көне мәдениет жазбалары – Алматы : Қазақ университеті, 1991 – Б. 199.
- 18 **Дүйсенбаев, Ы.** Эпос және ақындар мұрасы – Алматы : Ғылым, 1987 – Б. 14.
- 19 **Дербісәлиев, Ә.** Араб әдебиеті – Алматы : Мектеп, 1982 – Б. 183–184.
- 20 Отырар ғұламалары / «Жалын» журналы, 1992 – Б. 3, 46.
- 21 **Шидфар, В. Я.** Генезис и вопросы стиля арабского народного романа – «Генезис романа в литературах Азии и Африки» кітабы ішінде – М., Наука, 1980. – С. 109–110.

- 22 **Қоңыратбаев, Ә., Қоңыратбаев, Т.** Көне мәдениет жазбалары – Алматы : Қазақ университеті, 1991 – Б. 202.
- 23 **Жүсіп Баласағұн.** Құтты білігі / Ауд. А. Егеубаев – Алматы : Жазушы, 1986 – Б. 38.
- 24 Бұл да сонда, Б. 40
- 25 Бұл да сонда, Б. 50
- 26 Бұл да сонда, Б. 53
- 27 **Ахметов, Р.** Сопылық сарын – /«Жұлдыз» журналы – 1993 – № 3 – Б. 148.
- 28 **Қоңыратбаев, Ә., Қоңыратбаев, Т.** Көне мәдениет жазбалары – Алматы : Қазақ университеті, 1991 – Б. 93–94.
- 29 **Нысанбаев, Ә.** Иассаuidің дүниетанымы мен философиясы – /«Ақиқат» журналы – № 2 – 1994 – Б. 81.
- 30 **Қыраубаева, А.** Ғасырлар мұрасы – Алматы : Мектеп, 1988 – Б. 26.
- 31 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі – Алматы : Ғылым, 1993 – Б. 71.
- 32 **Смирнова, Н. С.** Казахская народная поэзия – Алма-ата : Наука, 1967 – С. 10.
- 33 **Талжанов, С.** Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері – Алматы : Ғылым, 1975 – Б. 50.
- 34 **Құнанбаев, А.** Қалың елім, қазағым – Алматы : Жалын, 1995. – Б. 178–179.
- 35 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Аспан, жер және адам жаратылысы туралы / Дайындаған Н. Жүсіпов – Қазақстан тарихы. – 1995. – № 2. – Б. 56.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Г. К. Жусупова¹, Е. К. Жүсіпов², З. Е. Қуандық³
Проблемы религии в казахской литературе

¹ Университет Туран,
 г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;
^{2,3} Гуманитарно-педагогический факультет,
 Павлодарский государственный университет
 имени С. Торайгырова,
 г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
 Материал поступил в редакцию 20.01.20.

The problems of religion in Kazakh literature

¹University of Turan,
Nur-Sultan, 120000, Republic of Kazakhstan;

^{2,3}Faculty of Humanities and Education,
S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 20.01.20.

В исследовании авторы описывают фонд рукописей Машхур Жусупова. Публикация письменных устных восточных сочинений и трудов мыслителей начала XX века является основной проблемой в истории источниковедения Казахстана. До настоящего времени изучение этнической, политической, социально-экономической истории и культурного наследия казахского народа велось в одностороннем порядке, без использования исторического наследия коренного населения. В этой связи мы хотели обратиться к наследию Машхур Жусупова Копеева – ученому энциклопедисту.

In the study, the authors describe the manuscripts of Mashkhur Zhusupov. The publication of written oral eastern works and works of thinkers of the early XX century is the main problem in Kazakhstani literature. Until now, the study of the cultural heritage of the Kazakh people was carried out unilaterally, without using the heritage of the indigenous population. In this regard, we would like to turn to the legacy of Mashkhur Zhusup Kopeev – a scientific encyclopedist.

Г. Қ. Жүсіпова¹, Е. Қ. Жүсіпов², З. Е. Қуандық³

¹ф.ғ.к., кауымд. профессор (доцент), «Тұран» университеті, Нұр-сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., кауымд. профессор (доцент), Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

³PD докторанты, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹zhusip69@mail.ru; ²zusipova@mail.ru; ³zere_095@mail.ru

ТҮРКІ ӨНЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

Қазақ ұлттарында ислам мен пайгамбарды насихаттау бойынша жұмыс сөзбе-сөз жүргізілді. Тарихтан белгілі, діни тақырыптарға идеологиялық жұмысы қатаң жазаланатын Кеңес үкіметі шындықты айтпаған біздің ұлы және поэтикалық ақындарымызды тоқтата алмады. Қазақ әдебиетінде адамдар арасында исламның таралуы кеңінен таралған.

Кілтті сөздер: ақын-жазушылар, мифтік аңыздар, діни-мистикалық ағым, сопылық, дастандар.

КІРІСПЕ

Түркі халықтарының көптеген ескерткіштері бар. Сол ескерткіштердің арасында, әйел адам бейнесі ерекше орын алып тұр. Яғни, ошақтың иесі, жанұяның ұйытқысы, әйел адамын ерекше құрметтеген [1].

Еуразияның далалы аймағында, алғашында қазақстандық бөлікте, кейіндері оңтүстік орыс далаларында таралған қыпшақтардың және басқа түркі тайпаларының монументтік скульптурасындағы әйел бейнесінің тастағы бейнесі түркілердің батыс қанаты мәдениетінің, ал тұтас алғанда бірыңғай орталық-азиялық аралдағы ортағасырлық түркілер мәдениетінің ерекшелігін байқатады [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түркілер әйел бейнесін құдіретті күшке айналдырған. Низамидің суреттеуінше, түркілерде әйел құдай болған, оның құрметіне тас идолдар тұрғызылды және кейіндері оған табынған [5, 315–318].

Көшпелі мәдениетте әйелдер мүсінін салу, ол ру мен отбасының қамқоршысы, қорғаушысы мағынасында салынған [3].

Әйел адамды мүсінде бейнелеген кезде, оның сырт келбеті мен киіміне, әшекей бұйымдарына назар аударған. Бұның себебі, оның беделі мен жасын көрсету үшін жасалынған [4].

Бұл тұжырымдамаға дәлел ретінде, Лобачева былай жазған: Барлық мүсіндегі бас киім әйелдің жасын және әлеуметтік статусын көрсетеді [6, 71].

Кимешек пен чалманың кең таралуы және түркі тілді халықтардың бетін жасырмай жүретін әйелдері киді.

Әйелдің статусын көрсететін тағы бір белгілер-кеудеге тағатын әшекейлер болып саналады. VII ғасыр ортасына жататын соғды теңгелеріндегі «қатын» суреті тас мүсіндегі әйел бейнесіне ұқсайды. Қаған мен қатар ел билеуші әйелдің атрибуты-шошақ келген бас киім және әшекей болды.

Көшпелілердің мүсін өнеріндегі әйел бейнесі алғашқы қалыптасу кезеңінен, гүлденген қыпшақ мүсіндеріне дейінгісі – бәрі Қазақстан территориясынан табылды.

Көшпелі өмірде демократиялық қоғамның болғандығын, және әйел адамның тек қана үй шаруасымен ғана емес, ел ісіне араласуға құқығы бар болғандығын айғақтайды. Түркілердің еркектік бастауымен қатар әйелдік бастауға сенуінің терең тамыры бар. Жерлеу және ас беру ғұрыптарының тығыз астасуы, қатарда жоқ адамдар әлемімен байланысуға, ұмтылуды көрсетеді. Бұдан бөлек мүсіндер әртүрлі түсте бейнеленген. Мысалы, мүсіндердегі қызыл мен қара түс көшпелілердің космогондық көз қарасындағы дуализмнің белгісі, «Құпия, белгісіз нәрсенің эмблемасы» болуы да ықтимал.

Қара түстегі әйел тас мүсіндегі сарматтар қоғамында да кең тараған.

Обь өзені жағасындағы угорлардың дәстүрлі киімдеріндегі нақыш символикаларын талдау барысында ол символикалардың діни-нанымдары мен етене байланысты екендігін көрсетеді. Қызыл түсті киімдерді олар өздері киелі санаған пұттарға арнап тігіп, өздері қызыл киім мен бөріктер киіп, қызыл орамалдар тағып, діни-нанымдық ритуалдарын өткізген, құрбандық шалатын болған. Қара киімді олар өлілер дүниесіне билік жүргізетін Кульотыр (Мансы), Кынь-ики, Пыхты-Сакын (Ханты) секілді пұттарға арнап тіккен. Угорлардың түсінігінше, бұл пұттар «Қараңғылық пен және ауру мен байланысты» болып шығады. Жалпы алғанда көне түркі мәдениеті қазақ қоғамында да жалғасын тапты. Қазақ қоғамында да әйел адамы айрықша рөл атқарды. Ел билеуі ісіне араласып, аналық шапағаты мен әлемді мойындатты.

Түркілер әйел ананы отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы деп таныған. Сондықтан да болар түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы – ғалым Лев Гумилев «Көне түріктер» деген іргелі зерттеуінде «Түркілер

әйелдерді сал серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да ордада апа қарындастары қалып қойып, оларға ажал қаупі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады... Түркілерде анасының шыққан тегіне айырықша мән берілген» 1 – деп жазған. Шындығында да қазақта «Жігіттің жақсы болуы нағашысынан» деген сөз бар. Оның түп мәніне үнілсек, ата – бабаларымыз аналарының, жұбайларының қадір – қасиетіне, оның шыққан тегіне ерекше мән берген. Мұның өзі қыз баланың ұрпақ өрбітудегі орнының жоғары, жауапты екендігін танытады.

Қазақ тарихы жоңғарларға атойлап шапқан Қабанбай батырдың қызы – Назымды, бірнеше шешуші жорықтарда көзге түскен Абылай ханның қызы – Гауһарды, талай ақтық шайқастарда ерен ерлік көрсеткен Айтолқынды, найман жұртшылығының батыр қызы – Жанқайды жадында сақтап, ұрпаққа дәріптейді. Бұлардан өзге ақылдылығымен, әулиелігімен аты шыққан Бегім ана, Бұланбай батырдың жары Айбике, Кенесарының қарындасы, 500 сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ғажап ерлік көрсеткен Бопай, Шоқанның әжесі, бірнеше шығыс тілдерін білген, өз халқының мұң – мұқтажы туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаменті мен үкіметінің Сібір комитетімен хат алысып тұрған Айғаным ханша тәрізді ел арасында беделі жоғары әйел аналар аз болмаған. Қазақ халқының осындай ерекше тәлімді тәрбиесін, қыздар мен аналардың ұлылығын өз кезегінде ел арасында болған орыс ғалым – зерттеушілері жоғары бағалап, пікірлерін жазып кеткен. Мәселен, зерттеуші А. К. Гейнс: «Жены у киргиз приобретаются, как у всех магометан, покупкою, называемою «калым», поэтому родителям тем выгоднее, чем у них более красивых дочерей и нередко случается, что бедные киргизы при помощи своих дочерей не только поправляли свое состояние, но даже и очень богатели. С этой целью в некоторых киргизских семействах для сохранения красоты девушек вошло в обычай до замужества избавлять их от всех тяжелых работ и хлопот, ...хвалить красавиц считается у киргиз поступком благопристойным, красавицы же, заслужившие общую похвалу, нередко прославляются в степях» 3 деп көзімен көргенін хатқа түсірген.

Қазақ әйелдері ұрпақ тәрбиесінен өзге қоғамның барлық істеріне тікелей болмаса да қатысып, өздерінің көзқарастарын танытқан. Хандар мен сұлтандардың, батырлар мен билердің ақылшы, кеңесшілері ретінде кең далаға танылған. Мұндай жайт өзге халық өкілдерінен шыққан зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Мысалы, зерттеуші ғалым А. К. Гейнс: «Киргизская женщина играет большую роль не только как полная хозяйка семьи, но и как член общества. На сходках киргизов

женщины подают голос наравне с мужчинами, в особенности по вопросам, касающимся общественных нужд. Иногда даже мнение женщин имеет некоторое преимущество над мнением мужчины» 4, – деп пайымдаған.» [6]

«Қызға қырық үйден тыю» деген дана философиялық қағидаға орай ата – бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. «Қыз өссе елдің көркі» дегенге сай болу үшін оны адамгершілікке, парасаттылыққа, еңбек сүйгіштікке, әдемілікке баулыған. «Қыз жат жұрттық» деп айтылып, өмірден сабақ ала білген бабаларымыз бөтен елде қыздарының тәрбиелігімен, көргендігімен дараланғанын қалады. Сол үшін де ата салттың мәнін өзгертпей, оны қатаң сақтап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырды.» [7]

Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі отбасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін. [8] Шаруаның негізгісі мал өсіру, егін салу болса, малды түзде бағып – қағу, оған жемшөп дайындау, егін егу, оны суару, жинау ісіне әйелдер тікелей араласа қоймайтын, ондай ауыр жұмыс әр уақытта ерлердің ісі болып есептелетін. Тамақ дайындау, киім тігу, жүн сабау, киіз басу, жіп иіріп, алаша, кілем тоқу, әр түрлі үй бұйымдарын тігу, мал сауу, кір жуып, үй жинау, көші – қонның кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата – енесіне қарау, т.б. үй ішінің ұсақ – түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болды.» [9]

Төңкеріске дейінгі көптеген әдебиеттерде қазақ әйелдерді сыйламайды, ұрып – соғып, күндікте ұстайды деген жаңсақ, бір жақты айтылған пікірлер де кездеседі. Әрине, мұндай жағдай бүкіл халыққа тән қасиет деу қисынға келмейді. Оған дәлел ретінде С. Г. Рыбаков: «Әйелдеріне ерлері тарапынан қаталдықты мен кездестірмедім, соған қарағанда мұндай жағдай тым сирек кездесетін.» [10, 49]

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша қазақ қоғамындағы әйел ананың орны мен ролін қарастырып, өзіндік ерекшеліктеріне тоқталдық. Әйелдердің қоғамдағы орны патриархалдық – рулық қатынастарға, ислам дінінің әсеріне байланысты болған. [12, 49] Ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған халықтық әдет – ғұрыптар мен салт-дәстүрдің негізінде әйелдердің қоғамдағы ролі айқындалып, беки түскен.» [13] Әйел-анаға қатысты әдет ғұрыптар оның болмысына, тәрбиесіне ықпал етіп, рухани тазалықтың биігінен көрінуге бағытталған. Осыған орай ақылдылығымен, тапқырлығымен, адалдығымен, көріктілігімен еркекке бергісіз әйелдер өмір сүріп, аттары аңызға айналған.» [14, 49]

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гумилев, Л. Көне түріктер – Алматы, 1993. – Б. 103.
- 2 Арғынбаев, Х. Семья и быт казахского народа. – Алма-Ата, 1979. – С. 84.
- 3 Гейнс, А. К. Собрание литературных трудов – Т.1. – СПб., 1897. – С. 76.
- 4 Арғынбаев, Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы, 2005 – Б. 35.
- 5 Низами. Б. 315–318.
- 6 Лобачева. Особенности костюма народов Среднеазиатского – Казахстанского региона. – Б. 71.
- 7 Келімбетов, Н. Шәді ақын. – Алматы : Жазушы, 1974. – Б. 96.
- 8 Көпейұлы, М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы – I том. – Алматы : Алаш, 2003. – Б. 504.
- 9 Көпейұлы, М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы – II том. – Алматы : Алаш, 2003. – Б. 432.
- 10 Көпейұлы, М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. – III том. – Алматы : Алаш, 2004. – Б. 376.
- 11 Көпейұлы, М. Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. – IV том. – Алматы : Алаш, 2005. – Б. 336.
- 12 Ізтілеуұлы, Т. Шығармалары. – I том. – Алматы : Жазушы, 2007. – Б. 312.
- 13 Имам ән-Нәуәуи. Хадистер жинағы. – Алматы : Көкжиек, 2013. – Б. 656.
- 14 Құдайбердіұлы, Ш. Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1988. – Б. 560.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Г. К. Жусупова¹, Е. К. Жүсіпов², З. Е. Куандық³

Образ женщины в тюркском искусстве

¹ Университет Туран,
Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;
^{2,3} Гуманитарно-педагогический факультет,
Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

The image of a woman in Turkic art

¹University of Turan,
Nur-Sultan, 120000, Republic of Kazakhstan;

^{2,3}Faculty of Humanities and Education,
S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 20.01.20.

В казахской нации работа по пропаганде ислама и пророка осуществлялась буквально. Из истории хорошо известно, что советское правительство, чья идеологическая работа на религиозные темы строго наказуемо, не могло остановить наших ядовитых и поэтических поэтов, которые не говорили правду. В казахской литературе широко распространено распространение ислама среди людей.

In Islam, Islam and the Prophets were promoted in the work of the Kazakh National Authority. From history, it is well-known that the Soviet government, the ideology of the work of the religious writers, or the moguls to destroy our present-day poetical poetry, did not say anything. In the Kazakh literature there is a broad spread of Islam.

K. P. Zhussip¹, N. K. Zhussupov², M. N. Baratova³

¹Doctor of Philological Sciences, Professor, Faculty of Humanities and Education,
S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of
Kazakhstan;

²Doctor of Philological Sciences, Professor, Faculty of Humanities and Education,
S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic of
Kazakhstan;

³Candidate of Philological Sciences, Professor, Faculty of Humanities and
Education, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, 140008, Republic
of Kazakhstan

e-mail: ¹nartai1970@mail.ru; ²nartai1970@mail.ru;

³baratova.muhabbat1970@mail.ru

PROBLEMS OF STYLE

This article discusses the problems of style in the kazakh literary science. All stylistic judgments, debates, etc. are collected in this article. It should be noted that the introduction of images, composition, content in the science of russian and kazakh literature occupies a wide place. The works of the following kazakh scientists were comprehensively analyzed: K. Zhumaliev, Z. Kabdolov, F. Orazaev, A. Kekilbaev, S. Mukanov, M. Auezov as well as russian scientists who studied the concept of «style»: V. A. Kovalev, P. N. Sakullin, V. M. Zhirmunsky, L. I. Timofeev, G. L. Abramovich, V. V. Kurilov, G. N. Pospelov, etc.

Keywords: style, K. Zhumaliev, Z. Kabdolov, kazakh literature, russian literature.

INTRODUCTION

If you summarize and systematize all the disputes and discussions about the style, one can become a witness of the examination both in its enlarged concept and in the narrow one. In enlarged meaning style means the use of such phrases as «style of clothing» «style of fashion» etc. In addition, the scientist K. Zhumaliev drew attention to the fact that the word style is used in the sense of a method or direction as well [1].

Also there were many contrary opinions among those who considered style as a concept related to the artist's specific style of work. And one of the most frequent and most common opinions was that style comprises all aspects in art works or not all aspects. Furthermore, in Kazakh literature style is considered in its narrow sense and notes a pointlessness of its study only in language [1, 147 p.].

MAIN PART

It is known that in Russian literature style takes theme, character, composition and content as a superiority aspect. For example, a scientist who studied style in the sixties V. A. Kovalev reminds that P. N. Sakullin (1927), V. M. Zhirmunsky (1961) related the theme, composition, etc. to the style [2]. The same decision was made by the authors of the theory of literature such as L. I. Timofeev, G. L. Abramovich [3].

The scientist V. V. Kurilov, during the consideration of two opinions about the style, came to the conclusion of the supporting second part who insisted that the style of the work consists of different aspects of content (theme, characters, idea), the appearance of the form (images, composition, language) [4]. Kazakhstan scientists such as Z. Kabdolov, F. Orazhev, and K. Kekilbaev also support this opinion [5].

Nevertheless, dissenting opinions with the above-named scientists are sufficient.

The famous scientist G. N. Pospelov claims that although the content is present in style however it does not apply to it. Even if to say that the content does not apply to the style, it is still not possible to say that the style does not accept content at all. Although V. A. Kovalev also refers the concept of «style» to form and content, he nevertheless pay attention to the fact that style can not consider all aspects of art work [2, 17, 20, 134 p.].

Coming to a conclusion, I would like to express the following idea. First, it is initially known that the style takes place in the form. Secondly, there is a sense in the words of those who believe that the content does not apply to the style. Indeed, as the form, the content can not only be within the style. But style also affects the content and takes its influence. That is, saying that the style refers to the form means completely separate from the content. Conversely, considering the result of the influence of the content on the form will help to study the concept of style from all sides.

Considering the result of the influence of content on the form gives a chance to view the style from all sides. In addition, the relationship of style to the fiction method [6], with respect to the relationship of style to trends, direction etc [7]. The arising assumptions define and show the variety of functions of style. It is also known that full or partial replacement of the style with such words as content, form, method, flow, etc. is impossible. Nevertheless, one cannot help noticing that all this leads to consequences. In general, after assessing and general trust in the agreement and decision about the style, special clarification is needed regarding the key area and personal style. There is a lot of opinion about the meaning and peculiarities of the personal style. One of the most popular opinions and perhaps one of the most appropriate is the view that the ideological and artistic features

(idea, theme, character, plot, language) encountered in the writer's work prove the author's personal style. Also an auxiliary role of the style category such as inner wholeness and naturalness of the writer's work, systemic and semantic stamina of individual elements in the work, correspondence and interconnection are well distinguished [7]. Also along with the concept of style is the personal method of the writer (the general artistic method) that is his own style and personal look in the work of the artist is the theme for thought [8]. Nevertheless, it is more profitable to further develop this assessment and treat them not only as a unity of details with a personal individuality in figurative types of stylistic product, but rather their sorting, coordination, the totality of the principles of mutual influence [7].

In this case, each writer in his work linking common circumstances with his colleagues, his contemporaries, as well as individual differences that differ from others, the convergence of the two in one work and their harmonization, that is, everything individual does not remain personal and inside they can find something in common There is a need to set the condition for a more detailed consideration of this concept [9]. Therefore, in order to reveal the writer's autonomy, many researchers proposed alternatives to the concept of style such as «personal creative method» [7, 114–116 p.] «own signature», etc. In view of its insufficiency, other scientists are against such separation. At the same time, scientists pay attention to the fact that the works of authors can differ in style, in type, in versatility [7]. In addition, there are disputes about the fact that it is impossible to explain any word used in fiction without style [10]. Nevertheless, despite the fact that many names have been suggested, it is known that the existing features and differences of the writer from others [11] should be associated with some kind of concept or personal style. If you think what was the beginning of the style, then the historical events come to mind as the primary source. Given that the historical events affected every artist, it becomes clear that to look for the reasons for the writer's features in historical events is not enough. That is, saying that along with the history the artist gained not only the path and direction but also teaching his own writer's opinion, character, versatility, it is not superfluous to say that a separate own style of the writer is being created. True separating the personal style from the method and direction, the first relies on the signs of the artist who separate it from others, and the latter lead the writer to the related joint events with colleagues of his time. Although this does not deny the fact that in the personal style, along with the characteristics of the writer, there can be the same signs with other contemporary writers. It should be noted that when you delve into the personal style of all similar to other properties of the writer will be a consequence of these features. That is, saying that the writer has a consonant with the others but does not resemble anybody's style, we should not forget that this speaks of unity, and indicates that the former submits to the second. In short,

when the creative work of a writer-poet is settled, saying that this feature refers to one or another direction or method, the properties refer to a personal style, it is worth noting that a separation will always take place, and the general properties cannot be separated and can only be as a personal style.

Talking about the style it is known that this is a fairly broad concept and it is not enough to connect the problem only with the writer. But this does not deny that in determining the style of the role of the writer plays a paramount role [12]. Weighing these arguments, there are many topics for reasoning, if you think where the personal style comes from. Personal style can be seen even in the selection of the writer's theme. In addition, in describing a positive or negative image or which idea will be the main one, one can see the guiding role of the personal style. For example, mostly positive characters exist in S. Mukanov's works (in almost all the works, except the novel «Pure Love»), the descendants of poor families who were assigned to work in the Communist Party, and in M. Auezov's works, in spite of the fact that the family comes from a positive persona (for example Abai, Abish) is always depicted by a man of art zealously serving for the good of his country. However Aigerim in the «Way of Abai» is not a poet, but she is a singer and connoisseur of art. Other positive characters of the epic are also connoisseurs of art. This is the proof that the writer has placed the love of art at the forefront. If B. Mailyn's positive characters were described as somewhat naive, simple-hearted, hard-working people (Baken, Azamat etc.), who are not related to any proceedings, then S. Seifullin's characters stand out as an active fighting character (Yerkebulan in the «Red Falcon», The character of the writer himself in «The Stranglethorn.» While in works by B. Mailyn, meekness and cheerfulness are signs of positivity, T. Akhtanov pays special attention to the fact that characters possessing simple-minded and open morals are nasty in reality (Kasbulat in the novel «Buran») and those who seem tough and rude on the contrary are high-minded (in the novel «Terrible Days» the characters Erzhan, Murat, Kospan in the novel «Buran», etc.). So if in the genre of lyrics favorite persona of B. Mailyn are mostly ordinary workers (for example, Myrkambay etc.), then S. Seifullin is widely praised by advanced fighters and activists.

All this suggests that the personal style is determined by which topic the author chooses, as the character describes. That is, there is a need for a special study that when the theme is chosen, the image is created, the idea of conveying the idea of a personal style determines the plot of the work, the language of the work, etc. (We'll talk about this later, about the fact that each writer follows his style, K.J.).

When they speak about S. Seifulin's style, it is necessary to dwell in more detail on the features of the description of a persona. And the question arises, «Who is a persona?». In this regard, we want to draw attention to the fact that a persona and the author are not unified. In 1923 the poet B. Eikhenbaum in his

article «Anna Akhmatova» proved that despite his autobiographical indications in his poems, one should not understand such works as a diary telling about the details of the author's life.

The same opinion can be found in the work of Y. M. Lotman. Nevertheless, it is worthwhile to reckon with the opinion that a persona is the author's view of the world around him [13]. Undoubtedly, the division of the concept of «persona» and «author» can lead to loss of communication and harmony. If you study first the opinions of scholars on Russian literature, you can find many evidence about the involvement of the author in the lyrics. For example, we fully subscribe to the opinion proving that in the lyrical work the author's feelings are connected with some phenomenon [13]. In addition, it is worth considering the separation of the concept of «image of the poet» and «the personality of the poet» [14, 163 p.]. Nevertheless, we must not forget that the decisive role in the lyrics is played by the personality of the poet and the expression of feelings [14]. It should be noted that as in the epic, the author's position is preserved in the lyrics. In general, in poetry the primary role is played not by the skill of the poet but by the character of the poet [11]. From the side it seems that because of the fact that the poet writes on different topics in his every work there are different separate images. Nevertheless, even if the poet writes about pride in one verse, in another about experiences, in another he cherishes something, in these different situations there is one common feature that unites the acting lyric «I». That is, the poet describes the different feelings in different situations and saying that he looks at all equally open the organizational role of a persona [15]. Therefore, it should be noted that the poet does not leave a persona in one position on one level, but on the contrary helps him grow and develop throughout his life. Also do not forget that a persona does not change completely forgetting his original image, but rather because of whom he was, a persona develops and grows. Separating the relationship of the persona and the author, do not forget about the impact of time on the persona.

CONCLUSION

Trying to uncover the influence on the creativity of the author of any historical event, we come up against such a principle when the author bears in his work the preferences of millions in his time. So we found out that a persona is created together with the thoughts of the poet and the assembly of the senses of thousands of people. As a result, the ability to create an image in the lyrics is a separate topic. Here we need to clarify that the poet does not intend to consider the aspects of the phenomenon from all sides (and this is not possible), but on the contrary, knowledge of how to select the most semantic aspects plays a decisive role.

REFERENCES

- 1 **Жұмалиев, Қ.** Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы : Жазушы, 1966. – Б. 7.
- 2 Многообразие стилей в советской литературе. – М. : Наука, 1965. – Б. 21.
- 3 **Тимофеев, Л. И.** Основы теории литературы. – М. : Просвещение, 1966. – Б. 391–393; Абрамович, Г. Л. Введение в литературоведение. – М. : Просвещение, 1970. – Б. 298.
- 4 Проблема стиля в современном советском литературоведении. Московский университет, 1976. – Б. 47–48.
- 5 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Мектеп, 1976. – Б. 349–352; Оразаев, Ф. Шолулар-деректер, пікірлер-ойлар. – Алматы, 1969. – Б. 99; Кекілбаев, Ә. Өмір, талант, шығарма. // «Жұлдыз» журналы, 4, 1981, – Б. 208–212.
- 6 **Палиевский, П. В.** Постановка проблемы стиля. Теория литературы. – М. : Наука, 1965. – Б. 33; Борев, Ю. В. Художественный стиль, метод и направление. Теория литературных стилей. – М. : Наука, 1982. – Б. 86.
- 7 **Поспелов, Г. Н.** Проблемы литературного стиля. Московский университет, 1970. – Б. 93–94; Ковалев, В. А. Многообразие стилей в советской литературе. – М. : – Ленинград : Наука, 1965. – Б. 50 т.б.
- 8 **Абрамович, Г. Л.** Введение в литературоведение. – М. : Просвещение, 1970. – Б. 304–305.
- 9 Теория стиля. – М. : Искусство, 1968. – Б. 152.
- 10 **Подгаецкая, И. Ю.** Границы индивидуального стиля. – М. : Наука, 1982. – Б. 32.
- 11 **Исаковский, М. О.** О поэтах, о стихах, о песнях. – М. : Советский писатель, 1968. – Б. 190–191.
- 12 **Жәмішев, Ә.** Лирика табиғаты. // Жұлдыз, 8, 1967, 149 б.; Бөпежанова, Ә. Дәуірмен үндескен бақытты өлең (Уақыт және қаламгер). – Алматы : Жазушы, 1981. – Б. 203; Әлімқұлов, Т. Жазушылық оңай ма? (Сөзстан). – Алматы : Жалын, 1982. – Б. 96–97.
- 13 **Гинзбург, Л.** О лирике. – Ленинград : Сов. писатель, 1974. – Б. 6; Тимофеев, Л. Слово в стихе. – М. : Сов. писатель, 1982. – Б. 226–227.
- 14 **Дементьев, В.** Грани стиха. – М. : Просвещение, 1979. – Б. 6, 83.
- 15 **Тимофеев, Л. И.** Основы теории литературы. – М. : Просвещение, 1966. – Б. 268–269; Гончаров, Б. П. Проблемы художественного целого и системность стилистического анализа. – М. : Наука, 1982. – Б. 256.

Material received on 20.01.20.

Қ. П. Жүсіні, Н. Қ. Жүсінов², М. Н. Баратова³**Стиль мәселесі**^{1,2,3}Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,

Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Қ. П. Жүсіні, Н. К. Жүсінов², М. Н. Баратова³**Проблема стиля**^{1,2,3}Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 20.01.20.

Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымындағы стиль мәселесі жан-жақты қарастырылады. Стиль жөніндегі пайымдаулардың, айтыс – тартыстардың т.б. – бәрі осы мақалада жинақталып берілген. Стиль жүзін молайтып, оның үстемдік құрар аясына тақырыпты, образдарды, композицияны, мазмұнды қоса кіргізудің орыс және қазақ әдебиеті ғылымдарында кең орын алғаны сөз болады. Стиль ұғымын арнайы зерттеген қазақ ғалымдары: Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Ф. Оразаев, Ә. Кекілбаев, С. Мұқанов, М. Әуезов және орыс ғалымдары: В. А. Ковалев, П. Н. Сакуллин, В. М. Жирмунский, Л. И. Тимофеев, Г. Л. Абрамович, В. В. Курилов, Г. Н. Поспелов т.б. еңбектері жан-жақты сараланды.

В данной статье рассматриваются проблемы стиля в казахской литературоведческой науке. Все стилистические суждения, дебаты и т.д. собраны в этой статье. Необходимо отметить, что внедрение образов, композиции, содержания, в науку русской и казахской литературы занимает широкое место. Труды следующих казахских ученых, были всесторонне проанализированы: К. Жумалиев, З. Кабдолов, Ф. Оразаев, А. Кекилбаев, С. Муканов, М. Ауезова а также, русские ученые исследовавшие понятие «стиль»: В. А. Ковалев, П. Н. Сакуллин, В. М. Жирмунский, Л. И. Тимофеев, Г. Л. Абрамович, В. В. Курилов, Г. Н. Поспелов и т.д.

Г. К. Катбаева¹, Н. К. Абдраев²

¹аға оқытушы, Шығыстану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²PhD доктор, Шығыстану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹gulmirakatbaeva@gmail.com; ²abdrayev@gmail.com

**ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМ БІРЛІКТЕРІНІҢ
КЛАССИФИКАЦИЯСЫ**

Шет тілін оқып-үйренудегі ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі оқитын тіліндегі фразеологизмдерді дұрыс түсіну, орнымен сауатты қолданып сөйлеу және оны екінші тілге сауатты аудару. Фразеологизмдер – бұл бізді қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды, тарихи және мәдени оқиғаларды, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмыс тіршіліктегі жағдайларды, адамның мінезін, сезімдерін, эмоциясына, артықшылықтары мен кемшіліктеріне қатысты кез келген ойды барынша қысқа, түсінікті, әрі әдемі жеткізуге болатын тамаша мүмкіндік. Мақаланың мақсаты қытай өркениетінің тарихын, мәдениетін бойына сіңірген фразеологизмдерге, олардың зерттелу деңгейі мен бірліктеріне жан-жақты тоқталып, қазақ тіліне аударылу жолдарын қарастыру. Зерттеу жүргізу барысында, қытайдың ежелгі әдеби ескерткіштерінен және көркем шығармалардан үзінділер қолданылды, сонымен қатар Дәулетова Ф. Н., Кеңесбаев І, Авакова Р., Дәулетова П., Қалибек Т., Войцехович И. В., 温端政, 马国凡, Баранова З. И., Прядохин М. Г. сынды отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінің әдістемелік теориялық талдаулары басшылыққа алынып, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, аударма әдісі қолданылған.

Кілтті сөздер: тіл, лексика, семантика, қазақ және қытай тілдері, фразеологизм, тұрақты сөз тіркес.

КІРІСПЕ

Кез келген халықтың мәдениетін, әдебиет тілінің қажеттілігін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын танытатын ең күшті тілдік құралдардың бірі фразеологизм болып есептеледі. Шет тілін оқып-үйренудегі ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі оқитын тіліндегі фразеологизмдерді дұрыс түсіну, орнымен сауатты қолданып сөйлеу және оны екінші тілге сауатты аудару.

Фразеологизмдер – бұл бізді қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды, тарихи және мәдени оқиғаларды, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі жағдайларды, адамның мінезін, сезімдерін, эмоциясына, артықшылықтары мен кемшіліктеріне қатысты кез келген ойды барынша қысқа, барынша түсінікті, барынша әдемі жеткізуге болатын тамаша мүмкіндік.

Қай ұлттың болмасын сөздік қорында бір мағынаны білдіретін жекесөздерден өзге, бір-бірімен қосылып, не жалғасып келіп, тұтас бір ұғымда қолданылатын сөз тіркестері болады. Яғни, бір сөзбен айтқанда, ол – фразеологизмдер. Әр ұлт тілі өзіндік сөздік қорымен ғана ерекшелене қоймай, өз бойында ұлт мәдениетін, тәрбиесін, тарихын қамтиды. Сондықтан да кез-келген ұлттың тілін үйрену үшін, мәдениеті мен тарихын да жетік білу қажет. Фразеологизмдер соған мысал бола алады. Себебі фразеологизмдер қанша жылдан бері тарих пен мәдениет арқасында пайда болған ғылымдардың бірі.

Қытай тіліне де, қазақ тілі сияқты фразеологиялық фондтың бай болуы өте маңызды. Қытай тілі фразеологизмдері – ұлттық компонентті білдіруші, құраушы, өткеннің мұрасы. Қытай фразеологизмдерінде байқайтын болсақ, нефрит, айдаһар, халыққа әйгілі қаһармандар атаулары көп қолданылады. Әрине, нейтралды фразеологизмдер де бар, дегенменен аталған айдаһар, нефрит сияқты атаулар осы ұлттың мәдениетімен де, тарихымен де өте тығыз байланысты. Қытай тілінде фразеология жеке ғылым ретінде бөлінбейді, оны лексикология құрамында қарастырады, сондықтан олар сөздіктерге сөздермен қатар енгізіледі, бұл оларды іздеуді жеңілдетеді. Фразеологияның зерттеу нысаны фразеологиялық құрылымдар, яғни тілде қалай қалыптасса, біздің жадымызда қалай сақталса, солай айтылатын тұрақты сөз тіркестері.

Бүгінгі таңда қытай тілінің тұрақты сөз тіркестері белгілі бір еңбектің мақсаты мен міндеттеріне қатысты зерттеудің лексикология және стилистика бөлімінде ғана қарастырылады. Соған қарамастан, 1980–90 жылдары қытай тілінің тұрақты сөз тіркестерінің жалпы мәселелерін қамтып, фразеологиялық бірліктерді жеке-жеке қарастырған, тұрақты сөз тіркестерін тек қана тіл білімі ауқымында ғана емес, бірнеше ғылыммен ұштастырып саралаған салмақты ғылыми еңбектер жарық көре бастады.

Қытай тілінің фразеологиясына арналған еңбектері ғылымның дамуына едәуір ықпал еткен қытайлық ең атақты лингвист-ғалымдардың ішінен ең алғашқы кезекте Вэн Дуаньчжэн (温端政), Ма Гуофан (马国凡), Яо Пэнцзы (姚鹏慈), Джань Джигун (张志公) сияқты тіл мамандарын атауға болады.

Осы орайда, қазақ тіл білімі тарихындағы қытай тілі мен қазақ тілін салғастыра зерттеуге арналған тұңғыш ғылыми еңбекті атап өткен орынды. Ол – Фатима Дәулетованың «Қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы» (1999) атты кандидаттық диссертациясы.

1950 жылдардан бастап, жалпы тіл білімі ғылымында, қытай тілі фразеологиялық жүйесінің теориялық негізін жасау ісі қолға алына бастады. «Тіл мен әдебиет», «Тіл білімі», «Қытай филологиясы» журналдарында қытай тілінің тұрақты тіркестер қорындағы 成语, мақал-мәтелдер, афоризмдер, 歇后语 – астарлы тіркестер жайлы мақалалар жарық көрді. Осы кезден бастап қытай тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін бір-бірінен айыру және 成语 ді басқа фразеологиялық бірліктердің түрлерінен бөліп қарастыру тенденциясы байқалды [2, 10–11].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қытай тілінің бай фразеологиялық қоры әрқайсының өзіндік құрылымдық-семантикалық және функционалды-семантикалық ерекшелігі бар түрлі фразеологиялық бірліктерден құралған.

Ұзақ уақыт бойы қытай тілінің алуан түрлі тұрақты сөз тіркестерін «cheng yu» (成语) терминімен жалпы атау дәстүрі үстемдік құрып келді. Көптеген қытайлық және шетелдік тіл мамандарының еңбектерінде «cheng yu» мәселесі жиі көтеріліп отырды. Бұл терминнің ауқымына фразеологиялық бірлік ретінде тек қана cheng yu дің өзі ғана емес, сонымен қатар барлық тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, афоризмдер де сыйып келді.

Бүгінгі таңда қытай тілі фразеологиясында «shu yu» (熟语) терминінің ауқымына кіретін төрт-бес фразеологиялық бірлікті бөліп қарастыруға болады. Фразеологизмдер құрылымдық-семантикалық ерекшелігіне қарап емес, олардың шығуына және стилистикалық ерекшелігіне қарап классификацияланған. Осылайша қытай тілінің маманы Ма Гофан қытай тіліндегі фразеологиялық бірліктің бес түрін бөліп көрсетеді:

- 1 cheng yu (成语) – идиома;
- 2 yan yu (谚语) – мақал;
- 3 xie hou yu (歇后语) – астарлы сөздер;
- 4 guan yong yu (惯用语) – қалыптасқан сөздер;
- 5 su yu (俗语) – мәтел;

Ма Гофанның ертеректегі еңбектерінде «yan yu» (谚语) термині мақал-мәтелдерге қатысты қолданылып, ал «su yu» (俗语) термині «халық сөздері» деген атаумен мақал-мәтелдерді, астарлы сөздерді, қалыптасқан тіркестерді қамтыған тұрақты сөз тіркестерінің үлкен бір бөлігіне, яғни әдеби тілге қатысы жоқ, халықтың ауызекі тілінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестеріне қатысты қолданылды.

Қытайдың тағы бір лингвист маманы Ван Дычун, қытай тілінің 5 түрлі фразеологиялық бірлігін атап көрсете отырып, оларға афоризмдер мен қанатты сөздерді (格言和警句) қосады, ал мәтел (俗语) мен қалыптасқан тіркестерді (惯用语) бір қатарға біріктіреді [1, 17].

Cheng yu – қытай тілі тұрақты сөз тіркестері жүйесінің шығу тегі жағынан ең көп, қолданылуы жағынан ең универсал түрі. Қытай тілінде cheng yu үш компоненттен бастап он алты компонентке дейінгі формалары кездеседі.

«Қазіргі қытай тілі сөздігінде» cheng yu ге мынандай түсіндірме беріледі: «cheng yu лер – халық бұрыннан даяр қалпында қолданатын, формасы шағын, бейнелеу мәнерлігі терең, тұрақты формалы тіркес немесе қысқа сөйлем» [1, 18].

Олардыңшығуы тарих қойнауына кетеді. Негізгі қайнар көзі классикалық канондар, философиялық трактаттар, тарихнамалар, әдеби шығармаларды қамтитын қытайдың классикалық әдебиеті болып табылады. Қытай лингвист мамандары cheng yu лердің қайнар көздеріне тарихи және философиялық эпсаналарды, аңыздар мен мифтерді, қанатты сөздер мен афоризмдерді, мақал-мәтелдерді және басқа тілдерден енген тұрақты сөз тіркестерінде жатқызады.

Мысалы, 图穷匕见 tu qiong bi xian «қартаны ашқанда, қанжар шықты» cheng yu інің дерек көзі ретінде Жан гуо (б.з.д. 453–221 жылдар) «Соғысушы патшалықтар саясаты» («战国策») және Сы Мачиеннің «Тарихи жазбалар» («史记») атты жазба ескерткіштері аталады.

Сы Мачиен өзінің «Тарихи жазбаларында»: «秦王发图·图穷而七首见» – «Чин билеушісі оралған қартаны жазған кезде ішінен қанжар шыға келді» деп жазған. Уақыт өте келе бұл фраза төрт сөзге дейін қысқарып, «ақиқат ерте ме, кеш пе белгілі болады, ақиқатты бұдан ары жасыру мүмкін емес» деген мағынаны беретін cheng yu ге айналған.

四面楚歌 Si mian Chu ge «жаудың қоршауында қалу, шығатын жол жоқ қиын жағдайда қалу»; 指鹿为马 Zhi lu wei ma «бұғыны көрсетіп, ат деу, ақты қара деу, ақиқатты бұрмалау»; 破釜沉舟 Po fu chen zhou «кейін шегінуге жол қалдырмау, келген көпірін өртеп жіберу»; 纸上谈兵 Zhi shang tan bing «қағаз бетінде ғана соғысу, әрекеті жоқ теорияны оқи беру, шынайы жағдаймен санаспау»; 三顾茅庐 San gu mao lu «мансапқа қайта-қайта шақыру, бірнеше рет жалынып шақыру» деген cheng yu лердің барлығының шығу тамыры тікелей тарихи оқиғаларға барып тіреледі.

Көптеген cheng yu лердің негізінде философиялық эпсаналар жатыр. Мысалы, 拔苗助长 ba miao zhu zhang «енді шыққан баласаны төбесінен тарту, қолдан өсуге көмектесу».

Кейін келе 拔苗助长 ba miao zhu zhang деген cheng yu ге айналған бұл тұрақты сөз тіркесі «артық қылам деп, тыртық қылу, бас алам деп, шаш алу» деген мағынада қолданылатын болған.

Cheng yu дің тағы бір қайнар көзі – аңыздар мен мифтер. Қытайдың әлемді жарату туралы, яғни Пангу туралы мифі 开天辟地 kai tian pi di

«жерді жарату, аспанды жарату» деген cheng уидің шығуына негіз болған. Қазір бұл cheng уи «тарихта алғаш рет, бұған дейін болмаған» деген мағынаға ие. Қытайдың канондық әдебиеті, оның ішінде жалпы қытай әдебиетінің бастауы болып есептелетін «Шіцзиң» (诗经) қытай cheng уилерінің маңызды қайнар көздерінің бірі. Мысалы: **巧言如簧** qiao yan ru huang (тікелей аударсақ «хуаң аспабындай әдемі естілетін сөздер» дегенді білдіреді) мағынасы «тілі майда, сөздері майдай жағады, аузын ашса көмейінен бұлбұл сайрайды» деген мағынаны білдіретін және **明哲保身** ming zhe bao shen (тікелей аударғанда «дана адам алдымен өзіне сақ болады» дегенді білдіреді) «сақтансаң сақтаймын, алдымен өзіңе сақ бол» дегенді білдіретін чэнь юйлер «Шіцзиңнің» өлең жолдарынан алынған.

Көптеген cheng уилердің шығуына будда ілімінің философиялық және діни тағылымдары ықпал еткен [6, 21]. Бұған **三生有幸** San sheng you xing (тікелей аударғанда «үш өмірде бақытқа ие» дегенді білдіреді) – «кез-келген адам аңсайтын, бірақ қол жеткізу өте қиын» деген cheng уиді мысалға келтіруге болады. Будда ілімінде «үш өмір» деп адамзаттың өткен, осы және болашақ өмірін айтады. Егерде бір адам осы үш өмірінде де будда ілімін игеріп, соны өмірінің негізі етіп алса онда ол адам үш өмірінде де бақытты дегенді білдіреді. Алайда, бұл жол оңайлықпен жүріп өте салатын жол емес, өте ауыр жол, ақиқатқа жету үшін адам өз нәпсісімен орасан күреске түсуі керек дегенді білдіреді [5, 57].

Қытай халқының материалдық тұрмысы мен рухани өмірінің кең аясын қамтыған фразеологизмдердің ерекше түрі – астарлы сөздер – **歇后语** – xie hou yu. Қытай тіліндегі фразеологизмдердің бұл түрі Қытайдың тарихы, мәдениеті, этикасы мен эстетикасы жайлы мол мағлұмат береді. Xie hou yu өзінің алғашқы қалпын және жарқын ұлттық бояуын қазіргі күнге дейін сақтап жеткізді.

Xie hou yu – қытай тіліне ғана тән тілдегі феномендік құбылыс. Қытай-тибет тілдер тобына кіретін бірқатар тілдердегі бұл тәріздес тіркестер негізінен қытай тілінен енген және семантикалық өңі жағынан айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймаған [4, 3].

Xie hou yu – мазмұны бай, тақырып таңдау аясы өте кең, кең мағынадағы тұрақты тіркестердің қысқарған түрі. Олар халықтың өмірін жан-жақты бейнелеп, ауызекі тілде немесе жазба тілде болсын белсенді түрде қолданылатын сөздік қордың мәнерлі, көркем бөлігі болып табылады. Олар терең мағынаға ие болып, тілге жан бітіріп, тілді көркемдеп тұрады.

歇后语 – «xie hou yu» терминін сөзбе-сөз қытай тілінен аударсақ, «демалыс, үзіліс жасап барып сөйлеу» дегенді білдіреді. «Қытайша – орысша сөздікте» бұл сөзге «недомолвка, намек, недосказанное выражение» деген аударма берілген.

Xie hou yu дің мағыналық, құрылымдық, әсіресе прагматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, тұрақты тіркестің бұл түріне қазақ тілінде «астарлы сөз» деп атау беруге болады. Астарлы сөздерді орыс қытайтанушылары ішінде ең алғаш зерттеген Михаил Григорьевич Прядохин болатын. Ғалым «Китайские недоговорки – иносказания» деген еңбегінде астарлы сөздерге семантикалық болмысы және грамматикалық құрылымы жағынан біршама толыққанды сипаттама берген.

《辞海》 энциклопедиясында астарлы сөздер туралы былай деп жазылған: «Фразеологизмдердің бір түрі. Көпшілікке әзіл-оспақ, әрі бейнелі сөз тіркестері ретінде танымал».

Xie hou yu қолданғанда, астарлы мағына сөздің артында тасалануы мүмкін. Мысалға, **围棋盘里下象棋** Сөзбе-сөз аудармасы: «Дойбы тақтайында шахмат ойнау», яғни дұрыс емес жолды таңдау, қате тәсіл деген мағына береді.

«Қазіргі заманғы қытай тілі сөздігінде» се хоу юйге мынадай түсіндірме берілген: «Xie hou yu екі бөліктен тұрады. Оның бірінші бөлігі меззеу, яғни жұмбақ секілді, ал екінші бөлігі сол жұмбаққа түсіндірме, демек жұмбақтың шешуі секілді болып келеді. Мысалы,

1 雨落拖被絮 – 越被越重

Сөзбе-сөз: «Жауынды күні мақтаны арқалап көтеру – көтерген сайын ауырлайды». Қазақша баламасы: «Баста ми жоқ болса, екі аяққа күш түсер».

2 寒天吃冷水 – 点点在心头

Сөзбе-сөз: «Аязды күні суық су ішу – өз дерті өз ішінде». Қазақша баламасы: «Ақымақ жауынды күні суға түсер».

Стилист Чжан Гуи «Xie hou yu дің ғасырмен тілдесуі» деген еңбегінде астарлы тіркестің стильдік қолданысын айтып, көркем әдебиеттің құралы ретіндегі болмысына басты назар аударды. Чжан Гуи Xie hou yu ді екі бөліктен тұратын тұрақты тіркес деп, оның бірінші бөлігі образды түрде меззеу, ал екінші бөлігі сол образды меззеудің мәнін ашатын тұрақты тіркес деп мінездеме береді [4, 12].

Қытай тіл мамандары халық аузындағы тұрақты сөз тіркестерін «su yu» (俗语) терминімен (тікелей аударғанда «қарапайым, күнделікті тілдегі сөздер, халық аузындағы сөздер» деген мағынаға саяды) жалпы атап жүр. Қытайдың атақты фразеологы Вэн Дуанчжен «su yu» (俗语) «халық аузындағы тұрақты сөздер» деп фразеологизмдердің үш түрін жатқызады [1, 17]. Яғни,

1 谚语 – уапу – мақалдар – тәрбиелік мәні бар фразеологиялық бірлік;

2 习惯用语 – хигуан уонг уи – «қалыптасқан тіркестер» – тілдік бейнелеу қасиетіне ие фразеологиялық бірлік;

3 歇后语 – xie hou yu – «астарлы сөздер» – екі бөліктен тұратын, ойды астарлап жеткізетін фразеологиялық бірлік;

Тағы да «su yu» термині тек қана мәтелдерді білдіреді деген көзқарас та бар. Алайда бұл жерде көп тілдерде мақал мен мәтелдің арасында белгілі бір айырмашылық жоқ екенін ескеру керек. Қытай тілінде де солай. Кейбір тұрақты сөз тіркестерін мақалға да, мәтелге де жатқызуға болады.

Қытай мақал-мәтелдерінің мындаған жылдық тарихы бар. Олар тіл пайда болып, адамдар бір-бірімен тілдің көмегімен қарым-қатынасқа түскенде, бірақ жазу-сызу әлі пайда болмаған кезде-ақ пайда бола бастаған. Жазудың шығуымен адамдар мақал-мәтелдерді жазып, қағаз бетіне түсіре бастады. Бүгінгі таңда біз «Ицзин», «Мыңзы», «Цзочжуан», «Гуоуй», «Чжан гуоцзы», «Ші цзи» сияқты ежелгі Қытайдың әдеби ескерткіштерінен көптеген мақал-мәтелдерді кездестіре аламыз. Суң дәуірі кезінде мақал-мәтелдердің алғашқы жинағы жарық көрген. Чин дәуірі кезінде Ду Вынлан құрастырған «Ежелгі халық әндері мен мақал-мәтелдері» деп аталатын жинақ бүгінгі күнге дейін ең үлкен мақал-мәтелдер сөздігі болып есептеледі. Бұл жинақта ескі әдеби деректерде кездесетін ежелгі дәуірден Мин патшалығына дейінгі кезеңде шыққан барлық мақал-мәтелдер қамтылған [1, 37].

Қытай мақал-мәтелдері басқа тілдердегі сияқты халықтың бүкіл өмірлік тәжірибесін бойына жинақтаған даналықтың айнасы іспеттес. Мақал-мәтелдер тарихи оқиғаларды, ежелгі тұрмыс-тіршілікті, қоғамдық және от-басылық өмірді, діни наным-сенімдерін, адамдық қарым-қатынастарды, табиғат пен адамның арасындағы байланысты, өндірістік, шығармашылық құндылықтарды бойына жинаған керемет құбылыс болып табылады.

Мысалы:

大意失荆州 Da yi shi jing zhou «Кішкентай ғана қателіктің соңы алапат шығынға алып келді» (Тікелей аудармасы: «Аңқаулықтың кесірінен Цзин жоудан айрылу»)

只许州官放火，不许百姓点灯 Zhi xu zhou guan fang huo, bu xu bai xing dian deng «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» (Тікелей аудармасы: «Шенеунікке өрт қоюға болады, ал шаруаға от жағуға да болмайды»)

远亲不如近邻 Yuan qin bu ru jin lin «Алыстағы туысқаннан жақындағы көрші артық»

秋菊春桃，物各有时 Qiu ju chun tao, wu ge you shi «Әр нәрсе өз уақытымен»

(Тікелей аудармасы: «Хризантема күзде, шабдалы көктемде гүлдейді – әр нәрсе өз уақытында»)

一女不吃两家茶 Yi nu bu chi liang jia cha «Тастай батып, судай сіңу» (Тікелей аудармасы: «Жаңа түскен келін екі үйдің шайын бірден іше алмайды. Келіннің некесі екі рет қиылмайды. Қыз тұрмысқа екі рет шықпайды»)

不受磨练不成佛 Bu shou mo lian bu cheng fo «Бейнет болмай, зейнет болмайды» (Тікелей аудармасы: «Нәпсіңді тыймай, Будда бола алмайсың»)

衣是百行本 Nong shi bai xing ben (Тікелей аудармасы: «Шаруаның еңбегі – жүздеген кәсіптің негізі»)

人不欺地皮，地不欺肚皮 Ren bu qi di pi, di bu qi du pi (Тікелей аудармасы: «Адам жерді ренжітпесе, жер адамды ренжітпейді»)

白米细面，土中提炼 [4, 126]. Bai mi xi mian, tu zhong ti lian (Тікелей аудармасы: «Күріштің қаншалықты ақ болуы және кеспенің жіңішке болуы жерге байланысты»)

Қытай фразеологизмдерінің үлкен бөлігін құрайтын тағы бір категория – «қалыптасқан тіркестер» – 习慣用语 xi guan yong yu. Тікелей аударсақ, «әдетке айналған сөздер» дегенді білдіреді.

Фразеологизмнің бұл түрі өзінің тұрақтылығымен, тұтас бір мағынаға иелігімен, эмоционалды-экспрессивті ойды барынша қысқа, барынша бейнелі жеткізуімен ерекшеленеді.

1949 жылыға дейін Қытайда арнайы xiguan yong uidi зерттеп жазған бірде-бір ғылыми-зерттеу еңбегі болмаған. Тіпті осы терминнің өзі кейін келе, XX ғасырдың алпысыншы жылдары ғана пайда болды. Онда да болса алғашқы кезде үш иероглифтен құралған фразеологизмдерді меңзеді [7, 42].

Мысалы:

炒冷饭 chao leng fan «Өткен ескі нәрсені мыжу» (Тікелей аудармасы: «Суып қалған тамақты қайта қуыру»)

碰钉子 peng ding zi «Жолы болмау, шекесі тию» (Тікелей аудармасы: «Шегеге ұрыну, шегеге соқтығысу»)

交白卷 jiao bai juan «Емтиханнан құлау» (Тікелей аудармасы: «Орама қағазды таза өткізу»)

Мұндай тұрақты сөз тіркестері қарапайым халықтың күнделікті ауызекі тіліндегі қарапайым тіркестер деп қабылданып, фразеологизмдердің бір түрі деп есептелмеді. Тек қана бертін келе тұрақты сөз тіркестерінің бұл түрі 谚语 – yan yu, 歇后语 – xie hou yu, 成语 – cheng yu ден бөлек қарастырылып зерттеле бастады.

Қытайдың лингвист-ғалымы Вэн Дуанчженнің айтуынша, қалыптасқан сөздерге қатысты әртүрлі көзқарастардың болуы оның әлі де болса аз зерттелгенімен түсіндіріледі. Ол да Ма Гуофан сияқты guan yong uidi бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар, cheng yu мен yan yu ден толығымен өзгеше өз алдына бір фразеологиялық бірлік деп есептейді [1, 210].

俗语 [súyǔ]] (хикмет сөздер) дегеніміз қытай қоғамында қара халықтың арасында пайда болып, ауызкей тарап отырған тұрақты сөз тіркесінің бір түрі. Қытай хикмет сөздері қарахалықтың өмірдегі мұң-мұқтажы мен арман-тілектерінің айнасы десек те болатын сияқты. **俗语** [súyǔ] (хикмет сөздер) жоғарыда аталған **成语** [chéngyǔ] (мақал-мәтелдер) мен **惯用语** [guànyòngyǔ] (калыптасқан сөз тіркесі) – нен айырмашылығы, олар, суүй және cheng yu сияқты төрт иероглифті, немесе үш иероглифті болып келеді деген сипаттамаға ие емес. Бірақ, осы жерде айта кетер бір жайт–қытайлықтар қаншажерден бұларды ерекшелеп, ат қойып жатса да, біздің тілімізге аударғанда олардың қазақша баламасы қытайлықтар салып кеткен қалыппен аталмайды. Яғни, қытай тілінде хикмет сөздер санатына жататын сөз тіркесі, қазақ тіліне аударылғанда жай ғана «мақал» – деп қана аталуы мүмкін. Себебі, әр тілдің өзіндік айырмашылығы бар. Сондықтан сөзімізге дәлел болу тұрғысында **八字还差一撇** [bāzì hái chā yī piē] деген тіркесте істеу керек бір шаруаны әлі бастамағандықты білдіреді. Қазақтар кейде, «әлі мұртын да түртпедім» – деп жатады. Мақалдың өзі анық аңғартып тұрғанындай, сегіз деп тұрған иероглифтің бір сызығы да әлі жазылмады дегенді білдіретеді [3, 424–25].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қытай елінің мыңдаған жылдық тарихымен бірге қалыптасып, бірге біте қайнасып келе жатқан қытай тілі фразеологизмдері бүкіл Қытай өркениетінің тарихын бойына сіңірген материалды және рухани мәдениеттің сарқылмас кені сияқты. Оларды оқи отырып аудару барысында фразеологизмдердің қазақ тіліне сәйкес баламасын тауып аудару арқылы біз тарихы бірнеше мыңдаған жылдарды құрайтын Қытай халқының дүниетанымы, рухани және материалды құндылықтары туралы көптеген ақпаратқа қанығамыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Войцехович, И. В.** Практическая фразеология современного китайского языка. – Москва : «Восток-Запад», 2007. – 509 с.
- 2 **Дәулетова, Ф. Н.** Лингвомәдениеттану: қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы. – Алматы : «Қазақ университеті», 2000. – 180 б.
- 3 **温端政.** 俗语研究与探索：俗语的性質，范围和分类。-上海辞书出版社：2005 – 427 页.
- 4 **马国凡。** 成语。-呼和浩特：1978 年。– 328 页.

- 5 **Баранова, З. И.** Чэньюй как разряд фразеологизмов китайского языка: Автореф. канд. дис. филол.наук. – М., 1968. – 25 с.
- 6 **Прядохин, М. Г.** Китайские недоговорки-иносказания. Автореф. канд. дис. филол.наук. – М., 1969. – 27 с.
национальных менталитетов. 2-е изд., испр. и доп. – М. : Издательство
- 7 **Кенесбаев, І.** Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : Ғылым, 1977. – 712 б.
- 9 **徐宗才, 应俊玲。** Chinese Idiomatic Phrases for Foreign Students, 外国人说熟语。北京语言大学出版社：2001 – 194 页。2004. – 296 页.
- 10 **汉语大词典普及本/本书编委会编。** - 上海：汉语大词典出版社，2000 – 2431 页.
- 11 **Авакова, Р., Дәулетова, П.** Қысқаша қытайша-қазақша фразеологиялық сөздік. – Алматы : «Қағанат ҚС», 1998. – 60 б.
- 12 **Найман, С.** Ханзуша – Қазақша сөздік. – Үрімші: «Син дзяң халық баспасы», 1979. – 1550 б.
- 13 **Қалибек, Т.** Қытайша-қазақша, орысша тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы : Үш қиян, 2012. – 159 б.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Г. К. Катбаева¹, Н. К. Абдраев²

Классификация фразеологических единиц китайского языка

^{1,2}Факультет востоковедения,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

G. K. Katbayeva¹, N. K. Abdrayev²

Classification of Chinese phraseological units

^{1,2}Faculty of Oriental Studies,
al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

Одним из самых высоких показателей в изучении иностранных языков является правильное понимание, грамотное использование и перевод фразеологизмов. Фразеологизмы это отличный способ наиболее кратко, понятно и красиво описать различные явления окружающей среды, исторические и культурные события, отношения людей, условия повседневной жизни, а также различные

мысли, касающиеся характера, чувств, эмоций, достоинств и недостатков человека.

Цель статьи – рассмотреть уровень изученности фразеологизмов, которые вошли в историю и культуру китайской цивилизации, а также изучить способы их перевода на казахский язык.

В ходе исследования были применены сравнительный метод и метод перевода, использовались фрагменты древнекитайских литературных памятников и художественных произведений, теоретико-методологической основой послужили труды отечественных и зарубежных ученых, таких как Дәулетова Ф. Н., Кенесбаев И., Авакова Р., Дәулетова П., Қалибек Т., Войцехович И. В., 温端政., 马国凡., Баранова З. И., Прыдохин М. Г.

One of the highest rates in the study of foreign languages is the correct understanding, proper use and translation of idioms. Idioms are a great way to most briefly, clearly and beautifully describe various environmental phenomena, historical and cultural events, people's relationships, conditions of everyday life, as well as various thoughts concerning the nature, feelings, emotions, strengths and weaknesses of a person.

The purpose of the article is to examine the level of knowledge of idioms that have entered the history and culture of Chinese civilization, as well as to study ways of their translation into the Kazakh language.

In the course of the study, a comparative method and method of translation were applied, fragments of ancient Chinese literary monuments and works of art were used, the theoretical and methodological basis was the works of domestic and foreign scholars, such as F. N. Dauletova, Kenesbaev I., Avakova R., Dauletova P., Kalibek T., Voitsehovich I. V., 温端政., 马国凡., Baranova Z. I., Pryadokhin M. G.

FTAMP 17.82.31

Б. Қ. Қапасова¹, С. Т. Елікпаев², Р. О. Жұманбаева³

¹ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

³ф.ғ.м., аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹kapasova1970@mail.ru; ²serik.elikbay@mail.ru; ³riza16041981@mail.ru

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ САРЫНДАРДЫҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қазақ әдебиетіндегі аңыз және сол аңыздар арқылы кейінгі замандарға жеткен халықтық сарындардың көркемдік қалты талдауға алынған. Мақала авторлары көне аңыздар мен олардың сілемдерінің ұлт танымы үшін маңызды танымдық құрал екендігін кейінгі әдебиеттегі шығармалар арқылы талдап анықтаған. Халықтық этнографиялық сарындардың 20-ғасырдың 60-80-жылдардағы туындыларындағы, кейінгі тәуелсіздік кезеңі әдебиетінің алғашқы жылдарындағы жазылуына, көркемдік ойды беруіне талдау жасай отырып, қоғаммен, әлеуметтік, тұрмыстық, саяси жағдайлармен байланыстыра ашылады. Әр қоғамдағы этнографиялық сарындар мен аңыздардың жасауы, жаңғыруының өз себептері бар екендігіне назар салады. Бұл қоғамдағы ой мен сана, таным мен түсініктің ғана көрінісі емес, қоғамды бейнелеуші тәсіл ретінде де алатындығына көңіл қойылады. Мақалада этнографиялық сарындар мен аңыздарға ұлттың құндылықтарын жинақтаушы, әрі үйлестіруші ретінде баға беріледі.

Кілтті сөздер: этнография, ұлт, аңыз.

КІРІСПЕ

Этнографиялық сарындар аңыздардың қайта жаңғыртылуы арқылы көп беріледі.

Аңыз әңгімелер – ел тарихы мен ұлт танымының негізі. Бүгінгі тәуелсіз ел болашағы үшін өткеннің танымы мен түсініктеріне қайта жаңа көзбен баға беру қажеттігі айқындалары сөзсіз. Қазақ халқында аңыздар көп. Ол аңыздардың астарында ел мен жердің тарихы ғана емес, ұлттың жан сезімі мен көңілі, пәлсапасы мен психологиясы бар. Ұлттық құндылықтарды

құрастырушы басты элементтердің біір ретінде халық аңыздары сақталған әдебиет үлгілерінің жанрлары да түрлі.

Аңызға айналған кейіпкерлер мен оқиғалар бірі – ертегілерде, бірі – жырларда, бірі – қысқа әңгімелерде т.б. ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған. Аңыз әңгімелердегі кейіпкерлер мен оның қоғамы, олардың танымы мен түсінігі, қоршаған ортасымен қарым-қатынасы туралы зерттеулер мен жаңа пікірлер қажет екені белгілі. Себебі аңыз әңгімелер кейіпкерлері – жай адамдар емес. Олар – халықтың бар ақылы мен танымын, мол рухани құндылықтарын бойына жинаушы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ әдебиетінің 20-ғасырының екінші жартысындағы аңыз-әфсаналардың қайта жазылуының екі түрлі себебін көрсетуге болады: 1. Ел аузында, халық есінде қалған оқиғаларды қайта жаңғыртып жазу; 2. Нақты дерек пен дәлелдерге сүйене отырып, көркем туынды жасау. Екі кітаптан тұратын «Дулығада» көшпелі тайпалар тарихында ескі замандардан есімдері тасқа жазылып, қағазға түскен сонау арғы бабаларымыз бен олардың еңбектері жазылған.

Аңыз адамдарды кейіпкер ету – қазақ әдебиетінде мол жазылған тақырыптардың бірі. Тіпті таза дерекке құрылған С. Мұқановтың «Өмір мектептері» [1] мен автордың өз көзімен көрген, қатысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян, күнделік, естелік, жол жазбалар түріндегі нақты тарихи жағдайларға, деректерге сүйеніп жазылған

С. Сейфуллиннің [2] «Тар жол, тайғақ кешу» сияқты романдардың өзінде де аңыз әңгімелер кездеседі.

«Қазірде кемелденген жазба әдебиеттің алтын арқауы, рухани өнеріміздің алғашқы тұғыры фольклор екені даусыз. Фольклор ілкі заманда туып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде қалдырылатын рухани мұқра болса, ал этнография фольклормен үндесе, жымдаса жүретін, халық санасынан берік орын алған, сол хаылықтың бүкіл тыныс-тіршілігінен хабардар ететін құбылыс. Ал әдебиеттің даму тарихы заман келбетіне, сипатына тәуелді болды. Әдебиет өз даму тарихының әрбір кезеңінде этнография мен фольклормен біте қайнасып, бірге тіршілік еткен» [3, 8].

Осындай басты сипаттарды анықтау келе зерттеуші А. Таңжарықова этнографиялық және фольклорлық сарындардың кейінгі әдебиеттегі сарындары туралы төмендегідей негізгі ойлады береді.

- 1 Кейінгі әдебиетте сарындар белгілі бір сюжет құруға;
- 2 Кейіпкер образын ашуға;
- 3 Көркемдік тәсілдердің қолданылуына;

4 Оқиғалардың шешіміне;

5 Шығарманың бүкіл өн бойын қызмет еткен [3, 8].

20-ғасырдың екінші жартысында фольклорлық және этнографиялық ұғымдар туған жер, туған топырақ, отбасы ұғымдарымен байланысты алынғандығын да айтады. Аталған кезеңдегі жазушылар шығармаларындағы сарындардың қолданысы этно-фольклорлық қызметті атқарғандығын түсіндіреді.

Бұл қазақ әдебиеті үшін қай кезең үшін де басты тақырыптардың біір екені сөзсіз. Фольклордан, бастап, қазақ әдебиетінің басты тақырыбы туған ел жайында болса, осыны аталған кезең қаламгерлері өткен замандар аңыздарның кейіпкерлерін қайта оралта отырып та көркем жеткізді. Бұл кезеңде қазақ жастарының бойында бұрынғы елге, жерге деген көңілдің өзгергені де анық еді. Сондықтан әдебиет алғашқы дабылды қақты [3, 29].

«Әлқисса, осынау ұрпақтан ұрпаққа жиырма бес ғасыр бойы, яғни екі мың бес жүз жылдан бері аңыз дастан боп келе жатқан сақ тайпасының аруы Зарина (Сара) туралы оқиға да тосыннан басталды. Еркіндігіне ерлігі, серілігіне сұлулығы сай керім келіншек ашық аспан, дарқан даласының аясында серуен құрып, сергіп қайту үшін саятқа шықты...» [4, 200].

Халық санасына, пікіріне әсер ету үшін саясаткердің саяси коммуникацияда сөйлеу техникасы мен әдіснамасын меңгеріп мәлімдемені жүйелі және орынды тауып сөйлеуі зерттеудің басымдылығы мен маңыздылығы болып табылады. Саяси дискурсты зерттеуде АҚШ экс-президенті Барак Обаманың сөзі негізінде жүргізілмек. Сонымен, саяси көшбасшылардың тілдік мінез-құлқы, мульти-өлшемді құбылыс зерттеуді керек етеді. Көшбасшының мәдениеті, биографиясы, саяси көзқарасы мен ойлау жолдарын заманауи тілдік әдістемесін қолдана отырып зерттеу мүмкіндік береді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Саяси дискурстағы тілді зерттеу кезінде сөзсіз екі мәселе туындайды – тіл билігі мен билік тілі. Олар біз сияқты көрінеді: билік тілі – ол қалай айтылады, қазіргі билік қандай тілдік құралдар мен әдістерді қолданатыны зерттеу бұл «таза» лингвистиканың зерттеу тақырыбы. Тілдің күші бұқаралық сананың қалай жұмыс істейтіндігінде. Бұл тілдік құралдар мен әдістерді саяси лингвистика арқылы зерттеу керек.

Саяси дискурс деген не? «Дискурс» гуманитарлық ғылымның күрделі концептісі. Дискурс концептісі танымал болғаны соншалықты, көптеген ғалымдар бұл концептіге түсініктеме беруге тырысуда. Патрик Серио «дискурс» туралы бірнеше анықтама береді: Фердинанд де Соссюрдың ойынша, мәтін және контекст, әңгімелесу, айтылған сөзді түсіну және т.б.

90-жылдардың ортасында Алтунян, Проскуряков, Шейгал еңбектері саяси лингвистиканың жақын онжылдық дамуын анықтап берді.

А. П. Чудиновтың пікірінше, қазіргі заманауи саяси лингвистиканың негізгі ерекшеліктері: антропоцентризм (тілдік тұлға тіл құбылыстарын меңгеруде негізгі басшы рөлде болады), экспансионизм (лингвистика саласында аралас мәселелерді зерттеп, қарастыру яғни кеңейту), функционализм (тілді тілдік әрекет барысында зерттеу, функциялануы), экспланаторлық (тілдік факторларды сипаттап қана қоймай оған түсініктеме беру) [1, 4 б.].

Саяси дискурсты зерттеушілер арасында соңғы онжылдықтағы шоқтығы биік еңбектердің бірі Е. И. Шейгалдың «Семиотика политического дискурса» деп аталады, еңбекте автор саяси дискурс дискурстың басқа түрлеріндей екі өлшемі бар: реалды және виртуалды деп атап көрсетеді. Реалды өлшем ретінде зерттеуші, нақты бір әлеуметтік кеңістіктегі ағымдағы сөйлеу әрекеті, сол әрекет нәтижесінде лингвистикалық, паралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар арақатынасынан түзілетін тілдік шығарманы (мәтін) атайды.

Дискурстың виртуалды өзгеріске ұшырауы туралы Е. И. Шейгалдың пікірінше, бұл семиотикалық кеңістік, вербальді, вербальді емес белгілері бар, денотаты саясат әлемі болып табылатын, айтылым тизаурусы, тілдік іс-әрекеттің, жанрлардың модель жиынтығы, аталмыш сферадағы спецификалық қарым-қатынасы делінген [2, 25 б.].

Ю. А. Сорокин саяси дискурсты идеологиялық дискурс пен байланыстыра түсіндіреді. Шындығында, саясат ол-идеология. Саясаткерлер сол идеологияны ұстанушылар және таратушылар. Қандай да бір саясаткердің сөзі, ісі белгілі бір идеологияны ұстанатыны сөзсіз. Сол идеологияны насихаттаушы, өзгелерді өзінің идеологиясының дұрыстығына сендіруші тұлға. «Саяси дискурс – әртүрлілік, идеологиялық дискурс. Саяси дискурстың әртүрлілігі оның эксплицитті прагматикалығында болса, идеологиялық дискурс-имплицитті прагматикалығында. Бірінші дискурстың түрі-субдискурс, екіншісінің түрі-метадискурс» [3, 57 б.].

Сонымен, лингвистикада «саяси дискурс» термині кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынасында субъект не адресаттың мәлімдемесі саясат саласына арналған қарым-қатынастың формасы сақталған болуы тиіс. Тар мағынасында саяси дискурс – мақсаты саяси билікті сақтап қалу, жаулап алу болып келеді.

Т. А. Ван Дейк дискурс талдауды зерттеуші терминге түсініктеме беру қиын екенін айтады. «Өкінішке орай, «тіл», «қарым-қатынас», «арақатынас», «әлеумет» және «мәдениет», «дискурс» концептісі белгісіз, анықталмаған құбылыс». Т. А. Ван Дейктің «дискурс» құбылысына коммуникацияның әртүрлі аспектілерін зерттеуді қажет ететінін, дискурсты пәнаралық зерттеп барып анықтама беру керек дейді. Тілдік қолданыс, ой білдіру, әлеуметтік жағдаяттың өзара әрекеттесуі. Осы өлшемдерді ескере отырып әлеуметтануда (Фокал), критикалық ойлау лингвистикасының өкілі (Фоулер), критикалық дискурс талдау өкілі (Ван Дейк) дискурс ұғымына түсініктеме береді. Барлығы өз саласы тұрғысынан және теориялық әртүрлі түсініктеме береді [4, 52 б.].

Саяси дискурс талдауы туралы айтпас бұрын зерттеу нысанын анықтап алу қажет. Жауап ретінде біріншіден саяси акторлар немесе автор, саясаткерлер деген ұғымдарға тоқталып өтпек керек. Шынында да,

саяси зерттеулердің үлкен бөлігі пікірталастары – жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейдегі кәсіби саясаткерлердің президенттер, премьер министрлер және өкіметтің басқа мүшелері, парламент немесе саяси партия өкілдерінің сөздері өзара әңгімесі және мәтіндеріне талдау жасау.

Саясаткерлер (саяси) іс-қимылдары үшін төленетін топ және дауыс беру арқылы сайланатын саясаттың негізгі ойыншылары. Әлбетте, бұқаралық ақпарат құралдарының дискурсы саласын анықтау үшін, сонымен қатар оның аудиторияларына назар аудару қажет. Сондай-ақ, медициналық, заңды немесе білім беру дискурсы, тек дәрігерлер, заңгерлер сияқты ғана емес не мұғалімдер, сонымен бірге науқастар, айыпталушылар және студенттер арасындағы саяси коммуникацияға қатысушылар болып табылады.

Қазіргі саясаттану ғылымында бірден бір жиі көтерілетін мәселелер иммиграция, мультикульткризм және расизм тақырыбына саясаткерлердің қызығушылығын тудырады. Әсіресе АҚШ-та қатты мазалайтын және «саяси» деген мағыналы пікір мен сөйлескен пікірталас дұрыстығын «бұл саяси және қоғамдық маңыздылығын көрсетеді сондай-ақ оның көптеген дискурсивті формалары мен салдары болып табылады.

Саяси дискурс талдауын көпшілік ғалымдар лингвистикалық тұрғыдан қарастыруды жөн санайды (Chilton 1985, 1988; Geis 1987; Wilson 1990; Wodak & Menz 1990). Көріп тұрғанымыздай, саяси ғылым саяси коммуникация мен риториканы зерттейтіні анықталды.

Барак Обама екі автобиографиялық кітаптың «Dreams from My Father» (1995), «The Audacity of Hope» (2006) авторы, көптеген зерттеушілердің пікірінше, дискурстық талдаудың маңызы зор. Обаманың дискурсының ерекшелігі оның автобиографиялық табиғатында. Оның президенттік өмірінен деректер мен идеологиялық байланыс саяси дискурсында анық айтылады.

Автобиографиялық мәтін Барак Обаманың негізгі мәтіндік қызметін атқарады. Американдықтар мен ұлтына қатысты түрлі мәселелер жөнінде айтылады. Барак Обаманың негізгі талқылайтын мәселесі: рассалық теңдік, денсаулық пен білім саласы, энергияның балама ресурстары, отбасы, жастар мәселесі, ұлттық құндылықтар, религия, саясат, Америкадан тыс жердегі әлем жайлы. Обаманың автобиографиялық табиғаты президенттің ұмтылысы оның эстетикалық жағымды, семантикалық хабарламасы тартымды. Автобиографиялық табиғаты дискурстың өзгеше болуына себеп саясаткердің американдық дискурстың қалыптасқан дәстүрлерінен бөлек.

Барак Обаманың 2004 жылы Бостонда Ұлттық Демократиялық Конвенциясында ол өзінің ел президенті ретінде ел алдында сөйлеген сөзінде өзін көпшіліктің ішінен шыққан қарапайым тұлға екенін, әкесі Кениядан шыққан шетелдік студент болғанын қарапайым тілмен баяндайды.

2004 жылдары ол ешкімге таныла қоймаған белгісіз тұлға еді. Бұл қарапайым Американдық оқиға әр американдыққа таныс болғандықтан бұл сөздер тыңдаушыларынан үлкен қолдау тапты. «Бүгінгі айтар сөзімде мен Америка – консервативті Америка, либералды Америка деп бөлмеймін, бұл – Америка Құрама Штаттары» деп елді бірлікке шақырды. Бұл сөзінде Барак Обама өзін жұрт алдында сөйлей алу қабілеті мен ұшқыр ойлы саясаткер ретінде көрсетті, сөйлеген сөзі тыңдаушысына әсер етіп, халқына таныс әңгімелерді айтуды ұнатады өз сөзінде антитеза қайталаулар жиі қолдануы «Бұл Ақ Америка, бұл Қара Америка, бұл Латын Америка, бұл Азиялық Америка емес, бұл – Америка Құрама Штаттары!» көпшіліктің ризашылығын алды, бұл шынымен, «біздің жігіт, біздің бала» екен деп жұртшылық жылы қабылдайды. Себебі, ел ішінде партияға, нәсілге, азиялық, латындық т.б. бөліну күнделікті көрініс тапқан ортаға «біз Американдықпыз!», сондықтан мүддеміз де ортақ деп үлкен мінбеден бірлікке шақыруы көпшіліктен қолдау тапты. Сөйлеу барысында оң қолын жоғары көтеріп, сұқ саусағын белгілі бір бағытқа сермеп сөйлеуі, тұлғаның энергиясы басым екенін, бұл сөзді нақты «иә, саған, саған айтып тұрмын, босқа жатпа, Америка үшін қызмет қыл» дегендей әсер қалтырары сөзсіз. Сөзінде «Біз» деп айтуы, «бұл жетістік тек менікі емес, біздікі, шешім біздікі-яғни ортақ, болашаққа үміт, өткендегі ата-бабалары от басында болашаққа сенім артқаны, үміт еткені айтып өлеңдерінде көрініс тапты, қызыл штат, көк штат демей, ортамызда гейлер де бар, қалай дегенмен, жаратушымыз бір Құдай, адамбыз, жұлдыз бен жолақтың астында жиналған елміз!» деген сөздері бүкіл американдықтардың бүгінгі кейпінің қандай болса да бір Америка Құрама Штаттары екенін тағы бір еске салып өтті, жаңа «оқуын бітрген лейтенант, күлкілі есімді кішкентай бала» болсын Америка бұл әркім үшін үміт пен сенімі іске асатын мекен болып қала береді! «Мен саясаттың қараңғы тұсы ашық күндерге айналатынына, бүгін берілген уәделердің орындалатынына сенемін!» деп сөзін аяқтады, бұл сөздер көпшіліктің көңілінен шықты, себебі, әр айтылған сөз бен оқиғалар әр американдыққа жақын әрі көшбасшының әр сөзінің шынайылығында еді. Бұл Барак Обаманың президент ретінде алғаш салтанатты жиында сөйлеген сөзі [5].

Зерттеушілер «Азаматтық религия» деп атап кеткен сөзінде тек қана Құдайға деген сенім ғана емес, мемлекеттік жүйенің мүмкіндігіне шексіз сену дегенді еске салады. Американдықтар өте діншіл халық. Олардың сенімі прагматикалық және шындықпен тығыз байланысты. Макс Вебердің «Протестанттардың этикасы және капитализм елесі» жұмысында ол Құдайға сенетінін және шіркеулердің бір мүшесі ретінде «нағыз ердің этникалық теңдік және бизнес сапасының кепілі» деп қарастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл арқылы оның стратегиялық қызметі мен микро-қарым қатынастың табиғаты қандай? 21 ғасырда жаңа әлемде қоғамда тілдің алатын орны қандай коммуникативті қарым-қатынас адамдарды бірлікке шақыра алады ма? Америка Құрама Штаттары сияқты мемлекетте когнитивті қабылдауы мен ой-пікірлері, ұстанымы әртүрлі тұлғалармен акторлар мен әрекет етуші жақ қалай тіл табысады? Теориялық фрейм өзін өзгеше ойлайтын топ өкілдерімен түсінісу үшін қандай сөздер қолдану тиімді? Аудиторияның ойын оқу, интенциясы мен ой-түрткілерінің бағытын аулай білу, әртүрлі әлеуметтік, саяси, мәдени тәжірибесі қандай, қаншалықты ұзақ уақытқа есіне сақтай алады? Тілдік материалға талдау саяси тілге экстралингвистикалық факторлар әсіресе әлемдік саяси жүйеге үлкен әсерін тигізеді.

Мақалада айтылған талдауда көшбасшының халықпен тікелей қарым-қатынасы, коммуникативті үдерістің сәтті өткені, тыңдаушымен диалогының көрінісі интонация, жест, бет әлпетінің қосымша әсер етуші құрал ретінде қолдануы байқалды. Саясаткер ретінде өзінің ұстанымын, саяси көзқарасын айқын жеткізе алды. Таныс емес тұлғаның өзін көпшілікке таныстыру жолы, әрі қарай қандай саясатты ұстанатыны туралы ақпаратты жұртшылыққа қарапайым түрде жеткізе алуы билік басына келген адамның ойы, «өзіміздің жігіт, яғни сенім артуға болады» дегендей пікір қалыптастыра алды. Бұл жерде елді басқарушы өкілдің сөздері әлеуметтік ортасы әр түрлі ортаға оңды әсер етуін байқадық. Әлеуметтік коммуникацияға ене білу, ақпараттық әсер ету, басқару, өзіне қарай көпшілікті икемдеу, түсініктер қалыптастыру, осы үдеріске қатысушыларды өз идеясын іске асыру үшін ортақ мүддеге жұмылдыра алу. Спикердің мінбеге шығардағы негізгі мақсаты да сол еді. Саяси ортадағы саяси коммуникацияның негізгі рөлі де осы болса керек.

Саяси дискурсты талдау барысында парламентаралық, саяси партиялар арасындағы қарым-қатынас, саяси көшбасшыларының жергілікті сайлау кезінде, жалпы сайлау барысында, спикердің жаһандық аудиторияға арнауы дискурстың аспектілері анықталды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Чудинов, А. П.** Современная политическая коммуникация: учебное пособие. / А. П. Чудинов – Екатеринбург : Уральский государственный педагогический университет, 2009. – 292 с.

2 **Шейгал, Е. И.** Семиотика политического дискурса. – М. : Логос. – 2006. – 326 с.

3 **Сорокин, Ю. А.** Политический дискурс : попытка истолкования понятия // Политический дискурс в России. – М., 1997.

4 **Teun, A. van Dijk** Discourse and Power Cambridge University Press 2008.

5 YouTube C-SPAN: Barack Obama Speech at 2004DNC Convention.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Ә. Ж. Құрманова¹, Г. К. Сарсикеева²

Политический дискурс: фоностилистический анализ речи Барака Обамы

^{1,2}Филологический факультет,

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 20.01.20.

A. Zh. Kurmanova¹, G. K. Sarsikeeva²

Political discourse: phonostylistic analysis of Barack Obama speech

^{1,2}Faculty of Philology,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 20.01.20.

В статье рассматриваются проблемы исследования политического языка, политического дискурса которые являются актуальными среди современных лингвистов. Материал самопрезентации бывшего президента США Барака Обамы был использован для изучения, большое внимание уделяется влиянию лидеров на нынешней политической сцене, как влияет речь лидера на сознание страны.

The article discusses the problems of the study of the political language, the political discourse that are relevant among modern linguists. The material of the self-presentation of former US President Barack Obama was used to study, much attention is paid to the influence of leaders in the current political scene, how the leader's speech affects the country's consciousness.

З. Х. Латыпова¹, Н. Докторханқызы²

¹ф.ғ.к., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²студент, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹zakiyalatypova@mail.ru; ²aidana_bope@mail.ru

**ЛӘЗИЗА СЕРҒАЗИНА – ЖУРНАЛИСТ,
КӨРНЕКТИ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ**

Мақалада өз заманында ақпарат әлеміне айқара жол ашқан, қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш кәсіби журналист, аудармашы және қоғам қайраткері, текті отбасының ұрпағы, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері, журналистика саласының майталманы, бүкіл Қазақстанға аты әйгілі ақын Әбу Сәрсенбаевтың жары Ләзиза Мешітбайқызы Серғазина туралы қарастырылады. Қазақ журналистикасының көшін бастаған ер азаматтардың ісін жалғаса Ләзиза Серғазинаның қазақ журналистикасында өз қолтаңбасы бар. Қоғамның үні мен көзі һәм құлағына айналған бүгінгі БАҚ-та қоғамдық мәселелерге үн қатып, өзіндік ойын, өзіндік көзқарасын айқын, әрі ашық білдірген журналист, өңіріміздің мәдени өмірінің өрлеуі жолында сүбелі үлес қосты. Дүниеден өтіп кетсе де, арамызда сөзі қалған ерекше тұлға.

Кілтті сөздер: Серғазина, журналистика, БАҚ.

КІРІСПЕ

Ертіс-Баян өңірі ақылына көркі сай, мың бұралған биші, жезтаңдай әнші, жан-жақты өнерпаз, ақылымен де, сұлулығымен де көпшіліктің жүрегін баурап, талайдың тағдырына бақыт құсын қондырған нәзік жандардан кенде емес. Солардың бірі белгілі журналист, қоғам қайраткері, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Ләзиза Мешітбайқызы Серғазина еді. Ол – отбасының көп жылдар күттіріп дүниеге келген тұңғышы.

Журналист әйелдің сол замандағы ауқымды проблемалық тақырыптарды көтерген әрбір мақалалары оқырман жүрегінен орын алды. Әсіресе, ауыл қала әйелдерінің проблемалары оның басты тақырыбы болатын. Қиын-қыстау уақыттарда олардың қасынан табыла біліп, қол ұшын беріп отырды.

Оқырмандардың алғысына бөленді. Қыр-сыры көп журналистиканың тарланы атанып, «Қызыл жұлдыз» орденінің болды. Патша заманымызда жоғарғы дәрежелі білім алған Абай қазақтың бас ақыны болса, Ахмет Байтұрсынов қазақтың бұрынғы-соңғы тарихында қазақтың бас журналисі, баспагері. «Дала уәлайаты», «Айқап» журналынан «Қазақ» есімді газетінен Ахаңның (Ахмет Байтұрсыновтың) көтерген мәселелері, арқалаған жүгі ауқымды, көш құлашты еді. Сол ауыр жүкті көтерушілердің бірі қазақ әйелдерінің арасынан шыққан белгілі Ләзиза Мешітбайқызы Серғазина болған. Ләзиза Мешітбайқызы Керекулік, бәрі бәсентиін руынан (белгілі ақын Әбу Сәрсенбаевтің сүйікті жары). Ләзиза Серғазина – үлкен журналист. Қазіргі әйел қаламгерлердің ойлы да озық өкілі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Серғазина Ләзиза Мешітбайқызы Павлодар облысының Ермак ауданында (қазіргі Ақсу ауданы) 1908 жылы дүниеге келеді. Жиырмасыншы жылдардың басында Павлодар қаласында ашылған мұғалімдер даярлайтын қысқа курсқа оқуға қабылданады.

1930 жылы Алматыдағы КомВУЗ-да оқуын жалғастырып, журналист мамандығын алып шығады. Осыдан былайғы өмірі журналистикамен байланысты болады.

1933 жылдан бастап «Сталин жолы» облыстық газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметін атқарады.

«Социалистік Қазақстан» газетінде де 1938–1949 жылдары жемісті еңбек етеді.

1949 жылы республикалық «Қазақстан әйелдері» журналы ашылып, оны жауапты хатшы қызметіне шақырылады. Осы жұмысты зейнет демалысына шыққанша абыроймен атқарады.

Латыштың халық жазушысы Вилис Тенисович Лацистің «Дауыл» атты роман-эпопеясын қазақ тіліне аударған. Өз заманының жоғарғы марапаты «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері.

Серғазина Ләзиза қазақ баспасөзіне, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне елеулі еңбек сіңірген. Сонымен қатар шебер аудармашы болатын.

Әкесі Мешітбай қажы Мекке – Медина, кейін Ыстамбұлда 10 жылдай тұрып, елге оралғаннан кейін Медресе ашып, ауыл балаларын оқытады.

Совет үкіметінің саясатын қолдап жүрді.

Серғазина Ләзиза ауыл мектебінде қазақша-орысша оқып, хат танығаннан кейін, қысқа мерзімді мұғалімдік курстарды оқи жүріп, 1929 Жылдан бастап бастауыш мектептерде мұғалім болады. Сонымен бірге халықтың сауатсыздығын жою ісіне, әйелдерді оқуға тарту, түрлі қоғам жұмыстарына таныстыру шараларын жүзеге асыру ісіне де араласады.

1930 жылдың мартында коммунистік партияның мүшелігіне өтеді. 1930–1933 жылдары Алматыдағы Комвуздың журналистика факультетін бітіргеннен кейін баспасөз жұмысына ауысады.

1936–1937 жылдары Алматының облыстық «Сталин жолы» газетінде әдеби қызметкер, кейін жауапты редактор болып істейді.

1938–1949 жылға дейін «Социалистік Қазақстан» газетінде істеп жүріп, 1950 жылы «Қазақстан әйелдері» журналының жауапты секретары болып, 1966 жылы зейнеткерлікке шыққанша қызмет атқарды.

1945 жылы Л. Серғазина «Социалистік Қазақстан» газетінің 25 жылдығына орай «Қызыл жұлдыз» ордені мен «за доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» медалімен марапатталады.

«Қазақстан әйелдерінде» көтеріп жазған мәселелер ұшаң теңіз. Ол семья бақыты, бала тәрбиесі, ене мен келін қарым-қатынасы, ері мен әйелдің сыйластығы, адамгершілікке үйрету болды.

Ләзиза Серғазина 1958 жылдан журналистер Одағының мүшесі. Ол І-ІІ-УІ съезінің делегаты, горсоветтің мүшесі болған.

Журналдың жылма – жыл тиражының өсуіне Л. Серғазинаның үлесі мол болды. Осының барлығы сол кісіге тән үлкен іскерлігімен, жылдамдылығымен, ұйымдастырушылығымен, мінезінің байлығымен, жауаптылығымен келген. Ләзиза Серғазина талай жастарды баулып, журналистер қатарына қосқан адам.

Журналда істеп жүріп Ләзиза Серғазина аудармашы жұмысымен де шұғылданады. Аудармашы ретінде ол төл әдебиетімізге сіңірген еңбегі зор.

Соғыс біткеннен кейін бейбітшілік кезінде де Ләзиза Серғазинаның еңбегі бағаланбай қалған емес. 1957 жылы «XXX лет победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.», 1957 жылы «За освоение целинных земель», «За доблестный труд в ознаменовании 100 летие со дня рождения В. И. Ленина», «Ветеран труда» медальдарымен марапатталды. Қайтыс болуына 10 күн қалғанда 1982 ж. «50 лет пребывания в КГСС» значогы мен удостоверениясы тапсырылады.

Ләзиза Серғазина Риллис Лапистің «Дауылының» І-ІІ кітабын, Аркадий Гайдардың мектебін», Ликстановтың «Малышоғын», пайдалы кеңестерін» орысшадан қазақшаға аударды.

Табиғатынан зейінді де, зерек – Ләзиза Мешітбай қызы бес жасынан бастап өз әкесінің аралас медресесінде оқып, кейін сол медреседе ашылған Совет мектебін 1922 жылы озат бағамен бітіріпті. Бұдан әрі ше? «Өлім сарқыты... өзгенің он ұлына бермейтін...» қарлығашын оқытуды армандаған Мешітбай бабаны мынау сұрақ қатты толғандырыпты. Қайда оқыту керек? Мектепті бірге бітірген ересек балалар оқу іздеп Кереку, Семейге кетіпті. Бұл үйде құлазып жалғыз қалды. Алысқа жіберуге тәуекел де етпейді. Бұрын жол

шығып көрмеген қыз бала. Он төртке енді ғана толады. Оның үстіне соғыстан соңғы жұтаң кез. Азық тапшылығы, елді сүзек жайлаған. Ойлана-толғана келіп, әзірге өз бетімен білімді толықтандыруды ұйғарды. Әке кеңесін мақұлдаған зерек қыз кітаптан бас көтермей оқуға кірісті. «Қазақ» газетінде, «Айқап» журналында, Қазан мен Уфада шығатын татар, башқұрт газет-журналдарын да парактады. Қиссаларды сан рет оқып, жаттап алды. Көп нәрседен хабардар оқымысты әке «жалықпайтын ұстаз» екендігін танытты. Осындай күндердің бірінде Мешітбай бабаға Керекуден қаһарлы хат келді. «...Сіз қызыңызды оқуға жібермей жүрген көрінесіз... осы аптаның ішінде мұғалімдер курсіне жеткізбесеңіз, сотқа тартып, милициямен алдырамыз...» Мешітбай баба сүйікті қарлығашына налысты түрмен қарады. «Қартайғанда мені сақалымды желбіретіп сотқа шақыртпай-ақ, өзіме айтпаушы ма едің?!» Қарлығашы тізерлей құлап, жылап жіберді. «Міне жаным, міне иманым... Мен арыз бергенім жоқ...» Әке түсін жылытып, қарлығашының маңдайынан сүйді. «Қоя ғой... баяғы бір жылы менің тапсырмамды ұмытып, тезек терген қыз-келіншектерге еріп кеткенінде «қарлығашым-ай, тезек теруден әрі өрістемей қалар ма екенсің... тәңірі сені ұл бала етіп беруге қимады-ау маған», – деп жылағаным бар еді... Қазір мен қуанып отырмын, қарлығашым... Ертең шешен екеуің жол жүресіңдер...» Әке уағдасында тұрды. Ертесіне қажы қарлығашы Керекудегі мұғалімдер курсінің партасында отырды.

Екі айдан кейін сабақ кезінде есік ашылды да, курс оқушылары орындарынан дүр көтеріліп, қайтадан отырды. Облыстың ағарту бөлімінің меңгерушісі келген екен. Басшының көзі алдыңғы партада отырған балапан қызға түсті де, күліп жіберді. «Мынау балапан кім? Бұны мұғалімдікке дайындайсыңдар ма? Әлде қуыршақ ойнатасыңдар ма?» Курс меңгерушісі батыл жауап қайтарды. «Өзіңіз қаһарлы хатпен шақыртып алғансыз. Мешітбай қызы Ләзиза». Басшы күрсінді де, балапан қызға мүсіркей қарады. «Қарағым-ай, тым жас екенсің ғой, үйіңе қайтқаның дұрыс шығар...» Қыз басын шайқады. «Бармаймын... мазактайсыз ба?» Бәлекей қызды курс меңгерушісі қостады. «Шақыртып алып, кері қайтаруымыз обал шығар, бойы кішкене болғанымен де ойы толық... Осындағы ең озатымыз...». Облыс жетекшісі өзін-өзі жазғырғандай, ауыр күрсінді. «Жасың нешеде?» Бәлекей қыз бұл жолы қысыла жауап берді. «Он төртке толамын». Бастық шошып кетті. «Не дейді?.. Жоқ, Бәлекейім, онда қайтасың... заң көтермейді... бәлиғатқа толмаған бала ұстаз бола алмайды...» Бәлекей бақырып жіберді. «Әкемді соттатып, мені милициямен алдыртпақ боласыз да, енді кері қуасыз, міне хатыңыз... оқудан қуылғанша Ертіске құлап өлемін...». Бастық сасып қалды. «Әкеңнің үстінен шағым жасаған өзің ғой...» Бәлекей қолын жүрегіне қойып, орнынан көтерілді. «Міне жаным, міне иманым... Әкемнің үстінен шағым жасайтын мен қарабет емеспін... Мен арыз жібергенім жоқ. Кәне

көрсетіңізші, өз қолымды өзім танымын...» Ортадағы парталардың бірінен аққұба жігіт ілгері шықты. «Кешіре көріңіз. Бұл менің немере қарындасым... Біз кетерде жылап қалғансың... Мен жазған едім». Бастық енді жас жігітке шүйілді. «Сен кімсің?» Жігіт басын төмен құлатты. «Бағыман Кенжекей ұлымын... қарындасым оқысын деп...» бастық жас жігітке жұдырығын түйді де, Бәлекейге бұрылды. «Жарайды көгершінім... сен оқысын... Бірақ та жасыңды заңға сәйкестіруді ойластыралық...». Сонымен бәлекей қыз «Шортанның әмірі, бастықтың қалауымен» бір сәтте алты жыл жасап, жиырмаға толды да, оқуды жалғастырды. Бірақта, көктем түсе қалада жаппай сүзек басталып, курс таратылды. «Шортан әмірімен» балиғатқа толған бәлекей, үйге амалсыз оралғаннан кейін «сауат ашу мектебінде сабақ беріптіде, екі жылдан соң Керекуде қайтадан ашылған мұғалімдер курсына, Ертіс ауданындағы бастауыш мектепке орналасты. Бұл мұғалімнің аса қадірлі кезі болса керек. Күндіз балаларға сабақ берсе, кешке үлкендерге әліпше үйретті. Ара-тұра өз шәкіртімен ауыл адамдарының көңілін көтеріп сауық кештер өткізіпті. Жәбірленгендердің мұңын тыңдап, арыздарын жазушы да, әйел-қыз теңдігін қорғаушы да, газетке хабар жазушы да мұғалім. Кейде кезекті сабаққа дайындалуға уақыты жетпей, сығырайған май шам сәулесінде түнімен отырады. Оқулықтардың да тапшы кезі...». Сол жылы, ауылдағы әйел-қыздар намысын қорғай жүріп, анамыздың әбден сасқан бір кезі болыпты. Бұл жолы анамыздың өз жазбаларын парақталықшы.

Азия – Африка жазушылардың әйел тағдыры туралы жазылған әңгімелер, новеллаларды да көп аударған. Олар газет, журнал беттерінде жарық көрген. Кейін Ләзиза Серғазина қайтыс болғаннан кейін бұл топтамалар «Түнгі жыландар биі» атымен жеке кітап болып жарық көрді. (алмат. 1987.15 б.) Оның ішінде Индия, Египет, Ливан, Сирия, Конго, Индонезия, Тайланд, Түркі жазушыларының әңгімелері кірді.

Ләзиза Серғазина Болгария мен Египетте болды.

Ләзиза Серғазинаны тану, оның еңбектерімен танысу, өмірінің құпиясына қанығу арқылы біз ол өмір сүрген уақытқа, ол туылған топырақтың қасиетіне жақындай түсеміз. Оның көзі кетсе де елі, қазағы, азаматы, туғаны туралы жазған еңбектерінде оның болмысы мәңгі сақталған.

Туған жердің қасиеті онда өмір сүрген абзал жандармен ғана қасиетті болса керек. Ауасын жұтып, аяғы басқан, қолы тиген, сөзі жараған жақсы жанның қасиеті өз атамекеніне дарыйтыны шын. Себебі, Ләзиза Жүсіпбек Аймауытұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, олардың ізін басқан Қаныш Сәтбаев, Мұзафар Әлімбаев сынды өр тұлғалы азаматтарды дүниеге әкелген топырақтың тумасы еді. Ол қазақ журналистикасының қарлығашы атанып, қазақ журналистикасынан өшпестей орын алды. Өйткені, қырық жылдан аса журналистік ғұмырында қоғамдағы түйткілді мәселелерді қозғаған әртүрлі

жанрда алуан түрлі еңбектер жазды. Ләзиза апайымыз қоғамның барлық саласын қамтитын тақырыптарда қалам тербеді. Мәселен, әйел теңдігі, денсаулық, саясат, мәдениет, әдебиет, экономика, шетел жаңалықтары, отбасылық қатынастар, т.т.

Ләзиза Серғазина 1908 жылы қыркүйек айында әйгілі қажы Мешітбайдың отбасында дүниеге келеді. Стамбулда мұсылмандық білім алып келген Мешітбай қажы ауыл балаларының сауатын ашуға өмірін арнады. Әкесі қызын діни білімнен өзге шығыс философиясы мен әдебиетіне сусындатып, кішкентай Ләзизаның мәдениетті де саналы, рухани сарайының мейлінше биік болғанына аса мән берді. Әкесінің тәрбиесі оны білімге құштар етті, оқуға зерек, жаңаға жақын болуына жол ашты.

Павлодар қаласында мұғалімдер оқытатын қысқа курстың ашылғаны туралы хабар 14 жасар Ләзизаның құлағына да жетеді. Ол бұл мектепке де өзінің өжеттілігі мен қайтпас қайсарлығының, білімге деген құштарлығының арқасында қабылданады. Оқуын үздік аяқтап, өз ауылында 1929 жылға дейін бала оқытады. Ауыл ішінде «мұғалім қыз» атанған Ләзиза білімнің көкжиегін бағындыруға бел байлап, Алматыға жол тартады. 1930 жылы КомВУЗ-ға оқуға түсіп, ал 1933 жылы маманданған журналист болып оқуын тәмамдайды.

Келдің сен бақытымның бақ құсы боп...

Ертістің ерке қызы қазаққа танымал, қазақтың бағына біткен шоқтығы биік тұлғалардың бірі Қазақстан халық жазушысы Әбу Сәрсенбаевтың өмірлік жары болды. 1933 жылы КомВУЗ-да білім алып жүргенде екеуі танысып, содан бері жұптары жазылмаған. Екеуі жарты ғасырдан артық бірге кешкен ғұмырында Ләзиза апайымыз жазушының жан серігі, адал досы, ақылшысы, кейде шығармаларының өткір сыншысы бола білді. Екі жанның үйлесімін тапқан жұбайылық ғұмыры тазалықтың, сыйластықтың үлгісі болғанын бұл отбасына жақын болғандардың ауызынан шығатын алғашқы сөзі. Осы орайда Әбу Сәрсенбаевтың сүйікті жарына арнаған шумақ жолдары еске түседі:

Әрқашан өзін болдың сағынарым,
Мөп-мөлдір қасиетіңе табынды арым.
Келдің сен бақытымның ақ құсы боп,
Көркейтіп Сәрсенбайлар шаңырағын....

Ләзиза Серғазинаның кәсіби шеберлігі турасында оның өмірлік жолдасы Қазақстан халық жазушысы Әбу Сәрсенбаев баспа бетіне шыққан бір мақаласында былай деп еске алып еді: «Соғыстан кейін әйелдер журналы қайта шығатын болды. Бүкіл қазақ қауымы бұл хабарды жүрекжарды қуанышпен қарсы алды. Бұл жеңістен кейінгі еркіндікті сезінген тұсымыз болатын. Кімдер қызметке бекітілер екен деп асыға күттік. Редакторлыққа партия қызметкері, жас коммунист Хасиба Сейтқазиева тағайындалды.

«Бәрекедді» – дедік. Хатшылыққа «Социалистік Қазақстанда» жиырма жыл істеген тәжірибелі журналист Ләзиза Серғазина шақырылды. Ол кісі менің зайыбым болатын. Ләзизаның кейбір достары мұндай шешім күтпесе керек: «Барма, баспасөздің не екенінен хабарсыз жас коммунист қыз редактор да, жиырма жыл тәжірибесі бар сен хатшы ғана болғаның не?» – десті. Ләзиза өзінің салиқалы мінезімен достарына рахмет айта отырып, өзінің шешімін айтты: «Достарым, басшылыққа өзім де құмар емеспін. Менің әкем қажы болғандықтан партия мүшелігінде жоқпын, сондықтан басшы жұмысқа жібермейді. Өзім де оған тырыспаймын, қайта осы жұмысқа баруға бел байладым. Балаң редакторды өзім тәрбиелеймін. Менің көргенім көп, тәжірибем жетерлік. Оны қазақ қыздарын, қазақ әйелдерін тәрбиелеуге жұмсауға тиістімін. Бұл жұмыстың қолымнан келетіндігіне сенімдімін, сендер де сене көріңдер», – деген-ді сонда. Оның сөзіне достары қол соғып қошемет білдірді...».

Міне, Ләзиза өзінің қажырлы еңбегінің арқасында ғана қызметте өсті. Өзінің еңбек жолын 1933 жылы «Сталин жолы» облыстық газетінде бастады. 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне әдеби қызметкер болып орналасады да, көп ұзамай бөлім меңгерушісіне жоғарылатылады. Ал 1950 жылы «Қазақстан әйелдері» журналында жауапты хатшы қызметін атқарады. Ләзиза Серғазина – баспасөздегі еңбек жолында қазақ журналистикасының нығаюына елеулі үлес қосып, артынан мол өнеге қалдырған жан.

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліне сіңірген еңбегі, қазақ әйеліне деген қамқорлығы мен жанашырлығы, атақ-лауазымнан жоғары болғандығы, жастардың білім алып, қоғамда орынын табуына жол ашқан ақылшы ұстаз, мейірімді ана болғаны талайлардың ғана емес халқының да жадында мәңгі қала бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Құлжанова, Н.** Шығармалары: мақалалар, очерктер, педагогикалық ой-пайымдар, аудармалар / Н. Құлжанова. – Алматы : Ана тілі. – 2014.

2 «Ардақты бар Нәзипа деген ханым...»: [Алаш қозғалысы кезінде қайраткерлігімен көзге түскен, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш ұстаз, этнограф, аудармаш, журналист Нәзипа Құлжанова туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, құрметті журналист Балтабек Ерсәлімовпен сұхбат] / сұхбаттасқан Орал Шәріпбаев // Ана тілі. – 2012. – 15–21 қараша.

3 **Өтегенова, Ғ.** Алаштың ардақтаған Алмасы: [қазақтың қыздары арасынан шыққан тұңғыш мұғалім Алма Оразбаева туралы] / Ғ. Өтегенова // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2017. – №3. – 14–17 б.

4 **Сейсенбаева, А.** Сегіз қырлы Сара: [қоғам қайраткері, ағартушы Сара Есова туралы] / А. Сейсенбаева // Ақиқат. – 2008. – № 8 – 79–82 б.

5 **Хасан, С.** Аллашыл Абайтанушы: [қайраткер қаламгер, ел зиялысы Нәзипа Құлжанова туралы] / С. Хасан // Ақиқат. – 2011. – № 11. – 25–32 б.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

3. *X. Латыпова¹, Н. Докторханқызы²*

Лазиза Сергазина – журналист, видный общественный деятель

^{1,2}Гуманитарно-педагогический факультет,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 20.01.20.

Z. X. Latypova¹, N. Doktorkhankyzy²

Laziza Sergazina – journalist, a prominent public figure

^{1,2}Faculty of Humanities and Education,

S. Toraighyrov Pavlodar State University,

Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 20.01.20.

В статье будет рассмотрена история о первом профессиональном журналисте среди казахских девушек, в своё время открывшей дверь в мир информации, переводчике и общественном деятеле, потомке знатной семьи, обладателе ордена «Қызыл жұлдыз», ветеране в сфере журналистики, жене известного на весь Казахстан Абу Сарсенбаева – Лязизе Мешитбаевне Сергазиной. Продолжательница дел лидеров казахской журналистики – Лязиза Сергазина занимает особое место в казахской журналистике. Журналист, затронувший общественные проблемы, открыто и чётко выразивший свою мысль и взгляд в СМИ, который сегодня является глазами и ушами общества, внесла свою значительную лепту в процесс развития культурной жизни нашей окрестности. Особенная личность, которая оставила после себя всю себя.

The article tells about the first professional journalist among Kazakh girls, who at one time opened the door to the world of information, a

translator and public figure, a descendant of a noble family, the holder of the order «Kyzyl zhuldyz», a veteran in journalism, the wife of Abu Sarsenbayev, famous throughout Kazakhstan, – Laziza Meshitbaevna Sergazina. The continuer of the work of the leaders of Kazakh journalism, Laziza Sergazina, occupies a special place in Kazakh journalism. A journalist who touched on social problems, openly and clearly expressing her thought and view in the media, which today is the eyes and ears of society, has made a significant contribution to the development of the cultural life of our region. A special person who left behind all of herself

FTAMP 811.512.122:39

Ш. Мажитаева¹, Ж. А. Қасқатаева²

¹ф.ғ.д., профессор, «Қазақ тіл білімі» кафедрасының меңгерушісі, Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды к., 100028, Қазақстан Республикасы;

²филология магистрі, «Қазақ тіл білімі» кафедрасының докторанты, Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды к., 100028, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹S_mazhit@mail.ru; ²janrasul@mail.ru

ӘРТҮРЛІ ЖҮЙЕДЕГІ ТІЛДЕРДЕ ТҮР-ТҮСТІ СИПАТТАУДЫҢ ӨРІСТІК ҰСТАНЫМЫ

Мақалада лингвистикадағы өріс теориясының қалыптасуы мен түр-түс атауларының лексикалық-семантикалық өрісі репрезентациялануының ерекшеліктері қарастырылады. «Тілдік өріс теориясы» және «лексика-семантикалық өріс» сияқты базалық негізгі түсініктер талданады. Қазақ, неміс және т.б. тілдерінің материалында түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі кейбір әмбебап ұқсастықтар анықталады.

Кілтті сөздер: өріс, өріс теориясы, лексика-семантикалық өріс, түр-түс атаулары, түр-түс атауларының лексика-семантикалық өрісі.

КІРІСПЕ

Қазіргі лингвистикада екі негізгі үрдіс қалыптасқан: бір жағынан, оның міндеттеріне жеке тілдерді олардың өзіндік ерекшеліктеріне назар аударатырып сипаттау мен интерпретациялау кірсе, екінші жағынан, лингвистердің тілдің барлық деңгейлерінде тілдік универсалияларды типологиялық деңгейде зерттеуге ұмтылысы айқын көрінеді. Аталған үрдістер түрлі тілдердегі түр-түс атауларының қолданысын зерттеу барысында да көрінеді.

Тіл құбылыстарын сипаттаудағы өрістік тәсіл қазіргі лингвистикада кеңінен таралған. Семасиологияда пайда болған және И. Трир мен В. Порцигтің есімдерімен байланысты бұл тәсіл сипатталатын құбылыстардың шеңберіне кең тарады – лексикалық топтар немесе парадигмалар, парадигмалық өріс (Трир, Гуденаф, Лаунсбери, Косериу), синтаксистік өріс (Порциг, Веггербер), грамматикалық өріс (Адгмони), грамматикалық-лексикалық өрістер (Гулига, Шендельс), функционалдық-семантикалық өріс (Бондарко), сөзжасамдық өріс (Р. С. Мурясова, Н. И. Букетова) және т.б. [1].

Өріс теориясы отандық ғана емес, сондай-ақ көптеген шетелдік зерттеулердің пәні болып табылады. Потебня, Мейер, Шперберг, Ипсен сияқты зерттеушілер XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында тіл бірліктері арасындағы семантикалық байланыстардың заңдылықтарын, сондай-ақ семантикалық өрістердің типтерін анықтады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі уақытта жекелеген тіл өрістері де, жалпы тілдің өрістік сипаты да терең зерттелуде. Жүргізілген зерттеулер тіл жүйесінің өрістік моделінің нәтижелілігін көрсетеді, ол тіл жүйесін бір-біріне өзінің шеткі аймақтарымен өтетін және көп деңгейлі сипаты бар өрістердің үздіксіз жиынтығы ретінде анықтайды.

Қазіргі орыс тілі материалында жете зерттеліп, дамып келе жатқан функционалды-семантикалық өріс теориясын зерттеген А. В. Бондарконың пікірінше, функционалды-семантикалық өріс – тілдің грамматикалық тәсілдерімен, сонымен қоса сөз жасаушы элементтері бар лексикалық, лексика-грамматикалық және сөзжасамдық элементтері бар бір семантикалық аймаққа жататын екі жақты (мазмұнды-формалды) бірлік [2].

Семантикалық өріс – жалпы (инварианттық) мағына арқылы біріктірілген және тілде белгілі бір ұғымдық саланы көрсететін лексикалық бірліктер жиынтығының иерархиялық құрылымы. Тілдің идеографиялық сипаттамасы тұрғысынан, лексиканы өзара әрекет ететін семантикалық өрістер жүйесі түрінде көрсетуге болады, олар әрбір тіл үшін күрделі және ерекше «әлем бейнесін» (Weltbild) құрайды және оның ішкі формасымен анықталады: мысалы, өзінің сипаты бойынша әртүрлі уақыт, кеңістік, қозғалыс атаулары, түстің, туыстықтың, сұлулықтың белгіленуі, орын ауыстыру құралдарының атаулары, музыкалық аспаптар, ағаш пен т.б. семантикалық өріс бірліктерінің саны салыстырмалы түрде шектеулі болуы мүмкін, сондай-ақ өте көп те бола алады (мысалы, уақыт бірліктері, түр-түс атаулары). Жылжымалы «мозайка» құрайтын оның бірліктерінің байланысы көрсетілетін семантикалық өрісті электромагниттік өріспен және оның бөлшектерімен салыстыруға болады.

Бұл бағыттағы негізгі зерттеулер көрсеткендей (Адмони 1964; Е. В. Гулыга, Е. И. Шендельс 1969; А. В. Бондарко 1971, 1972, 1983; Кузнецова 1981), тілдің өрістік концепциясының/тұжырымдамасының басты ережелері:

- 1) өріс ішіндегі сөздер бір-бірімен жүйелі байланыста болады;
- 2) өрісті құрайтын элементтердің жалпы мағынасы бірдей болып келеді және олар тілде бірдей қызметте жұмсалады;
- 3) өріске біртектес және әр тектес элементтер кіре алады;
- 4) өріс кемінде екі парадигматикалық қатардан тұратын элементтерден құралатын микроөрістерге бөлінеді;

5) өріс құрамында орталық және шеткері аймақтар болады. Олардың шегі кей кезде нақты болмайды;

6) бір өрісте орталық аймаққа жататын элемент басқа өрісте шеткері аймаққа жатуы мүмкін;

7) өріс көлденең және тік кесінді түрінде көрсетуге болатын күрделі құрылымнан тұрады. Өрістің көлденең кесіндісі бойында оның семантикалық түрлері – микроөрістер, ал тік кесіндісі бойында оны құрайтын тілдік құралдар орналасады.

8) Микроөрістің сыртқы құрылымын өріс ортасы (өзегі) және өріс ортасына жақын аймақтар құрайды, ал қалғандары микроөрістің шеткері аймағында орналасуы мүмкін.

9) Лексика-семантикалық өрісте микроөрістер, семантикалық бірлестіктер бөлініп шығады, олардың мүшелері жалпы (интегралды) нышандармен байланысқан және микроөрістің тірек сөзімен (доминанта) белгіленеді.

10) Өзек пен шет арасында орындалатын қызметтер бөлінеді: қызметтің бір бөлігі өзекке, бір бөлігі шетке тиесілі [3, 98–100 б.].

Сонымен, лексика-семантикалық өріс бір тектік мағынамен біріккен белгілі бір сөздер тобы (сөз тіркестері) болып табылады. ЛСӨ құрамы мағынасы жағынан өріс ортасынан (өзегінен) әртүрлі «қашықтықта» (орталыққа жақын және шеткері аймақтар) орналасқан бірліктерден тұрады.

Лексика жүйесін лексика-семантикалық өріс тәсілі арқылы зерттегенде, алдымен өрістің құрылымын анықтау және оны айқындап алу негізгі мәселе болып табылады. Ю. Н. Караулов семантикалық өрісті екі жолмен: ұғым арқылы (ономасиологиялық тұрғыда) және сөз мағынасы арқылы (семасиологиялық тұрғыда) анықтауға болатынын атап өтеді [4, 79 б.].

Түр-түс ұғымы барлық тілде бар. Ресейлік лингвист, психолог Р. М. Фрумкина «Түр-түс мағынасын білдіретін сөздердің тобын түрлі білім саласының мамандары – психологтар мен филологтар, психо – және этнолингвистер, этнографтар мен антропологтар, тарихшылар мен тіпті физиологтар үшін теңдесі жоқ материал санауға болады. Аталған бағыттар бойынша жыл сайынғы жарияланымдардың саны жүз мың асады» дегенді айтады [5, 18 б.].

Ондаған тілдерді зерттеген лингвистер түс атауларының жүйелеріне тән белгілі бір әмбебап ерекшеліктерді анықтаған. Ағылшын ғалымдары Брент Берлин мен Пол Кей барлық ежелгі тілдерде адамдар түсті білдіретін екі ғана лексеманы білген деген қорытындыға келді. Бір сөзбен айтқанда, олар барлық қара түсті бір сөзбен, ал ашық түстерді екінші сөзбен атаған. Уақыт өте келе тағы бір түсті білдіретін бірлік – «қызыл» сөзі де сол кезде

осы түстің барлық реңктерін білдіретін болған. Біраз уақыт өткеннен кейін тілдердің сөздік қоры молайып, басқа да түстерді білдіретін атаулар пайда бола бастады [6].

В. Тернердің айтуынша, ақ-қара-қызыл триадасы әмбебап қана емес, бастапқы болып табылады. Адам өміріндегі қызыл түстің маңызы тарихтың ерте сатысында оның қан мен оттың түсімен ұқсастығымен түсіндіріледі. Үшінші-бесінші кезеңдерде көк, жасыл, сары түстер пайда болған. Бұл үш түстің маңыздылығы ең алдымен қоршаған табиғи ортада (су, өсімдіктер, аспан, күн мен жұлдыздардың жарығы, алтын түсі) басым болуымен түсіндіріледі.

Алтыншы кезеңде «қоңыр» түс пайда болды, ал жетінші кезең қызғылт, күлгін және сұр түстердің пайда болуымен сипатталады.

Тілдер әртүрлі семантикалық сфераларды, атап айтқанда, түрлі-түсті кеңістікті ажыратудағы өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Әлемнің тілдік концептуалдану тәсіліндегі ерекшеліктерге орыс тіліндегі «көк/синий және «көгілдір/голубой» деген екі бөлек сөздің болуы сияқты мысалды келтіруге болады. Басқа тілдерде спектрдің тиісті бөлігінің түсін белгілеу үшін, мысалы, ағылшын тілінде – blue, француз тілінде – bleu деген бірыңғай термин пайдаланылады.

Тілдердегі түс атауларының дамуы этностың дәстүрлі мәдениетінің деңгейімен және дамуымен анықталады. Бастапқыда түстер көбінесе «қар» (ақ), «қан» (қызыл), «күйе» (қара) және т.б. болып белгілі бір заттарға тән екендігімен белгіленген. Бұл сөздердің бір бөлігі түстер кеңістігінде негізгі категориялардың атаулары болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, түр-түс атаулары әмбебап санат деген қорытынды жасауға болады. Бұл салғастырылған тілдердің сөздік құрамында тұрақты сөз тіркестерінің, фразеологиялық сөз тіркестерінің, жалқы есімдерінің, топонимдерінің болуымен дәлелденеді, ондағы семантикалық негізгі сөз түс атауы болып табылады. Тілдердің түр-түс атауларының сөздігі, негізінен, сөз тіркестерінің, суффикстердің, калька және басқа тілден алу есебінен толықтырылып отырады.

Лингвистер арасында әлі күнге дейін түс атауларының бірігу жолдарын, тәсілдерін анықтауда ортақ пікір жоқ. Кейбіреулер «түр-түс атауларының жүйесі» десе, екіншілері «лексика-семантикалық топқа» біріктіреді (Бахилина, Соловьев), ал үшіншілері семантикалық өріс (Москович, Кульпина, Тойшыбаев) аясында қарастырады.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде лексика-семантикалық өрістің өзегі (ядросы) мен оның шеткері аймақтарын (перифериясын) анықтаудың әртүрлі тәсілдері сипатталған. Оларға, біріншіден, адамның түс қабылдау моделін, екіншіден, колоронимдердің жиілігі туралы статистикалық деректерді есепке

ала отырып «түс» лексикалық-семантикалық өрісін құрылымын анықтау жатады.

Неміс тіліндегі түр-түс номинациясы өріс принципі бойынша қалыптасқан және жалпытілдік жүйелі құрылымдарды (орталық және шеткі) ғана емес, микрожүйе ерекшеліктерімен анықталатын қасиеттерді да көрсететін жүйе болып табылады.

Бір жағынан, бұл – ортасында түсті білдіретін сөз, ал шеткі аймағында сөзде нақты түстің семасын қамтитын жүйе. Екінші жағынан, бұл микрожүйе қатары, әрқайсысының ортасында – орталық түстің белгісі, оның айналасында белгілі бір тәртіппен осы орталық түсті белгілеу семасымен байланысты сөздер топтастырылады. Мысалы, қызыл түстің got микрожүйесі қызыл түстің түрлі реңктерін беретін бірнеше атауды қамтиды: *hellrot (fleischfarben, zartrosa, korallenrot, pink); dunkelrot (himbeerfarbig, weinrot, bordeauxrot); gelb (orangefarben арқылы) марпатындар; braun (terrakottafarben, kupferig usw.); blau (violett арқылы)*. Орталық (негізгі) түсті белгілеу үшін шеткі объектілерді бөлу тәртібі семантикалық мәнге (түстің қанықтылығы дәрежесі), стилистикалық мүмкіндіктерге, қолданылу дәрежесіне байланысты болады.

Орталықты негізгі түс атаулар тобын атайтын сөздер (*rot, gelb, grün, blau, weiss, grau, schwarz, braun*); басқалары, яғни түрлі реңкті білдіретін сөздер шеткі аймақта орналасады.

Түрлі реңкті білдіретін атаулар аналитикалық бірліктер болып табылады (түстің екінші аталымы – *milchig, rosig, krebsrot, bleifarben*) түстің қарқындылығын нақтылайтын синтетикалық бірліктер (*gelblichgrün, goldgelb*); сондай-ақ құрамдас бірліктер – *polarg-blau*) күрделі түс атауы ретінде (сөз тіркестері – *von der Farbe des Bleis, rötlich braun*), күрделі сөз оралымдары (*bräunlich rot wie rost*) қолданылады [7].

Қазақ тілінде де түстерді атау жүйесі өрістік принцип бойынша қалыптасқан: ядросы (орталығы) және перифериясы (шеткі аймағы) бар. Өріс элементтері арасында парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар бар.

Парадигматикалық қатынастар синонимдік, антонимдік, гипер және гипонимикалық корреляцияларға негізделеді. Гипер және гипонимикалық корреляциялардың негізінде түр-түс атауларының семантикалық өрісі ішінде жеке микрожүйелер бөлінеді. Мысалы, кейбір зерттеушілер алтай тілінің түстер жүйесінде 8 шағын микрожүйені бөледі: 1) ақ түстің микроөрісі; 2) қара түстің микроөрісі; 3) қызыл түстің микроөрісі; 4) көк түстің микроөрісі; 5) сұр түстің микроөрісі; 6) қоңыр түстің микроөрісі; 7) жасыл түстің микроөрісі; 8) сары түстің микроөрісі [8, 3 б.].

Синтагматикалық қарым-қатынас түс атауларын білдіретін сөздердің кең үйлесімділігі негізінде көрінеді. Көптеген тілдерде олар еркін түрде синтаксистік және фразеологиялық байланысқа түседі.

Сонымен, түр-түс атауларының семантикалық өрісінің негізгі терминдері: *ақ, қара, сұр, жасыл, көк, қоңыр, қызыл, сары*. Қалған терминдер олардың айналасында жеке микроөріс құрай отырып топтастырылады [9].

Тілдік материалды талдау көрсеткендей, қарастырылған тілдерде «түс» лексика-семантикалық өрісінің өзегін (ядросын) барлық ахроматикалық түстер (қара, ақ және сұр) қалыптастырады, олар 25 %, 23 %, 21 % құрайды. Таяу шеткі аймағын (перифериясын) алтын (сары), қызыл, көк түстер құрайды. Алыс шеткі аймағын қызғылт, жасыл түстер құрайды. Зерттелген тілдердегі негізгі түс белгілерінің қызмет ету аясы өте кең. Түстер табиғат құбылыстарын, адамның сыртқы келбетін, киімін, әртүрлі жануарлар мен құстардың, өсімдіктердің және т. б. атауларын сипаттайды. Түс атауларының семантикалық құрылымында ауыспалы мағыналар да кездеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, тілдік құбылыстарды сипаттау кезінде өрістік тәсіл өте жемісті болып табылады, өйткені ол тілдің жүйелі құрылымын анықтауға көмектеседі.

Қарастырылған тілдердегі түс атаулары өріс принципі бойынша қалыптасқан және жалпы тілдік жүйелі сапаларды (орталық пен периферия) ғана емес, микрожүйелердің ерекшеліктерімен анықталатын қасиеттерді де көрсететін жүйелер болып табылады. Бір жағынан, бұл жүйе, оның ортасында «түс» ұғымын білдіретін сөз. Екінші жағынан, бұл микрожүйелер қатары, әрқайсысының ортасында – «негізгі» түсті белгілейтін сөз, оның айналасында белгілі бір тәртіппен осы орталық түсті білдіретін семамен байланысты сөздер топтастырылады. Яғни кез келген түс санатының микрожүйесі түрлі реңктерді беретін бірнеше түстерді қамтиды. Перифериялық объектілерді орталықтағы түс атауы айналасына бөлу тәртібі бірліктің семантикасына, стилистикалық мүмкіндіктеріне, қолданылу дәрежесіне байланысты болып келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Щур, Г. С. Теория поля в лингвистике. – М. : Наука, 1974. – 125 с.
- 2 Бондарко, А. В. Теория значения в системе функциональной грамматики: на материале русского языка. – М., 2002. – 736 с.
- 3 Кульпина, В. Г. Лингвистика цвета. Термины цвета в польском и русском языках. – М., 2001. – 470 с.

4 **Караулов, Ю. Н.** Словарь как компонент описания языков: Принципы описания языков мира. – М., 1976. – С. 78–81.

5 **Фрумкина, Р. М.** Цвет, смысл, сходство. Аспекты психолингвистического анализа. – М., 1984. – 176 с.

6 **Berlin, W., Kay, P.** Basic Color Terms: Their Universality and Evolution. – Berkeley 1969.

7 **Котова, И. С.** «Цветные» фразы. – 2006. – 20 с. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.trc.uouara.ru/doc/Referats/Inyaz/color%20frazе.doc>

8 **Майзина, А. Н.** Семантическое поле цветообозначений алтайского языка в сопоставлении с монгольским языком : Автореф... к.ф.н. – Новосибирск, 2006. – 33 с.

9 **Kaskataeva, Zh. A., Mazhitayeva, Sh., Khasenov, B., Bakhtikireeva, U. M.** Verbalization of the concepts «qonyr» and «sary» in Kazakh language. Bulletin of the Karaganda University. Philology, 2018. – P. 38–44; Zhanar Omasheva, Nadezhda K. Khan, & Shara Mazhitayeva. The Word-Formation Analysis of Names of Medicinal Herbal Plants in Russian and Kazakh Languages. Opcion, Aco 34, No. 85 (2018). – P. 985–1001: Opcion (ISSN10121587-Venezuela-Scopus) [Электронный ресурс]. – <http://www.produccioncientificaluz.Org/index.php/opcion/issue/view/2670/show> <http://www.produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/24051>

Келтірілген мысалдар жалпы виртуалды қоғамдастық сияқты Фейсбук сегментіндегі медиалық кеңістіктегі орыс тілінің тұрақты эволюциясын көрсетеді. Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің мәліметтері бойынша, 2018 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы халқының цифрлық сауаттылық деңгейі 76.2 %-ды құрады және бұл сан ұдайы өсе түседі деп күтілуде, өйткені 2018–2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы өз мақсаттарының бірі халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруды көздейді, бұл Интернет пайдаланушыларының келуіне әкеп соғады және виртуалды коммуникацияда қолданылатын тілдің одан әрі дамуына әсер етеді.

Сонымен, салыстырмалы түрде жақында пайда болғанына қарамастан, Интернет әрбір адамның өміріне тез еніп, адамдардың іс-әрекетінің барлық салаларына еніп отыр. Бүгінгі таңда заманауи мульти-медиа технологиялар мен виртуалды медиа-кеңістіктегі қарым-қатынас жоқ өмір көптеген адамдар үшін мүмкін емес. Егер бастапқыда Интернет ақпаратты сақтау және беру құралы ретінде құрылса, онда ол көп ұзамай коммуникация ортасы ретінде жұмыс істей бастады және қазіргі уақытта адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастарды орнатудың құралы болып табылады. Қолданушыларға қарым-қатынастағы кедергілерді жеңу оңай, өйткені «тірі» қарым-қатынас виртуалды түрде ауыстырылады, олар: жазу мен оқитын адамның анонимділігі, пікір еркіндігі, пікірді бейвербалды құралдармен толықтыру мүмкіндігі, грамматикалық немесе пунктуациялық ережелерді сақтамауы сияқты бірқатар артықшылықтарға ие.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Добросклонская, Т. Г.** Лингвистические способы выражения идеологической модальности в медиатекстах // Вестник МГУ им. М. В. Ломоносова. – Сер.19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2. – 2009. – С. 85–94.

2 **Uli Schamiloglu, Құлманов, Қ. С., Нұртазина, М. Б.** Еуразия кеңістігіндегі халықтардың рухани идеясындағы лингвоэкология // Наука и жизнь Казахстана. – № 2 (36). 2016. – С. 123–131.

3 **Алефиренко, Н. Ф., Нуртазина, М. Б.** Дискурсивное сознание как фактор формирования медиапространства // Язык и речь в Интернете: Личность. Общество. Коммуникация. Культура: Сб. статей II Междунар. научно-практ. конф. – Москва, РУДН, 29–30 марта 2018 г. В двух томах. Том 1. – М. : РУДН, 2018. – С. 116–128.

4 **Клушина, Н. И.** Медиатизация современной культуры и русский национальный стиль // Русская речь. – №1. – 2014. – С. 66–73.

5 **Карасик, В. И.** Коммуникативная тональность медиадискурса // Дискурс и стиль. Теоретические и прикладные аспекты. – М. : МГУ, 2014. – С. 218–230.

6 **Alefirenko Nikolay, Nurtazina Maral.** Metaphorical Discourse: in Search for the Essence of Speech // Imagery Cuadernos de Rusística Española, 14 (2018), 49–65. (Web of Science, Clarivate Analytics).

7 **Булатова, Е. К.** Лонгрид как артефакт новой книжности (рус.) // Филологический дискурс. – М. : Флинта, 2016. – № 13. – С. 67–74.

8 **Володина, М. Н.** «Медийная культура»: proetcontra (с позиции отечественных и зарубежных исследователей) // Политическая лингвистика. – № 1. – 2018. – С. 10–18.

9 **Ухова, Л. В.** Модель описания языковой личности медиаперсоны // Сетевой журнал «Научный результат». Серия «Вопросы теоретической и прикладной лингвистики». – Т.2. – №1(7). – 2016. – С. 65–71.

10 **Alefirenko, N. F., Nurtazina, M. B.** The system panorama of cognitive representation for taxis semantics // Russian Journal of Linguistics, 2017, 21 (4), 706–728. (Web of Science, Clarivate Analytics).

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

М. Б. Нуртазина¹, К. С. Кульманов², Ә. Құрмашқызы³

Модернизация форм речи в СМИ в эпоху глобализационных процессов

^{1,2,3}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, 010008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

М. B. Nurtazina¹, K. S. Kulmanov², A. Kurmashkyzy³

Modernization of forms of speech in the mass-media at the epoch of globalization processes

^{1,2,3}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 20.01.20.

В настоящей статье рассматривается процесс и тенденции взаимоотношения устной и письменной речи в жизни современных людей, особенно в масс-медиа, показывается возрастание роли письменной речи как основной формы Интернет-коммуникации и ее

влияния на устную форму в связи с функционированием Всемирной паутины Интернет. Анализируются новые тенденции в процессе трансформации письменной речи в СМИ. Демонстрируются проявления закона синергетики в Интернет-общении для расширения и углубления нарратива и реализации тенденции удаленности говорящего и слушающего под воздействием таких факторов, как время и пространство. Приведены результаты прикладного дискурс-исследования языка масс-медиа, связанные с появлением новых слов, более точно и четко описывающих новые реалии. Как правило, они появляются в речи после какого-либо социального события когнитивных механизмов и языковых средств в борьбе за номинацию в медийном дискурсе в Интернет-среде. Открытая и демократичная норма допускает языковые эксперименты, особенно на лексическом уровне, проводимые участниками массовой коммуникации и литературного творчества.

This article discusses the process and tendencies of the relationship between speech and writing in the life of modern people, especially in the media, shows the increasing role of writing as the main form of Internet communication and its impact on the oral form in connection with the functioning of the Internet World Wide Web. New trends in the process of transformation of writing in the mass-media are analyzed. The manifestations of the law of synergy in Internet communication are shown to expand and deepen the narrative and to realize the tendency of the speaker and listener to be remote under the influence of such factors as time and space. The results of the applied discourse-study of the language of the media associated with the emergence of new words that more accurately and clearly describe the new realities are presented. As a rule, they appear in speech after some social event of cognitive mechanisms and language means in the struggle for nomination in media discourse in the Internet environment. An open and democratic rule allows language experiments, especially at the lexical level, conducted by participants in mass communication and literary creativity.

Н. А. Оразахынова¹, Г. М. Кенжебаева², Ә. П. Шахарман³

¹п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²п.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

³философия докторы (PhD), қауымд. профессор (доцент), С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140007, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹nyrsha_1@mail.ru; ²dariga_64.09@mail.ru; ³shaharman_1978@mail.ru

«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» – ҚҰЗІРЕТТІ МҰҒАЛІМ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

Мақалада орта мектепте және жоғары мектепте білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты мәселелер қарастырылады. Дұрыс ұйымдастырылған оқыту процесінде білім алушылардың белсенділігі артады, білім тереңдейді, ақыл-ой қабілеті, танымдық әлем дамиды, ғылыми ұғымдарды түсіну, түрлі мазмұнды сұрақтар қою, оларға нақты жауаптар алу дағдылары қалыптасады.

Кілтті сөздер: сатылай кешенді оқыту, модульмен оқыту, оқу әрекеті, кешенді меңгерту, ұлттық құндылықтар, тіл байлығы.

КІРІСПЕ

Оқытуды іске асыру адам баласына белгілі заңдылықтарды, білімді меңгеру негізінде жүзеге асады. Егер оқушы оқуды өзінің міндеті деп санамаса, білім алуға деген өзінің жауапкершілігін сезінбесе, онда оқытуды да өз деңгейінде ұйымдастыруға болмайды. Дұрыс ұйымдастырылған оқыту үрдісінде оқушының белсенділігі артады, білімі тереңдейді, ақыл-ой қабілеті, танымдық дүниесі байиды, ғылыми ұғымдарды өз мәнінде түсініп, іздену нәтижесінде түрлі мазмұндағы сұрақтар қоюға, оған нақты жауап алуға дағдыланады. Оқыту үрдісінің өзіне тән компоненттері бар. Олар: оқытудың мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістері, сонымен қатар нәтижесі. Ал нәтижеге жетудің бірден-бір жолы – білім беру технологияларында екендігі баршамызға аян.

Кез келген технологияны білім беру үрдісіне енгізуде міндетті орындалуға тиісті бірнеше шарттар бар. Тікелей қазақ тіліне байланысты мынадай шарттар болуы қажет:

а) нысанаға алынып отырған технологияның теориялық және әдістемелік мәселелерін жан-жақты ашып көрсететін ғылыми-әдістемелік еңбек;

ә) технологияны сабақ және сабақтан тыс уақытта жүзеге асыруға толық мүмкіндік жасайтын бүгінгі күн талабына сай компьютер, аудио-визуалдық құралдармен жабдықталған лабораториялар;

б) сол технологияға бейімделіп жазылған оқу кешендері: бағдарлама, оқулық, оқу құралдары, әдістемелік және көрнекілік құралдар;

в) ең басты шарттың бірі – осы технологиямен толық қаруланған мұғалім.

Себебі, кез келген технологияның білім беру үрдісіне дендеп енуіне тікелей қызмет ететін – мұғалім. Ол үшін мұғалім жаңа технологияны меңгеріп қана қоймай, өзі меңгерген технологияны өз іс-әрекетіне байланысты қолдана алуы, жетілдіре білуі, сондай-ақ, өзінің анализі, рефлексиясы арқылы өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс. Пікірімізді А. Байтұрсыновтың мына бір қағидасымен түйіндесек: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керекті құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді. Һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі – белгіленген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз я мерзімді өлшеусіз істелген іс олпы-солпы, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретуге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепте үйрететін нәрселердің кесімі-пішіні болуға тиіс. Сол пішін программа деп аталады», – десе [1, 438 б.], ғалым Р. Шаханова: «Педагогикалық технологияны енгізу – оқытушылардың шығармашылық жұмыс нәтижесінде әдістемелік жүйесін дамытады, оқытушылар мен студенттердің міндеттері мен құқықтарын орындауды, білім ордасында өзін-өзі ұйымдастыруды, құралдары, әдістері, түрлері сияқты өзара байланысты компоненттер кіретін оқу мазмұнын тарату тәсілі», – деген тұжырым жасайды [2, 80 б.]. Ал, ғалым-әдіскер К. Жақсылықова өз зерттеуінде жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін модульмен оқытуды жан-жақты зерттей келе былай дейді: «Сонымен, жоғарыда келтірілген «модуль» ұғымы жайындағы пайымдаулардың теориялық құндылығы мен практикалық мәнін ерекше атай отырып, біз «модульге» мынадай анықтама бермекпіз. Модуль – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдылы мазмұнының

бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы мен оқытудың негізгі құралы, басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Ол модульге ену және одан шығу дегеніміз – студенттердің модуль материалын игермей тұрғандағы олардың бастапқы білім деңгейін тексеру жұмысы. Ал модульден шығу үшін бақылаудағы студенттердің модульді игеру деңгейі тексеріледі. Модульден шығу бақылауының нәтижесі студенттің келесі модульге ену-енбеуінің көрсеткіші болып есептеледі.

Модульмен оқыту – толық немесе жекелей түрде модульге негізделген оқыту. Енді модульмен оқыту түсінігін белгілейтін не деген сұраққа жауап беру үшін, «оқытып, үйрету белсенділігін арттыру» деген ұғымды енгізу қажет деп ойлаймыз. Біз сол арқылы оқытушы мен оқушылар әрекетінің модульдық сипатын сөз қылуға мүмкіндік аламыз» [3, 69 б.].

Ал педагогика ғылымдарының докторы З.Бейсенбаева қазақ аудиториясында қазақ тілінің бір саласы сөзжасамды модульдік технология негізінде оқытуды дәлелдей отырып: «Оқыту технологиясы – өзінің мәні жағынан тұтас дидактикалық жүйе. Ол оқу үрдісін ұйымдастыруда, оқытудың мақсаты мен мазмұнын, басқару жүйесін, материалдық, психологиялық жағдайын, оқытудың тиімділігі мен нәтижесін, бағалау межелерін өзгертуді талап етеді. Технология педагогикалық жүйенің процессуальды психологиялық тұжырымдарына сүйенеді. Оқыту технологиясы, ең алдымен, педагогикалық мақсат пен ұстанымдарды, білім мазмұнын іске асырудың амалы. Оның өзіне тән әдістер жүйесі, оны қамтамасыз ететін формалары жабдықтары болады. Оған жоспарлылық (мақсатты айқындау, оқу-тәрбие үдерісін ғылыми негізде құру, материалды тиімді игерудің әдіс, тәсілдерін анықтау, оқытудың тиімділігін көтерудің жолдарын қарастыру), оқу үдерісін стандарттау, үйлестіру (жобалау, тексеру), жүйелілік, икемділік, нәтижелілік, кәсіби сапаларды қалыптастыруға бағыттылық сипаттар тән. Оның өзіне тән жүйесі бар. Атап айтқанда:

- оқу жоспарына, бағдарламаға сай берілетін білім мазмұнын айқындау;
- оқытудың (жалпы және жеке) мақсатын анықтау;
- мақсатқа сай технологияның түрін таңдау;
- оны оқыту үдерісінде қолдануға дайындау», – деп қорытынды жасайды [4, 106 б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқыту технологиясының ерекшеліктері ғалымдар зерттеулерінде әр қырынан көрінеді. Бұл туралы ғалым М. М. Жанпейісова былай дейді: «Оқыту технологиясының біз әзірлеген нұсқасының бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және

т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы» [5, 5 б.], – деп тұжырымдайды. Ал, «Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері» атты зерттеу еңбегінде ғалым Н. Ж. Құрманова оқыту технологиясының мазмұнын былайша сипаттайды: «Қазақстандық білім беру аясында бүгінгі күні кең орын алып отырған вариативтік ұстаным бойынша оқу орындары қандай оқыту технологиясын да таңдап алуға құқылы. Мұндай бағыт білім берудегі догмалық жолды бұзып, қажеттісін таңдау, тиімділігін анықтау, педагогикалық-әдістемелік ой-пікірлерді салыстыру сияқты жаңа леп, жаңа сапаларға көтерілуге мүмкіндік беріп отыр. Дәстүрлі оқыту жүйесіндегідей оқушыны объекті емес, білімді ізденуші субъекті деп тану арқылы дамыта оқыту технологиясының басты қасиеті анықталады» [6, 46 б.].

Зерттеуші Ж. Н. Сүлейменова «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деп аталатын зерттеу еңбегінде білім беру технологиясы жайлы: «...инновациялық оқу үрдісінде оқу әрекетінің оқытушы мен студенттің ынтымақтастық қарым-қатынасы негізінде жүзеге асуының нәтижелілігі көрсетіледі. Оқу әрекеті – студенттің білімді игеруі, меңгеруі, екіншіден, оқытушының оның білімге ынта-ықыласын оятып, белсенділігін көтеріп, дүниеге саналы көзқарасын қалыптастыру жолындағы әрекетінің тоғысы» [7, 24 б.] дейді.

Осындай технологиялардың бірі – ұлттық құндылықтарға негізделген, ұлттық танымға басым бағыт берілген, Алаш зиялыларының педагогикалық ой-тұжырымдарын басшылыққа алған «Сатылай кешенді оқыту».

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді оқыту – оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр пәннің ғылыми мазмұны мен жүйесін, талдап үйретумен қатар ойын дұрыс жеткізуге, әдеби тілде сөйлеп үйренуге, ана тілінің байлығын бағалай білуге баулитын ұлттық төл технология. Ұлттық төл технология дейтін себебіміз: қазақ тілін оқытудан бастау алып, халқымыздың әдебиетін, тарихын, жағрафиясын т.б. пәндердің жиынтығын құрап, оқушыларға жан-жақты білім беретін, оларды өз елінде, өз жерінде ұлтының биік тұлғалы азаматы етіп қалыптастыра алатын оқыту. Төл технологияны жасауға өзге елдің озық ой-пікірлерімен қатар алаш арыстарының психология-педагогика, әдістеме

саласындағы құнды ғылыми тұжырымдарымен қатар қазақ халқының көрнекті ғалымдарының оқыту, тәрбие туралы жасаған ғылыми еңбектері мен әдістемелік кешендері негіз етіп алынды.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны меңгертумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы жан-жақты дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған, қазақ тілінде ойлайтын, өз тілінде дітін орындата алатын, қазақ мәдениетін меңгерген тілдік-мәдени тұлға қалыптастыратын оқытудың түрі. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Бұл жүйеге бүгінгі таңда оқушыларымыздың да, мұғалімдеріміздің де қызығушылығы жоғары. Өйткені бұл технологияның әр пәнді оқытудағы алдына қойған мақсаты айқын. Сол арқылы оқушының өз бетінше ойлау, пікірін жасқанбай айта білу, жинақтаған әдеби білім қорын орынды қолдана алуға дағдыландырады, танымдық болмысын қалыптастырады. Оқушылар бірте-бірте шығармашылық ізденіс деңгейіне жетеді. Сонымен қатар бұл технология мұғалімдер қауымының өзара әріптестікте жұмыс жасап, тәжірибе алмасуына да тигізер мүмкіндігі мол екендігіне көз жеткіздік.

Жоғарыда айтқанымыздай республикамыздың көптеген мектептерінде таңдау пәндерін мұғалімдеріміз осы технологиямен оқытып келеді. Әр мұғалім өзінің қабілетіне, қолындағы материалдарына қарай бағдарламалар жасап, түрлі аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, білім басқармаларының қолдауымен тәжірибелеріне енгізіп келеді. Бұл технологияның басты құралы – сызба. Білім беруді жүйелейтін, бірден-бірге күрделендіріп, мұғалім мен білім алушының сабақ жүйесінде танымдық іс-әрекетін үйлестіретін төмендегідей он деңгейі бар:

Бірінші деңгей. Теориялық материалдарды толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдау. Бұл деңгейде оқушы:

- Сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады;
- Әр пәннен өтілген материалдарды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады;
- Сөйлеу мәнері белгілі жүйеге түсіп, әуезді сөйлеуге жаттығады;
- Өзі талдап баяндап отырған материалдың ерекшелігін дұрыс ажыратып, жолдастарына, мұғалімге нанымды түрде жеткізуге бейімделеді;
- Тыңдаушы оқушылар да назар қойып, жолдасының жауабын мұқият тыңдауға дағдыланады, кеткен кемшіліктерді дұрыс аңғарып, оған түзету енгізуге үйренеді.

Екінші деңгей. Теориялық материалдарды қысқаша жазылым бойынша талдап, айтылым бойынша толық ауызша сатылай кешенді талдау. Бұл

деңгейде сатылай кешенді талдау – айтылым – тыңдалым – жазылым түрінде жүзеге асады. Тыңдалым жайлы ғалым-әдіскер Ф. Ш. Оразбаеваның пікіріне жүгінсек: Тыңдалымды жете меңгеру үшін қойылатын алғы шарттар:

- 1 Тыңдауға ұсынылатын мәтінде әңгімеде, пікірде айтылатын басты ой түсінуге жеңіл болу керек.
- 2 Үннің ырғағы мен әуені дұрыс естілуі қажет.
- 3 Тілді жақсы үйрену үшін тыңдалым бірінші сабақтан бастап, үздіксіз жүргізілуі тиіс.
- 4 Оқушының тілге қатысты білімі мен дайындығы ескерілген жөн.
- 5 Тыңдалымға қатысты жұмыстардың бәрі бақылауға алынған дұрысы.

Үшінші деңгей. Теориялық материалды жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық сатылай кешенді талдау. Бұл деңгейде де тілдік қатынастың бірінші – айтылым; екінші – жазылым; үшінші – тыңдалым әрекеттері қатар іске асады. Бұл талдау – күрделілігімен ерекшеленеді. Мұнда материал қатар алынып, әр саты бойынша ұқсас ұғымдар жинақталып, талдау арқылы дәлелдеме жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ талдаудың бұл деңгейіндегі көзделетін мақсат оқушыларды ой ұшқырлығына баулу, танымдық дүниесін байыту.

Төртінші деңгей. Теориялық материалдарды жазылым бойынша символдар арқылы өрнектеу, айтылым бойынша ауызша толық талдау. Төртінші деңгей – оқушылардың алдыңғы игерген білім-білік, дағдыларын жинақтап, сауатты әңгіме әдісі қолданылады. Әңгіме әдісі туралы ғалым Т. А. Ильина былай дейді: «Әңгіме дегеніміз – бұл оқытудың сұрақ-жауап әдісі. Ол оқу үдерісінің барлық буындарында қолданылады».

Бесінші деңгей. Диалог арқылы талдау. Бесінші деңгейдегі талдау үлгілері көбінесе ауызша орындалады. Бұл талдау арқылы аңғарымпаздыққа, әріптесінің жауабын мұқият тыңдауға, ойын әрі қарай жалғастырып кетуге машықтанады. Сонымен қатар мұндағы іс-әрекет көбіне ойын түрінде жүргізіледі. Ұлы педагог В. А. Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» – дейді. Демек, оқушының ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі. Адамның жан-дүниесінің дамып жетілуі, әлеуметтік өмірге бейімделіп тіршілік етуі әртүрлі. Баланың психикалық даму үрдісінде ойын әрекетінің тағылымдық және тәрбиелік маңызы осы заманғы тәлім-тәрбиелік психологиясында өзекті мәселе болып саналады. Ойын әрекетінде баланың денесі мен ақыл-ойы дамып, өзін қоршаған ортаны тани біледі.

Алтыншы деңгей. Жат жазу. Оқушылардың сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген теориялық білімдерін жатқа жаздыру арқылы:

- а) теориялық білімді меңгеру деңгейін;
- ә) талдауды сауатты жүргізу машығын;

- б) орфографиялық сауаттылығын;
- в) тыныс белгілерді дұрыс қою дағдысын байқаймыз, қорытынды шығарамыз, келесі сабақтарда қатемен жұмыс жасалады.

Осы арқылы мұғалім әр оқушының теориялық материалдарды қаншалықты сауатты меңгергендігін анықтайды. Ең бастысы, келесі жетінші деңгейге берік негіз қаланады. Өйткені уақытқа талдаудың негізгі қағидаларының бірі – сауатты талдау. Тәжірибе барысында уақытқа талдаудың төмендегідей жүйесі анықталды.

Жетінші деңгей.

Уақытқа талдау:

- а) Өте жылдам – 3 минутта
- ә) Жылдам – 5 минутта
- б) Баяу – 7 минутта

Тілдері арқылы талдауды меңгерген оқушылар уақытқа талдауға тез икемделеді. Уақытқа талдау барысында оқушылар мына талаптарды қатаң сақтауы тиіс:

- 1 Талдаудың барлық түрі сауатты жүргізілуі керек.
- 2 Талдау жылдамдығымен қатар, әр сөздің анық, айқын айтылуы басты шарт.
- 3 Талдауды оқушылар түсініп, айтылған пікірдің дұрыс-бұрыстығын өзі аңғарып отыруы керек.
- 4 Талдауды тыңдаушы оқушылар да белсенді, мұқият тыңдап, әріптестерінің жіберген қателіктерін бақылап отыруы қажет.

Сегізінші деңгей. Компьютерлік талдау. Қазіргі ақпараттық қоғам барлық типті оқу орындарының, оның ішінде жалпы орта білім беретін мектептер алдына мынадай міндеттер қояды:

- қажетті білімді өз бетінше ала отырып, туындаған алуан түрлі мәселелерді шешу үшін оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалануға, жылдам өзгеріп отырған өмір жағдайларына оңай бейімделуге;
- дербес сыни тұрғыда ойлай білуге, пайда болған мәселелерді көре білуге және жаңа технологияларды пайдалана отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, өзінің алған білімдерін қоршаған ортада қай жерде, қалай пайдалануға болатынын саналы түрде түсіне білуге;
- ақпараттармен сауатты жұмыс жасай білуге (ақпараттарды іздеу, өңдеу, ой елегінен өткізу, қолдану, сақтау және тарату);
- әртүрлі әлеуметтік топтарда коммуникабельді, тез тіл табыса алатындай болуға, кез келген жанжалды жағдайларды болдырмауға немесе мұндай жағдайлардан шыға білуге;
- өз адамгершілік қасиеттерін, интеллектісін, мәдени деңгейін дамыту бойынша өз бетінше жұмыс жасауға қабілетті бітірушілерді дайындау.

Бұл міндеттерді «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен білім алған оқушылар мүлтіксіз орындайды.

Тоғызыншы деңгей. Ашық тест. Ашық тест. Бақылаудың бірнеше түрі бар. Солардың бірі – тест. Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тест – белгілі бір деңгейдегі әрекетті орындауға арналған тапсырмалар жүйесі. Тест жұмысы – оқушылардың игерген білімін тексеру мен бағалау, танымдық әрекетін, ізденімпаздық деңгейін, оқу әрекетіндегі әдістер мен тәсілдердің тиімділігін анықтаудың тиімді жолы ретінде қарастырылады. Бұл – оқушының білімін, біліктері мен дағдыларын тексеріп, бағалауда, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттерін анықтаудағы ең тиімді әдіс. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында көбіне ашық тест үлгісі қолданылады. Себебі бұл тесттің ерекшелігі жауабы жазбаша беріледі.

Оныншы деңгей. Шығармашылық жұмыс. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығын өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі табуына көмектеседі. Өйткені, адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да, ал өзін-өзі шынайы болмысында бастайтын жол іздеуі керек. Адам өзін-өзі жетілдіруге, сонымен қатар өзін-өзі жоюға да қабілетті болады. Адамның өз болмысын тануға ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Осы деңгейге дейінгі алған білімдерін басшылыққа ала отырып әр пәннің мазмұнына сәйкес түрлі шығармашылық жұмыстар жасауға бейімделеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, «Сатылай кешенді оқыту» – технологиясы ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру. Сонымен қатар ұлттық дүниетанымды қалыптастыру арқылы ұлттық кодты сақтаудың, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің қайнар көзі. Ұрпақ тәрбиелеуде осы ұлттық инновациялық оқыту жүйесі басты құрал болатындығына сеніміміз мол.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағлымы. «Ана тілі», – Алматы, 1991 ж. – 444 б.
- 2 **Шаханова, Р. Ә.** Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. дисс... 13.00.02. – Алматы : Абай атындағы АлМУ, 2001. – 327 б.

3 **Жақсылықова, К.** Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері: п.ғ.д. дисс...13.00.02. – Алматы : Абай атындағы АлМУ, 2001. – 397 б.

4 **Бейсенбаева, З.** Қазақ тілін модульдік технология негізінде оқыту. – Алматы, ЖШС Жания-Полиграф, 2006. – 174 б.

5 **Жанпейісова, М. М.** Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы : 2002. – 180 б.

6 **Құрманова, Н. Ж.** Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. дисс... авторефер. 13.00.02. – Алматы : ҚызПИ, 2004. – 61 б.

7 **Сүлейменова, Ж. Н.** Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д. автореф... 13.00.02. – Алматы : ҚызПИ, 2005. – 50 б.

Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Н. А. Оразахынова¹, Г. М. Кенжебаева², Ә. П. Шахарман³

«Поуровневое комплексное обучение» – современная технология, формирующая компетентность учителя

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан;

³Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 20.01.20.

N. A. Urazakhynova¹, G. M. Kenzhebaeva², A. P. Shaharman³

«Tiered integrated learning» – modern technology, forming competency of a teacher

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan;

³S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 20.01.20.

В статье рассматриваются вопросы, связанные с правильной организацией процесса формирования языковой компетентности обучающихся как в средней школе, так и высшей школе. В процессе правильно организованного обучения повышается активность обучающихся, углубляется знания, развиваются умственные способности, познавательный мир, приобретаются навыки

понимания научных понятий, постановки вопросов различного содержания, получения на них конкретных ответов.

The article deals with the issues related to the correct organization of the process of formation of language competence of students in middle school and high school. In the process of properly organized training increases the activity of students, deepening knowledge, developing mental abilities, cognitive world, acquired skills understanding of scientific concepts, ask questions of different content, getting them specific answers.

G. O. Rakhimbekova¹, D. E. Kapanova²

¹Candidate of Pedagogical Sciences, Head of the Foreign languages Department S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan;

²Candidate of Philology, Full Professor, Department of Foreign Languages, S. Seifullin Kazakh AgroTechnical University, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

email: ¹grahimbekova@mail.ru; ²damelia07@mail.ru

THE APPLICATION OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES (ICT) IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES TO THE STUDENTS OF NON-LINGUISTIC UNIVERSITIES

The article reveals the essence of information and communication technologies, determines their role in teaching a foreign language in the context of modernizing education and proposes a classification of new information technology tools used in teaching a foreign language. The use of new information technologies in teaching a foreign language is one of the most important aspects of improving and optimizing the educational process, enriching the arsenal of methodological tools and techniques, allowing diversifying the forms of work and making the process of learning a foreign language interesting for students. The listed ICT tools allow activating students' cognitive activity; provide a positive learning motivation; a high degree of differentiation of learning; improve the control of knowledge and skills. The effectiveness of ICT application depends on the methods and forms of application of these technologies, on how well the teacher knows how to work with them, on the electronic resources used by him. The author of the article highlights a number of recommendations and useful electronic resources for teachers using information and communication technologies in their classes.

Keywords: teaching a foreign language, activating students' cognitive activity, information and communication technologies, learning motivation, differentiation of learning.

INTRODUCTION

Nowadays, in the system of professional higher education, knowledge of a foreign language as an essential element of the general and professional culture of a specialist and a means of communication has acquired particular relevance. A foreign language becomes a necessary component of both the training system and the key to future successful professional activity. Modern methods of teaching foreign languages are based on a communicative approach and include the use of various Internet technologies that bring democracy, openness and mobility to the educational process. Modern methods of teaching foreign languages are based on a communicative approach and include the use of various Internet technologies that bring democracy, openness and mobility to the educational process. Learning a foreign language in a non-linguistic specialized university is a difficult task associated with a number of difficulties for both students and teachers of foreign languages. The use of information and communication technologies is designed to help increase students' interest in learning a foreign language due to the opportunities they possess. They contribute to the individualization of learning, the intensification of students' independent work and the enhancement of their cognitive activity.

MAIN PART

In Kazakhstan, the application of information and communication technologies (ICT) in the education system, including in universities, is carried out within the framework of the state policy of informatization of society and education.

Education is recognized as one of the most important priorities of the long-term Strategy «Kazakhstan – 2030». The overall goal of educational reforms in Kazakhstan is to adapt the education system to a new socio-economic environment. Improving the education system plays an important role in achieving this goal [1].

Nowadays, the age of intensification and modernization of education requires the introduction of such innovative technologies that pursue the goal of creative personality education in the intellectual and emotional dimension. The tasks of the development of society raise high demands on the professionalism of modern specialists with higher education, on the level of their ability and readiness to productively solve scientific, technical, innovative, managerial and other tasks.

Modernization of the content of education in Kazakhstan at the present stage of development of society is not least connected with innovative processes in the organization of teaching foreign languages [2].

In recent decades, innovations have penetrated into all spheres of life, which greatly simplified and accelerated the process of interpersonal and business communication. With the accession of Kazakhstan to the Bologna Agreement, the use of innovative educational technologies, including information communication

training technologies, has become even more acute. The Bologna process defined the principle of the competence approach as fundamental in the new educational system [3].

Today in the field of education is the widespread introduction of computer technology in the educational process. In this regard, new and very promising prospects are opening up in the methodology of teaching a foreign language. Thanks to expanding computer literacy, it becomes possible to use techniques that we didn't have to talk about ten or fifteen years ago. Teaching a foreign language requires the use of modern didactic methods and multimedia programs. However, computer technology and electronic manuals in this area are not used enough.

In our opinion, computer programs will reduce the gap between the high requirements for the level of proficiency in a foreign language of graduates of a non-linguistic university and the limited number of academic hours allocated to a foreign language by curriculums. Computer technology will also help to combine individual and group training. After all, it is believed that a freshman speaks a foreign language to the extent that is provided for in the Model High School Program. Due to the lack of entrance exams in the subject «Foreign Language» in non-linguistic universities, a significant number of first-year students have a low level of proficiency in a foreign language [4].

So, in order to significantly modernize the content and methods of teaching students a foreign language, increase their interest in learning, activate independent trainee activities of students, individualize and differentiate the pace of their progress towards the achievement of educational goals, it is necessary to use modern multimedia and hypermedia technologies. Most of the classrooms in our universities are equipped with modern technical means (computers, video projectors, interactive boards, televisions, etc.) and teachers work on testing new educational technologies in practical classes and during self-training of students using a large number of online components and online resources.

The possibilities of the Internet define various tasks that can be solved in the educational process. The most important tasks that can be implemented when teaching a foreign language through Internet technologies in a non-linguistic university are:

- development of foreign language skills in various fields and situations;
- the formation and improvement of language skills;
- development of skills of independent and research work of students through specially organized activities using Internet technologies, which contributes to the initiation of independent activities and the elimination of gaps in knowledge, skills, and skills;
- increasing motivation and creating a need for learning a foreign language;

• implementation of an individual approach by taking into account the individual characteristics of students through the use of Internet communication services;

- the formation of communication skills and communication culture.

Working with a computer in a foreign language class allows to work out individual skills:

- pronunciation (the program recognizes speech, it is possible to record and play the student's version, then compare with the original);
- grammar (there are many programs for working out various grammatical phenomena that are implemented at different levels);
- work with texts (despite the fact that we can do these tasks without a computer, in some cases involving the computer in the educational process makes it more productive);
- vocabulary replenishment (work on the Internet allows to replenish vocabulary (both active and passive) with the vocabulary of the modern language, reflecting a certain stage of development of the culture of the people, social and political structure of society. Students can also use the excellent monolingual multimedia dictionaries produced publishers such as Cambridge University Press, Oxford University Press, Pearson Education, etc.).

One of the effective ways to learn a foreign language is to use educational sites that contain modern authentic material on any subject. Through such electronic educational resources, many didactic tasks can be solved, such as developing reading skills, enriching students' vocabulary, helping to increase motivation to learn a foreign language, expanding horizons, forming students' foreign language competence. Many sites offer various educational and methodological materials and allow students to independently monitor and evaluate the results of educational and cognitive activity [5].

Recently, the role of computers in the process of learning a foreign language has significantly changed. Teachers no longer use computer programs exclusively for tests and exercises, they create new virtual educational spaces that are better integrated into the learning process. One of the main advantages that distinguish a computer from other technical teaching aids is the possibility of introducing interactivity, in which the future course of program execution depends on the particular choice of the student.

Interactive learning solves several problems, the main of which is the development of communication skills, removes nervous load from students, helps to establish emotional contacts between students, teaches them to work in a team, listen to the opinions of their groupmates, increases students' own activity and their motivation to learn. professional activity. For example, Students can use the unique Internet site «bbclearningenglish.net» for independent work in learning

English. The site offers all sorts of educational and teaching materials and allows the student to test their knowledge. Moreover, in teaching English the significance of using Skype is great. Students can communicate with native speakers – their peers or participants in group classes conducted by native speakers. In the process of communicating via Skype, students develop the skills of perception of English speaking aurally and speaking skills, increase vocabulary, learn grammar. Students learn reading and writing (chat) [5].

Besides the educational sites, a teacher can use interactive multimedia projects in a foreign language in class. These are projects that contain images, texts and data, accompanied by sound, video, animation, other visual effects, and include an interactive interface – a means of student interaction with the information environment. Such multimedia, containing information in a foreign language, must be included in the teaching process, choosing the appropriate topic of the lesson.

Along with the use of the Internet, the use of special computer programs is becoming an integral unit of the teaching process. This group of technologies can include such specialized programs as:

- Computer courses (Reward, The Business);
- electronic dictionaries and translators (Macmillan English Dictionary, Lingvo, Prompt);
- test shells, with the opportunity for the teacher to create their own tests,
- professional software, examples of which are programs such as PowerPoint, which is used to prepare presentations, slide shows and PR-actions, creating a portfolio;
- AdobeAudition, which allows to improve phonetic skills and create own audio texts [3].

New educational standards of many universities in Kazakhstan have already included the mandatory provision of the process of teaching foreign languages with innovative technical means, which include interactive boards, projectors, DVDs, video cameras and voice recorders; allowing diversity in teaching process and making it possible for a teacher and students themselves to analyze the learning situations.

Currently, in teaching foreign languages, a demonstration method is widely used, which is based on using special computer programs that facilitate the creation of slide presentations. Increasingly, this kind of presentation of information is used in educational process too. Slide lectures usually arouse the interest of the audience, increase motivation to study the subject and create a special emotional perception of educational material. There are several software tools for creating and editing presentations, the most well-known PowerPoint program included in the Microsoft Word software package. This program provides the user with a wide choice of means for presenting the material [3].

The global Internet offers foreign language teachers many useful resources. These are special programs for teaching foreign languages, as well as authentic material that the teacher can select independently and adapt to specific educational tasks. The inclusion of web content into the content of the lesson is one of the main possibilities of using the Internet [6].

When preparing a lesson, first of all, the teacher should remember that the simplest information in English from the Internet can be used with groups of any level and is valuable for its authenticity. For example, the teacher can print today's weather forecast in different countries www.weather.com, distribute to students and ask where they would like to go on a trip.

In addition, there are many pages of ready-made lessons on the Internet, i.e. not only texts for students, but also methodological recommendations for teachers. A wide variety of materials are collected on the methodical page www.geocities.com/ – here teacher can find various regional country-specific materials, and rather complex dialogues «At the restaurant», «At the doctor». But the plans of quite interesting lessons, finely detailed, which are really worthy of attention are in the site www.geocities.com/Athens/Olympus/4459/lessons.html/. The site grove.ufl.edu/~ktrickel/activity.html provides materials for listening. The BBC program can be found on the Internet at www.bbc.co.uk/worldservice/BBCEnglish/index.html students can not only listen to the program, but also read it. Numerous handouts can be copied from the site <http://members.home.net/kayem/teach/wrkshts.html> [5].

CONCLUSION

So, we see that today the activities of foreign languages teachers, as well as students, are not limited to the lesson-based system of training, it goes beyond the room, educational institution, city and country.

All in all, information computer technologies play a crucial role in the development of the scientific potential of universities, the intellectual potential of students and provide students with significant opportunities for independent work on the language in order to provide a difference in different levels using various electronic resources. This allows students to develop an individual trajectory and gives an opportunity to realize and improve their skills. And in its turn, teaching students with the help of the up-to-date information technologies allows to increase students' motivation to learn, contributes to the development of their cognitive activity, significantly increases the interest in learning and the level of creative self-realization, and also gives good results in developing communication skills compared to traditional method.

REFERENCES

- 1 **Назарбаев, Н. А.** Индустриально-технологическое развитие Казахстана ради нашего будущего // Казахстанская правда. – 15 мая. – 2009 г.
- 2 **Байденко, В. И.** Болонский процесс: Середина пути. – М., 2005.
- 3 **Ярмухамедова, К. Г.** Обучение английскому языку студентов с использованием интеллектуальных и образовательных технологий // Вестник КазНПУ, 2016 Серия Педагогика.
- 4 **Ажель, Ю. П.** Особенности внедрения Интернет-технологий в организацию самостоятельной работы студентов при обучении иностранным языкам в неязыковом вузе // Молодой ученый. – 2011. – № 6. Т.2. – С. 116–119. [Электронный ресурс]. – URL <https://moluch.ru/archive/29/3364/> (дата обращения: 19.01.2019).
- 5 **Михайлова, Л.В.** Использование интернет-ресурсов при обучении студентов иностранному языку в вузе. Владивосток, 2010. Эл. Ресурс (дата обращения: 19.01.2019).
- 6 **Артамонова, Л. А., Архипова, М. В.** Инновации в обучении английскому языку студентов неязыковых вузов // – НУ, 2012. – № 2. – С. 28–33.

Material received on 20.01.20.

Г. О. Рахимбекова¹, Д. Е. Капанова²

Тілдік емес жоғары оқу орнында білім алатын студенттерді шетел тілін оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану

^{1,2}С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.
Материал 20.01.20 баспаға түсті.

Г. О. Рахимбекова¹, Д. Е. Капанова²

Внедрение информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в процесс преподавания иностранного языка неязыковым специальностям

^{1,2}Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 20.01.20.

Мақала ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың мәнін ашып, жаңартылатын білім беруді модернизациялау

жағдайында шет тілін оқытудағы олардың ролін анықтайды. Оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқу процесін жетілдіру мен оптимизациялаудың, сонымен қатар, жұмыс формасын түрлендіруге және студенттердің шет тілін оқу процесіне деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіншілік беретін әдістемелік әдіс-тәсілдердің арсеналын арттырудың ең маңызды аспектілерінің бірі болып саналады. Аталған АКТ құралдары студенттердің танымдық қызметін белсендіруге, позитивті оқыту мотивациясы мен оқудың дифференциациясының жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге, білім, біліктілік пен дағдыларды бақылауды жақсартуға мүмкіндік береді. АКТ-ны қолданудың тиімділігі осы технологияларды қолдану әдістері мен түрлеріне және оқытушының электрондық ресурстарды қолдану барысында сол әдістерді қаншалықты деңгейде меңгергендігіне байланысты. Мақала авторлары шет тілін оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданатын оқытушыларға бірқатар кеңестер мен пайдалы электронды ресурстарды ұсынады.

